

Бітімі бөлек,
беделі биік
АЗАМАТ



Сұлтан ӨЖКЕНҰЛЫ



ISBN 978-601-7152-72-6
Қаз 7-4

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Қаражұдай Сұлтанбековтың

Бітімі бөлек, беделі биік АЗАМАТ

Естеліктер, толғаныстар,
деректер, фотошежіре

РЫБАЛДЫ

ISBN 978-601-7152-72-6

978-601-7152-72-6
Қаз 7-4

АЛМАТЫ
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»
2009

УДК. 82/821.51
ББК 84 Қаз 7-4
Б 94

Жинақты құрастырған және редакциясын басқарған
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Қаржаубай Сұлтанғалиұлы

Б 94 Бітімі бөлек, беделі биік азамат. – Алматы: «Жібек жолы» БҮ,
2009. – 384 бет+32 қосарбет.

ISBN 978-601-7152-37-6

Абай елінде жарық дүниенің есігін ашып, есейіп, ержетіп, еңбектің дәмін татып, жастардың көшбастаушысы болған, Ақтөбе және Атырау облыстарында соғыс жылдарында және одан кейінгі бейбіт өмірде ұзақ жыл елдің іргесін бекітіп, беделін биіктетуге бүкіл саналы ғұмырын, білімі мен білігін, ақылы мен парасатын арнаған аяулы азаматтардың бірі де бірегейі Сұлтан Өжкенұлы еді.

Бұл жинаққа Сұлтекең замандастарының, үзеңгі жолдастарының, ізін қуған інілерінің жүрекжарды сөзі, естеліктері мен сырлары, ой-толғаныстары енген. Олардың бәріне ортақ нәрсе – бітімі бөлек, беделі биік, ары таза, болмысы ақиқаттың өзіндей ақ азаматқа деген құрметті, ыстық ықыласты, ізгі тілекті паш ету. Сондай-ақ жинаққа Сұлтан Өжкенұлының «Атырау – өнер өлкесі», «Каспий – край рыбацкой славы» кітаптары еніп отыр.

ББК 84 Қаз 7-4

Б $\frac{4702250201}{430(05) - 09}$

ISBN 978-601-7152-37-6

© «Жібек жолы» БҮ, 2009

Атырау қаласы Әкімі мен Атырау қалалық Мәслихаты
Еңбек ардагерлері Сұлтан Өжкенұлы және

Нәрен Имановтің есімдерін мәңгілік есте қалдыру туралы
2004 жылғы 10 желтоқсандағы № 101 шешімімен көшірі

Жаңа көшелерге
атыру туралы шешім беру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы
Әкімшілік жүйесі туралы» Заңының 13-
4-тармағына сәйкес Атырау қалалық Мәслихаты
және қалы Әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

СҰЛТАН ӨЖКЕНҰЛЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР



Есті ауқай мамандағы екі жаңа көшеге:
Гур. **АТЫРАУ – ӨНЕР ӨЛКЕСІ**



Өжкенұлы Нәрен Имановтің есімдерін мәңгілік есте қалдыру туралы
шешімді еске алу мақсатында Атырау қалалық Мәслихаты
және қалы Әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

КАСПИЙ – КРАЙ РЫБАЦКОЙ СЛАВЫ



Атырау қаласы Әкімі мен Атырау қалалық Мәслихатының еңбек ардагерлері Сұлтан Өжkenовтің және Нәрен Имашевтің есімдерін мәңгілік есте қалдыру туралы 2004 жылғы 10 желтоқсандағы № 101 шешімінен көшірме

**Жаңа көшелерге
ат беру туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 13-бабы 4-тармағына сәйкес, қала әкімі жанындағы ономастикалық комиссия ұйғарымын негізге ала отырып, Атырау қалалық Мәслихаты және қала Әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескі әуежай маңындағы екі жаңа көшеге:

Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы, Гурьев облыстық Кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған, облыстың экономикасы мен мәдени өмірін дамытуға үлкен үлес қосқан, Еңбек Қызыл Ту және үш дүркін «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған **Сұлтан Өжkenовтің** есімі берілсін.

Еліміздің мұнай өнеркәсібі саласының дамуына көп еңбек сіңірген инженер-геолог және мұнай кен орындарының ашылуына зор үлес қосқан, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, «Мұнай өнеркәсібінің үздігі», «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталған **Нәрен Имашевтің** есімі берілсін.

Қала әкімі М. Тасыбаев

X сессия төрағасы А. Думлер

Қалалық Мәслихаттың хатшысы Н. Мүтәлиев

I БӨЛІМ

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Мағжан Жұмабаев

Әке болу – шын бақыт, әкелікті ақтай білу – мың бақыт

Қымбатты оқырман, Сіздердің алдарыңызда менің әкем Сұлтан Әжкенұлы Әжкенов туралы кітап жатыр. Қалың көпшілікке бұл есімнің беймәлім болуы әбден мүмкін, бірақ осы кітап менің өзім де жетік білмейтін адам туралы мол мағлұмат беруге арналған. Мен осы басылым үшін материал жинай жүріп, осындай таңғаларлық ойға келдім. Сонымен бірге әке өмірбаянының ең қызықты беттерінің мені жанап өткені де белгілі болып отыр. Әлбетте, бұл менің зейінсіз ұл болғандығымнан емес, әкем және оның құрдастары өмір сүрген уақытта Советтік Социалистік Республикалар Одағы аталатын өзінің үлкен үйін, оның ажырамас бөлігі – қазақ жерін жасандырудың жалпы идеясына бар ынтасымен берілген адамдардың өзіне емес, өзгелерге тиесілі болғандығынан. Оларды өз шаңырағынан табу қиын еді. Өйткені бар мезгілдерін жол үстінде, іссапарларда өткізетін, сөйтіп ұлдарымен және қыздарымен етене шүйіркелесудің сәті түсе бермейтін. Ол кезде балаларының алдында өзінің еңбегін айтып мақтанатындар жоқ-ты. Адамдар үшін істелгеннің бәрі дем алу секілді табиғи, қажетті нәрсе саналатын. Мен геологтыққа оқуға баруды шешкен қарсаңда әкем айтқан сөздің терең ақиқаттығын тек қазір ғана, жасым елуге толғанда түсіндім. Маған дейін біздің үрім-бұтағымызда мұндай жұмыспен ешкім айналыспаған-ды.

– Болат, – деді ол, – жаның нені қаласа, сол жерге, өзіңді керек ететін жерге бар. Ең бастысы – білімді маман бол. Жұмыс істе, бірақ оның партиялық қызметке қатыссыз болсын.

Оның бұл сөзі мені қайран қалдырды. Әкем жан-тәнімен коммунист емес пе еді, ендігісі не... Алайда сөздің мағынасы басқада болатын. Партиялық жол, егер оған шын жүрекпен

берілсең, сезімділікке және жанұялық жылылыққа титімдей де уақыт қалдырмайтын жол. Мүмкін осы бір ақыл-кеңесі арқылы ол менімен бірге өткізбеген кештері, серуендері, сонау Көкенай батырдан бері қарай тарайтын біздің ежелгі үрім-бұтағымыз жөнінде айтылмай қалған тарих үшін ешбір мән берместен кешірім сұрағаны шығар. Бірақ оны өмір сүрген және жасампаздық іс тындырған уақыты үшін кім айыптай алмақ? Ол кезеңнің сыртынан мен де, оның көптеген ұрпақтары да тон піше алмайды. Дегенмен Семейлік жігіттің Ақтөбе және Атырау жері үшін не істегенін асыға алға шығып айтпағанның өзінде, жасампаздық істің иесі болғаны анық. Кіндігі кесілмесе де, Атырауда оның есімімен бір көшенің аталуы тегін болмаса керек, өйткені осы қалада тұратындар үшін көп нәрсе істеді. Осы өлкеде атын мәңгілік есте қалдыруға лайық адамдар есте көп. Міне, осы ұмытылмастай есте болатындар қатарында менің әкемнің де есімі бар, бұл менің кеудеме мақтаныш сезімін ұялатады. Осындай ұсыныспен шыққандарға, осы таңғажайып өлкені оның тамаша, жылы жүректі адамдарымен қоса сүйген жанды есте сақтағандарға шынайы алғысымды білдіремін. Бұл баршаның мүддесі үшін істі өзінен жоғары қоятын адамдардың ұлы бола алатыны жөніндегі шындықты дәлелдейді. Әкеме олармен қоян-қолтық жұмыс істеудің жеңіл болғанын білемін, себебі олар оның бойындағы қызу ұмтылысты түсінді және бағалады. Бұндай сәттілік кез келгеннің маңдайына жазыла бермейді, өйткені ол осы жерде туып-өскен адам емес қой. Солай бола тұрса да, оның тұрғындарының көңіл-күйін әрі сезіне, әрі түсіне білді. Сол үшін адамдар оған әлі күнге риза. Авторлары әкеммен бірге жұмыс істегендер болып табылатын естеліктердің әрбір бетін зейін сала оқысаңыз, адами сананың әкем жасаған жақсылықтарды бүге-шігесіне дейін сақтап қалғанын ұғынасыз. Сірә, олардың көмегінсіз бұлай болуы мүмкін бе еді? Екіталай. Дәл солардың жолдастық демеуі ғана әкемнің өзіне туған өлкедей болып кеткен жерде үлкен жігермен, зор шабытпен жұмыс істеуіне жол ашты.

Ол ешқашан жалғыздық көрген емес. Тіпті әкем жұмыстан кейін демалып жатқан санаулы сағаттардың өзінде көптеген адамдар ақыл-кеңес сұрау үшін келіп-кетудің ебін табатын, ал

ол ешкімнің де тауын қайтармайтын. Әкем көп оқыды, тарихты зерттеді. Ол тамаша әңгімеші, серіктестерінің жанын тербейтін сырлас болды, бас қосуларда ешкімнің жалығуына жол бермейтін. Адамдардың көңілін баурап алатын және оған дандайсу жат еді. Осының бәрі оның достарын көбейтті. Ерекше еске сақтау қабілеті бар ол өзгелер әлдеқашан ұмытып кеткен өмір оқиғаларын көз алдына келтіре алатын. Зейнеткерлікке шығар қарсаңда жазылған оның екі кітабы соның айғағы. Бұл шығармалары арқылы ол адамдарды өздері өмір сүріп жатқан өлкеге жаңаша көзқараспен қарауға, өмірдің сұлулығын, оның даналығын бағалай білу үшін барынша зерек, барынша құштар болуға ұмтылдырды.

Біздерге, балаларға, әкеміз қатал болды. Дәрігер үлкен апам партия қатарына өтпекші болғандағы оқиға есімде. Әкем осыдан кейін онымен екі ай бойы сөйлеспей қойды. Өзінің коммунистік партиясына оны әлі де пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Кейін, әрине, бәрі де күлкі келтіре өз орнына келді.

Әкеміз берген өмір сабақтары ұшан-теңіз. Олардың ең бастысы – адамдармен лауазымына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан әңгімелесе, сырласа білу өнері. Адамгершілікте және қарапайым күйде қалу тағылымы да мені барлық уақытта тандандыратын. Ата-аналарымыз тұратын үйдің есігі қонақтарға әрдайым ашық еді. Ол жұмыс жасап жүргенде де, зейнеткерлікке шыққанда да солай болып қалды. Алматыдағы пәтерді атыраулық және актөбелік жерлестерінің штабы деуге болатын. Әкемізді білетін әрбір адам қадірменді ақсақалға сәлемдесіп шығуды өзіне борыш санайтын. Олардың бәрі ол үшін қаны жағынан туыс болмаса да, рухы жағынан туыс болатын. Сондай кездесулерден соң біздің үй қаншама пікірлесулердің, қаншама ұнамды естеліктердің сырын сақтап қалды десеңізші?! Әкем олардан кейін өзін бейне бір қанат біткендей сезінетін де, анамызды «есінде ме?» деп қызу әңгімеге жетектеп әкететін.

Әкеміз сыйға берген тағы бір маңызды сабақ – өзіміздің ағайын-туыстарымызға, туған жерімізге деген махаббат. Ол бос уақыт тауып жатса, өсіп-өнген Семей өлкесіне жетуге асығатын, туысқандарымен кездесіп, әлдебір адами мәселелерді шешетін. Туыстар оны белгілі бір ру мен жүздің өкілі емес, бүкіл қазақ

жеріне ортақ перзент ретінде әрдайым мақтан тұтатын. Әкеміздің бастамаларын қолдау өз алдына, оның есіміне байланысты нәрсенің бәрін көздің қарашығындай сақтауға әзір тұратын. Осы бір туыстық желісі ешқашан үзілмес деп ойлаймын, өйткені оны бізге, маған «Әке болу – шын бақыт, әкелікті ақтай білу – мың бақыт» тұжырымын мансұқтаған әкем үйретті. Мен де өз балаларымды осылайша тәрбиелейтін боламын және сол тәрбиенің ұрпақтан ұрпаққа жалғасатынына сенемін.

Әлбетте, әкеміз туралы айтылатын кез келген әңгіме біздің анамыз туралы айтылатын бір ауыз сөзсіз мүлдем сүреңсіз болар еді. Анамыздың өмірі бөлек бір шығармаға лайықты. Оның парасаты, ұстамдылығы, небір күрделі жағдайдан сеніммен шыға білуі біздерді, балаларын таң-тамаша қалдыратын. Қанша айтқанмен тәрбие берудің ең ауыр жүгі оның иығында болды ғой. Ал әкеміз оған барлық жағдайда толықтай сенді. Ол әкеміздің ең сенімді досы, ақылшысы болды. Бұл жанұялық қарым-қатынаста өте маңызды тетік еді. Біз үшін анамыз мейірбандықтың, тәртіптіліктің және терең ақыл-ойдың эталоны. Оның сөзі немерелері мен балалары үшін үлкен бедел болды. Өздерінің құрбылары, достары және туыстары үшін ол адамдарға көмек беру, оларды бірлікке, ынтымаққа баулу бағытындағы ерекше қабілеті арқылы тартылыс күші мол орталық тұлға дәрежесіне көтерілді. Біздің ата-аналарымызбен бірге болу тек туыстарға емес, қоршағандардың баршасына барлық кезде жылылық, жайлылық және қуаныш сыйлайтын, өйткені олардың жүрегінен тараған шуақ айтарлықтай шырайлы, шұғылалы және қызуға толы еді.

Қазір олар жөніндегі естеліктердің өткен шақпен айтылатыны өкінішті-ақ. Мен ерте, бар болғаны отыз жаста жоғалтқан әкем қазір тірі болса ғой... Ол күндері онымен әңгімелесуге менің де уақытымның тапшы болғанын, уақыттың бәрі жұмысқа арналғанын қайтерсің?! Бірақ бізді жұмыс істей білуге үйреткен, жеңіл жолдан жиренткен әкеміздің өзі-тін. Біздің бірге болған қас-қағым сәтіміз қайта оралып келсе ғой, шіркін! Мен одан көп нәрсені сұрап, ұғынар едім, сол секілді ақылды да қадірлі әкем де маған көп нәрсені сыр ғып айтып, зердеме ұялатар еді. Өкініштісі

сол, өткенге хат жаза алмайсың. Жазған хатың жауапсыз кері қайтады.

Дегенмен, тұйықтан шығар жол бар секілді. Оны қазақтың дана мақал-мәтелінен іздесек орынды секілді. Оның бірі: «Әкең өлсе өлсін, әкенді көрген өлмесін» дейді. Сол көз көргендердің әрбірінің көкірегінде менің жүрегіме жақын адамдар – әкем Сұлтан, анам Рухия туралы ізгі ниетке, ілгері тілекке толы естеліктердің ұялап қалғаны қандай ғанибет! Осы кітап бетінде олар хақында есте қалғандарын бөліскен жандарға басымды иемін. Осы кітапты соңына дейін оқып шыққандарға шынайы алғысымды арнаймын.

Риза көңілмен, ұлы
Болат Сұлтанұлы

Әр заман өз жақсысын пір тұтады

Құнарлы дән өзінің тектік болмысын жоғалтпайды дегендей, адамдар да өздерінің алдындағыларға тартып өмір кешеді.

Сұлтан Өжкенұлы Шыныбайтегі алғы бабалары, қазақ хандығы кезінің ұлы заңгері және адамзаттың ақылдысы аталған Өз Тәуке хан заманындағы қазақ қауымына әйгілі қолбасшы, батыр Көкенайдың жиырмасыншы ғасырдағы жалғас ұрпағының бірі еді.

Сөзім жалған болмас үшін Сұлтан ағаның бабасы сол батыр әрі би Көкенай туралы айтылатын, халық аузынан жазып алынған бір шумақ өлеңді келтіре кетуді жөн көрдім. Бұл төмендегі өлең шумағын Қытай елі жерінде тұрған қазақтар жақсы білген екен. «Мен оны мектеп жасындағы балаларға батыр әрі би болған бабаларың, елді-жерді жоңғар басқыншыларынан қорғауда ерекше еңбектерімен әйгілі деп жаттатқызған кезден білемін, ойымда қалыпты» деп, 1954 жылы Қытай елінің Синьцзянь өлкесінен Қазақстанға оралған Рахым Оңтағар дегеннің айтқанынан жазылып алынды. Шумақтың мазмұнынан мынаны ұғамыз:

Батыры әз Тәукенің Көкенай мерген,
Құдайым бір басына бакыт берген.
Көздемей құралайды көзден атқан,
Жауларын жеңілмейтін сөзбен атқан.
Қорынның уға малған жебесін қағып алып,
Дұшпанның өз оғымен өзін атқан.

Ғұлама шежіре және ақын Шәкәрім Құдайбердиев «Қалқаман-Мамыр» киссасында Көкенайдың ел билеуде қасиетті тұлға екенін оқырмандар сезердей етіп дәріптеген. Бұл туралы деректер 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің баспасынан шыққан «Көкенай батыр әрі би» деген кітаптан орын алған.

Көкенай «Жеті Момын» жұртының Тобықты тармағынан, кемеңгер ақын Абайдың он алтыншы ғасырдағы бабасы Сарының бір ұлы Үмбетей атасынан екен.

Сары атаның төрт ұлы Үмбетей, Мәмбетей, Мәмбетсофы, Кішік дегендер. Абай Құнанбаев Кішік атасынан.

Батыр әрі би Көкенай Түркістан қаласындағы қазақ халқының ардагер тұлғалары зиратында жерленген. Бүгінде Евразия университетіндегі ескерткіш тақтаға есімі жазылған.

Көкенай ұрпақтарының жонғар-қалмақтармен соғыстан аман қалғандары «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған ауыртпалық уақытында Сырдария, Қаратау, Шиелі жерінен ауып, Бетпақдала жерін баса көшіп, Ресейдің шекарасына еніп, бүгінгі Ор (Орск) қаласы тұрған жерге барып, одан Сарыарқаға бет бұра көшіп, 1764 жылы Абылай ханның қалмақтармен Шын мемлекеті өкілінің қатысумен болған «Мамыр су» (Аягөз қаласына жақын жер) бітімінен кейін, ата-бабасының ежелгі мекені Шыңғыстауға оралады.

Көкенай ұрпақтарының бұл көшін бастап келген оның немересі Тұяқ жолда қаза болғанда, одан тараған ұлдары Шақшабай, Шыныбай, Жұбай, Бейсен екі жерден, Шыңғыстау сілеміндегі екі шатқалдан, қоныс тебеді.

Шыныбайдан – Шыныбек, одан – Әжеке, одан – Сұлтан. Шыныбайдың басқа балалары Көшкімбай, Садақбай, Мысық, Сауыт аталады. Әжкенұлы Сұлтан ағаның туған жері Сарыарқадағы Шыңғыстаудың «Жалпақ асуы» жанындағы атамекенінде, баба қонысы осы күні «Әжіке сайы» деп аталатын жерде. Қыстау-қоражайының құлаған орнынан солтүстікке қарай жүргендегі жазықтықтың бұйрат дөнестерге іліккен тұсында Шыныбайдың, оның балалары Шыныбек, Көшкімбайдың, Сұлтан Әжекеұлының ұлы анасының зираты бар. Жер балшықтан құйылғандықтан, ауа райының ғасырлар бойғы әсерінен ол зираттар ыдырап құлаған, қазір орын белгісі ғана жатыр.

1960 жыл мөлшерінде Сұлтан аға осы бабаларының, анасының басына келіп тәуіп еткен. Өлең жазып, құмыраға салып, аузын бекітіп, там үйінің ескі қабырғасының арасына қойып кеткен.

Сол өлеңін бөтелкеден алып, танысып, ұзын-ырғасын қағазға түсіріп, інім Сұлтанұлы Болатқа 2003 жылы Көкшетау қаласында бергенмін.

Әрине, көп жатқаннан ба, өлеңінің кейбір жерлері өшіп қалыпты, оны ұзын-ырғасы мөлшерінде біраз түзетуге тура келді.

Менің бағыма қарай Сұлтан ағамен, ол зейнеткерлікке

шыққан шағында, көп кезігіп тұрдым. Зейнеткер болғаннан кейін, Алматыға көшіп келгеннен бастап, жылына үш-төрт рет астанаға (Алматы) келгенімде, еш жерге бұрылмай, Сұлтан аға мен Рухия апайымызға соғып, аунап-қунап, көптеген тарихи әңгімелері мен ақыл-кеңестерін естіп, жетісіп қалушы едік. Ол кісі зейнеткерлікте жүрсе де, мемлекет көлемінде болып жатқан барлық жаңалықтарды теледидардан, радиодан, газет-журналдардан естіп біліп, оқып, үйдегі ересек балалары мен басқа да жиі келіп жататын қонақтарына әңгімелеп отыратын. Ағаның әңгімесін тыңдамау мүмкін емес еді. Сөз арасында тыңдаушыларын да жиі сөзге тартып, ой-өрісін біліп, әр істі ой елегінен өткеріп отыруды дұрыс санайтын. Тосыннан өзіңе сөз беріп, жәй сұрақтарға жауап бере алмай қалсаң, реніш білдіріп, сені қоғам мен шаруашылықтағы қайраткерлікте әлсіздік көрсеткендей бағалап, жетекке алып, бәрін ұғындырып беруге тырысатын.

Мен ол кезде Семей облысының Жарма ауданында кеңшар директоры болып қызмет атқаратынмын. Сұлтан аға соған орай «кеңшар директоры деген сол кеңшардың жеріне, жұмысшыларына облыстық, аудандық партия комитетінен кейінгі үшінші және тікелей жауапты адам болып саналады, сондықтан сенің экономикалық, оқу-тәрбиелік, кадрлар жөніндегі жүйені біле алмай қалуың келешегіңе нұқсан, күнделікті өмір жаңалықтарын, акпараттарды жібермей біліп отыратын бол» деп талап қоятын.

Кешке таманғы бос уақытымызда көшеге шығып, демалған кезде әртүрлі әңгімелер айтылатын. Осындай шақтарда өзі тұстас таныстар кезігіп қалса, оларға мені: «Мына азамат менің Абай еліндегі інім, ірі кеңшардың директоры, осында біраз мәселелерін шешу үшін келіп жүр» деп, таныстырып жататын. Осындай бір күні өзі шамалас, мүмкін бірер жас үлкен де болуы ықтимал, бір аққұба өңді, өте биязы, сөз саптауында да, жүріс-тұрысында да артық нәрсе жоқ егде жастағы адаммен біраз әңгімелесіп, ертедегі тарихи тұлғалар жайында, археология турасында сөз қозғағандарына куә болдым.

Кезігу басында: «Әлкей Марғұлан дейтін аған, Одақ көле-

мінде ғана емес, шетелге де әйгілі ғалым, білесің ғой» дегені. Дес бергенде, өтірік болса да бас изей салғаным құтқарған болу керек, екеуі мені елеусіз қалдырып, шүйіркелесе әңгімелесіп кетті. Мен екеуінің әңгімесін ұзақ тыңдадым.

Олардың әңгімесі маған өте-мөте ұнады, себебі мен ауыл шаруашылығында қызмет етсем де, тарихи деректерді мүлт жібермей, сүйіп тыңдаумен бірге кезіккен жазбаларды оқып, жадымда сақтап қалуға талаптанатынымын. Балалық шағымда ауыл ақсақалдарының батырлар жайындағы ауызша әңгімелерін көп тыңдап, олардың мазмұнын, ұнағандықтан болар, осы уақытқа дейін ұмытпай есте сақтап жүретінмін.

Екі ағаның әңгімесі бір толастаған тұста Семей облысы, Абыралы жерінде таңбалы тастар бар екенін, трибунада сөз алғандай, баяндай жөнелдім. 1996 жылы Абыралы ауданының «Қайнар» кеңшарында болып, өте ертедегі таңғажайып мүсіндегі кара тастардың бетіне бейнеленген суреттерді (петроглифтерді) көргенімді айттым. Бұл жөнінде «Семей таңы» газетіне «Таңбалы тастар – тарих сыры» деген мақала жазып, әйгілегенімді де сөз еттім. Аға да сәл жымысып, әлде осы әңгімелеріне менің өте қызығып отырғанымды ұққаны ма, жоқ әлде бұл суреттердің өзіне белгілі екенін білдіргені ме, мен айтып берген тастағы суреттердің (петроглифтердің) басында болып, қолымен сипап көргенін айтты.

Менің екпінмен айтқан жаңалығым оған белгілі болғанына ыңғайсызданбасын дегендей, Әл-аға: «Ауылда еңбек ете жүріп, мұндай істерден, ұлт тарихынан құлаққағыс болғаның дұрыс, ол азаматтығың» деп, менің әңгімем үшін уақыттың зая кетпегенін ақтап бергендей болды. Осыдан кейін мен де екеуінің әңгімесіне килігуді қойып, айтқандарын ойыма тоқи бердім. Шілде айының кезі ме екен, күн өте ыстық болатын, бірақ ағалармен бірге отырған жеріміз көлеңке, ептеп аңызак жел қозғалысы білініп тұратын Республика алаңының фонтандарына тақау жер еді.

Сұлтан ағаның бізбен еріп келген екі немересі – менің сәби інілерім, айдын көлге түскендей, мейлінше рахаттанып, фонтанның суына сүңгіп, шапалақтап шашып, кей кезде фонтанды көмкерген жағалауына шығып, күнге қақталуды да ұмытпады.

Бүгінде бұл балалар, алды жұмысқа ілінген, азаматтар болды. Иә, өмір – өзен деген осы. Сол екі ағамыз да табиғат шарты бойынша өмірден өтті, ортамызда жоқ. Бірақ олардың ұлтына, еліне сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі адамзат тарихының бір парағы сияқты, олардың заманындағы тіршілік болмысынан ұрпағына естелік сырын паш етіп тұрары анық. Археология саласында ата-бабалардың тарихы мен ізін анықтауға ерекше еңбегі сіңген ғалым, академик Әлкей Марғұлан ағаны көріп, танысуым және қазақ даласындағы қорымдар, петроглифтер (таңбалы тастар), тағы басқа да көпке жұмбақ белгілердің сырын түбегейлі түсінуім осы уақыттан басталған еді.

Сұлтан аға мен Әлкей ағаның таныстығы Атырау, Маңғыстау жерінде басталған екен. Гурьев (Атырау) облыстық атқару комитетінде өнер және мәдениет саласы бойынша төрағаның орынбасары болып жүргенде олар әбден танысып, қазақтың көне мәдениеті жөнінде бірі билік өкілі, бірі ғылым өкілі ретінде көп шаруаларды шешкен сияқты. Ерте уақытта Каспий теңізі жағалауына шығыстан ғұндар, косоғтар, косогиандар, сақтар, скифтер атауымен белгілі ұлттар мен ұлыстар келіп қоныстанған ғой.

Әлекеңнің экспедициясы осы және басқа жайларды зерттегенде атқару комитеті тарапынан жан-жақты көмек ұйымдастыруды Сұлтан аға өз қолына алғанға ұқсайды. Әрине, бұл жұмыстың атқарылуына Республика басшысы Дінмұхамед Қонаев келісім бергендіктен, зерттеу жұмыстары бір шамада, жақсы жүргенін Сұлтекең айтқан-ды.

Сарыарқаның Шыңғыстауы мен Баянауылынан шыққан саңлақтардың Алатаудың төрінде отырып, өздерінің жігіттік өмірлерінің біраз уақыты қазақтың Маңғыстау, Атырау, Каспий өңірінде шындалып, ұрпақ үшін адал терлерінің тамғанын есту сүйсінерлік жағдай еді.

Сұлтан аға зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жәй жатпай, басшылық жұмыстардың бел ортасында жүріп, халықтың әлауқатын арттыру, халық шығармашылығының тамаша үлгілерін жинау, халық таланттарын көпке таныту жөнінде көп іс тындырды.

Оның «Атырау – өнер өлкесі» атты кітабы алыстағы каспийлік

қазақ туыстарымыздың бүкіл өнерін қалың жұртшылыққа таныстырған бірегей еңбек болса, Каспий мен Аралда балық және тұз өнеркәсібімен айналысқандардың қажырлы еңбегі оның «Каспий – край рыбацкой славы» атты еңбегіне арқау болды.

Бұл кітап «Қазақстан» баспасынан 1987 жылы бес мың дана болып жарық көрді.

Сырттан қараған адамдарға Өжкеновтерді Шыңғыстау қазақтары деп айтуға негіз аз еді. Сондықтан Атырау қазақтары дейтін, себебі оның дос-жарандары, көршілері, Алматыдағы үйіне келіп жататын адамдардың дені Атырау мен Ақтөбе облысының адамдары болатын.

Тіпті олар отбасымен туған жерге оралу жәйін ойламайтын да. Зейнеткерлікке шығар алдында Алматыға Гурьев облыстық атқару комитетінің жұмысымен барған Сұлтан аға Республика басшыларының қабылдауында болады. Сол жолы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болып, Маңғышлақ жайында, орталық қаланың аты жайлы әңгімелер айтылады. Сөз арасында Димекен: «Қала атын «Шевченко» деп атау Сіздің ұсынысыңыз көрінеді, бұған не дейсіз» – депті. Әрине, бұған жауабы дайын болатын, бұл турасындағы ойын Димекене ұғындырған соң, «бұл дұрыс болған іс екен» деп, қолдау білдіріп, сөз аяғында Димаш Ахметұлы Сұлтан ағаға: «Сіз осы Абай елінен, Семейден емес пе едіңіз, зейнетке шығатын уақытыңызға да аз қалды, еліңізге қайтқыңыз келсе, біз оған көмектесеміз, ол жақта да атқару комитеті бар» деп, күлімсіреп, ерекше бір қамқорлық сыңай көрсетіпті. Бұл қамқорлығына алғыс-рақметін айтқан аға: «Семейде аздаған туыстар бар, ал бірақ дос, таныс дегендер осы Алматыда, ержеткен балаларым да осында оқуда. Димаш Ахметұлы, мүмкін болса, зейнеткерлік уақытты Алматыда өткізгенім туысқа да, дос-жаранға да жақсы болар еді, бірақ мені пәтер жағы қинайды» деген екен. Ел басшысы көмекшісін шақыртып алып, «Өжкенов Сұлтанға алаңнан салынып жатқан үйден төрт бөлмелі үй берілсін» деп тапсырма береді. «Қанша уақыт қызмет еткіңіз келсе, сонша уақыт сол Гурьевте еңбектене беріңіз, егер бері келгіңіз келсе, мына жігітке хабарласыңыз, үй мәселесін шешіп береді» деп, тапсырмасын қайта пысықтаған.

«Пенсияға шыққаннан кейін Гурьевтегі Ленин атындағы балық-консерві зауытының басшылық жұмысында біраз уақыт болып, Алматыға Д.А. Қонаев бергізген үйге көшіп келдім» деген еді ол бірде. Сұлтан аға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты «Қазақ халқының маңдайына біткен бақыты, халық үшін туған алып тұлға» деп отыратын. «Жаратқан жақсылығын берсін деп тілейік. Ол кісінің әлдебір қазақстандықтарға жаманшылығы болды дегенді естімедік. Жақсының жақсы аты мәңгі жасайтынына сенеміз», – деп ақ жүрегінен сөз арнайтын.

Сөйткен Сұлтан Өжкенұлы Шыныбек немересі 1915 жылы Шыңғыстаудағы қыстақтардың бірінде өмірге келген еді. Оның сәбилік, балалық шағы да ата-мекенінде өтті. Ол қыс айларында талай рет қыстақтардың шығыс жағына шаншыла орналасқан биік тауға шығып, түсіп, «ақпа» ойнағандарын жиі есіне түсіретін және мәнін ашып айтып беретін. Ақпа деген – қыста қарлы таудан қайқы үшкір таяқты қарға сүңгітіп, жоғарыдан төмен қарай жарыстырады. Кімнің таяғы бірінші болып алысқа ұшса, жеңіс соныкі болмақ. «Ақпа таяғы» бірінші келгенге, әрине, алдын ала жүлде қарастырылады. Бұл ойын бәйгеге ат қосқан атбегілердің тірлігін еске түсіреді. Кейбіреулердің ақпа таяғы қар астына сүңгіп жоғалып кетеді, таяқшаларын қар кете тауып жатады. Ондайлар сәйгүлігінен айрылып қалғандарға жатқызылған.

Иә, балалық шақтың еш қам жемейтін бұл қызықты шағын он-он екі жастың шамасы болар деп болжамдайсыз. 1928 жылдардағы байлардың мал мүлкін тәркілеу жөніндегі Кеңес өкіметінің науқаны тек қана ірі байларды емес, шағын дәрежесі бар шаруаларды да тақырлап кеткені тарихтан белгілі. Міне, осы науқан Шыңғыстаудың бір сайын қоныстанған, күнкөріске жарар ғана малы бар Шыныбекұлы Өжкені де жер шұқып қалуға мәжбүр еткен.

Малдан айрылған талай қазақ қалай күн көрерін білмей, ақыры Кеңес өкіметі салғызып жатқан Түркісібке тіке жол тартты. Ақыры, Өжіке атамыз да он жастағы Сұлтанды жетектеп, тәркілеуден жасырып қалған ақбоз атымен Семейге жетіп, теміржол жұмысына кіреді. Әрине, мұндай жәй қырдан ауған, малын ортаға алғызған қазақтар үшін бірден-бір жан сақтар жол болатын. Өжке атамыз

жалғыз ұлы Сұлтанды аман сақтау жолында қажырлы еңбек етті. Ұлының келешегін ойлап, хат танытты, оқуға берді. Бірақ ауыр жұмыс, аштықтың аз-ақ алдындағы өмір тезі оны 1932 жылы фәни дүниеден бақилыққа алып кетті. Сұлтан ағамыз осылайша он жеті жасында әкесінен, одан бұрынырақ анасынан айрылып жетім қалды да, әкесінің немере ағасы Көшкімбайтегі Әлтай атасының тәрбиесіне көшті. Сұлтан ағаның туыстары Жұбайтегі Байбәкір, Айтқазы деген ағалары оған қарасып, қамқорлайды. Көкенайтегі Шақшабай ұрпақтары Ақымбай, Кәріп, Хасен, Көшкімбайұлы Уәли балалары Құскен, Құсайын, Кәрім, Жексенбай ұрпақтары Айтқазы, Жексембі болып, бір-бірімен септесіп, Шыңғыстаудағы туыстар мен Семейдегі және Түркісіб темір жолы бойындағылардың қарайласып тұрғанын Әлекең (Әлтай) атамыз айтып отыратын.

Сұлтан ағалар әкесінен қалған ақбоз атын, аса әлді бәйге аты болғандықтан, сойып тастауға қимай, Шыңғыстаудағы Өжке атаның әкесіне туыс, немере інісі менің әкем Исаханға жіберіп, сақтатады. Бұл атты Ақымбай атамыз 1933 жылы Семейге әкеліп, Әлтай атаға тапсырады. Алайда Ақымбай атаны осы жолы қаладан Шыңғыстауға қайтқан сапарында жол торыған ұрылар өлтіріп, астындағы биесін олжа етеді. Әкесі Ақымбайды іздеп шыққан әкем Исахан да жол торыған бандылармен жолда қақтығысып, ширақтығының арқасында өлімнен әрең құтылады. Семей қаласынан алып шыққан заттары, астықтары арбасымен ұрылардың қолына түсіп, жетегіндегі ақбоз атқа міне қашқандықтан аман қалдым деп отыратын.

Қазақстанда сол заманда Голощекин саясатымен қазақтардың малын жаппай тәркілеу науқаны болмаса, халық аштыққа да, қырғынға да, босқынға да ұшырамас еді деп жазады саналы саясаткер тарихшылар. Бұл тұжырымға қосылмасқа амал жоқ. Өйткені бұл сол заманның ақиқаты еді. Дегенмен жергілікті жерлердегі шаш ал десе бас алатындарды өмірдің ағымы ығыстырып шығарды. Сөйтіп, Семей жерінде Түркісіб теміржолын, ет комбинатын, Ертіс өзенінде теміржол көпірін салу жұмыстары американдық мамандардың халықаралық көмегі арқасында іске асырыла бастады.

Осы тұста білгір мамандар даярлау қажеттігі туғандықтан жастарды жедел оқыту шаралары мемлекет тарапынан қолға алынды. Осы бір арнаулы мамандар даярлайтын Қаптанбек атындағы жұмысшылардың оқу орнына 1934 жылы Сұлтан аға да тартылып, оқып шықты. Теміржолшы мамандығын алған Сұлтан аға 1934 жылдан 1938 жылға дейін Семей облысы Шар теміржол стансасында кеңсе қызметкері, оператор және станса бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. 1938 жылдан бастап Түркістан теміржолы Алматы бөлімшесінің Шар стансасында жауапты кезекші, 1939 жылдан бастап Семей облысы Жарма ауданы жастар комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде болған. 1939–1940 жылдары Семей облысы жастар комитеті ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі болған.

1940 жылдары теміржолшыларда мемлекеттік «бронь» болғандықтан, соғысқа жіберілмей, Ақтөбе облыстық Жастар одағының бірінші хатшысы және темір жол жұмысын тікелей қадағалаушы қызметтерін атқарған.

Сұлтан ағамыздың одан арғы еңбек жолы Семей өңірінен тысқары жерлерде жалғанған. Бәрінде де ел-халқының игілігі, ырысы мен берекесі үшін адал еңбек еткен.

Біз, бүгінгі туыстары мен ұрпақтары, оның жарқын бейнесін ойымыздан шығармай, әрдайым мақтан етеміз.

Ағамыздың 1965 жылы туған жеріне келіп, ата-бабасы қабіріне тағзым еткені, Шыңғыстаудың Өлке сайындағы қыстаулардың орнын көріп, топырағына аунағаны, әртүрлі қым-қиғаш өмір белестерін ойына түсіріп, көзіне жас алғаны ұмытылмайды.

Ақынжанды, ата-баба тілін жетік меңгерген қадірменді ағаның сол жолғы қатты толғанысынан туындаған өлеңін елге келгенде қарсы алып, бірге болған Отан соғысының ардагері, немере інісі Көкенай Жұбайтегі Жексембіұлы Қабиденнің айтуы бойынша 1995 жылы қыстақтағы там қабырғасынан тауып алып, Сұлтанұлы Болат бауырыма 2003 жылы тамыз айында Көкшетау қаласында табыс еткенімді айттым.

Енді осы естелігімде Сұлтан ағаның сағынышқа толы өлең шумақтарын жария етуді жөн көрдім.

Шыңғыстау – бір бүкпесі туған жерім,
Балғын кез, балалық шақ өткен керім.
Бабалар мекен етіп, аялдаған,
Төріндей ғой жұмақтың ұялы елім.

Сағымдай ойға оралды өткендерім,
Тай мініп, томпандаған сол кездерім.
Анам мен аталарым бесік етіп,
Бақилық орын салған сары белім.

Алпысқа жеткен кезде сәлем бердім,
Елу жыл жырақ жүріп, өтті өмірім.
Жан анам, ойдан кетпей ыстық демім,
Атамның құшағында бала кезім.

Тулатқан от жүректі асылдарым,
Топырағынды бір сипап, тынышталдым.
Дәм тартқан қашық елде жүрсем-дағы,
Басыңа сәлем беру еді арманым.

Тыныштық тәңірі – ием аяласын,
Туған жер топырағы саяласын.
Белгі боп, ата қоныс кіндігіндей,
Ұрпағы мекенді ата бағаласын.

Көкенай арғы бабам қолбасшы екен,
Өзі би, әрі батыр, сөзге шешен.
Жалғасы бұл бабаның мұнда келген,
Шөбере, шөпшектері еткен мекен.

Батырдың немересі Тұяқ дескен,
Жалғасып бұл атаға ұрпағы өскен.
Тараған бүгінгі жұрт осылардан,
Шақшабай, Шыныбай, Жұбай және Бейсен.

Шыныбай, Шыныбек Көшкімбайдың өз атасы,
Өжке – Шыныбектің бел баласы.
Мен Өжке ұлымын, атым Сұлтан,
Тобықты Көкенайдың бір парасы.

Өмірдің әрбір адам бір кемесі,
Жүрек өшсе – таусылар несібесі.
Ұрпағы бабаларын ойына алса,
Іздейді қойған жерден әр мүрдесін.

Ғұмырдың тереңіне жан жетпеген,
Бақида сағым бұлдыр, ой өтпеген.
Сезім қысқа бұл тұста, шектеуі жок,
Үміт, шіркін, өз райын жәйлі етпеген.

Бұлай болса, жәйліміз, Алла жолы,
Көп пенденің жаюлы бұған қолы.
Сайлауларда қабылдап көп дауысын,
Түйіндейді дегендей әділ жолы.

Білгенімді дұға етіп, бет сипадым,
Шолағын-ай жалғанның деп қиналдым.
Ата-анам, бала, келін ойыма алып,
«Жаратқан, жақсылық бер» деп сұрадым.

Жеңілдеп тұла бойым бір қалғандай,
Міндетті көптен артқан атқарғандай.
Тіледім, бала-шаға ойға келіп,
«Жақсылық оларға да ки деп, құдай».

Бет бұрып тіршілікке, тұйықталдым,
Нұрынан табиғаттың қуат алдым.
Баба жұрт, ұлы мекен, аман бол деп,
Өмірдің күйбеңіне бағыт алдым.

Сұлтан ағаның бұл сапарынан кейін Семейге екінші рет келіп, туған-туыстарын түгел дерлік аралаған кезі есімде. Мен сол кезде Семейдің малдәрігерлік институтында студент болатынмын.

Әуежайдан ағаны оның досы, Семей облысының мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бастығы Жандилдин қарсы алды. Екі күн бойы Амантай Құсайынұлы екеуімізді қасынан тастамай, ертіп жүрді.

Өмір-өзен тізбегінде ұрпақтан ұрпақ өрбітіп өткен алғы буынның үлгілі жолдарын кейінгіге өнеге етіп, естелік қалдыру

жалғас буынның және дос-жарандардың абзал ісі болар.
Топырағың торқа, иманың жолдас болсын, Сұлтан аға! Рухия
анаға Жаратқанның нұры түссін, алдынан жарылқап, арты ну ор-
мандай өсіп, толсын деп тілек білдіремін.

**Әнуарбек Исахан,
Сұлтан Өзкенұлының немере інісі.
Семей қаласы**

Сұлтан ағамның бұл сөздерінен кейін, өміріме өзгеріс болды.
Түп-түпсіздікпен тұлға болдым. Өзімнің өмірімді менің ойыма
Семейдің маңдайындағы нұрлы сұлтан болдым.
Өзекпаева ағамның аялы ойында, Сұлтан ағамның маңайында
кәсіпшілік басқарушы болдым. Жұмысымды қызығумен, ізгі
күн бойы Аманжан А. Сұлтанұлының қолында қалдырдым.
Сөзгі жүзді.
Өзімнен тереңірек ұрып, өзімнен қызық болдым.
Бұрынғы күндерім жолымды қайта өзімге өсіріп қалдырды

II БӨЛІМ

Дария кеуде, тау мүсін

Пай-пай, өмір!

Өтесің-ау бір күні,

Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.

.....

Болмағандай, жүрмегендей сенде біз.

Кетеміз-ау, кетеміз... пендеміз,

Ұрпақтарға береміз де кезекті,

Біз кетеміз, кету үшін келгенбіз, –

деп дара талант Мұқағали Мақатаев жырлағандай, бұл фәни дүниеге кім келіп, кім кетпеген. Адам баласына өлшеулі ғана ғұмыр беріледі: біреуге аз, біреуге мол. Осындайда XIX ғасырдағы көрнекті ақын Базар жырау Оңдасұлы Өтемісовтің өлер алдындағы «Әлеуметтер, құлақ сал» атты толғауында мына бір шолақ дүниеден хан да, әулие де, бай да, би де, батыр да, шайыр да өтетінін, ажал шіркінге сауға жоқ екенін тілге тиек етіп, адам боп келген өмірден, адам боп өтудің биік парыз екенін анық аңғартқаны ойға оралады.

Міне, осындай биік парызды өз дәрежесінде өтеп, өмірден өкінбей озған жандардың бірі Сұлтан Өжkenов еді. Ол ақылы дария суындай тасыған, сегіз қырлы, бір сырлы, алды жайқалған кең жайлау, арты толқынданған көк майса, тұла бойы болмысы адамгершілік қасиеттерге тұнып тұрған дария кеуде, тау мүсін асыл азамат болатын.

Ол сөздің қадірін білетін, құдіретін түсінетін би еді. Оның билігіне ешкім дау айтпайтын. Елдің саяси және рухани өміріндегі шытырмансыз мол қалтарыстардан салқынқандылықпен өте орнықты шешімдер қабылдап, өзгені де, өзін де адастырмай, талай рет тығырықтан тыңға алып шықты.

Оған дәлел де бар. Мәселен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында аудандық әскери комиссиариатының комиссары болып қызмет атқарған

Қ. Көптілеуовтің естелігі соның бірі. Ол сол тұста аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сұлтан Өжкенов бастан өткерген бір қиындық туралы былай дейді:

«1944 жылдың наурызы ғой деймін. Облыстық партия комитеті бюрода Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Әскери қызметкерлердің өте мұқтаж жанұяларына азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» қаулысының Қарабұтақ ауданында қалай орындалып жатқанын талқылау мақсатында арнайы комиссия құрды. Сол комиссияның мүшелері ауданға келіп, жағдаймен танысып, бірсыпыра кемшіліктердің бетін ашты. Оны өздері дайындаған анықтамаға арқау етіп, талқылауға ұсынды. Бюро мәжілісінде Сұлтан Өжкенов солар турасында және айтылған сындарға сәйкес жан-жақты түсініктеме берді. Түсініктемеде жергілікті жер мүмкіндіктерінің шектеулі екені, облыс орталығынан, теміржол қатынасынан 250-350 шақырым қашық жатқан ауданда құрылыс ұйымдарының, өнеркәсіп кәсіпорындарының жоқтығы, адамдардың бірыңғай мал шаруашылығымен ғана айналысатыны, тиісті орындардан көмек көрсетілмейтіні тасқа таңба басқандай анық айтылды. Бұл орынды әңгіме бюро мүшелерін ойлантып тастады. «Егер, – деді Сұлтан Өжкенов, – орын алған олқылықтардың бәрі менің кінәмнан болса, мен қызметтен кетуге даярмын». Ақыры бюро Қарабұтақ ауданы еңбекшілеріне, әсіресе әскери қызметкерлер жанұяларына нақты жәрдем ұйымдастыру, атап айтқанда, 10 тонна ұн, 5 тонна шикі сөк, тағы да басқа азық-түлік тауарларын бөлу, сауыны жоқтарға 500 бұзаулы сиырды кемді-күн пайдалануға беру жөнінде шешім қабылдағанына қатысушының бірі ретінде өзім куәгермін. Осылар арқылы біраз жанұяның еңсесі көтеріліп қалды. Осы еңсесі көтерілгендердің «Басшының мәселені байыпты қойып, көтере білуі және оң нәтижелерге қол жеткізуі елдің бақыты екен ғой» деп, ризашылық сезімдерін ұдайы білдіріп отырғаны да күні кешегідей есте...»

Иә, Қария Көптілеуов ақсақал мәлімдеген осы бір фактінің шынайы шындық екеніне облыстық мұрағатта болып, Сұлтекең туралы материалдар іздестіру үстінде анық көз жеткіздім. Бюро мәжілісі 1944 жылдың 14 сәуірінде өтіпті. Оған Қарабұтақ

аудандық атқару комитетінің төрағасы Қоянбаев және аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Қалау Рыскелдин қатысыпты...

Сұлтан Өжкенұлын мен бірінші рет 1951 жылы қараша айында кездестірдім. Бұл сол жылдың қаңтарында Ақтөбе облысының Алға аудандық комсомол комитетіне нұсқаушылыққа тағайындалып, қарашасында бірінші хатшылыққа сайланған, соған орай облыстық партия комитетінің бюросында бекітілуге шақырылып, бюроға дейін «бөлім меңгерушілері мен хатшыларының қабылдауы» деп аталатын сүзгіден өткен сәтім болатын. Сонда менімен алғашқы дидарласқан Сұлтекен өмірбаяндық деректерімді зейін қоя тыңдап, 1944 жылы армия қатарына шақырылғанымды, соғысқа қатысқанымды, ал соғыс аяқталған бетте еліміздің Қиыр Шығыстағы шекарасына әскери қызметке жіберіліп, одан жақында ғана босап келгенімді естігенде тіптен іштарта сырласты. Тұрмыс жағдайымды, алдағы жоспарларымды сұрады. Өзінің тәжірибесінен мысалдар келтіріп, кездескен қиындықтарды қалай жеңе білгенін әңгімелейді. Жаңа бастап жатқан жұмысыма бағыт-бағдар сілтеп, біршама ақыл-кеңес берді. Солардың ішінен заман ағымынан қалып қоймау, алға талпынып, оқып, білім көтеру, адал, ұстамды болу, көрсетілген сенімді ақтай білу жөніндегі тағылымды әңгімелері өмір ережесіндей санама мықтап сінді. Осы кездесуден бастап мен Сұлтекенді көңіліме жақын тұтып, Ақтөбе қаласына жолым түсе қалса сәлемдесіп шығуды дағдыға айналдырдым.

Сұлтекенмен екінші рет кездесуім 1956 жылдың көктемінде болды. Ол кезде мен Алға ауданының Бессараб машина-трактор стансасында партия комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүргенмін. Бір күні аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.Т. Кондратенко мен Сұлтан Өжкенұлы іссапармен келе қалды. Келген бетте МТС қамтуындағы Амангелді, Ильич, Нариманов атындағы, «Парижская коммуна» және «Коммунист» ұжымшарларында болып, егіс бригадаларындағы тың игеруші механизаторлармен сөйлесті. МТС орталығы Ильинка поселкесінде тың игеруші жастарды, ұжымшарлардың механизаторлары мен активтерін қатыстыра отырып, партия жиналысын

өткізді. Осы жиналыста Сұлтан Өжкенұлы ұзақ сөз сөйледі. Оған тың жерлерді игерудің маңызы, тың игерушілердің патриоттық бастамасы, халықтар достығы, елде азық-түлік молшылығын жасау, Қазақстанда миллиард пұт астық алу мәселелерін арқау етті. Қарапайым тіл, нақты мысал әсері ме, жиналған жұрт Сұлтанкеңнің сөзін ұйып тыңдады. Кейін осы мазмұнды да орынды сөздің көпшілікке оң ықпал жасағанын көре бастадық. Тәртіп нығайып, еңбек өнімділігі артты, сенім нығайды.

Аудандық «Алға» және «Вперед», облыстық «Социалистік жол» газеттерінде аталған жиналыс туралы көлемді материалдар жарияланды. Маған партия комитетінің жұмыс жоспарына біршама өзгеріс пен толықтыру енгізуге тура келді.

Сұлтан Өжкенұлының биік адамгершілігін Қарабұтақ ауданының көзкөргендері мен жалпы жұртшылығы әлі күнге дейін аңыз етіп айтып отырады. 1974–1985 жылдары осы ауданда қызмет атқарған кезде мен де ағамыз хақында талай жағымды пікірлер естігенмін. Соның ішінен сексен жастан асқан әжейдің әңгімесі жадымда жатталып қалыпты. Оны 1980 жылы қарабұтақтықтар тығыз байланыс жасап тұратын Ор (Орск) қаласына аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Жолшы Момынбаевпен бірге барып, оның туысының үйіне қонған күні естігенмін. Елдің хабарын аңсап отырғаны шығар, қария бізден оны-мұны сұраумен болды. Сөзден сөз туып, «аудан басшылары кімдер» екенін білгісі келетін сыңай да танытты. Біз санамалап айтып бердік. Міне, осы кезде ол: «Қарабұтақта тәжірибелі, ар-ожданы биік талай азамат басшы болып еді-ау. Соның бірі, Ұлы Отан соғысы жылдарында аудан тізгінін ұстаған Сұлтан осы күнге дейін еске алып, аналық алғысымды жаудырып отырамын. Сол інімнің арқасында шиеттей бес баламды әкелері әскер қатарынан оралғанша қарындарын ашырмай, суыққа тоңдырмай бақтым ғой», – деп көзіне жас алды.

Әжейдің айтуынша, 1941 жылы күйеуі әскерге шақырылады да, өзі алды тоғыз, соңы екі жастағы бес баланы асырау үшін теміржолға жұмысқа кіреді. Эшелонмен кетіп жатқан жауынгерлерден гимнастерка, көйлек, жайма сияқты заттар сатып алып, жұмыстан қолы боста сол заттарын қарт әкесі мен анасы тұратын

Қарабұтақ ауданының «Тасөткел» елді мекеніне апарып, сары майға, ешкінің түбітіне, қойдың жүніне айырбастап, оларды Ор қаласына апарып өткізіп, ақшалап, балалары үшін нәпақа тауып жүрген ғой. Осылайша «Тасөткелге» тағы бір келген сапарында оны учаскелік милиция инспекторы ұстап алып, заттарын тәркілеп, «саудагерлікпен айналысқаныңыз үшін үстіңізден қылмыстық іс қозғаймын» – деп байбалам салған. Аудан орталығына баруды міндеттеген. Айтқан уәжіне құлақ аспаған. «Іс осылай жалғаса берсе, қаладағы балаларымның күні не болмақшы» деп амалы таусылып отырғанда, «Тасөткелге» аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Өжкеновтің келгенін естиді, инспектордың көзін ала бере хатшының қабылдауына барады. Тәңірі жарылқап Өжкенов қабылдайды да, мән-жәйға қаныққан соң, кеңшар директоры арқылы инспекторды шақыртады. Көп кешікпей инспектор келеді. Оған Сұлтекең тосыннан төмендегідей мазмұнда сұрақ қойып, жауап беруін өтінеді.

– Қазір еліміз қандай жағдайды бастан кешіп жатыр?

– Кеңес Одағы неміс басқыншыларына тойтарыс беру қамында...

– Өз туыстарыңнан неше адам майданға аттанды? Жанұялары болса, олардың тұрмысы қалай?

– Аттанғаны бірнешеу. Жанұяларының көрген күні күн емес. «Шықпа, жаным, шықпа» деп әзер-ақ отыр, бәрі де ашқұрсақ.

– Солай де. Ал, сен мына отырған әйелдің хал-жайын білдің бе?

– Жолдас хатшы, бұл кісі саудагерлікпен айналысады...

– Бұл әйелдің ері майданға кеткен, қазір оқ пен оттың ортасында жүр. Үйінде үйелмелі-сүйелмелі бес бала бар. Өзінен басқа бас көтерер адам болмаса, не істеуі керек? Балалардың тағдырына кім жауап береді? Кәне, амалын айтшы?!

– Алыпсатарлармен күресу – бастығымның тікелей тапсырмасы. Соны орындауға тырысқаным рас. Бірақ Сіздің талабыңыз адамгершілік тұрғысынан өте әділ, өте орынды, Мен ұшқарылық көрсетіпмін. Сол қылығым үшін бұл кісіден кешірім сұрауға дайынмын.

Иә, хатшы мен тәртіп сақшысының арасындағы әңгіме осы-

мен аякталады. Әжеміз осыны айтып: «Сөйтіп, Сұлтанның көмегімен бір пәледен аман қалдым. Адам баласының басына түскен қиындықты өз басына түскен қиындықтай көретін азаматтың орны бөлек қой. Оған алғыстан басқа айтарым жоқ, қайда жүрсе де аман жүргей», – деп терең күрсінген.

Шынында да, Сұлтан Әжкенұлының адамдарға деген қамқорлығы шексіз еді. Оған өзім де куәгермін. Біздің алғашқы дидарласуымыз 1951 жылы болса, ол сонда білім көтеру қажеттігін шегелей айтып, бірнеше ақыл-кеңес берген-ді. «Сол ақыл-кеңесімнен не нәтиже шығарғанын білейінші» дегендей, 1957 жылдың маусымында, Бессараб МТС-де партия ұйымының хатшысы лауазымында жұмыс жасап жүрген маған әдейілеп телефон шалып, қайда оқитынымды сұрады. Мен төрт жыл бұрын кешкі орта мектепті бітіріп, сырттай ауыл шаруашылығы институтына түскенімді, қазір екінші курста оқитынымды мәлім еттім. «Бәрі де дұрыс екен» деді ол. Содан соң Алматы жоғары партия мектебіне тындаушылар тобын іріктеп жатқанын айтып, «Сол топқа енгізсек қалай қарайсың?» деп менің ынта-ықыласымды сұрады. Мен «сенім білдіріп жатсаңыздар оқуға даярмын» деп жауап бердім. Сөйтіп, Сұлтан Әжкенұлының қамқорлығымен партия мектебіне қабылданып, оны ойдағыдай бітіріп шықтым. Бұл лауазымдық сатыларға көтерілуіме негіз қалады. Сұлтан Әжкенұлы қандай қызметте болса да өзінің биік жауапкершілік, ерекше іскерлік, қажымас күш-қайрат иесі екенін көрсете білді, абырой биігіне көтерілді. Мәселен, ол Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Қарабұтақ ауданын басқарып, шаруашылықтардың біркелкі дамуын қамтамасыз етті, майданның ет, сары май, астық, жылы киім жөніндегі сұраныстарын өтеуге лайықты үлес қосты. Соғысқа кеткендердің орнын басқан қарттар мен әйелдердің, 11-15 жастағы жасөспірімдердің еңбегін ұйымдастыруға, оларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туғызуға, қысқасы, жоқтан бар жасауға айрықша назар аударды. «Қиыннан қиыстырар ердің ері» дегендей, ел басына қаралы күн туғанда небәрі жиырма алты жастағы жас жігіттің ауданға бірінші басшы болып, қайсарлықпен бес жыл абыройлы еңбек етуін ерекше құбылыс деу лайық. Соғыс аяқталысымен облыстық партия

комитетінің Сұлтан Өжкенұлына төмендегі мазмұнда мінездеме беруі де тегін болмаса керек: «Сұлтан Өжкенов саяси сауатты, Коммунистік партияның ісіне шын берілген, әрқашан бастаған жұмысын аяқтамай тынбайтын, қайсар мінезді, ынталы да ба-тыл, ұйымдастыру қабілеті жоғары азамат. Соның нәтижесінде Қарабұтақ ауданында мал шарушылығы жедел қарқында дамып келеді. Мысалы, 1945 жылы 1941 жылғымен салыстырғанда ірі қара саны 21,3, қой-ешкі 16,6, жылқы 20,3, пайызға өскен. Осы жылдар ішінде майдан қорына 2500 тонна ет, 75 тонна сары май, 3 миллион пұт астық және бірнеше миллион сомның жылы киімі өткізілген...» Мінездемеге облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Иночкин қолын қойып, сендірген. Сол жылғы 16-шы қарашада Сұлтекең ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, ғылым мен өнер саласындағы үздік жұмысы үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен және «1941–1945 жылдардағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағатында әр кезеңде Ақтөбе облыстық партия комитетінде бірінші хатшы болып қызмет атқарған Тайбеков, Тәшенов, Қарсыбаев секілді көрнекті мемлекет қайраткерлерінің Сұлтан Өжкенұлының адал еңбегіне оң баға берген мінездемелерінің бірнешеуі сақталған. Ердің артында қалған өшпес іздің бір парасын осылар десек, асыра айтқандық болмайды.

Көзі тірісінде асқар таудай болып, талайлардан айбыны асып жүретін алып аға бұл күнде біздің ортамызда жоқ, бақилық дүниеде. Бірақ оның рухы көңіліміздің қақ төрінде, бейнесі жадымызда жатталып қалған. Олар Сұлтекеңмен бірге жүрген, оның ізін қуып, ісін жалғастырған, тіпті таныс-бейтаныс жандардың талай ұрпағына адалдық пен адамдықтың ақ жолын көрсетіп, мензеп тұрғандай.

Құдірет алдынан жарылқасын, артының қайырын берсін!

*Мұса Алданиязұлы,
соғыс және еңбек ардагері,
республикалық дәрежедегі зейнеткер.
Ақтөбе қаласы*

Өмірлі өнеге

Соғыс жылдары Ақтөбе облысының атқару комитетінде жұмыс істеген мен 1946 жылы мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны 1948 жылы бітіріп шыққан соң мектеп директорлығына тағайындалып, Қобда ауданына келдім. Жаңа адамның істі танысып-білісуден бастайтыны ежелгі дәстүр емес пе? Соған сәйкес әріптестерім маған аупартком мен ауаткомның жауапты қызметкерлерін сырттай таныстырып, бірінші хатшы Сұлтан Өжкенұлы екенін, оның бұрын Қарабұтақ ауданында осындай лауазымда бес жыл абыройлы еңбек еткенін баяндап берді. Есімі әуелден таныс болса да, онымен кездесудің сәті түсе қоймағанды.

Бірде мектепке Сұлтан Өжкенұлының өзі келді. Мектептің жағдайын көзімен көріп, мұғалімдермен ашық әңгімелесті, олардың жеке істерімен танысты. Менімен де біраз сөйлесті. Сірә, мемлекеттік аппараттағы жұмыс өтілімнің және соған сәйкес тәжірибемнің молдығына назар аударғаны шығар, «аупарткомға нұсқаушы болуға қалай қарайсың?» деді. Мен келіспейтіндігімді, денсаулығымда ақау бар екенін айтып едім, ол өз ұсынысынан қайтпай, денсаулығымды түзетуге көмектесетіндігіне сендіріп, ақыры көндіріп тынды. Сөйтіп, келесі күні аупарткомның бюросы мені партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөліміне нұсқаушы етіп бекітті. Сұлтекең бюродан кейін менің көзімше облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Павел Терентьевич Щукинге телефон шалып: «Сіздерге аупарткомның нұсқаушысы етіп бекіту үшін жас әрі жігерлі коммунист Алпысбай Абатұлы Шуньконы жібергелі отырмын. Бірақ оның денсаулығы онша тәуір болмай тұр. Дәрігерлер өкпесін емдеу қажет дейді. Оған сол жағынан қамқорлық жасауды өтінемін» деді. Павел Терентьевич те мың жасағыр адам екен. Бекіп шыққан бетте құттықтау ниетін білдірумен бірге дәрігерлермен сөйлесіп, сол кезеңнің өте зәру және қымбат дәрісі стрептомицинді тауып алуыма көмек етті. Осылайша Сұлтан Өжкенұлының ізгі көмегі арқылы мен екі жылда қатерлі дерттен құлантаза айығып шықтым.

Міне, осы жылдары және одан кейінде де маған Сұлтекеңнің

өз жұмысын кең ауқымда, шебер жүргізе алатын, өз айналасына адал да қажырлы қызметкерлерді топтастыра білетін басшы екеніне талай рет куә болу құрметі тиді.

Мәселен, оның елуінші жылдардағы партия мен мемлекеттің ұжымшарларды ірілендіру жөніндегі тапсырмасын ауыл еңбеккерлерінің қобалжуын тудырмай, жоғары ұйымшылдықпен өткізуін өзгелерге өнеге боларлық жәйт деуге болады. Сол кезде Қобда ауданында қырық ұсақ, қауқарсыз ұжымшар бар еді. Сұлтан Әжкенұлы соларды ірілендірмес бұрын аудан активтерін, сондай-ақ ұжымшарларға қатысы бар аудандық мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерін шақырып, алда тұрған жұмыстың мақсат-міндеттерін, яғни шаруашылықтарды ірілендіргенде ғана трактор, комбайн, басқа да ауыл шаруашылығы техникаларын алуға, мал басын, егістік жер көлемін өсіруге, нәтижесінде селоның экономикасын, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік туатынын түсіндірді. Ұжымдарға жауапты адамдарды бекітті. Селолықтардың көңіл-күйін, психологиясын, бір-бірімен қарым-қатынасын зерттеуді ұсынды. Аталмыш жұмыс барысын аяқталғанша назарда ұстады. Тікелей өзі партия ұйымдарын, жергілікті депутаттар корпусын ірілендіру жүйесін жасап, ұжымшар басқармаларының құрамы мен ұжымшар басшыларын іріктеумен шұғылданды. Сөйтіп, ауданда он ірі ұжымшар құрылды. Сұлтан Әжкенұлы осы тұста кадрларды іріктеу мен тәрбиелеуге, әйелдерді басшы жұмыстарға ұсынуға көп көңіл бөлді. Шаруашылықтардың білгір басшылары М. Үдербаев, А.М. Никитин, А.М. Кожухаренко, Н.К. Жекеев, И.В. Соколов, Г.А. Миллер, тағы басқалар, селолық Кеңес төрайымдығына, партиялық жұмысқа ұсынылған І. Қасымова, Қ. Бақытова, С. Зубаха, Е. Ордепова, О.В. Макарова, Г. Байқадамова соның мысалы.

Сұлтан Әжкенұлы облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде облыстық партия комитетінің хатшысы бола жүріп, ұжымшарлар мен кеңшарларға зор ұйымдастырушылық көмек көрсетті. Ол облыс кадрлары әлеуетін жетік біліп, оларды ең жауапты жұмыс учаскелеріне жұмсап отырды. Оның тыңды игеруге жіберген Д.Л. Борзых, Т. Бір-

манов, Р. Акниязов, Г.А. Забиров, С.И. Клименко секілді кадрлары сенім биігінен көрінді.

Басшы ағаның камқорлығы туралы тағы бірер мысал келтіре кетсем артық етпес деймін. Соның бірі Сұлтекеңнің облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партиялық жұмыс бөлімі менгерушісі кезінде мені аса ірі «Қобда» кеңшарына партия комитетінің хатшылығы қызметіне ұсынуы. Осы қызметке сайланып, облыстық партия комитетінің бюросына бекуге барғанымда абзал ағаның арнайы қабылдап, жоспарларыммен танысқанын, құнды ақыл-кеңес бергенін ұмытуым мүмкін емес. Өйткені сол ақыл-кеңесінің соңы үлкен де мақсатты істің өріс алуына себепкер болды.

– Алпысбай, анау сендермен көрші Ойыл ауданында бос жатқан жер бар. Сол жерді жыртып, атақты тары өсіруші Шығанақ Берсиевтің даңқты дәстүрін жаңғыртсақ тамаша болар еді. Мен осы мәселе жөнінде Ойыл және Қобда аудандары хатшыларымен, облыстық атқару комитетінің төрағасымен сөйлесейін, сен де жұмыстан, – деді ол сол кездесуде.

Мұндай сәтті жіберудің ешбір жөні жоқ-ты. Сондықтан көп кешікпей «Бабатай», «Егінді», «Келтесай», «Қайыңды», «Қызыл жұлдыз» ұжымшарларында болып, баскарма мүшелерімен кездесіп, олардың пайдаланылмай бос жатқан жерді «Қобда» кеңшарының балансына беру жөніндегі жазбаша келісімін алдым. Одан әрі ұжымшар мүшелері жалпы жиналысының хаттамасын, Ойыл мен Қобда аудандық партия комитеттерінің, облыстық атқару комитетінің келісімін алып, Сұлтан Өжкенұлының белсенді көмегімен Республика Министрлер Кеңесі төрағасының қабылдауына бардық. Министрлер Кеңесі бұл ұйғарымды құп алып, 76 мың гектар жерді кеңшар балансына беру туралы қаулы шығарып берді. Міне, осы қаулымен Алматыдан оралған бетте Сұлтеңе кіріп, сапарымның сәтті болғанын айтқанымда, оның ерекше қуанып, құттықтап:

– Қоғам мен халық қамы үшін жасалатын жұмыста осындай шешімді қимыл керек. Ауылға барған соң мәселені партком мәжілісінде жан-жақты талқылағаның, тары өсіруші комсомол-жастар бригадасын құрғаның жөн, – деді ол. Бригадаға кез кел-

ген кісіні емес, конкурста жеңіп шыққан жүлдегерлерді алу, жаңа бастаманы аудандық газетке жария ету қажеттігін, бұл іске облыстық газет қызметкерлерінің де назар аударатынын, оған өзінің тиісті ықпал жасайтынын және ескертті. Кейін мен осы ірі шаруашылыққа директор болған кезде тары егістігінің көлемі 8,0 мың гектарға, қой 30 мың басқа, мүйізді ірі қара 2,5 мың басқа, жылқы 300 басқа жеткізілді. Кеңшардың машина-трактор паркінде 105 комбайн, 80 автомашина, басқа да ауыл шаруашылығы техникалары болды.

Менің жоғары партия мектебіне тыңдаушылыққа қабылдануымда да Сұлтекеңнің елеулі үлесі бар. Ол бір күні мені қабылдауына шақырып, шаруа жайын сұрастырды да, облыстың ең ірі машина-трактор стансасына аудандық партия комитетінің аймақтық хатшысы ету ұйғарымы бар екенін құлаққағыс жасады.

– Ол сенімдеріңізге рақмет. Бірақ Сіз мені жоғары партия мектебіне оқуға жіберуге уәде еткенсіз, – дедім мен.

– Иә, ондай уәденің болғаны рас. Бізде арызың да бар. Егер оқимын деп талаптанып жатсаң, оған қарсы емеспіз, жібереміз, – деді ол.

Жалпы Сұлтекеңнің ешуақыт тауымды қайтармағанына әлі күнге шейін таңғаламын. Сірә, бұндай қасиет тек қана шындық пен дәл әділдікке қызмет еткен азаматтың бойынан табылса керек. Мынаны қараңызшы, 1958 жылы біздің кеңшар ұжымы мол өнімге қол жеткізді. Әсіресе тарының шығымы мол болды. Әрбір гектардан 13 центнер өнім алынды. Осындай байлықты төкпей-шашпай жинап алу үшін Сұлтекеңнен көмек сұрауға бардым. Оның сонда сөзге келмей, № 2577 автоколоннаның бастығы Мандрыкинге телефон шалып, былай дегені есте:

– Владимир Павлович, Сіздің колоннаны өнім жинау үшін Қобда ауданына бекіттік. Соған орай «Қобда» кеңшарын қам-қорлыққа алуыңызды өтінемін. Олар биыл тарыны мол өндірді.

Сұлтекең мұнымен де шектелмей, «Актюбнефтеразведка» директоры Черкашинге жиырма адам және бес автомашина бөлуді тапсырды. Бұған қосымша әскери бөлімнен бір рота жауынгер жіберетін болды.

Мен сол күні Сұлтекеңнің кабинетінен бойыма канат біткендей рахат сезіммен шықтым.

Тамыз айында, өнім жинау науқанының нағыз қызған шағында ол, қасында облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Қонақбай Назаров бар, біздің кеңшарға келіп, іс барысымен танысты. Бір ферма басында менімен кездесіп қалып, амандық-саулықтан кейін мынадай әзіл айтқанын ұмытқан жоқпын:

– Оу, парторг-тыңдаушы, облыстық партия комитетінің хатшысы бас болып, бүкіл облыс Сіздер өсірген өнімді жабыла жинап жатыр. Сен ештеңеге алаңдамай және өзгелерге кедергі жасамай, оқуыңа кет. Әйтпесе, осындағылардан керек адамды іздестірsem, «ол үйінде, біздің парторг Алматыға жүретін болған соң соған қоштасу шайын беріп жатыр», – дейді.

Сұлтекеңнің осыны айтып, жауырынымнан қағып, «бізге кесел келтірме, астықты өзіміз жинап аламыз» дегенін өз басым естен кетпес оқиға деп білемін. Ол нағыз ақылшы еді. Мен өз өмірімде белгілі бір табысқа жетсем, құрметке ие болсам, жауапты лауазымдарда еңбек етсем, соның бәрі үшін Сұлтан Өжкенұлына борыштымын деп есептеймін. Оның қамқорлығының, ағалық ақыл-кеңесінің Республика Жоғарғы Кеңесінің екі бірдей Құрмет грамотасын, мемлекетіміз бен үкіметіміздің екі бірдей орденін, сегіз медалін иеленуіме лайықты әсері болғаны да ақиқат.

*Аллысбай Абатұлы Шунько,
дербес зейнеткер, облыстық мүгедектер
қоғамы президиумының мүшесі.
Ақтөбе қаласы*

По заслугам и труду – честь и уважение

Мне довелось работать длительное время в Хобдинском и Карабутацком районах, и Актюбинской области, где этими районами руководил, находясь в должности первого секретаря райкома партии Ужкенов Султан Ужкенович с 1941–1950 гг., а затем свыше десяти лет заведующим отделом партийно-советских и профсоюзно-комсомольских органов, организационно-партийной работы и секретарем Актюбинского обкома Компартии Казахстана.

Несколько слов о себе. Я работал агрономом и председателем колхоза имени Калинина, начальником Хобдинского территориального совхозно-колхозного производственного управления и управления сельского хозяйства, председателем Карабутацкого и Комсомольского исполкомов районных Советов народных депутатов и первым секретарем Комсомольского райкома Компартии Казахстана, был депутатом Верховного Совета Казахской ССР седьмого созыва, участником Великой Отечественной войны. Награжден орденами: «Отечественный войны II степени», Ленина и двумя Трудового Красного Знамени, медалями.

Главное и основное, что было в практической деятельности Султана Ужкенова, так это постоянная целенаправленная и кропотливая со знанием и большим арсеналом работа с кадрами, их воспитание и повышение ответственности на всех этапах и уровнях за порученное дело. Это безусловно нашло свое отражение в производственном и социально-экономическом развитии всех отраслей Хобдинского и Карабутацкого районов, и в целом Актюбинской области, технической оснащенности, значительном развитии социальной сферы, медицинского и бытового обслуживания, народного образования и культуры, организации обучения и подготовки специалистов всех отраслей.

Султан Ужкенович Ужкенов в решении стоящих задач всегда проводил большую и целенаправленную, деловую и творческую политику.

В этом главном и основном вопросе он – Султан Ужкенович – был большой знаток и пользовался авторитетом.

Всегда, в своей практической деятельности Султан Ужкенович придавал исключительно большое значение воспитанию и обучению учащихся в школах, и особенно, строительству новых школ. Трудящиеся и жители Карабутацкого района знают и помнят, как под непосредственным руководством и организацией Султана Ужкеновича велось как плановое, а также инициативное строительство школ, которое продолжил Бердыгулов Нуркасым, который заменил в порядке ротации кадров Ужкенова Султана Ужкеновича.

Доброе народ помнит долго и не забывает. По организации строительства школ, воспитания и обучения учащихся в Карабутацком районе трудящиеся помнят и вспоминают Султана Ужкеновича. Я лично считаю, что это исключительно большая и человеческая заслуга перед народом Султана Ужкеновича и это должно быть примером для руководителей современной системы рыночных отношений.

Отмечая доброе и положительное в практической деятельности и в работе Султана Ужкеновича, хочу особо отметить его простоту и человечность. На этот счет можно привести много примеров. Начну с того простого, но очень характерного для руководителя высокого ранга, как первый секретарь райкома партии.

Многих первых секретарей обслуживал и возил водитель Волков Павел Афанасьевич, детдомовец, участник войны.

Из всех шести обслуживаемых первых секретарей райкома партии он говорил и отмечал доброе и человеческие качества Ужкенова Султана Ужкеновича.

Павел Афанасьевич говорил, что отдельные были капризные, чванливые и высокомерные. А вот Ужкенов Султан Ужкенович был человеческим и добрым, простым и требовательным, порядочным и умным.

О положительных, добрых, деловых качествах, в то же время о простоте Ужкенова Султана Ужкеновича рассказывают работавшие под его руководством, высказывают ныне пенсионеры, заслуженные люди Актюбинской области и районов: Койлыбаев Алибий Койлыбаевич – бывший директор совхоза им. Шевченко,

Курманалин Тулебай – бывший первый секретарь райкома комсомола, председатель колхоза, директор совхоза им. XX партсъезда, председатель райисполкома, Шунько Алпысбай Абатович – работавший заведующим отделом организационно-партийной работы Хобдинского райкома партии, когда Ужкенов С.У. был первым секретарем райкома партии.

Отмечая доброе и положительное в работе Ужкенова Султана Ужкеновича, надо отметить, что он обладал высокими организаторскими способностями, знаниями в воспитании кадров, которые работали с ним.

Это Гладкий Андрей Иванович, бывший директор Астрахановской МТС, а затем председатель исполкома Хобдинского районного Совета народных депутатов, Момонтьева Нина Александровна – заведующая отделом райкома партии, а затем председатель Хобдинского райисполкома, директора МТС: Бердник, Захаров, Соловьев и Калимуллин – секретари Хобдинского райкома партий, Шунько Алпысбай Абатович – работавший зав. отделом организационно-партийной работы райкома партии, первым заместителем председателя Хобдинского райисполкома и директором совхоза «Хобдинский».

Ужкеновым Султаном Ужкеновичом воспитана целая плеяда кадров, вошедших в золотой кадровый фонд Хобдинского, Карабутаковского районов и Актюбинской области.

Федор Евгеньевич Чемоданов,
ученый агроном-экономист.

г. Актобе

Есте қалған екі кездесу

Студент кезімде Ақтөбе қаласында облыстық әділет басқармасының бастығы Жарасов Жақсығалидың, оның зайыбы Бәлияштың, облыстық санақ басқармасының бастығы Екібаев Амантұрлының, оның зайыбы Ұлмекеннің және облыстық партия комитеті бөлімінің бастығы Өжкенов Сұлтанның, оның зайыбы Ұрқияның дос-жолдастар ретінде жанұяларымен жиі араласқандарының куәсі болып, жоғары мәдениеттіліктеріне, мұнтаздай киім киістеріне, орнымен айтылатын әзіл-қалжыңдарына, байыпты жүріс-тұрыстарына ерекше қызығатынбыз. Осындай азаматтар дәрежесіне көтерілуді армандайтынбыз.

Олардың қарым-қатынастарынан бір-бірін елегізе іздеу, қапысыз қолдау, сүйкімді сыйластық, рухани ұқсастық, жан қиысар жақындық, ортақ мұраттарға шынайы берілу мен жұп жазбай жұмылу секілді абзал қасиеттер айқын аңғарылатын. Әңгіме-дүкен құрған кездерінде мейірбан, ақжарқын жүзбен бір-біріне мәртебе, мерей, кең ықылас-пейіл, мықты денсаулық, жан жомарттығын, ұрпақтарының да өздеріне ұқсап, достыққа берік, адал, еңбекқор, қарапайым, елі мен жерін сүйген перзенттер болуын тілейтін. Әңгіме-дүкеннің сәні мен мәнін келтіруші көбінесе Сұлтекен еді.

1958 жылдың бірінші қаңтары – Жаңа жылды осы тілеулес жандардың басқа да қонақтармен бірге Екібаев Амантұрлының шаңырағында зор қуанышпен қарсы алғаны есімде. Басқа да қонақтар деп отырғаным Ақтөбе медицина институтының Б. Жарбосынов, Б. Ізтілеуов секілді жас ғалым-оқытушылары болатын. Осы отырыста да Сұлтекен өзін көңілді әрі қарапайым ұстап, жастарға былайғы өміріне жөн сілтейтіндей ұлағатты сөздер айтты. Сол жөн сілтеудің нақты бір мысалы ретінде Бинеш Оразұлының өмір жолындағы өсу, өрлеу баспалдақтарын тілге тиек етуге болатындай.

1955 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтын бітірген, төрт жылдай Атырау, Ақтөбе қалаларында уролог-дәрігер қызметін атқарған ол 1959 жылы Ақтөбе медицина институтының хирургия кафедрасына ассистенттікке ауысып, 1962 жылдан бастап

өзі оқу бітірген ұяда аспирант, урология кафедрасының ассистенті, доценті, меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бас урологі, Қазақтың урология ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін абыройлы атқарды. 1985 жылы медицина ғылымының докторы, 1986 жылы профессоры, кейін Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Еуропа урологтер қауымдастығының толық мүшесі атанды. Екі жүзге жуық ғылыми еңбек жариялады. Әрине, осының бәрінде Сұлтекеңнің еңбегі бар десек, асыра айтқандық болар, бірақ Бинештің өрлеу жолына оның бір ауыз шуақты сөзінің шарапаты тиді десем, мені ешкімнің айыптамасы анық.

Мен Сұлтан Әжкенұлымен екінші рет Атырау қаласында (бұрынғы Гурьев) облыстық партия комитетінде хатшы қызметін атқарып жүргенде кездестім. Оған осында 1961 жылдың қыркүйек айында өткен Сақан Дәулетқалиев атындағы жас шопандар қозғалысына қатысушылар слеті себепкер болды. Слетке Ақтөбеден арнайы делегация жіберілді. Оның жетекшілігіне СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің Қазақстанда қой шаруашылығын дамыту міндеттері жөніндегі қаулысын орындауға байланысты Ойылда шопан-механизаторлар даярлау үшін ашылған училище директоры мен тағайындалдым да, құрамына Батыс Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің бірінші хатшысы А.Тілесов, әнші Б. Қоңырбасов, домбырашы М. Байғанин енді. Есімдері аталған бұл серіктестерім Ақтөбеден жеңіл автокөлікпен шығып, жолай Ойылдағы мені отырғызды да, ұзақ жүрістен кейін Атырауға келіп жеттік. Ертесіне облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С. Құбашевқа кіріп, мәлім болдық та, Сұлтекеңе сәлемдесуге бардық. Ол бізді құшақ жая, қуана қарсы алды. Өзінің осы слетті ұйымдастыру және өткізу комиссиясының төрағасы екенін айтты. Облыстық комсомол комитетінің хатшылары М. Ғабдісәлімова мен Ұ. Бөлекбаеваны шақырып, тапсырмалар берді. Мен үлкен жиында ақтөбелік жастар атынан құттықтау сөз сөйледім. Сұлтекең слеттің басынан аяғына дейін, тіпті қонақасына да қатысты. Біздің өнерпаздарымыздың ән-күйін ықыласпен тыңдап, айрықша ризашылық білдірді. Өзі ұзақ жыл еңбек еткен жерге және ондағы азаматтарға деген

сағынышы мен құрметінің белгісі шығар, біраз адамның есімін атап, жағдайларын сұрап, көңілі бірленгендей сыңай танытты, оң тілектерін айтты.

Міне, есте қалған екі кездесудің әсері осындай. Сол әсердің жарты ғасырға жуық уақыт бойы жүрек төрінен орын алып, ардагер аға, қажырлы қайраткер бейнесін биіктеткен үстіне биіктете түскені мен үшін ерекше қуанышты...

Өтеміс Әкімов,
зейнеткер.
Ақтөбе қаласы

ІІІ БӨЛІМ

Игі істердің иесі

Сұлтан Өжкенов Атырау облыстық партия комитетінің хатшысы боп сайланған соң, 1960 жылдың маусым айында өзі телефон арқылы шақырды. Мен облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы едім.

Алдына алғашқы келгенім ғой, жылы жүзді, қарапайым кісі екен, бұрыннан таныс адамдай-ақ, бірден ашық әңгімеге тартып, жарасымды сөйлестік. Менің еңбек жолымды, отбасымдағы жағдайды сұрап білді де, өзін таныстырды. Семей өңірінде дүниеге келгенмен, саналы өмірінің нобайын Ақтөбе облысында өткізген, облыстық комсомол ұйымын басқарыпты, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, обкомның бөлім меңгерушісі және хатшысы болып істепті.

«Кәсіподақтардың қарамағында қанша клуб, кітапхана, спорт залы, пионерлер лагері, кино қондырғылары бар?» – деп сұрады. Көркемөнер үйірмелерінің жұмысы, оқушы балалардың жазғы демалысы, жасөспірімдер спорт мектептерінің жағдайы жөнінен толығырақ мағлұмат алғысы келді. Осы мәселелер төңірегінде көрген-білгенін, тәжірибесін айтып, ақыл-кеңес берді. Әсіресе, кадр мәселесіне көбірек тоқтады. Оркестр, хор, ансамбль ұйымдастыра білетін мамандар табу керек екеніне назар аударды.

Осы бағытта істеліп жатқан жұмыстар туралы Сұлтекеңе хабарлап тұратын болдым. Тікелей тапсырмалар алып, олардың барысын мерзімінде баяндап, талай алғысын да, сын-ескертпелерін де естігенмін.

Жыл өткесін мен Жылыой ауданына аупарткомның бірінші хатшысы болып сайландым. Сонда да қарым-қатынасымыз үзілген емес, облыс орталығына келген сайын Сұлтекеңе кірмей кетпейтінмін.

Сұлтекеңмен 1962 жылы Құлсары қаласында кездескеніміз есте қаларлықтай еді. Жылыой ауданында 1951–1952 жылдары жаз қуаң, қыс қарлы да аязды болып, қой малы түгелге жуық қырылып қалыпты. Сондықтан бос қалған қыстақтарды,

жазғы жайылымдарды Маңғыстау ауданының ұжымшарларына уақытша пайдалануға беріпті. Содан он жыл өткенде Жылыойда төрт түлік түгел көбейіп, сан жағынан бұрынғы қалпына жетеді. Енді Жылыойдың малшылары ескі қоныстарына келіп, әсіресе Қарақұм қыстағына, Желтау маңындағы жазғы жайылымдарға шоғырланып, қоғам малы жерге сыймай, ағайындардың арасында кірбің пайда бола бастайды. Осы мәселені тексеріп, екі ауданның малдарын дау-дамайсыз дұрыс орналастыру үшін Сұлтан Өжкеновтің басшылығымен облыстық комиссия құрылады. Обкомның бірінші хатшысы Нұртас Ондасынов әріден ойлайтын кісі ғой, жағдайды шиеленістірмей уақытша қиыншылықтан тез шығу үшін Ақтөбе облысының көршілес шаруашылықтарының жәрдемі қажет болатынын сезіп, Сұлтекен қолқа салса жерлестері сөзін тастамас деп ойласа керек-ті. Сұлтекен мені және Маңғыстау аупарткомының бірінші хатшысы Төлеген Қағазовты ертіп Қарақұмды, Жем бойын, Шағырлы құмын, Үстіртті аралап шықты. Бір аптадай көшіп бара жатқан малшылардың күркесінде, арбаның үстінде, автокөліктің ішінде ұйықтап, далада дастарқан жайдырып тамақ ішіп жүрдік. «Жігітті жол сынайды» дегендей, осы сапарда Сұлтекеннің адамгершілік қасиеттерін, батыл да әділ шешім қабылдай білетін көсемдігін де анық көрдік. Өзгелерді сабырмен асықпай тыңдап, пікірлерін біліп алған соң өз тұжырымын айтады да: «Солай емес пе?» – дейтін-ді. Сонымен әңгіме доғарылатын-ды. Осы орайда бір жәйт есіме түседі.

«Бәли орпа» деген тұщы суы мол құдық басына келгесін, Т. Қағазов: «Бұл өңір Маңғыстау ауданының жері, Бәли деген Адай руының бір тайпасы болады», – деді. Мен тұрып: «Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, Адайдың Бәли бөлімі ежелден Жылыойды мекендеген көрінеді», – дедім. Сонда Сұлтекен: «Олай болса бұл құдықты «Адай орпа» делік, үш облыстың адайлары бірдей ортақтаса пайдалансын, солай емес пе, Мырзаеке» – деді. Облыстық МҚК-нің (КГБ) бастығы, обкомның бюро мүшесі, комиссия құрамындағы Мырзамсейіт Жандилдинов: «Төке, Адай руының Жылыой деген тармағы жоқ па», – деп күлді. Мен әзілді жалғастырып, «Алла-тағала Адай атамызды нұрдан жаратыпты

деген аңыз бар, соған сүйенсек, Төкеннің қай жерді иеленем десе де қакы бар ғой», – дедім.

Айта берсем нәтижелі кездесулер, әзіл-шыны араласқан әсерлі әңгімелер көп болды, қиыншылықтар да кездесті.

Қорытып айтқанда, Сұлтекең екі ауданның да малшыларын ризалап, тапсырманы толық орындап, комиссия мүшелерімен бірге Атырауға аттанды. Қазақтың жер дауы мен жесір дауы қиын дейді ғой, дегенмен біздерге мәселе оңай шешілгендей көрінді.

Облыс орталығына келгесін, бәрімізді обкомның бірінші хатшысы Н. Оңдасынов қабылдады. Көңілді отырыс болды. Т. Қағазов: «Сұлтекең көп жерімізді Саламатқа тартып алып берді», – деді құрдастығына салып. Сұлтан Әжкенұлы: «Нүреке, жердің бәрі Адайлардікі екен, Төлеген керек кезінде өзі алыпты, енді ағайындарына қайтарып беріпті. Менің бітіргенім бес-алты қойдың жамбасын жеп, шұбатқа тойып келдім», – деді. Нүрекең: «Коньяк ішкендерінді де естіп жатырмыз ғой, жылыойлықтар сыбаға бермеді ме», – деп маған қарады. Мен: «Ел де, жер де Төкендікі болғасын жолын кесе алмадық», – дегенімде: «Жарайды, онда бүгін Төкенді бекіренің бел кеспесіне тойғызындар», – деп күлді Нүрекең.

Аз-мұз кіріспе сөз қағысы біткесін Сұлтекең іссапарының қорытындысы туралы толық баяндама жасады. Бірінші хатшы ризашылығын білдіріп, рақмет айтты.

* * *

Сұлтекең кездескен сайын аудандағы акындарды, домбырашыларды, әншілерді сұрап тұрады және, бір ғажабы, бәрінің есімдерін атайды. Бірде көркемөнер үйірмелерінің облыстық байқауына дайындығымыз туралы сұрай отырып: «Токсанбай (Құлтумиев), Айтқали (Жайымов), Иба (Рахымғалиева), Рабиға (Ғалиева), Алухия (Әжіғалиева), Мәдина (Нұралина), Амангелді (Орахов), Кенжебай (Майлыбаев) сахнаға шығып жүр ме, өнерлерін тастап кеткен жоқ па, білімін өсіретін ойлары бар ма?» – деп әрбіреуін жекелеп тәптештегені бар. Таңғалдым.

Келесі келгенімде «Халық театры» деген атаққа ұсынатын

ұжымдардың жолдама қағаздарын карап отыр екен. «Қымбат (Исалиева), Төлеш (Қошқаров), Кален (Кідібасов), Сұлушаш (Молдажанова), Кененбай (Өтегенов), Сақтаған (Шудабаев), Өтебалы (Молдажанов) өз күштерімен қоғамдық негізде театр ұйымдастырыпты, өте ризамыз, тек таратып алмайық. Құлсарыны облыстың мәдени орталығы деуге де болар еді, бірақ сен қарсылық білдіресің ғой» – деп күлді.

Тағы бірде «Ақындар айтысын ұйымдастырғымыз келеді, сайысқа түсетін ақындар бар ма?» – деп сұрады. «Кең Жылыойда ақындар да, жыршылар да табылады ғой», – дегенімде: «Білемін, Сіздерде Жанаш (Нұрмаханов), Аманқос (Ершуов), Сапарбек (Сәрсенов), Сабыр (Домбаев) сияқты ақындар көрініп жүр. Дегенмен айтыс ақындары әлі де аз, айтысты жиі өткізіп тұрған жөн», – деді.

* * *

Сұлтекең үнемі көңілді, жайдары жүретін-ді. Алайда күлгенін сирек көретінбіз. Бір оқиғаға байланысты ішек-сілесі қатып, қоймастан күлгені көз алдымнан кетпейді. Ол былай болды: Жылыой ауданында жасы 18-ге толмаған қыздардың тұрмыс құруына байланысты «Социалистік Қазақстан» газетінде сын мақала жарияланды. Ол обкомның бюросында қаралып, бұл мәселені аудан партия активінде талқылау тапсырылды. Жиналыста сөйлеген «Коммунизм таңы» кеңшарының партком мүшесі Сисембердиев Жәнкей сөзінің соңында: «Мен өзіме беркітілген қыздардың жасы жетпей күйеуге шықпайтынына сендіремін», – дегені. Жиналыстың төрінде отырған обкомның хатшысы Сұлтан Өжкенов шошып кеткендей, елең етіп: «Не дедің, не айттың, түсіндірші», – деп қалды. Ол кейбір бойы-сойы жетіп қалған оқушы қыздарды мектеп бітіргенше отбасының босағасынан шығармауды партком мүшелеріне тапсырып қойғанын айтты. Содан соң-ақ Сұлтекең күле бастады. Залда отырған Қауқаев Айтжан деген куақы ағамыз: «Қойды қасқырға тапсырғандай болған екен», – дегенде, хатшының күлкісі одан әрі күшейе түсті. Тіпті жиналыс бітіп, біздің үйде шай ішіп отырғанда да күлкісін баса

алмады. Кейіннен кездескен сайын: «Қалай, қыздарың түгел ме?» – деп күлетін болды.

* * *

Мен 1970 жылы обкомға бірінші хатшы боп сайланғанда Сұлтекең облатком төрағасының орынбасары еді. Бұрынғы әдетіме салынғандығым ба, әлде ол кісінің іскерлігіне сенгендіктен бе, әйтеуір мәдениет, өнер, спорт мәселелері жөнінен Сұлтекеңмен жиі ақылдасатынмын. Ол білім, ғылым, медицина саласына да қамқоршы бола білді. 1972 жылы сәуірдің 18 күні мәдениет қызметкерлерінің облыстық конференциясында Сұлтан Өжкенұлы баяндама жасады. Қазақ ССР Мәдениет министрі Мүсілім Базарбаев қатысып, мәнді де мағыналы сөз сөйледі. Сұлтекеңнің баяндамасына өте жақсы баға берді, мәдениет басқармасына, оның жергілікті органдарына көрсетіп жүрген жәрдемі үшін шын жүректен алғысын айтты.

* * *

Сұлтекең 1975 жылы маусым айында әдейі телефон соғып, қабылдауымды сұрады. Бұрын ескертпей-ақ кіре беруші еді, бүгін ресми бола қалғаны несі екен деп ойландым. Келгесін: «Атырауда 15 жыл қызмет істедім, зейнеткер жасына жеттім, шаршап жүрмін, денсаулық та онша емес, жауапкершілігі көп жұмыстан босағым келеді», – деді. «Сұлтеке, шаршасаңыз демалыңыз, курортқа барыңыз. Жұмысты әбден игеріп алдыңыз, Сіздің 2-3 сағат істегеніңіз де жеткілікті. Ел ішінде беделіңіз жоғары, халық сыйлайды, әлі де шыдасаңыз қайтеді», – деп қолқаладым. Бірақ көп ойланып, отбасымен ақылдасып қабылданған шешім болар: «Сонғы кезде жеңгеннің де ыңкыл-сыңқылы көбейіп барады, Мүмкіншілігіңіз болса, Алматыдан пәтер алуға жәрдемдесіңіз, оған дейін жеңілдеу қызмет берсеңіздер ермек ете тұрайын», – деп үзілді-кесілді өтініш айтты. Облатком төрағасы Оңайбай Көшековпен сөйлескенімде: «Мен де біраз азғырып көріп ем, көнетін түрі жоқ», – деді.

* * *

Рухия жеңеміз байсалды, ақыл иесі адам еді. Атырауда да, Алматыда да жомарт қолынан талай шай ішіп едік. Сұлтекеңді соңғы сапарға жөнелтерде де, одан кейінгі қаделерін де балаларымен бірге тиісті дәрежеде өткізгенін көргенбіз.

Сұлтекеңнің жеке өмірі, еңбек жолы тек өз ұрпағына емес, жалпы жастарға өнеге-үлгі боларлықтай еді. Сондықтан балаларының естелік кітап шығаруға ынталанғанына ризашылығымды білдіріп, кейбір ойда сақталған деректерді жазуды жөн көрдім.

*Саламат Мұқашев,
Одақтық дәрежедегі зейнеткер,
Атырау облысының құрметті азаматы*

Көргені де, көңілге түйгені де көп еді...

Сұлтекең, Сұлтан Өжкенұлы Атырау облысына 1963 жылы келді. Бұл менің партия мектебінде оқып жүрген кезім болатын. Партия мектебін бітіріп келген соң өлкеге жұмысқа жіберілдім. Бірақ ондағы жұмыс мені қанағаттандыра қоймады да, «бесмыңыншылар» дейтін дүбірлі қозғалысқа сәйкес өз еркіммен артта қалған кеңшарға сұранып келдім. Келсем, Сұлтекең облыстық партия комитетінің хатшысы екен. Айналысатын қызмет бағыты – мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, идеология. Солай десек те, ол заманда тәртіп мынандай еді: бюро мүшелері егін егу, пішен шабу, мал төлдету секілді сан алуан науқандар тұсында шаруашылықтарға барып, жағдайды өз көзімен көруге, көмектесуге, ақыл-кеңес беруге міндетті-тұғын. Бұрын өлкеде Сұлтекеңмен бір-екі рет жолығыссам, енді жоғарыдағыдай науқандық шаралар бізді жиі кездестіре бастады. Ал, ол кездесулер өте тәртіппен өтетін. Оның үстіне Сұлтекеңнің өзі тәртіпті сүйетін, тәртіпті қадірлейтін адам еді ғой.

Содан 1966 жылы облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып, 1968 жылдың қаңтарында Маңғыстау аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланып, Сұлтекеңмен қарым-қатынасым нығая түсті. Маңғыстау ауданы өте үлкен, өте күрделі аудан еді. Экономикасы нашар болатын. Әрі ұсақ, әрі саны көп ұжымшарлардың алды тарай бастаған. «Көтере алмасаң, қосып арқала» дегендей, Форт-Шевченко қаласы да осы ауданға қарайтын. Міне, осы тұста Сұлтекеңмен пікірлес, дәмдес бола жүріп бірге шешкен мәселелер мүлдем аз емес-ті.

1970 жылдың қазан айында маған жаңа лауазымның – облыстық атқару комитеті төрағасы қызметінің тізгіні сеніп тапсырылды. Сұлтекең осы ұжымда төрағаның орынбасары болып, өзінің облыстық партия комитетінде бірнеше жыл буынын бекітіп, қабырғасын қатайтқан үйреншікті жұмыстарын одан әрі жалғастырып жатыр екен. Тәжірибесі мол. Біздің облысқа келместен бұрын, соғыс және соғыстан кейінгі қиын жылдарда Ақтөбе облысының екі ауданында бірінші басшы қызметтерін

атқарған, абыройға бөленген адам. Сол Сұлтекеңмен жаңа лауазымда қолға алып, негізін қалаған біраз шаруаның жемісті нәтиже бергенін атап көрсету де, еске түсіру де лайықты секілді. Ал, енді жұмыс дейтіннің жемістілігі ортаға, сол ортаның даму және қалыптасу деңгейіне байланысты. Егер осы тұрғыдан бағаласақ, Гурьев (Атырау) облысы қай жағынан алғанда да ежелден кенже қалған облыс. Кенже қалуының себептері де жеткілікті. Табиғаты қатал. Жазы ыстық. Жайылысы жұпыны. Шабындығы тапшы. Суы және жоқ. Осыларға сәйкес ауыл шаруашылығының дамуы тым кеш басталды. Өндірістің дамуы да тым кеш басталды. Мұнай кәсіпшіліктері жылына небары 1,5-2 миллион тонна мұнай берді. Ол кімге жетеді? Дегенмен 1938 жылы облыс өз алдына отау тікті. Бұл сұрапыл соғыстың алды болатын. Бар қаражат соғыстың дайындығына жұмсалды. Содан соң соғыс басталды. Соғыстан соң қираған қалаларды қалпына келтіру науқаны кезекке қойылды да, біздің қаланың жәй-күйі назарға іліге қоймады. 1960 жылы, тіпті 1970 жылға дейін де солай болып келді. Облыстық мекемелерді орналастыратын дұрыс үй-жай да, драма театры да жоқ еді. Облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің өзі купецтің ескі үйлерін пана тұтты. Ал, осыларға қарап қол қусырып отыра беруге болмайтын-ды. Сөйтіп, біраз жұмысты Сұлтекеңмен бірге бастадық. Мәселен, білім саласын алалықшы. Мектептердің материалдық базасы мүлдем сын көтермейтін. Алыстағы мал жайылымдықтарында он, жиырма баланы оқытатын ұсақ мектептер көп-ті. Оларда бірді-екілі мұғалім жұмыс істейтін. Сондықтан біз осы ұсақ мектептерді жойып, шоғырландыруды, ол үшін жаңа мектептер салуды, интернаттар тұрғызып, оны төсек-орынмен жабдықтауды, оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беруді, ол үшін шеберханалар ашуды, институт жұмысын жолға қойып, кадрлар даярлауды алдымызға мақсат етіп қойдық. Сұлтекең іске белсенді түрде кірісті. Жарлылығымызға, кедейлігімізге қарамастан біраз ұйымдастыру жұмыстарын жүргіздік. Жаманатты болғанымыз жоқ. Осы жылдары жыл сайын мал басын бес пайызға өсіру міндетіне байланысты жастарды ата кәсіпке баулу қажеттігі туды да, Сұлтекең жаңа бір жұмысты бастап әкетті. Ол — орта мектепті бітірген жас жігіттер мен

қыздардан шопандар бригадасын құрып, оларға 2-2,5 мың койды сеніп тапсыру, бір жерден тамақ ішетін, тегін киім, еңбектеріне қарай тиісінше жалақы алатындай, екі жылдан кейін қалаған оқу орнына оқуға түсе алатындай жағдай жасау. Міне, осыған орай ата-аналармен, жастармен сөйлесу, жұмысқа, оқуға орналастыру мәселелерінде Сұлтан Әжкенұлының шешімділігі, тапқырлығы, оралымдылығы айқын көрінді.

Ал, енді денсаулық сақтау саласын алайық. Ол бірінші байлық қой. Солай деп айтқанмен жақсылық аз еді. Себебі әрбір елді мекендерде болуы тиіс медициналық пункттерді, фельдшерлік пункттерді айтпағанда, облыстың орталығында да, аудан орталықтарында да жөні түзу аурухана жоқ болатын. 1960 жылы, Н. Оңдасынов облыс басшылығына келген соң облыстық аурухана эзер тұрғызылды. Дәрігер кадрлар жетіспеді.

Осындай тұйықтан шығу үшін Дінмұхамед Ахметұлына өтініш жасауыма тура келді. Өтінішім – денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шармановты біздің облыстан Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа ұсыну. Димекең оған қарсылық жасамады. Төрегелді депутаттыққа сайланды, былайынша айтқанда, «өз адамымыз». Оның өте бір сауатты, өте бір ақылды, өте бір білімді, өте бір оперативті адам екенін бұрыннан, Ақтөбе медицина институтында ректор болған кезден естіп-біліп жүретінбіз. Ол депутат ретінде де сол қасиеттерін жарқырата көрсетті. Сайлаушылардың аманаттарын, біздің тілектерімізді орындау мақсатына бар мүмкіндігін жұмылдырды. «Кадр мәселесін қалай шешеміз?» – деп едік, «Мен Сіздердің балаларыңызды Ақтөбе, Алматы, Қарағанды қалаларындағы медицина институттарына жеңілдікпен оқуға қабылдатамын. Балаларыңызды әзірлеңіздер» деді. Сөйтіп, Төрегелді Шарманов біздің өңірден екі дүркін депутаттық мандатқа ие болған жылдарда жетпіске жуық жас жігіттер мен қыздарды оқуға жіберіп, мамандар қатарын біршама толықтырып алдық. Әрине, «министр жеңілдік берді» дегенді әркімнің түсіне бермесі анық. Сондықтан оқуға баратындарды іріктеу, басқарып апару, жоғары оқу орындары басшыларымен іскерлік байланыс орнату мәселелерінің Сұлтан Әжкенұлының мойнында болғанын және жемісті шешіліп отырғанын атап көрсетуге тиіспін.

Кадр мәселесінен кейін депутатымыздың алдына аурухананың, жайлаулар мен алыстағы елді-мекендерде дәрігерлердің, «жедел жәрдем» автомашиналарының жеткіліксіздігін жайып салдық. Ол бұл орайда да қамқорлығын аяған жоқ.

Сұлтан Өжкенұлы айналысқан күрделі салалардың тағы бір шоғыры – мәдениет, әдебиет, өнер. Бұлар жөнінен, шүкір, құнарсыз емеспіз ғой. Өнер тарихы тамырын тым тереңнен тартады. Күйші де, әнші де, биші де баршылық. Құрманғазы мен Динадан бері де қаншама өнер жұлдызы шықты десеңізші?! Өзидолла Есқалиев, Бақыт Қарабалина, Қаршыға Ахмедияров, Нұрмұхан Жантөрин, Гүлжан Талпақова, Нариман Үлкенбаев, Хафиз Есімов, Сейілхан Құсайынов, Қуат Төлеков, Зарипа Сүлейменова, тағы басқалар – біздің мақтанышымыз. Сол кезеңде бірнеше семьялық ансамбль дүниеге келді. Халық театрының, қолөнері шеберлерінің саны өсті. Сұлтекең осындай үрдістің бел ортасында жүрді. Жасым үлкен деген жоқ. Ғабдол Сланов, Өбу Сарсенбаев, Хамит Ерғалиев, Зейнолла Қабдолов, Берқайыр Аманшин, Меңдекеш Сатыбалдиев, Фариза Оңғарсынова сынды сөз зергерлерін кейінгі жас толқынға үлгі-өнеге етерлік талай шараға мұрындық болды. Өнер саласындағы жетістіктерді өзінің «Атырау – өнер өлкесі» атты кітабында ерекше тебіреніспен жазып шықты.

Сұлтекең адамгершілігі биік адам еді. Ол тәртіпті сүйетіндіктен, талапшылдығынан көрер көзге қатты болғанмен көпшіл еді. Жоқ-жітіктерге жанашыр еді. «Қалай жәрдемдесеміз, киер киімге жарымағандықтан сабаққа қатыса алмай жатыр екен», «Қалай көмектесеміз, жағдайы көтермегендіктен дәрігерге қарала алмай жүр екен» деген сөздер оның аузынан жиі естілетін. Бұл – үлкен адамгершілік қасиет.

Сұлтан Өжкенұлының 60 жылдық мерейтойын бірге тойладық. Сол той үстінде оның өмірден көргені мен түйгені көп, отбасы мен жолдастары, қатар-құрдастары, туыстары арасында қадірі мол, зейін-зердесіне түйгендерін көппен бөлісе білетін, ұрпағын әдепті де білімді етіп өсіруге күш салған, қандай ортада да өзінің орны мен салмағын білетін, халқымыздың салт-дәстүрін ұлықтап отыратын азамат екенін ұғынған үстіне ұғынып, көрген

үстіне көре түстік. Талай мәрте дастарқанда кездестік, жақсы араластық.

Ол зейнеткерлікке шыққан соң бізде көп істеген жоқ. Маған: «Мен Семейдің жігітімін ғой, сол жаққа қоныс аударайын деп едім», – деді. Кейін білсем, Алматыға көшіпті. Осы орайда оған: «Қан қысымым көтеріңкі дейсің. Алматы саған үйлесе қоймас. Осында да шаруаң жаман емес. Жеңгеміз дүкеннен тамағыңды тауып жатыр. Балаларың өсіп келеді. Қоныс аудар берген де жақсы емес. Бірақ, қанша дегенмен, туған жер, тума-туыс, ағайын деген ыстық қой. «Ағайын дейтіннің ашуы болады дейді де, кегі болмайды дейді ғой» дегенім есімде.

Әрине, осы бір сөзді «елге барамын» деген тілегін теріс көргендіктен айтпағаным анық. Өйткені біздің арамызда ашу-араздық болған жоқ. Қайта терең сыйластық қалыптасты. Оның үстіне Сұлтекең өзі атқарған лауазымдарда абыройға бөленді, беделі де жоғары еді. Ол өзінің Отан алдындағы міндеттерін, халық пен отбасы алдындағы парызын да, қарызын да адал өтеді. Оны ел үшін, елдің дамуы үшін, мәдениетін көтеру үшін бір кісідей еңбек еткен азамат деп білеміз. Мәселен, Сұлтекеңмен бірге зерттеп қарасақ, облыс мектептерінде дене тәрбиесінен сабақ беретін жоғары білімді маман жоққа тән екен. Ақылдаса келе, институтта сол мамандық иелерін даярлайтын факультет ашуды Министрліктің алдына мәселе етіп қояйық деген ұйғарымға келдік. Сұлтан Әжкенұлы соған байланысты министрге барып, бетін бері қаратып оралды. Дегенмен министр: «Оңекеннің Дінмұхамед Ахметұлымен сөйлесіп, келісімін алғаны жөн», – депті. Димекеңе шығып едік, қарсылық білдірмеді. Сөйтіп, институтта жаңа факультет ашылды. Сол секілді келесі кезекте біз дәл осындай жолмен институтта бұрын болып, жабылып қалған қазақ тілі мұғалімдерін даярлауға арналған факультетті өмірге әкелдік. Мұнда да Димекең ұсынысымызды аяқсыз қалдырмады.

Әлбетте, сұраумен, алақан жаюмен жұмыс істеу онша ұнамды жағдай емес. Ел-халқың сенім артқан соң оны ар тұта алмасың тағы белгілі. Жоғарыда айтқанымдай, облыстық партия комитеті де, облыстық атқару комитеті де ұзақ жыл орыс купецінің үйін баспана етті. Осыны айтып алдына барғанымда Димекен: «Ақша

берелік, бірақ сендерде оны тұрғызуға қауқары жететін құрылыс ұйымы жоқ кой», – деді. Шыны да сол еді. Кішілеу, тұрғын үй салумен айналысатын бір трест қана жұмыс істейтін. Димекеннің айтқанын Бәйкен Әшімов те қайталады. Содан, жалынып-жалпайып дегендей, көлік құрылысы министрлігіне бардым. Министр жағдайымызды түсініп, құрылысты жүргізуге уәде берді. Жақсы, бұл мәселе шешілді делік. Ал, қонақ үйді қайтпекпіз? Қалада жөні түзеу қонақ үй жоқ. Театрды қайтпекпіз? Қалада жөн-жосықпен салынған театр жоқ. Тұрғын үйлер тағы тапшы. Жайық өзені әрбір көктемгі тасқында жағадағы бірнеше үйді құлатып кетеді. Өйткені жағалау бекітілмеген. «Шешінген судан тайынбас» деген, бірде Министрлер Кеңесінің президиумында Жайық жағасын бекітуге республикалық бюджеттен қаражат бөлуді өтініш еттім және өтінішімді нақты дәлелдермен негіздеп бердім.

– Бұл Көшековті Мәскеуге жібермеу керек. Ана Москва-реканы көріп, Гурьевті Москвамен теңестіргісі келеді, – деді мәжіліс төрағасы әзіл-шынын араластыра күліп.

– Бізді әлеуметтік жағдай үшін сынайсыздар. Сол жағдайды түзету үшін қаражат сұрасақ, келемешке ұшырайтынымыз қалай? – дедім мен.

– Ал, қане, қаражат берейік, жоспарға енгізейік, өзеннің жағасын өзің бекіте аласың ба, мердігерлік ұйым бар ма? – деді төраға менің жаңағы ыңғайсыздау сөзімнен кейін сәл жұмсара тіл қатып.

– Табамыз. Бізде № 99 құрылыс басқармасы бар. Күші жеткілікті.

Тек қаражаты жоқ...

Міне, осылайша айтысып-тартысып жүріп облыстың пайдасы үшін біраз мәселені шештік. Осындай дау-дамайы көп жұмысты онтайлы шешуге Сұлтекең батыл кірісетін...

Сұлтекең әзіл айтуға да шебер еді. Анда-санда аз-кем өлең шығаратын қабілеті де көрініс беріп қалатын. Бірде, Теңіз ауданына бірге барып келдік. Ол аудан түйе өсірмейді. Соған қарамастан балықшы ұжымшарының бірінде үш түйе бар екен. Сол үш түйеге төрт бота жоспарлапты. Сондағы бас қосуда ұжымшар

төрағасы сөйлеп тұрған сәтте менің алдыма Сұлтекеңнен тілдей қағаз келіп түсті. Онда:

Тәртібі ауаткомның өте қатты,
Орындау бұл тәртіпті жанға батты.
Қысылып жан алқымға келгеннен соң,
Әр атан екі-екіден бота тапты, –

деп жазылыпты. Өткір-ақ әзіл. Екі жылда бір боталайтын үш түйеден бір жылда төрт бота алу мүлдем мүмкін емес жағдай, әрине!

Сұлтекеңнің осы ауданда ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып істейтін құрдасы Мұқан Нәзіровке айтқан тағы бір достық әзілі еске түседі. Ауданда сиыр жеткілікті. Бірақ бұзау аз алынады. Себебі малдың бағым-күтімі нашар. Сұлтекең осы бір жағдайды былай әжуалайды:

Мінбеде біздің Мұқаң тұр ғой налып,
Жартысы сиырының қысыр қалып.
Бұқа арық, сиырларға карамайды,
Мұқанның жәрдемдесер өзі барып...

Ия, көргені де, көңілге түйгені де көп, ойы анық, ақылы тұнық Сұлтан Әжкенұлы қазір ортамызда жоқ. Болса, бұл күндері біз оны тоқсан жасымен құттықтып, биік адамгершілігіне тәнті болар едік, ақ жүректен айтылған ақ тілектерді естіп, марқайған үстіне марқая түсер едік, ұлағатты ұрпағының маңдайынан сипап, «Әкелеріңнің жолын қуыңдар, жақсылығын жалғастырыңдар» – деп құшағымызға қысар едік...

*Оңайбай Көшекөв,
Одақтық дәрежедегі зейнеткер*

Тамыр жайған бәйтерек

Мен Сұлтан Әжкенұлымен өткен ғасырдың алпысыншы жылдары басында, он жылдай мұнай өнеркәсібінде жұмыс жасап, содан соң Гурьев қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланғаннан кейін танысқанмын. Ол кезде екінші хатшы тек өндіріске, құрылысқа қатысты және басқа да шаруашылық мәселелерімен айналысатын. Соған орай алғашқыда Сұлтекеңмен тікелей қарым-қатынаста болудың сәті түсе қойған жоқ. Бірақ бір жылдан кейін, бірінші хатшылыққа және облыстық партия комитетінің бюро мүшелігіне сайланған сәттен бастап ұзақ уақыт қоян-қолтық жұмыс істеу, пікірлесу мүмкіндігі туды. Менің партия, кеңес қызметкері ретінде қалыптасып, өсуіме Сұлтекеңнің үлкен тәжірибесі, дер уақытында берген ақыл-кеңесі біршама ықпал жасады деп есептеймін.

Бүгін сонау алғашқы таныстық-білістіктен бері қырық төрт жыл өтсе де, Сұлтекеңнің болмыс-бітіміндегі елеулі ерекшеліктер – ой өрісінің кеңдігі, мінез-құлқының мейлінше ашықтығы, тарихи деректерден терең хабардарлығы, биік адамгершілік қасиеттері еш өзгеріссіз ойға оралады. Оның Атырау облысының әлеуметтік, мәдениет, медицина және білім беру салаларының дамуына облыстық партия комитетінің хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымдарында қосқан зор үлесін аталмыш қасиеттердің жемісі мен нәтижесі десек, әбден жарасымды секілді.

Біраз жылдардан кейін мен облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне келгенімде зейнеткерлікке шыкса да, осы комитетте төрағаның азаматтық қорғаныс жұмыстары жөніндегі көмекшісі болып еңбек етіп жүрген Сұлтекеңмен бес-алты жыл тіптен жақынырақ білісу, араласу, мүдделес болу мүмкіндігіне ие болдым. Сұлтекең сол күндері облыс көлемінде азаматтық қорғаныс объектілерінің дер кезінде салынып, пайдалануға берілуіне үлкен жігермен қатысып, іс барысын маған мезгілінде хабарлап отырды. Қажетті шешімді ақылдасып, бірге қабылдадық. Оның шапшаңдығы, болжампаздығы, кішіпейілдігі өзгелерге үлгі-өнегеге айналды.

Сұлтекеңнің зайыбы Рухия жеңгей де өзіне сай болды. Олардың жанұяларынан біз үнемі баки адалдықтың, кеңпейілдіктің, бауырмалдықтың, көргенділіктің шуағын сезінетінбіз. Соның жемісіндей мәпелеп өсірген ұл-қыздары бойларына ұлағат дарыта өсіп, абыройлы биікке көтерілді. Әсіресе Болат ініміздің мемлекет қайраткері ретінде елге таныла жұмыс жасап жатуы өзгелер үшін де, әкесі мен анасының көзін көрген, ісін көрген біз үшін де зор қуанышты жағдай.

Айтпақшы, Рухия жеңгейдің мен қалалық партия комитетінде еңбек етіп жүрген тұста қаладағы азық-түлік саудасы ұжымында ұзақ жыл бастауыш партия ұйымының хатшысы болып, айтарлықтай көмек көрсеткені де есте.

Сұлтекең Алматы қаласына қоныс аударар алдында өз өмірінің атыраулық кезеңін мақтаныш сезіммен еске түсіріп, алдағы жоспарларын да бүкпесіз ортаға салып, біздермен жылы шырайда қоштасқан-ды. Барған соң бір-екі жыл өткесін «Атырау – өнер өлкесі» атты кітап жазып, Каспий өңірін мекендейтін халықтың ән мен күйге, би мен қолөнерге құштарлығын, олардың қалың ортасынан шыққан таланттарды – ақын-жазушыларды, сазгерлерді, суретшілерді, актерлерді, ісмерлерді бүкіл республикаға кеңінен таныстырып, бізді ерекше қуанышқа бөледі. Жаңағы айтқан жылы шырайлы қоштасудың куәсі ретінде Сұлтекеңнің аталмыш кітапты сыйға тартқанын айтып, оған жазған шынайы лебізін толықтай көрсеткім келеді. Ол былай депті: «Құрметті Есен Тасқынбайұлы! Өнерлі өлкенің мәдениеті мен өнерінің өсуіне үлкен қамқорлық жасап отырған Сізге, осы еңбегімді аз да болса көпке бағалар деген тілекпен ұсынамын. Сізге деген ізгі тілекпен, Сұлтан Өжкенов. 27.03.1983 жыл. Алматы қаласы».

Міне, осы кітапты оқи отырып, Сұлтекеңнің жүрегіне біздің өлкенің өз желісін тым әріден бастайтын мәдениеті мен өнерінің қаншалықты қозғау салғанын сезіну қиын емес. Кітаптың «Атадан балаға мұра» атты кіріспесінде оның: «Өңірдің өткен өміріне бір сәт қана ой жүгіртіп, көз алдымызға елестетсек, Атырау-Жайық географиялық атау ғана емес, бай тарихы, сарқылмас сыры, таусылмас жыры, күмбірлеген күйі бар шежірелі де өнерлі өлке, жер үсті – ырысқа, асты – қазынаға, төскейі –

малға, өзендері мен теңізі балыққа толы бай өлке» деуі соның айқын дәлелі.

Сұлтекең өз шығармасында көрген-білгенін терең зерделейді, оның тарихына да байыппен қарайды.

Мәселен, менің туған жерімде – кең Жылыойда Асалы-Көкетай зираты, Жұбан күмбезі бар. Осы тарихи ескерткіштерді мен әдейілеп барып талай рет көрдім, әсемдігіне сүйсіндім. Қызмет бабына сай оларды қорғау, қамқорлау жөнінде қолдан келгеннің бәрін жасау керектігін қажетті шешіммен міндеттедім де. Сұлтекең болса өз кітабында осы ескерткіштерге басқа бір қырынан баға береді. Қашан, кімдер тұрғызғанын, неден тұрғызылғанын, құндылығы неде екенін жан-жақты бағамдайды. Егер Сұлтекеңнің осындай мақсаткер ізденісі болмаса, Асалы-Көкетай зиратын салушылар Назар Шорабаев пен Өтесін екенін, ал Жұбан күмбезінің Жем өзенінің солтүстік бетінде орналасқанын, оны тастан түйін түйген атақты шеберлер Қаражүсіптің балалары Оңғалбай, Мұңалбай, Өмірбай, Итбай, Иманбай көтергенін, бұл күмбездің Жұбанның көзі тірісінде, XIX ғасырдың 1880 жылы басталғанын, ескерткіштің биіктігі күмбезін қоса есептегенде 9,5 метр, ұзындығы 6,6 метр, ені 5,8 метр, құрылыс материалдары таудың ұлутастары екенін, ешқандай шеге, ағаш, т.б. материалдар пайдаланылмағанын, іші-сырты қазақтың ою-өрнектерімен нақышталғанын біз қайдан білер едік?! Сол кезде Ұшқанда – 125, Ақмешітте – 35, Дүйсекеде – 25, Қарашүңгілде – 17 ғажайып құлпытас бар екеніне, медицина ғылымының докторы, Алматы мемлекеттік медицина институтының ректоры Сibaғат Сапарғалиұлы Қарынбаевтың әкесі Сапарғали ақсақалдың бір кезде тамаша зергер болғанына, ол өңіржиек, білезік, жүзік, күміс тарақ соққанына Сұлтекең зейін қоймаса, біз қайдан білер едік?!

Сұлтекең көрнекті жазушы Ғабиден Мұстафин былай деген еді деп, оның мына бір сөзін келтіреді: «Гурьев облысында кеңбайтақ даламен жол үстінде келе жатқан екі жолаушымен кездесе қалып, жөн сұрасаңыз, біреуі ән салатын, біреуі домбыра тартатын болып шығады». Бұл да бұлтартпас шындық.

Сөз орайы келген соң Сұлтекеңнің ғаламат еңбекқорлығын дәлелдейтін екінші еңбегі – орыс тіліндегі «Каспий – край ры-

бацкой славы» кітабы туралы бір ауыз сөз айта кеткенім жөн шығар. Мұнда патша өкіметінің Каспий теңізінің шығыс жағалауында балықшылар қосынын құру туралы 1893 жылдың 26 наурызындағы жарлығынан бастап 1985 жылға дейінгі өлке балық шаруашылығының шынайы шежіресі мұрағаттық деректермен толықтай қамтылған. Ғылыми еңбекке татырлық, тұшымды дүние. Бірі – 1983, екіншісі 1987 жылы жарық көрген Сұлтекеннің бұл еңбектері қазір өте сирек кездесетін мұраға айналды. Оларды қайта өңдеп, жарыққа шығарса, Атырау тарихы екі салада мейлінше мол деректермен толығар еді деген де ой келеді.

Демек, өлкеміздің бүкіл рухани өмірі мен балық шаруашылығының жылнамасын жасаған Сұлтекенді, бір жағынан, өнер зерттеуші, екінші жағынан, тарихшы, тұтастай алғанда, елге адал еңбек сіңірген табиғи дарынды, ізгі жүректі азамат, тамыр жайған бәйтерек деп бағаласaq әбден сыйымды.

*Есен Тасқынбаев,
Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер,
Атырау қаласының және Жылыой ауданының
құрметті азаматы*

Ақылшы аға

Менің Сұлтекеңмен алғашқы кездесуім 1964 жылдың жазында болды. Ол кезде мен Гурьев қалалық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы едім де, Сұлтекең облыстық партия комитетінің хатшысы лауазымында жұмыс істейтін. Көрші Ақтөбе облысынан ауысқан-ды. Ол жақта да басшы қызмет атқарған.

Әлбетте, бұрын таныс емес адамдардың арасындағы қарым-қатынаста аз-кем абыржушылық та, бір-біріне сыни көзқарас та кездеседі. Мұның үстіне қызмет бабындағы дәрежеміз де мүлдем алшақ. Сондықтан әңгіме неден басталады, қалай өрбіп, қалай аяқталады, ол кісі білгісі келіп отырған мәселенің егжей-тегжейін терең ашып көрсете алам ба, жоқ па, міне, осының бәрі мен үшін жұмбақ-ты.

Рұқсат сұрай отырып кабинетіне ендім. Ұзын стол басындағы жұмсақ орындықта отырған ол қонақтарға арналған кішкене столдың оң жағындағы отырғышқа отырыңыз дегендей ишарат білдірді. Сұлтекең жазық маңдай, орта бойлы, иықты, өткір көзді орта жастағы кісі екен. Байсалдылығы бірден-ақ аңғарыла кетті. Дауысы да жұмсақ, жағымды. Осы жағдайлар маған еркін сөйлеуге мүмкіндік бергендей еді. Аз-кем амандық-саулық сұрасудан кейін ол қаланың және оның тұрғындарының жәй-күйін сұрай бастады.

Өзімді қаланың қожасы санап және көп нәрсені бітіріп жатқан адамдай көріну маған жат қылық-ты. Соған сәйкес Сұлтекеңе барды бар, жоқты жоқ деп ашық көрсетуді қажет деп таптым. Ал, қаланың көркі тым қораш еді. Көшелері шаңы бұрқыраған топырақ жолдан тұратын. Үйлерінің басым көпшілігі, орыс көпестерінің қызыл тастан тұрғызған санаулы үйлерін қоспағанда, боз тастан салынған, іргелерін тұзды су мүжіген жатаған үйлер болатын. Халқының саны 140 мыңға жуықтайтын қаланың ең зәру, ең өзекті мәселесі нан мен су еді. Олай болатыны – нан және нан өнімдерін шығаратын наубайхана біреу-ақ, тәуліктік өнімділігі 30-32 тонна шамасында ғана. Су да тапшы. Қазіргідей әр үйді қамтып тұрған құбырлар желісі жоқ. Тұрғындар ауыз суды көшенің қиылысына сиректеу қондырылған ортақ колонка-

лардан шелектеп иінағашпен таситын. Олардың маңында кезек күтушілер де аз болмайтын. Демек, тағы бір нан зауытын салу және су құбырларын тарту қажет. Әрине, зауыт көтеріп әкеліп қоя салатын жәшік қорабы емес. Құбыр да сол секілді. Олардың құрылысы үшін қыруар қаржы, материалдар, құрал-жабдықтар және мамандар керек. Бұл мәселелердің әрқайсысы әр салада, әр түрлі деңгейде шешіледі. Ең бастысы – қаржы.

Аталған екі, тағы басқа түйінді мәселелер мен қаржының Сұлтекеңді де айтарлықтай алаңдататыны өзара әңгіме барысында айқындала түсті. Мен қала бюджетінің, тіпті облыс бюджеті қаржысының бұл орайдағы жүкті көтере алмайтынын нақты дәлелдермен алға тарттым.

Сұлтекең осы жайларды тындап алған соң облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті атынан республиканың басшы органдарына, атап айтқанда, Орталық Комитетке, Министрлер Кеңесіне дәйекті де дәлелді хат дайындауды тапсырды. Көп кешікпей хат та дайын болды. Облыс басшылары қол қойды. Сөйтіп, оны аталмыш органдарға жөнелтіп жіберіп, нәтижесін тағатсыздана күттік. Ақыры үмітіміз ақталды. Екі деректі органның «Гурьев қаласын көркейту-көріктендіру туралы» қаулысы шықты.

Сұлтекеңнің көрегендігі мен батылдығын куәландыратын бұл жұмыс шын мәнінде қаланың келешегі мен көркіне өзгеріс сыйлайтын игі шараның ілкі қадамы еді. Қаулыға сәйкес қалада тәулігіне 60 тонна нан мен нан өнімдерін шығаратын зауыт салынды, көп қатарлы тұрғын үйлер бой көтере бастады. Орталық көшелерге асфальт төселіп, жарықтандыру қолға алынды. Көп қатарлы үйлерге су, жылу құбырларын тарту жұмыстары одан әрі жалғасты.

Осындай, халық игілігі жолында жасалған басқа да істерде Сұлтекеңнің үлесі зор. Өйткені халықтың қолдауынсыз, күш-жігерінсіз ешнәрсе бітпейтінін, ал, халықты жұмылдыру, ынта-жігерін арттыру үшін лайықты жағдай туғызумен қатар, олардың өмірлік позицияларын бекемдеу мақсатында ұдайы әрі мақсаткерлікпен жүргізілетін танымдық-насихаттық жұмыстың айрықша маңыздылығын жақсы түсінді. Сол жұмысқа өзі

көшбасшы болды да, қалалық және аудандық партия комитеттеріне бағыт-бағдар сілтеп, ақыл-кеңес беріп отырды. Нәтижесін көруге асықты. Өкінішке орай, қазір үгіт-насихат, тәрбие ісінде сол кездегідей жүйе, үрдіс жоқ, тіпті бұл саланы ескерусіз қалды десек те болғандай. Егер егемендік алған мемлекетіміздің әлі де жас екенін, экономика мен әлеуметтік саладағы қиындықтардың түгел жойылып болмағанын, адамдардың санасына сіңірек құндылықтарымыздың әлі де әлсіздеу соғып тұрғанын, ұлттық идеологиямызды толықтай қалыптастыруға қол жеткізе алмағандығымызды ескеріп, насихат-тәрбие жұмыстарын ұдайы назарда ұстап, оның бұрын бар, бірақ жаңғыртуды қажет ететін тұстарын жаңғыртып, бүгінгі күннің талаптары мен міндеттеріне сай жаңа әдістерін тауып, жетілдіру қажет-ақ. Бұл орайда ішкі саясатпен айналысып жүрген қызметкерлер Сұлтекең сынды ардагерлер жүріп өткен жолға, тындырған шаруаға ерінбей-жалықпай мойын бұрса, оларды бағамдап, зерделесе көп игілікке жолығар еді-ау деп ойлаймын.

Өйткені Сұлтан Өжкенұлы үлкен ойын, терең ақылын бір күндік, бір жылдық іске емес, кемел келешекке азық боларлық өркенді іске негіз еткен, алдын болжай алатын, жақсы адам тек іскерлігімен, болмаса лауазымды қызмет орнымен емес, жан-жақты парасат-пайымымен, тот баспаған зерде-зейінімен, қарапайым мінез-құлқымен, абзал адамгершілігімен сыйлы, құрметті болатынын қай салада да дәлелдеген азамат еді. Мен оның ақылшы аға ретіндегі аруағына бас иіп, үлгі-өнегесін әлі күнге қадір тұтатынымды әр уақыт айтып жүретін боламын...

*Айдын Айбаров,
еңбек ардагері,
Атырау қаласының
құрметті азаматы*

Мәдени-ағарту саласының қайраткері

Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде жүрген кезім еді. 1960 жылғы маусым айында КОКП Орталық Комитетінің жанындағы сырттай оқытатын жоғары партия мектебіне Алматыда мемлекеттік емтихан тапсырып жатқанбыз. Бір күні жақында Гурьев обкомының пленумы болып, идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы ауыстырылыпты деген хабар естідік. Бұған дейін мұндай өзгеріс болуы мүмкін деген сыбыс-болжамнан бейхабар едік. Партия мектебінде оқып жатқан гурьевтіктер, біздер, жаңа хатшы болып кім, қай өңірден келгенін білуге асыққандай болдық.

Бір күні Алматы партия мектебі басшыларының шақыруы бойынша тыңдаушылармен кездесуге Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев келді. Іздегеніміз аяқ астынан табылғандай, кездесуге емтихан тапсырып жүрген біздер де біріміз қалмай бардық. Димекең республиканың экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалын, кадрлармен жұмыс жәйін, соның алдында ғана Кеңес Одағының бір топ қоғам қайраткерінің құрамында Америка Құрама Штаттарына барған сапары туралы қысқаша әңгімеледі. Ал, біздердің Гурьев обкомында болған өзгеріс туралы сауалымызға: «Басшы кадрлардың ауыс-күйісі себепсіз болмайды ғой. Сіздерге бұған дейін де партия органдарында үлкен лауазымды қызмет атқарған тәжірибелі хатшы сайланды, басшыларың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет істейді, жұмыстарың жақсара түседі деп сенеміз», – деді.

Мемлекеттік емтиханды тамамдап, қызметіме оралған алғашқы күні жаңа басшының алдына бардым. Ол кісі өзіне қарасты бөлімдердің қызметкерлерімен танысып та қалғандай көрінді. «Үгіт-насихат бөлімінде екі жылдай жұмыс істеп жатыр екенсің. Партия мектебіндегі оқу білімінді, ой-өрісінді кеңейте түсері сөзсіз, өзіңе жүктелген міндеттерді жақсы атқарып, оқуыңды аяқта. Ақыл-кеңесімізді айтып отырамыз ғой», – деді.

Осы алғашқы қысқа әңгіме жұмысымызға басшылық жасап, жөн-жоба сілтеп отыратын жаңа хатшы Сұлтан Өжкеновпен бірінші кездесу сәтінде болған еді. Сұлтекең Ақтөбе облысының

екі ауданының бірінші хатшысы, обкомының идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы болып, мол тәжірибе жинақтаған екен. Ол бөлімнің, мәдени-ағарту саласының қызметкерлерімен кездесулерінде айтқан ой-түйіндерінен айқын сезілді.

Менің де, басканың да ілкі күннен бастап байқағаны – Сұлтекеңнің жауапкершілікті, қандай жұмыстың да сауатты, сапалы орындалуын талап ететіні, жұмыстағы сылбырлық пен кемшіліктерді тура айтатыны, ескерту сынынан қорытынды шығарсаң, оны да «міне, осылай болу керек» деп ашық сөйлеп, қанаттандыратыны. Осы арада алдын ала айта кетейін, бір кезде кемшіліктерін көрген азаматтар жөнінде жағымсыз пікір білдіргенін естіген емеспін.

Сұлтан Өжкеновтің өзі жұмыс істеп жатқан жаңа өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағарту салаларындағы жағдайлармен танысуының өзі басқаларға сабақ болғандай еді. Ол ең алдымен халықтың, әсіресе ауыл халқының тұрмыс-тіршілігімен, мәдени-бұқаралық жұмыстың жәйімен жете танысып, көбірек көңіл бөлінуге тиісті шараларды ертерек ойластырып отыратын.

60–70-жылдары мәдениет мекемелерінің материалдық базасы нашар еді. Көптеген клубтар мен кітапханалардың ғимараттары ескі болатын, көбінің бейімделіндірілген үйлерде орналасқаны аға буын адамдардың әлі есінде шығар. Сондықтан С. Өжкенов аудандық партия, кеңес, шаруашылық органдарының бұл жұмысқа қозғау салуына ықпал жасады. Сол жылдары Қызылқоға, Теңіз, Индер аудандарында Мәдениет сарайлары, біраз кеңшарлар мен ұжымшаралар орталықтарында клуб үйлері салынды. Бұрын оның тұрақты орны болмай, Мұнайшылар клубын паналап келген Атырау драмтеатры үшін ғимарат тұрғызу қолға алынып, кейін пайдалануға берілді.

Қай істің де нәтижелі болуы оны атқаруға тиісті адамдардың біліктілігіне, іскерлігіне байланысты екені белгілі. Бірақ сол бір жылдары мәдениет мекемелері қызметкерлерінің арасында арнаулы білімі барлары сирек еді. Сондықтан обком хатшысының ұсынысымен Гурьевте мәдени-ағарту училищесін ашу мәселесі республиканың алдында қойылды да, шешімін тапты. Осы учи-

лищеде содан бері даярланған кадрлар саны қазір барлық клубтар мен кітапханаларға жетеді-ау десек, көп қателесе қоймаспыз.

Материалдық база мен кадрлар сапасының бірден жақсаруы мәдени-бұқаралық жұмыстарды өрістетуге түсуге, халықтың мәдениетке, өнерге деген ұмтылысын күшейтуге игі әсер етті. Әрбір еңбек ұжымында өздерінің өнер үйірмелері, ұжымдары болсын деген талаптың қойылғаны есімде. Шынында, сол жылдары өнер үйірмелері көбейе түсті, жаңадан халық аспаптары оркестрлері, эн-би ансамбльдері, драма, хор үйірмелері, тағы басқалар құрылды. Олардың бірқатары халықтық атаққа ие болды. Жылыой, Теңіз аудандарының халықтық драмтеатрлары астанамыз Алматыға байқауға барғанда Сұлтекеннің олармен бірге болуы облыста өнерпаздыққа, халыққа мәдени қызмет көрсетуге қаншалықты көңіл бөлініп отырғанының көрінісіндей еді. Гурьев облысының көркемөнер ұжымдары республикалық, одақтық фестивальдар мен байқауларға қатысып, ұдайы жақсы атақпен оралып жүрді. Кейінірек шетелдермен мәдени байланыс қоғамының жүйесі бойынша қаладағы «Жайық қызы» эн-би ансамблі Югославияға, Венгрияға барып өнер көрсеткені көпке белгілі. Біреулер бұл С. Өжкенов хатшылығының тұсында емес қой деуі де мүмкін. Алайда олар әлгі ансамбльдің құрылуы, шеберлігінің шыңдалуы бір жылдың ішіндегі ғана жұмыс емес екенін ескергені абзал.

Бұқара халықтың өнерге деген ұмтылысы отбасылық ансамбльдің құрылуына әкелді. Алғашқы осындай өнерпаз ұжымның бірі Махамбет ауданындағы Түсекеновтердің ансамблі еді. Оны Сұлтекен де, аудандық партия комитеті де қолдап, қамқорлады. Өнерлі жастар қалаға көшіріліп, әрқайсысы жұмысқа орналастырылды. Түсекеновтер жанұялық ансамблінің Мәскеуге, Халық шаруашылығы жетістіктерінің бүкілодақтық көрмесіне шақырылып, көрмеге келген әртүрлі ұлт адамдарына қазақ өнерін паш етуін тамаша жетістік деуіміз керек. Отбасылық өнер ұжымдары басқа аудандарда да көптеп өмірге келді.

Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы, сайып келгенде, халыққа мәдени қызмет көрсету. Осы тұрғыда, әрине, бір-бірінен шалғай жатқан елді мекендердегі малшыларға қызмет көрсету

оп-оңай шаруа емес-ті. Сондықтан оның да оңтайлы жолдарын ойластыру керек болды. Обком жаңағы шалғай елді мекендерге тек автоклубтарды жіберумен қанағаттанбай, шағын концерт беретін, лекция оқып, әңгімелер өткізетін, орталықтардағы кітапханалардан кітап апаратын, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлар сататын кешенді үгіт бригадаларының жоспарлы жұмыс істеуіне қол жеткізді. Жекелеген алыстағы елді мекендерде мәдени ошақ – малшылар үйлері салынды.

Бұқаралық мәдениетті өрістете түсуге бағытталған істерден көпшілік жұрттың есінде қалғаны облыстық мәдениет басқармасының (О.Қарасаевтың) бастамасымен, облыстық партия комитетінің қолдауымен жүзеге асырылған әр ауданның облыс орталығындағы күндері. Кезекті ауданның өнерпаз ұжымдарының 4-5 күн қаланың кәсіпорындарында, алаңдарда өнерлерін көрсетіп, өз ауданы халқының әлеуметтік, мәдени, рухани жағдайларымен таныстыратын дәстүр қалыптасты. Аудан күндері драма театрында үлкен концертпен қорытындыланып отырды. Мұндай шараларға қала халқы жаппай баратын. Сұлтекең олардың біреуін де жібермей қарап, өзінің ой-түйіндерін ортаға салатын. Әсіресе Балықшы, Индер, Теңіз аудандарының күндері белсенді өтетін еді.

Сұлтекеңнің бір қасиеті – мәдениет қызметкерлері мен өнерпаздар арасындағы өзіне кездескен талантты жастарды, олардың аты-жөнін де ұмытпайтын. Үлкен мерекелі күндері облыс орталығында болатын жиындардан кейін қойылатын концерт бағдарламаларына «түгенше енгізіледі ме?» деп сұрап отыратын.

Мен Сұлтан Әжкенов облыстық партия комитетінің хатшысы болған тұста мәдени-ағарту саласында жүзеге асырылған жұмыстардың бәрін тізбектеу мақсатынан қашықпын. Ол оқу-білім, ғылым, спорт салаларына да белсенді басшылық жасады. Бұлар өз алдында бөлек үлкен әңгіме.

С. Әжкенов облыстық партия комитетінің хатшылығынан Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққаннан кейін халық депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде жүріп мәдени-ағарту жұмысымен жалықпай шұғылданды. Облыста өз тұсындағы ғана емес,

бұрын-соңды атқарылған елеулі мәдени оқиғаларды баяндаған «Атырау – өнер өлкесі» атты кітабы сол елеулі еңбектің жемісі. Кітап авторы онда Атырау өлкесі еңбекшілерінің ән мен күйге, өнердің түр-түріне деген құштарлығын нақтылы фактілермен әңгімелейді.

Сұлтан Әжкеновтің адамгершілік қадір-қасиеті де биік, көп жылдар мәдениет пен өнердің дамуына атсалысқан, бүгін арамызда жоқ, бірақ Атырау облысының тарихынан лайықты орын алған сүттен ақ, судан таза асыл азамат екенін атап көрсетуіміз керек.

*Әбілқайыр Кенжебаев,
облыстық партия комитетінің
бұрынғы хатшысы, соғыс және
еңбек ардагері*

Істі өнер деп білген, өмірді еңбек деп сүйген...

Мен Сұлтан Өжкеновтің Ақтөбе облысының партия органдарында басшы қызметтер жасағанда абыройлы, елге сыйлы, іскерлігімен көпшілікке танымал азамат атанғанын естісем де, бұрын-соңды кездескенім, немесе жұмыстас болғаным жоқ-ты.

Кейін, Сұлтан Өжкенұлының Гурьев (Атырау) облыстық партия комитетінің хатшылығына сайлануынан бастап ширек ғасырға жуық облыс көлемінде бір бағытта жұмыстас болуыма байланысты оның көптеген ұнамды қасиеттерін ресми, сондай-ақ жәй қарым-қатынастардағы кездесулерде жете тани түстім.

Шын мәнінде Сұлтекеңнің бойында екінің бірінде кездесе бермейтін қасиеттер бар болатын. Істің байыбын таңдауда аңғарымды, жұмыс бабындағы кезек күттірмейтін маңызды мәселелерді шешуде шұғыл да дәл, ал кемшілікті сынағанда қатаң да әділ, өзінің тұжырымды ой-пікірін дәлелдеп жеткізуде тура да батыл жан еді. Оның өте өткір сөйлейтін шешендік дағдысына біздер қатты сүйсінетінбіз.

Сондықтан да болар, Сұлтан Өжкенұлымен Атырау өлкесінде қызметтес болған қатардағы қызметкер де, басшы орындардағы лауазымды әріптестері де, оны танып-білген жұртшылық та азаматтық адалдығын, басшыға тән қарапайымдылығын, еңбекке деген белсенділігін осы күнге дейін ерекше ардақтап айтып жүреді.

Азаматтың өмір белестерінде еліне елеулі, халқына қалаулы болып, тек қана жақсы қасиеттерімен танылғанына, абыройлы болғанына не жетсін! Қазір ойлап, бағамдап қарасам, Сұлтекеңнің Атырау өлкесінде еңбек еткен жылдары зор құрметке ие болуының жасырын сыры жоқ сияқты. Академик, көрнекті қоғам қайраткері Манаш Қозыбаевтың сөзімен айтқанда Сұлтекең: «қай істі де өнер деп білген, өмір жолын еңбек деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзенті» екен. Жастайынан еңбекке араласып, қиын кезеңдерде еліміздің батыс өлкесіндегі ең ірі Ақтөбе облысының екі бірдей ауданында (Қобда, Қарабұтақ) бірінші басшы болды. Кейін облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне жоғарылатылып, жинақтаған бай

тәжірибесі, басшылық шеберлігі, сондай-ақ өмірге көзқарасы, болжампаздығы мен біліктілігі жаңа жерде де бағыты бұрыннан таныс лауазымды қиынсынбай атқарып, елдің өміріне бірден араласып кетуіне оң әсерін тигізгені өзінен-өзі белгілі болды.

Сұлтекеңнің ерекше бір қасиеті, облыс көлеміндегі елді мекендер мен өндіріс орындарын қашықтығына, жол жағдайының қиындығына қарамастан өз көзімен көріп, аз уақыттың ішінде әрқайсысының жағдайымен жан-жақты танысып, толықтай мағлұмат алуы еді. Жасыратын не бар, алпысыншы жылдардан бері мен білетін облыстың бірінші басшылары мен облыстық партия комитеті хатшыларының ішінде (атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын) Азғыр бойын, облыс тарихында ерекше маңызы бар алыстағы елді мекендерді бір рет көрмей кеткендері де аз емес.

Сөз арасында айта кетейін, Сұлтан Өжкенұлы іссапарда болған кезде мына мәселенің маған қатысы бар, ал мынаның маған қатысы жоқ деп, бөле жарылмаған адам. Керісінше, өзінің экономиканың барлық саласынан хабардар екенін ұдайы білдіріп жүретін.

Әлі есімде, 1960 жылы жаз айында Сұлтан Өжкенұлы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Құмар Темірташевпен бірге Азғыр бойындағы «Балқұдық» кеңшарына іссапармен келді. Сонда өзінің облыстық партия комитетінің идеологиялық, әлеуметтік мәселелерге жетекшілік ететін хатшысы бола тұра, ең алдымен шаруашылық мәселелерімен жете танысып, мамандармен сөйлесіп, әр бағыттағы шаруашылық құрылымдарының жағдайына, бүгіні мен болашағына назар аударыңқыраған, ал әлеуметтік ахуалға қатысты өзекті мәселелерді кейін қозғаған болатын.

Фермаларды, немесе әрбір шопан бригадасын, машина-трактор шеберханасын аралағанда да сол дәстүрді бұзған жоқ. Әуелі істеліп жатқан жұмыс жәйімен жете танысып, екінші кезекте енбекақы, тұрмыстық, сауда, мәдени, медициналық қамту, білім беру мәселелеріндегі мұң-мұқтаждарға назар аударды, тұжырымды ақыл-кеңестер берді. Бір таңғаларлығы, Сұлтекеңнің өндіріс технологиясы жөніндегі ұсыныстары мен орын алған кемістіктер жөніндегі ескертулері әділ, сауатты, өндіріске пай-

далы, нағыз маманның ұсынысы ретінде қабылданды. Сапардан соң тиісті орындар арқылы жедел көрсеткен көмегіне елдің риза болғанын да ұмыта қойғаным жоқ.

Сұлтан Өжкенұлы принципшіл адам болатын. Ол кім болса, ол болсын, ретсіз, орынсыз іске төзімсіздік білдіріп, өз пікірін ашық айтатын. Өзім мынандай бір жағдайға куәгер болдым. 1962 жылы қыс айында Сұлтекең Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің идеология жұмыстары жөніндегі хатшысы Сағындықовпен бірге самолетпен Балқұдыққа келді. Қыс өте қатты, қар қалың болатын. Ауа райы бұзылып, келіскен күнге самолет келмей қалды да, 3-4 күн кеңшар маңындағы малшыларды әдейі машинаның жетегімен аралап, жиналыстар өткізді. Бір шопан бригадасына барғанда Сағындықов мырза боранмен алысып малға шөп салып жатқан шопанды үйіне шақырып, радиоприемникті нұсқап, «Алматыны ұсташы, Ақтөбені ұсташы, Мәскеуді ұсташы, Гурьевті ұсташы, қандай газеттерді аласың, олар қайда, соңғы номерінде не жазылыпты, қандай кітап оқисың, саяси сабаққа қатынасасың ба» деп, едәуір мазалады. Қарбалас қыспен алысып жүрген шопан біраз реніш білдіріп, ыңғайсызданған сәтте Сұлтекең Сағындықовтың атақ-жөнін айтып, «бұныңыз орынсыз болды ғой, шопанды мазаламай, шаруа жайын сөйлесейік» деп әрең тоқтатқаны бар.

Ол-ол ма, келесі күні кеңшар партия комитетіне барлық активті жинап алып, шаруашылық туралы әңгіме етпестен, бірден «клубтарыңда қандай билер болады?», «джазовая музыка деген не?», «опера театры, драма театры артистерінен кімдерді білесіздер?» деп, бір кезде маған қарап: «директор билей ме?» дегені. Осы сәт Сұлтекең шыдай алмады ғой деймін, «Мүсекең күнде билейтін болар» деп, сөзді әзілге айналдырып, әңгіме бағытын өзгерту қажеттігін байқатты. Ал, үйге келген соң, оңашада, лауазымының жоғары болуына қарамастан, «бұндай жағдайда біз кеңшар қызметкерлеріне қуат беріп, қатты қыстан аман-есен шығу үшін не істеу керек, қандай жағдайда қиындықты жеңуге болады, соны айтуымыз керек еді. Сіздің бір бағыттағы орынсыздау сұрағыңыз елді үркітпесе, ұйытпасы анық» деп айтып тастады. Сол үшін өз басым Сұлтекеңе қатты риза болдым.

Осылайша менің Сұлтекеңмен таныстығым кейіннен Махамбет ауданында, облыстық партия комитетінде, Жылыой аудандық партия комитетінде жұмыс істеген кезде тереңдей түсті. Қанаттас, қызметтес болып, бір-біріміздің қырымыз бен сырымызды жетік білетін жағдайға жеттік. Жанұямызбен демалыс уақыттарын бірге өткізген мезгілдеріміз де аз емес-ті.

1970 жылы жаз айында, Сұлтан Өжкенұлы облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары кезінде Жылыой (Ембі) ауданына іссапармен келді. Бұл менің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне сайланғанымға небәрі 2-3 ай болған кез еді. «Қазақстан» кеңшары пішеншілерін аралап жүріп, трактор бригадасының Қуаныш көлі жағасындағы механизаторлары жатақханасына (механизаторлар пішен шабууда екен) келіп, көрнекті жерге жазылып қойылған бригада жоспарларымен, жұмыс барысының мәліметтерімен таныстық. Сонда жатақханада жас бала күтіп отырған (аспазшы болса керек) әйел адамға мені меңзеп, «Мына кісіні танысыз ба? Бұл кісі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағынбаев Мұсабай деген азамат» дегенде, әлгі келіншектің аз-кем кідіріп, менен көзін алмай: «Баяғыда Кулагинде Жамбыл атындағы мектептің бесінші класында оқығанда партаның астымен келіп, аяғымызды шымшып отырғызбайтын кәдімгі өзіміздің Мұсабай ма?» дегені бар емес пе? Сұлтекең: «Бәлі, әңгіме қайда жатыр, мен сені кіммен таныстырдым?» деп, күлкісін тоқтата алмай райланған-ды. Сұрастыра келе ол мектепте бірге оқыған Нәсіпқалиева Мадина деген қыз болып шықты.

Кейін, Сұлтекең мені кездестірген сайын осы оқиғаны еске түсіріп, сүйкімді әзілге айналдырып жүрді. Бұның өзі де оның жолдасқа деген сенімін күшейтпесе, азайтпайтын жайт еді.

Сұлтекең менмендікті білмейтін, өзін оқшау ұстамайтын көптің адамы болды. Атырау өлкесінде қанша жыл, қандай қызмет атқармасын, оның артынан ерсі сөз ермей, тек қана адал, кішіпейіл, адами қасиеттерімен, үлкен іскерлігімен танылған азамат екені жиі айтылып жүрді.

Оның тағы бір ерекшелігі – жұмыстан бос мезгілін жанұя мүшелерімен көпшілік арасында өткізіп, адамдарды жете тануға,

ұрпағын елдің әдет-ғұрпына икемдеуге арнады. Ол құрдас-құрбыларымен және нағыз сенімді жолдас-жораларымен орынды әрі қатты әзілдесіп отыруды сүйетін. Қазақ тіліне өте жетік, реті келгенде бірер шумақ үйлесімді әзіл өлең жазып тастайтын шеберлігі де бар еді.

Сұлтекең қоғам қайраткері болумен қатар үлкен әулеттің тірегі де бола білді. Ал өмірлік жан серігі, сүйікті бәйбішесі Рухия байсалдылық пен ұстамдылықтың, адамгершілік пен мәдениеттіліктің үлгісін көрсете білген отбасының ұйытқысы, ерен еңбегімен еліне елеулі, жолдастары арасында зор абыройға қол жеткізген, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған жан болды. Олардың жанұялық сәнді де мәнді өмірлерін көпшілік әркез үлгі тұтатын.

Бұл күндері Сұлтекеңнің ұрпақтары егеменді еліміздің нығайып, өркендеуіне ата жолымен үлкен үлес қосып жатыр.

Өз еліне, туған халқына адал қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен Сұлтекеңнің жарқын ісі мәңгі жасай берсін демекпін.

*Мұсабай Сағынбаев,
бұрынғы Гурьев облыстық
партия комитетінің хатшысы,
Одақтық дәрежедегі
дербес зейнеткер*

Өзіне емес, еліне қызмет еткен жан

1959 жылдың аяғына таман және 1960 жылдың басында облыста басшы кадрлардың ауыс-түйісі болады екен деген болжам жиі айтыла бастады. Болжам бойынша облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов кетеді екен де, орнын облыстық атқару комитетінің төрағасы Арынғазы Қайсақанов, ал А. Қайсақановтың орнын облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Түсіп Әлсейітов басуы тиіс. Мерзімі 1959 жылдың қараша айына тағайындалған облыстық партия конференциясы кейінге қалдырылды. Бұл да жаңағы болжамды әңгіменің өрши түсуіне себепші болғандай еді.

Ақыры конференция да өтті. Онда А. Қайсақанов пен Т. Әлсейітов белсене сөйлеп, бірінші хатшыны өршелене сынағанымен, өзгеріс бола қойған жоқ. Нұртас Дәндібайұлына тағы да сенім артылды. Керісінше Орталық Комитеттен тексеру келіп, әлгі сыншылардың айтқан сөздері мен келтірген фактілері анықталмай, өздері ірге көтеруге мәжбүр болды. Міне, осы кезде Ақтөбе облыстық партия комитетінде хатшы болып қызмет жасап жүрген Сұлтан Өжкенов бізге, Атырауға ауыстырылды. Мен Сұлтекеңмен сол тұста Мақат аудандық партия комитетінде екінші хатшы бола жүріп танысып, етене араласып кеттім.

Сұлтекең өте сауатты адам еді. Оған кім ықпал жасағанын еш бүкпесіз айтып отыратын. Мәселен, Жұмабай Тәшеновпен Ақтөбеде қызметтес болып, облыстық партия комитетінің бюросына және пленумына анықтамалар мен баяндамалардың алғашқы нұсқаларын дайындауға талай рет тапсырма алған ғой. «Ол кісі жазғанымды түзетіп, бұрынғы нұсқасын астына тігіп, өзіме қайтарып беретін. Сол қасиеті мені жазу жұмысына тез үйретті» дейтін Сұлтекең. Шынында да, өзіміз куә болғанымыздай, Сұлтан Өжкеновтің қолынан шыққан құжаттың бәрі құрылымы жағынан да, тілі жағынан да жіптіктей, түсінікті де қарапайым болып шығатын.

Сұлтекеңнің бойындағы екінші бір ұнамды қасиет іскерлік еді. Ол мәдениет саласына басшылық жасаған жылдарда облыста үш жүзден астам мәдениет үйі мен клуб, екі жүздей кино-

кондырғы, төрт жүздей кітапхана жұмыс істеді. Облыстық драма театрының, облыстық балалар кітапханасының, Махамбет, Индер, Балықшы аудандарының орталықтарында жаңа үлгідегі Мәдениет сарайларының ғимараттары бой көтерді. Облыс көлемінде 116 хор, 91 хореографиялық үйірме, 76 қазақтың ұлт аспаптары оркестрі, 13 халық театры, 152 вокальды-аспапты оркестр, 152 мәдени-үгіт бригадасы еңбекшілерге қызмет көрсетсе, оларға 18 мыңдай өнерпаз қатысты. Ақындар айтысын, сондай-ақ аудандардың мәдени күндерін өткізу дәстүрге айналды.

Сұлтекенді өзгелерден ерекшелетін ендігі бір жәйт оның ақкөңілдігіне және сауықшылдығына қатысты болатын. Жұмыстан бос уақытта жақын жолдастарының басын қосып, әңгіме-думан құратын. Бұндай кездесулерде оның қасынан облыстық мәдениет басқармасының бастығы Бабан Елкеев, облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің бастығы Мұхамбетқазы Тәжин, менің ағам Сұлтанғалиев Әбдір жиі көрінетін. Әрине, ондай жиыннан мен де қалыс қалған жоқпын. Уақыт өткізу үшін сол кезде кең тарай бастаған проферанс ойынына көбірек жүгінгеніміз де рас.

Сұлтекең кейінірек балаларымыздың – менің қызым мен оның ұлының көңіл жарастыруы арқасында мың жылдық құдаға, ал зайыбы Рухия құдағайға айналды. Ғұмырлары таусылғанша сыйласып, құрметтесіп, емен-жарқын араласып тұрдық. Олар қоныс аударған жылдары Алматыға іссапармен барсам, әуелі соларға маңдай тірейтінмін. Кідіріп не кешірек барсам, Сұлтекең «неге бірден келмедің?» деп реніш білдіретін. Рухия құдағай өте жайлы, салмақты кісі еді. Үй ішінде дауыс көтергенін, қабақ шытқанын көрген емеспіз. Осылайша екеуі де дүниеден өтті. Біздің олар жөнінде айтарымыз: «Топырақтарың торқа болсын, Алла-тағала иман байлығын берсін, артта қалған жапырақтарыңызды желеп-жебей көріңіздер» дейтін періште тілек...

* * *

Сұлтекең менің ағам Сұлтанғалиев Әбдірмен түйдей құрдас еді. Қазақта құрдастардың қарекеті белгілі ғой. Бір-бірімен әдемі әзілдеседі, айтысып-тартысады, ойнап-күледі, сөз талас-

тырады. Олары қанша қатты, қанша ащы болса да ренжісіп, жаға жыртыспайды. Сондағы көксейтіндері – бірін-бірі мұқату емес, ұту, жасыту емес, жігерлендіру, құлату емес, қайрау, таптау емес, тапқырлыққа баулу. Сұлтекең мен Әбекеңнің құрдастық «қақтығысынан» да осылар айқын аңғарылатын. Сондай қалжыңдарының бірі есте қалыпты.

Әбекең айтады:

– Мына хор қызындай Рухия сенің торыңа қалай түсті екен, а?

Сұлтекең айтады:

– Хор қызының да қор қылмайтын жігітті таңдайтынын білмеуші ме едің.

Әбекең айтады:

– Әттең, Ақтөбеде болсам Рухия саған емес, маған бұйырар еді.

Сұлтекең айтады:

– Қыз іздеп алысқа аттанар ер жүрек саған қайдан бітсін...

Міне, осылай... Олар біразырақ сөзбен «сүзісіп» алады да, жөні түзу әңгімеге көшеді. «Рухиямен қалай, қайда табысқанымды білгің келіп отырса, айтайын» деп Сұлтекең баппен баяндай бастайды.

...1942 жылы Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болатынмын. Сол жылы қыста қар мол жауып, боран жиілеп, шаруашылықтардың біразын састырды. Малға шөп жетпей, басқа жерлерден вагонмен құрама жем тасып әкелу қарбаласы басталды.

Бір күні облыстық партия комитеті мені сол вагондардан жемді түсіру, тасып әкету жұмыстары қалай ұйымдастырылып жатқанын бақылап білуге, қажет боп жатса, көмек шараларын алуға жұмсады.

Келсем, теміржол тұйығының бойы қайнаған жұмыс. Ұзын саны қырық қыз вагондардан түсірілген қапшық-қапшық жемді ұжымшарлардан келген ат шаналарға тура жүк жинағандай етіп, сықита тиеп жатыр. Солардың ішінен біріне көзім түсті де, кірпігіне кірпігім ілігіп қалғандай көзімді басқа жаққа аудармай қалдым. Жүрегім кеудеме сыймай, тулай жөнелді.

Вагондарды тауыса жағалап, іс барысымен жете танысқанша бірер сағат өтіп те кетті. Сонда да жаңағы бір ілтипатты үн

құлағымнан кетпей, байландым да қалдым. Манағы жерге қайтып оралып, әлгі сұлудың есімін сұрадым.

– Рухия,– деді.

– Мекен-жайыңды айтасың ба? – дедім. Айтты. Осылайша танысып, мына Рухияны қолға түсірдім. Сол жылдың боранды қысына рақмет! Ол болмаса мен теміржол тұйығына барар ма едім, Рухиямен танысар ма едім...

Сұлтекеңнің осынау әңгімесіне куә болып отырған Рухия едәуір қысылып:

– Қойшы, қайдағыны қозғап. Мына кісілерден ұят емес пе, – дейтін.

* * *

Атырауға келіп, қоныс тепкендердің бал татыған балыққа, соның ішінде көксеркеге, сазан мен бекіреге мойын бұрмайтыны кемде-кем ғой. Сұлтекеңнің де аз уақытта солардың қатарынан табылып, балықты сүйкімді тағамына айналдырғанына куә адамның бірі менмін. Ол табаға картоппен қоса бұқтырылып пісірілген сазанды ерекше жақсы көретін. Бір күні дәл сол асты жеп отырып, оның: «Апыр-ай, ақ Жайықтың, ару Жайықтың сазаны неткен тәтті еді. Сазанның басын жеген адам, сірә, Атыраудан кетпес» дегені бар.

Кейін құрметті еңбек демалысына шыққан Сұлтекең Алматы қаласына көшетін болып, бізді қонаққа шақырды. Сонда баяғы бір сөзінің ойға орала кеткені. Бір онтайлы тұста:

– Сұлтеке, сазанның басын жеген адам Атыраудан кетпес деуші едіңіз. Енді сол Атырауды қалай тастап барасыз, – дедім.

Ол:

– Ал, оның рас. Көп жыл тұрғандыкі ме, Атырау туған жерімдей болып кетті. Адамдарын да, балығын да қиғың келмейді. Амал не, қартайған шақта ағайын-тумаға жақынырақ болғанды жөн көрдік. Әрі елге, Семейге қатынасып тұруға да қолайлы ғой, – деп терең ойланып қалды.

Көп кешікпей оның балықшылар өмірінен тамаша зерттеу-

лерден тұратын кітап жазуын мен сол терең ойдың, елге деген ерекше құрметтің жемісі деп есептеймін.

* * *

Ол ұлы Абай елінің перзенті еді. 1915 жылы Абай есімін иеленген ауданның Саржал ауылында дүниеге келіп, еңбек жолын 1934–1938 жылдары Семей қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 117 шақырымда Шар өзені бойына орналасқан, іргесі 1929–1930 жылдары Түрксіб құрылысына байланысты теміржол стансасы және жұмысшы поселкесі ретінде қаланып, 1963 жылы қалаға айналған Шар стансасында машинистің көмекшісі, комсомол ұясының хатшысы болып бастаған-ды. Жиырма төрт жасында партия қатарына өтіп, отыз алты жылдық ғұмырын комсомол, партия, кеңес органдарында жауапты жұмыстар атқаруға арнады.

Ол қайда жүрсе де туған жерін сағына еске алатын, өзінің Түрксіб теміржолында қызмет еткенін мақтан тұтып, толғанып, тебіреніп отыратын.

Түрксіб теміржол магистралін салу жұмыстарын тездету жөнінде БК (б)П Орталық Комитетінің 1926 жылы 26 қарашада шешім қабылдағанын, РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан осы құрылысқа жәрдемдесу комитеті құрылып, оған қазақтың даңқты ұлы Тұрар Рысқұловтың төрағалық еткенін, Түрксібте 12 миллион текше метр жер қазылып, 1644 шақырым негізгі және стансалық жол салынғанын, магистральдың 1931 жылы 1 қаңтардан бастап тұрақты пайдалануға берілгенін, 1935 жылы 11500-ден аса қазақ теміржолшылары жұмыс істегенін, Түрксібтің 1958 жылы шілдеде құрылған Қазақ теміржолының құрамына кіргенін мәлдірете айтып беретін.

Өзі туған Абай ауданында Абайдың анасы Зере мен Ұлжанға, зайыбы Ділдә мен Әйгерімге ескерткіш-мазарлар орнатылғанын, «Еңлік-Кебек» кесенесінің де сонда екенін, Абай шәкірттері Көкбай, Шәкерімнің де Абай ауданында өмір сүргенін жиі еске түсіретін. Сөз барысынан оның ендігі кезекте Атырау жерінің тарихын білуге ден қойғаны айқын аңғарылатын.

Ол өзіне емес, еліне қызмет еткен қайраткер еді. Ел деп соққан елгезек жүректің, халыққа деген қалтқысыз сезімнің, байсалды пайымның, тұрлаулы көзқарастың иесі болатын. Ажары ашық, ақкөкірек Сұлтекең, есті, жаны сұлу Рухия – біздің қымбатты құда-құдағайларымыз шыңы биік тұлға ретінде біздің есімізде мәңгілікке сақталып қалды.

*Олжағали Сұлтанғалиев,
республикалық дәрежедегі
дербес зейнеткер,
Ұлы Отан соғысының ардагері*

Тұғыры биік абзал азамат

Қаншама уақыт өтсе де есімі естен шықпайтын, тыңдырған ісі ел-халқының ескіrmес игілігіне айналатын адамдардың болары даусыз шындық. Мен Атырау жерінде жемісті жұмыс істеген Сұлтан Әжкенұлын солардың бірі, адами абзал қасиеттерді бойына мол жинақтаған, үлкенге іні, кішіге әрі аға, әрі ұстаз бола білген азамат деп есептеймін және оның қарауында ұзақ жыл қанаттас еңбек еткенімді үнемі ризашылық сезіммен еске алып отырамын.

Сұлтекең 1960 жылдың көктемінде Атырау (бұрынғы Гурьев) облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшылығына сайланды. Сол тұста осы аппараттың қызметкері мен де, басқалар да Сұлтекеңді обкомның бұрынғы хатшысы, білімділігімен, саяси жұмысты ұйымдастыруда шеберлігімен танылып, зиялы қауымның құрметіне бөленген Түсіп Қазанғапұлы Әлсейітовпен сырттай да, іштей де салыстырып, «қалай болар екен?» дегендей, екіұдай сезімге берілгенбіз.

Ал, Сұлтан Әжкенұлы алғашқы күннен бастап өзінің қарапайымдылығымен, істі білетіндігімен жақсы әсер қалдырды. Көпті көргендігі де, басқару саласында шыныққан, шыңдалған қызметкер ретінде қалыптасып қалғаны да айқын сезілді. Сөйтіп, уақыт өткен сайын Сұлтекеңнің кісілік келбеті биіктей түсті. Сондықтан да оны ел ұнатып, құрметтей бастады.

Сұлтан Әжкенұлы қандай істе де батыл болатын. Қандай мәселені де түбегейлі және ыждағатты шешуге ұмтылатын. Содан да шығар, оның қабылдауына адамдар көп келетін. Олардың риза болмай кеткендері некен-саяқ, тіпті жоқ десек те сыйымды секілді. Өйткені шаруашылық, мекеме басшыларының Сұлтан Әжкенұлының қабылдауына келіп, мәселелерін шешіп, шаттанып шыққандарын талай рет көрдік.

Сұлтекеңнің бойындағы тағы бір ерекшелік – бастаған істі бітірмей тынбайтын. Ол идеологиялық жұмысқа, мәдениет пен өнер саласына басшылық еткен жылдардағы өзгерістер соның дәлелі. Мәдени мекемелердің қатары өсіп, жұмыстары жақсара түсті. Олар үшін кадрлар даярлайтын оқу орындары ашылды.

Елді мекендерде клубтардың, Мәдениет сарайларының құрылысы қарқынды жүргізіле бастады. Бірқатары күрделі жөндеуден өтті. Олардың материалдық базасы толығып, нығайды. Көркемөнердің дамуы жаңа сатыға көтерілді. Әрбір ұжымда ұлт аспаптары оркестрлерін, үйірмелер мен жанұялық ансамбльдер құру кең өріс алса, үйірмелердің біразы «халықтық» деген құрметті атақты жеңіп алды. Жыл сайын аудандарда, қалада өнер сайыстарын өткізу салтқа айналды. Облыс орталығындағы аудандардың шығармашылық есептерін халық нағыз өнер мерекесі ретінде қабылдады. Сұлтан Әжкенұлы осы істердің әрқайсысына мол үлес қосты. Мәдениет пен өнер саласындағы адамдарды, дарынды жастарды түгел және терең білуге тырысты.

Сұлтекеңнің құрылыс ісіндегі еңбегін де ерекше атауымыз керек. Бір ғана мысал: облыстық әмбебап кітапхана оқу залы жоқ бір қатар шағын үйде орналасқан-ды. Жылдар бойы осы проблема бірнеше рет әңгіме болса да, шешуін таппай келген. Сұлтан Әжкенұлының түсіністікпен қарауы және бастамасы арқылы екі қатарлы кітапхана үйін тұрғызу ұйғарылды. Бұрынғы үй тез арада кітап қорынан босатылып, кітаптардың жоғалмауына, бүлінбеуіне жағдай жасалды. Әдейі құрылған құрылыс бригадасы жұмысты жедел бастап кетті. Сұлтекең объектідегі жұмыс барысын тікелей өз назарында ұстады. Керекті материалдарды іздеу, табу, әкелдіру, дұрыс пайдалану секілді бір қарағанда ұсақтау көрінетін мәселелерді де қалт жібермей, ұдайы бақылап отырды. Басшылардың есебін тыңдап, талқылап, алдағы істелетін жұмысты келісуді де ұмытпайтын. Жұмысты ерте, осы құрылыс басынан бастауға да уақыт табатын. Келісілген іс себепсіз бітпей қалған жағдайда Сұлтекеңнің қатты талап қоятыны да, құрылыс ұйымы басшыларының аяуға тұрарлықтай хал кешетіні де есімізде. Осылардың нәтижесінде барлық талаптарға сай келетін кітапхана үйі үш ай мерзімде пайдалануға беріліп, зиялы қауымның мақтанышына, сүйікті орнына айналды.

Сұлтан Әжкенұлының өмірдегі аса қарапайымдылығын, жолдастары мен қарауындағы қызметкерлерге қамқорлығын дәл бір үлгі-өнегенің мектебі дерсің. Өнер адамдарын, талантты жастарды көңіл шуағына бөлеп, біразының шығармашылық қабілеттерін

шыңдауына қолайлы жағдайлар жасады. Оларды тұрғын үймен қамтамасыз етуде де қолынан келген көмегін аяған жоқ.

Сұлтекеңмен жолсапарда бірге болған кезім де аз емес-ті. Солардың бәрі де күні кешегідей көз алдымда. Мәселен, ол аудандарға, не елді мекендерге шыққан кездерінде үнемі адамдармен кездесіп, емен-жарқын сырласуға асығатын. Елдің тыныс-тіршілігіне тереңірек барлау жасайтын. Адамдардан өтініш түсіп жатса, оны орындауды бірінші кезекті міндет санап, шешу жолдарын қарастыратын. Тиісті адамдарға жедел тапсырма беруді де ұмыт қалдырмайтын. Қазір ойлап қарасам, оның облыс көлемінде болмаған мектебі, ауруханасы, мәдениет ошағы, сірә, жоқ секілді. Бұларда да көңілге көлеңке түсірерліктей жағдайлар кездесіп жатса, Сұлтан Өжкенұлы тарапынан көңілжықпастық немесе кешірімпаздық кездесе бермейтін. Сөйте тұра берер ақыл-кеңесі де аз болмайтын. Сондықтан Сұлтекең барады, ол барған жердің басшы кадрлары жинақылыққа, тәртіпке баса назар аударатын.

Сұлтан Өжкенұлының ұлтымыздың салт-дәстүрінен, елдің тарихынан, зиялы адамдардың өмір жолдарынан зердеге түйген мол мағлұматы да бізді ерекше таңғалдыратын. Осылар жайындағы оның шебер өрілетін әңгімелері мен орайлы келтірілетін дәл деректері, дәмді естеліктері аса тартымды болып, тыңдармандарды қызықтырып әкететін.

Ұзақ жылдар бойы Сұлтекеңді біле жүріп, оның дүние-қоңыздықтан ада, қолы таза, ар-ожданы жоғары азамат екеніне көзіміз жетіп, көңіліміз толды. Тұлғасы биік, еліне адал қызмет жасауды ғана арман еткен оның жанұясы да қарапайым, артықшылықты, асып-тасуды білмейтін тірлікке толы еді. Зайыбы Рухия апай төңірегіне шуақ шашқан, бауырмал, жанары ашық, көрікті адам болатын. Олар тәрбиелеген балалар да биік ұшып, абыройлы азаматтар қатарынан ойып орын алды. Болаты – ғалым, мемлекет қайраткері.

Сұлтан Өжкенұлы зейнеткерлікке шыққан соң Атырау елі жөнінде көлемді екі кітап жазды. Оларды өзі сүйген, сүйсіне еңбек еткен, сөйтіп өзін де қадірлеп, қастерлеген елге, оның халқына берген есебі, тартқан сыйы десек те лайықты. «Атырау – өнер өлкесі» деп аталатын сол кітаптардың бірін Сұлтан ағамыз

баспадан шығысымен жолдап, ішкі мұқабасына: «Құрметті Ореке! Атырау өлкесінің мәдениеті мен өнерінің өсіп, өркендеуіне үлкен белсенділікпен атсалысып келе жатқан Сізге ағалық ізгі тілекпен ұсынамын. Көрсеткен жәрдеміңізге көп-көп рақмет. Бұл еңбекті аз да болса, көпке бағалар деген ниетпен – автор. 29.03.1983 жыл. Алматы қ.» деп, жүрекжарды тілегін жазыпты.

Сұлтан Өжкенұлымен соңғы рет 1986 жылдың 2 желтоқсанында Алматыда кездесіп, біраз әңгіме-дүкен құрудың сәті түсті. Жақсы жүргеніне риза болдым. Ол сөз арасында баспадан балықшылар өмірінен жазған екінші кітабының жарық көретінін айтқан-ды. Алайда Сұлтекең ол кітабын Атырау балықшыларының айрықша ризашылықпен қабылдағанын көре алмай кетті...

Жаны жомарт, өмір жолы үлгі, Атырау өлкесінің өркендеуі, гүлдене түсуі жолында аянбай тер төккен марқасқа азамат Сұлтан Өжкенұлының есімі біздер үшін әрдайым ардақты. Оның сіңірген зор еңбегі аңыздай айтылып, ал рухының жыл өткен сайын биіктей түсеріне сенімдімін.

*Орынғали Қарасаев,
республикалық дәрежедегі
зейнеткер*



СОКП Орталық Комитетінің жанындағы Жоғарғы партия мектебінде оқыған кезіндегі бір топ жолдастарымен. Сол жақтан бірінші – С. Өжкенов, сол жақтан үшінші – К. Салықова. Мәскеу, 1954 ж.



Ақтөбе облысындағы Мартөк кентінде еңбеккерлермен кездесу сәті.
Ортада – Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы
Ж. Тәшенев, сол жақтан төртінші – С. Өжкенов




Бір топ жора-жолдастарымен бірге. Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): облыстық партия комитетінің хатшысы К. Шаймерденов, Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы Ф. Зикринов, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М. Исенов, облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы С. Нұржанов; екінші қатарда (солдан оңға қарай): Гурьев облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Б. Омаров, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары С. Өжкенов, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ж. Кейкин, Гурьев қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Е. Тасқынбаев, облыстық партия комитетінің хатшысы А. Погорелов, облыстық кәсіподақтар кеңесінің хатшысы З. Қожағалиев




Еңбекшілер депутаттары Гурьев облыстық атқару комитетінің ұжымымен.
Бірінші қатарда отырғандар: облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары А. Фатеев
(солдан екінші), облыстық атқару комитетінің төрағасы Ф. Зикринов (ортада), облыстық
атқару комитеті төрағасының орынбасары С. Өжженов (оңнан екінші)



Гурьев қаласында Бірінші Май демонстрациясын өткізу кезі. Ортада – Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С. Мұқашев, оң жақтан бірінші – С. Өжкенов



Гурьев қаласын дамытудың бас жоспарын қарастыру сәті. Гурьев облыстық атқару комитеті төрағасы О. Көшекөв (солдан бірінші), облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары С. Әжкенов (солдан екінші), Гурьев қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Е. Тасқынбаев (оңнан бірінші)



Ортада – Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы О. Кешеков жұбайымен,
С. Өжкенов (оң жақтан бірінші), жұбайы Рухия (сол жақтан екінші)



С. Өженов Гурьев облысына шығармашылық сапармен барған қазақ ақын-жазушыларымен бірге. Ортада – Ғ. Мүсірепов




Ақын-жазушылар делегациясымен жүздесу сәті.
Оң жақтан бірінші – Ә. Сәрсенбаев, сол жақтан бірінші – С. Өжженов



Облыстық драма театрының ұжымын гастрольдік сапарға шығарып салу сәті. Бірінші қатарда: солдан үшінші – облыстық партия комитетінің хатшысы С. Өжкенов, жанындағы – Қазақ КСР халық артисі А. Ахметова, оның арт жағында тұрған – Қазақ КСР халық артисі Қ. Төлеков, ортада – Қазақ КСР халық артисі З. Сүлейменова, оң жақтан екінші – облыстық атқару комитетінің төрағасы Ш. Оразбаев



Ақтөбе облысындағы қызметтес жолдастарымен бірге. Бірінші қатарда сол жақтан екінші – С. Өжkenов, қасындағы – Ақтөбе облыстық атқару комитетінің төрағасы Ө. Алдабергенов; екінші қатарда (солдан оңға қарай): К. Рыскелдин, жұбайы Набия, З. Жайлыбаева, Ұ. Аманбаева, облыстық статистика басқармасының бастығы А. Екібаев



Сұлтекең жұбайы Рухия және үлкен қызы Розамен. Қарабұтақ селосы, 1942 ж.



Жеңгесі Айкүміс (ортада), жұбайы Рухия, қарындасы Надя (екінші қатарда сол жақ шетте) және балаларымен: бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Болат, Мұрат, екінші қатарда: Мансия, Светлана



Сұлтан Өжкенұлы туысқандарымен
Семейдегі Абай Құнанбаев ескерткішінің жанында



**С. Өжкенов досы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі
Ұлмекен Аманбаева, жұбайы Рухия Қабиқызымен. 1955 ж.**



**Сұлтан Өжкенұлы (сол жақ шетте), жұбайы Рухия Қабиқызы (сол
жақтан екінші) және достары Мырзамсейіт Жангилдин (оң жақтан
бірінші) мен оның зайыбы Шәкен Ахметқызы (оң жақтан екінші)**



Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Рухия, жеңгесі Айкүміс пен Амантайдың ұлы Ермек, Сұлтекең, екінші қатарда: келіні Танзила, інісі Амантай Уәлиев, қызы Светлана



Жұбайы Рухия, немерелері Мерует, Бағдат және семейлік туысқаны Әлтай аға мен жеңгей



Өжженовтер отбасының туыстары мен достары бас қосқанда. Бірінші қатарда (оң жақтан төртінші) – Рухия Қабықызы



Сұлтекеңнің жұбайы Рухия Қабиқызы (ортада) балалары және немерелерімен



Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Мансия,
Рухия Қабиқызы, Роза, екінші қатарда:
Мұрат, Светлана, Бахытжан, Болат



Болат Өжженов жұбайы Алма және
немересі Аилімен



Рухия Қабиқызы
немерелері және шөбересі Әнелмен



С. Өжкенұлының немересі
Бағдаттың отбасы

Сұлтекеңнің
немерелері
мен шөберелері





Рухия Қабиқызы немересі Нұримамен



Немерелері Әнел мен Айсұлу

Бизде келдик мині-70 ке!

(Түткөн күніне)

Жылдар жылжып жетип келдик 70-ке,
барчы берип: Мусы, келбет, бет - пншкенда да.
Кос тізекдгі козтай алмай қалосек,
Котере алмай қатты тиген тебісті.

Қажары адам қарылықті елейме?
егде тартсақ баласқ қажыңда жыейме?
Қадір түткп ел-қалқаныз қарттарда,
Ұлкен дер деп ақыл сура демейме?

Ан бұлама сары-уағиниға салдау кей,
мен нурғи жтқ қатарының қалдау кей.
Әзіл кетіп, ісім-сөзім қалса артында,
Айта алмайын өлірің мен бармақай.

10 Январ 1985ж.

Р у х и я т а

Реке! Гашик болдмн б-р өзіңе,
бас ұрдмн кісілік пен мінезіңе,
мың шүкір, миллион шүкір қабилдағым,
бақыт деп, басқа қонғак жұмо өзіңе.

Дүние өзің екен деген мұқтма,
ықпалым махаббат, неден мұқтма.
Не ғалам, не қайрайткер болмасаңда,
Әлелдің даңқыңан сенем ұқтма.

Август 1975 ж.

Туркел қаласы.

Бауыр етім-Бағдатқа.

Жан немерем таттар берсе сымдағым,
Жүрегіме махаббатым жинаған,
Сенің мынау балдырлаған тіміңе,
Тілегімді жейкізе алмай қиналам.

Шұла болып танып тұрған өнерсің,
Көзгеіме қонып тұрған көгершін,
Рентіш пен қуаныш жасап беретің
Айтқан маған қайдан шыққан шеберсің.

Айналаш, тосшы өзүрек бетімді,
Шолдеп келдім, басамн ма сусымды.
Жалбраған шапыңқық әр-бір тамынан,
Ақыл қаулап шынға тұрған ақылді.

Жастаң аса бәрін біліп алыпсан,
Айтпай жаным сартымызға қанжарған,
Ү-болменің қабдырған шайнамын,
Сәулең тускең қараңыда жарықсан.

Алтайңа ірет астамнан тй тұрат,
Өжеттікті кеттің мағак ұқтаран.
Жер бетінде із қалдыру үшінде,
Өзіңе-өзің сене білу-де, мықтылық.

Тыңнам жаз тәжіртемнен, оянған,
Ата анаға ынтық - той-ау бәрі.
Сайрайған балдан тәтті тілің менен,
Тірліктің қолыңды арбап болаулар.




Сен қоктамайт, тұмаңа кәй құв атаң,
Ұяң қашып, атпай қойса, құла-тан,
тәжіртең-ақ сйлесем - деп сені мен,
Өзіңді-өзің тоқтамада, - жұбатам.

Оу, менің әрі-болем, әрі-қоксем,
Маған сенсіз, мақсаттың бәрі ботем,
Арбатан мені аластан жалғыз саңме
Өзіңнің құлағыңа қолу жорығы экен.

„Ош қабах, дүме ме, менене?“
дүмең едің мен, тәтті десе, менем.
Өмір текіз, енді өзіңде ұқсадам,
Ылғый тәтті тиел алдам келем.

1978 жыл, Туркв к.

Еңбек Қызыл Ту ордені



100. медал
"40 лет Победа в ВОВ"
вручено 27.11.85



СОЮЗ
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



Д №0224698 ❁

УДОСТОВЕРЕНИЕ

За доблестный и самоотвер-
женный труд в период
Великой Отечественной войны

*Уткенов
Султан*

УКАЗОМ ПРЕЗИДУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР от 6 июля 1945 года
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“


От имени ПРЕЗИДУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. ...




Удостоверение и подлинник даны
М. ...
вручившего медаль

«1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалі


«Құрмет белгісі»
ордені



«Құрмет белгісі»
ордені



«Құрмет белгісі»
ордені





УДОСТОВЕРЕНИЕ

Ужкенов
Султан
Ужкенович

за долголетний добросовестный
труд от имени Президиума
Верховного Совета СССР

решением исполкома
Турьевского
областного
Совета депутатов трудящихся

от 26 октября 1975 г.

награжден медалью
"ВЕТЕРАН ТРУДА"



26 октября 1975 г.



СОЮЗ
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК

УДОСТОВЕРЕНИЕ К МЕДАЛИ
"ВЕТЕРАН ТРУДА"

«Еңбек ардагері» медалі

Еңбегімен елдің ұлы атанған

Сұлтан Өжkenов ағамыздың ежелгі Атырау елінің қасиетті табалдырығынан аттап, облыстық партия комитетіне хатшы болып келген уақыты біздің ат жалын жаңа тартып, еңбек қызуын енді-енді сезіне бастаған, білгенімізден білмегеніміз көп, бірақ талпынысымыз жоғары жас кезіміз болатын. Ол кезде мен Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауданында оқу бөлімін басқаратынмын.

Сұлтекен келген бетінде-ақ көңілімізге ұнады. Барлық интеллигенция өкілдері оны өзі жетекшілік ететін сала жұмысын терең білетін, ысылған, ой-пікірлерін шашыратпай, тұжырымдап ашық айтатын, өзіндік билігі бар азамат деп бағалады.

Біздің ауданға келгенде мәдениет, денсаулық сақтау мекемелері мен мектептерді толықтай аралап, көрген және куә болған жақсылы-жаманды көріністерді қорытынды кеңесте ортаға салды. Сондай-ақ бәрімізге ойланып-толғанатындай тапсырмалар берді. Мектептердегі политехникалық оқу жүйесінің енгізілу ба-рысын оң бағалап, ризалықпен аттанды.

Сұлтекеннің алды қатал, мінезі ыссы еді. Алайда шектен шықпайтын. Сондықтан да шығар, біз кейіннен ондай мінезіне үйреніп кеттік. Қатты айтса да орынды болғандықтан өкпелемейтінбіз, оның есесіне неге қатқыл рай көрсеткенін өзімізше талдап, берген тапсырмаларын уақытында бұлжытпай орындауға тырысатынбыз. Оның да осындай өзара түсіністік пен сыйластықты қадірлейтіні ғой, «ыссы» әңгіменің соңын жаймашуақ күйге түсіріп, жүзімізді жадыратып жіберетін.

Бір таңғаларлық жайт, сол кезде мәдени ошақтар мен білім ордаларының басым көпшілігін әйелдер басқаратын. Мәселен, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымында Әленова Уазира істесе, облыстық оқу бөлімінің тізгіні Дүтбаева Қатираның, мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тізгіні Жанахметова Бәтиманың, халықты әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің тізгіні Ғаділшина Роза апайдың қолында еді. Олардың қатарын аудандардан Жанболатова Ибаш пен мен келіп толықтыратынбыз. Сірә, ол кісіге біздің әрқайсымыздың мінез-құлқымызды тауып, рет-ретімен

жұмсап отыру, жұмысымызға бағыт-бағдар сілтеу оңай соқпаған шығар деп ойлаймын.

1957–1965 жылдары аудан аумағындағы балық шаруашылығымен айналысатын он ұжымшар мен мал шаруашылығымен айналысатын он кеңшар тамаша бастама көтеріп, өз қаржыларына ОШ-2 деп аталатын жобамен мектеп ғимараттарын тұрғызып, қырық жеті мектепте оқуды бір ауысымға көшірдік. Бұл білім беру саласындағы ерекше құбылыс немесе жаңалық еді. Соның нәтижесінде оқу мен оқыту сапасы артып, мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне кең жол ашылды. Бес шаруашылықтың басшысы білім беру саласына көрсеткен көмегіне орай «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісіне ие болса, ал менің өзім «Құрмет белгісі» орденімен марапатталдым. Ауданымызға және Алматының Панфилов ауданына жаңа оқу жылына үздік әзірлік жасағандықтарына байланысты бірінші орын және Оқу министрлігінің Қызыл туы берілді. Осы орынды бес жыл қатарынан иеленіп, ақыры өзімізде қалдырдық.

Міне, осындай сәттерде облыс мектептерінің бір топ басшысы мен мұғалімдері Сұлтан Әжкенұлының және Қатира Еремекқызы Дүтбаеваның басқаруымен мұғалімдердің I съезіне делегат болып, Алматыға жол жүрдік. Көлігіміз – поезд. Көңіліміз көтеріңкі. Қазақы салтпен Сұлтекең бастаған облыс басшыларын әр ауданның делегациясы кезек-кезек қонаққа шақырып, бірнеше күн сыр аштық, өнер көрсеттік. Съезде көтермекші мәселелер жөнінде пікір алмастық.

Сондай дидарласудың бірінде Сұлтекеңнің «Осы Меллятқа білім саласындағы еңбегі үшін тірі күнінде Ганюшкиннің қақ ортасына бір мүсінді ескерткіш орнатқан жөн, Сіздердің ойларыңыз қандай?» – деп, біршама мақтау сөз айтқаны есімде. Бұл әзілі де болар, дегенмен адамның жаны жақсы сөз естуге әр уақыт құштар ғой. Соны есту арқылы ол өзінің бойына қанат біткендей жеңіл сезініп, бұрынғыдан да биікке самғағысы келеді. Өмірімнің содан кейінгі жалғасында сәтті самғаулар болғанын әр уақыт қуана еске алып отырамын. Жатқан жері жәннатта болғыр Сұлтекеңнің әділ де қатал мінезінде жылылық та аз емес-ті. Әлбетте, солардың жиынтығы басшы тарапынан

тапсырылған жұмыстың ойдағыдай жүруіне себепші болатынына талай мәрте көз жеткіздік.

Сұлтекең хатшылықтан кейін облыстық атқару комитетінде төрағаның орынбасары лауазымында көп жыл жұмыс жасады. Мұнда да облыстың аудандарында жиі-жиі болып, адамдармен қоян-қолтық араласты, олардың мұң-мұқтажын өз құлағымен естіп, қолдан келгенше жәрдем көрсетті. Жақсылыққа қуанды. Жақсы күндердің алда екеніне сенді.

Біз зейнеткерлікке шығып жұмыс істеп жүрген кездерінде де Сұлтекеңе деген сыйластығымыз бен құрметімізден еш уақытта жаңылған емеспіз. Оның Атырау жерінде ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, елмен және жермен, оның өткенімен және бүгінімен етене араласып терең танысқаны сонша, екі құнды кітап жазып, жұртшылықты қуантты. Сондықтан ерен еңбегі мен елдің ұлы атанған Сұлтекеңді тағы да бір еске алып, артында қалған ұлқыздарына қазақтың: «Әкенің артында ұлы қалса, көзі қалғаны, сөзі қалса, өзі қалғаны»,— деген ұлағатты сөзін айтуды және оларға жарқын болашақ тілеуді парыз санаймын.

*Меллят Сабырқызы,
Одақтық дәрежедегі зейнеткер.
Атырау қаласы*

Бірінші байлықтың бағасын білген адам

Сұлтан Өжкенұлы облыстық партия комитетіне хатшы болып келген 1960 жылы мен қазіргі Махамбет, сол кездегі Баксай ауданында аудандық аурухананың бас дәрігері лауазымында жұмыс істеп жүргенмін. 1963 жылы облыстық партия комитетіне шақырылып, Сұлтекеңнің қабылдауында болдым. Ол менен жұмыс барысын тәптіштей сұрап, ұзақ әңгімелесті. Алдағы жоспарларыма да назар аударды. Нәтижесінде мені облыстық денсаулық сақтау бөліміне басшылыққа ұсыну ұйғарымы барлығын, Министрліктің де қарсы еместігін айтып, ризашылығымды сұрады. Лауазымға қызыққаным емес, «жасым отызда, аудандық деңгейде жинақтаған аз-кем тәжірибем бар, соны одан әрі дамытып әкетсем, көрсетіліп отырған үлкен сенімді ақтауыма болатын шығар» деп, келісім беретінімді білдірдім. Оның үстіне Сұлтекең: «Жүрексіңбе, саған барлық жағынан қолдау жасап, көмектесемін» деп отыр емес пе?

Сөйтіп, көп кешікпей ұзын-ырғасы таныс болғанымен жүгі зіл батпан салада жаңа қызметке кірісіп кеттім. Сұлтан Өжкенұлының қарапайымдылығы және қамқор көңілінің қалауы шығар, «тағайындадық, енді не істеп, не қоярынды өзің біл» демей, оқатекте шақырып алып, тындырған, тындырсам деп жүрген шаруалар жайын баяғы ілкі дидарласудағы секілді жан-жақты сұрастырып, ақыл-кеңесін, ұсыныс-пікірін алдыма жайып салып отырды.

«Сен қазір ауданның емес, облыстың бас дәрігерісің, сондықтан білігіннің терең, ой-өрісіңнің кең, көзқарасыңның бекем болғаны жөн. Медицинаның өзекті мәселелеріне қоса тұрғындардың орналасу тығыздығы, жастық құрамы, демографиялық көрсеткіштер, халықтың табиғи өсімі, тіпті отбасы мүшелерінің орташа саны жөніндегі деректер жадында сайрап тұруы тиіс» дейтін ол.

Тағы бір жолғы кездесуде Сұлтекеңнің арқаны кеңге салып, облыстағы денсаулық сақтау ісінің өткені жайындағы әңгімені тым әріден бастағаны есімде. «Өзің де білетін шығарсың, осы Үйшікте сонау 1924 жылы тұңғыш балалар консультациясы

ашылса, 1930 жылы тұңғыш әйелдер консультациясы, сүт кухнясы, жедел көмек бөлімдері жұмыс істей бастапты. Облыс аумағындағы алғашқы аурухана 1879 жылы әскери бөлімше жанынан ашылыпты, ол казактардың әскери ауруханасы деп аталған. Онда небәрі бір дәрігер, екі фельдшер жұмыс істеген. Ал 1923 жылы елу үш адамға есептелген төрт аурухана, содан жиырма үш жыл өткен соң, яғни 1936 жылы жер-жерде екі мың жетпіс төрт орындық алты амбулатория мен аурухана болыпты. Сол 1936 жылы облыс халқына отыз алты дәрігер мен екі жүз жетпіс тоғыз орта дәрежедегі медицина маманы қызмет көрсеткен. Қандай жарлылық, қандай жұтаңдық! Бүгінгі жағдай басқаша, мүлдем басқаша. Бірақ оны да қанағат тұтып, әрекетсіз отыра беру, алға ұмтылмау халық үшін, өскелең ұрпақ үшін қиянат. Сондықтан медицинаға, оның материалдық-техникалық базасына көңілді көбірек бөлуіміз керек. Сен жақсы іске мұрындық бола білсең, біздің тарапымыздан көрсетілер көмек көбейген үстіне көбейе түспек, – деді ол сөзінің соңында.

Сұлтекең айтқанын орындады. 1960–1966 жылдары облыстық партия комитетінің хатшысы, 1966–1975 жылдары облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқара жүріп, бізге шексіз қолдау жасады. Мәселен, Махамбет ауданының Сартоғай селосында жүз орындық туберкулезден айықтыратын жайлы шипажай салынып, адамдарды қабылдай бастап еді, Сұлтекең оларға көрші кеңшарлардан шұбат пен қымыз секілді емдік сусындар жеткізіп тұру мәселесін шешіп берді. Бұл ұмытуға болмайтын қамқорлық еді.

Сұлтекең жыл сайын бюджеттен денсаулық саласына мейлінше көп қаржы бөлінуіне қол жеткізе отырып, қалаларда, ірі елді мекендерде емханалар мен ауруханалар, дәріханалар мен сүт кухнялары, дәрігерлік пункттер мен перзентханалар құрылысының бой көтеруіне бастамашы болды. 1967–1987 жылдар аралығында тек Атырау қаласында облыстық перзентхана, стоматология емханасы, Қызылқоға ауданының Миялы селосында аудандық аурухана ғимараттары пайдалануға берілді. Облыстық онкологиялық және туберкулезді емдеу диспансерлерінің жаңа үйлері іске қосылып,

1975 жылдан бастап Атырауда Қазақ туберкулез және онкология ғылыми-зерттеу институттарының бөлімшелері өз жұмыстарын бастады. Осы секілді денсаулық сақтау мекемелері облыстың барлық аудандарында, Өзен мен Ақтау қалаларында кең қанат жайды. Ал, дәрігерлер үшін жүз пәтерлік тұрғын үйдің салынуы ақ халатты абзал жандардың қиын да абыройлы еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет, шынайы жанашырлық белгісіне айналғанын атап көрсеткім келеді.

Біздің облыс табиғатының қолайсыз екені, сол қолайсыздықтан әр жылдары әр жерден өте жұқпалы және қауіпті аурулар ошағы табылып, төтенше жағдайлар жариялауға, шұғыл шаралар алуға тура келгені көпке белгілі. Міне, осындай қысылтаяң сәттерде Сұлтекеннің басшылығымен күні-түні жұмыс істеп, жұқпалы аурулардың таралуына, адамдардың шетінеуіне жол берген жоқпыз. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Саламат Мұқашевтің, облыстық атқару комитетінің төрағасы Оңайбай Көшековтің және Сұлтан Өжкенұлының көңіл бөлуі арқылы біз кадрлар даярлау мәселесін де оңтайлы шеше алдық. Сол жылдары Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Целиноград, Астрахань, Москва қалаларындағы жоғары оқу орындарына жүз-жүз жиырма талапкерді оқуға жіберіп, денсаулық сақшыларының қатарын білікті кадрлармен үзбей толықтырып отырдық. Орта дәрежелі медицина қызметкерлерінің қатарын үздіксіз толықтыру мақсатында Атырау медициналық училищесіне де біршама қамқорлық жасалғанын айту ләзім. Бұл оқу орны – қазір өз қабырғасынан бірнеше мамандық иесін қанаттандырып, биікке ұшыратын іргелі білім ордасы.

Бір кезде Әйтеке би: «Жарлық пен байлықтың қандайы да, жазылмаған ешкімнің маңдайына», – деген екен. Сол айтқандай, біз де денсаулық саласындағы жарлық пен жұтаңдықтан арылып, ерекше байып кетпегенмен, ел қатарына іліктік. Облыс пен қалаларда, аудандар мен олардың елді мекендерінде бұл күндері адамдар денсаулығын қорғаудың барлық мүмкіндіктері бар. Ол мүмкіндіктердің іргетасын кімдер қалады деген мәселеге келетін болсақ, өзінің адал қызметімен және адами қасиетімен өз кезінде бірінші байлықтың бағасын біліп,

бәсін көтерген Сұлтекеңнің, оның барлық ұсынысына ұдайы қолдау көрсеткен министр Төрегелді Шармановтың ұшан-теңіз еңбегіне бас иіп, ризашылық білдіргеніміз жөн секілді...

**Хайролла Қалжігітов,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген дәрігері, Атырау мұнай
және газ институтының профессоры**

Бізге жақсының шапағаты, жайсаңның шарапаты тиді

Өмірде биік өлшемдерді, биік ұғымдарды қалыптастыратын жеке-жеке тұлғалар болады. Солардың бірі ретінде Өжкенов Сұлтан ағаның есімін айрықша құрметпен, зор ілтипатпен атауға болады деп есептеймін. Ол – өзіне жүктелген лауазымдық қызметтердің бәрін де үлкен жауапкершілікпен атқарып, еліміздің, соның ішінде Ақтөбе мен Атырау облыстарының экономикасын дамытуға, мәдениетін өркендетуге сүбелі үлес қосқан, партия және кеңес органдарындағы ұзақ жылдық жемісті жұмысы арқылы белсенді қайраткер, тағылымды тәлімгер, білікті басшы дәрежесіне көтеріліп, ақыры ел ардақтаған, ел ардақтайтын, ардагерлер қатарынан ойып орын алған адам.

Бұндай адаммен жұмыстас, мүдделес болуды бақытты сәттерге балап, ал күнделікті тіршілікте замандас, үзенгі жолдас ретінде сыйласуды және ой бөлісуді мәртебе санағандар әсте аз емес-ау. Өз басым облыстық партия комитетінде мектеп бөлімінің, облыстық оқу бөлімінде меңгеруші қызметтерін атқарған тұста да, кейінде де Сұлтан Өжкенұлының парасатынан, тәжірибесінен, білім-білігінен көп нәрсені үйреніп, көп жәйтті зерделегеніме ризамын.

Дегенмен облыстық партия комитетіне дейін қаланың Ленин атындағы орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек етіп жүрген маған таңдаудың қалай түскенін әзірге анық бағамдай алмаймын. Мүмкін оған үкіметтің мектептерді реформалау, оқушыларға политехникалық білім беру туралы қаулысына сәйкес кәсіптік бағдар беруіміз, соған берік материалдық база жасағанмыз, дәл осы мәселенің облыстық партия комитетінің пленумында талқыланып, онда көлемді де мазмұнды баяндама жасағаным, немесе сол кезде ерекше маңыз берілген басшы жұмыстарға әйелдерді тағайындау міндеті себепкер болған шығар. Қалай айтқанда да, менің тағдырымдағы шешуші кезеңге адамдарды іскерлік қабілетіне, терең білімі мен адамгершілік қасиетіне қарай бағалай білетін Сұлтекеңнің елеулі ықпал тигізгеніне еш күмәнім жоқ.

Ол жұмысымызға жан-жақты бағыт-бағдар беруді, алдымызға міндет қоюды және оны қандай жолдармен, қалай орындау қажеттігі жөнінде жөн сілтеуді парыз санайтын. Оның: «Сара Махмұдқызы, шалғайдағы малшы баласы оқудан шеттеп қалмасын, олар үшін мектептер жанынан интернаттар ашайық, мұқтаждық көріп жүргендерін киіндірейік, тамақтандырайық, денсаулықтарын бақылауға алайық, оқулықтармен қамтамасыз етейік, белгілі бір мамандықтарға баулиық, бүгінгіге қоса келешектің мәселелерін алдын-ала ойластырайық» – дейтін кенесі әлі күнге есімде. Бұндай кеңестің аз болмағаны да белгілі.

Сұлтан Өжкенұлының қалауымен қала мен аудандарда, ірі елді мекендерде бірнеше мектеп-интернат үйлері, орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелердің ғимараттары салынып, көптің игілігіне айналды.

Сұлтан Өжкенұлының бойындағы тағы бір ерекшелік – құнды бастамаларды қолдауға әзір тұрушылық еді. Мәселен, бір мың тоғыз жүз елуінші жылдың аяғы мен бір мың тоғыз жүз алпысыншы жылдың бастапқы кезеңінде Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауданының шаруашылықтары жаппай мектеп құрылысын қолға алды да, ол құрылыстар біткен бойда сабақтарды бір ауысымда жүргізу бастамасы бойынша үндеу көтерді. Бұл өте тамаша, қолдауға тұратын бастама еді. Өйткені оқушылар сабақтан кейінгі бос уақыттарында мектепте түрлі үйірмелер жұмысына қатысуға, кітапхана мен мұражайларға келіп, кездесулер мен конференциялар өткізуге, мұрағаттар жинақтауға, ал мұғалімдер ата-аналармен тығыз байланыс жасауға, тәрбие жұмысына байланысты түрлі шаралар ұйымдастыруға, өздерінің білімдерін көтеруге мүмкіндік алатын. Міне, осының мән-жәйіне толық қаныққан Сұлтекең үндеуді талқылап, оң тәжірибені облыс көлеміне тарату туралы нақты тапсырмалар берді. Бас болып қалалық, аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері мен бір топ мұғалімдерді сол ауданға апарған, жұмысты қалай жүйелеуге болатынына көптің назарын аударған да өзі еді.

Иә, жақсының шапағаты, жайсаңның шарапаты деген де осы шығар. Мен Сұлтекең сияқты Н.Д. Оңдасынов, М. Тәжин, С.М. Мұқашев, О.К. Көшеков, Е.Т. Тасқынбаев, Ә.К. Кенжеба-

ев ағалардан да зор көмек, ұлан-ғайыр қамқорлық көргенімді ұмытпаймын. Олармен бірге істеген еңбек жемісінің мені, менімен бірге талай ұрпақты ақ жолға бастағанына шын жүректен ризамын.

*Сара Мұсағалиева,
республикалық дәрежедегі
дербес зейнеткер.
Атырау қаласы*

Өр тұлға

Дәрігер отбасында дүниеге келіп, ақырында ұлы жазушы атанған Хемингуэй (Эрнест Миллер) елінде, Америкада: «Адам арыстаннан үш рет корқады, ізін көргенде, ақырған дауысын естігенде, өзін көргенде» – деген сөз бар екен. Сол айтқандай, өмірі мен қызметі туралы азын-шоғын естелік айтқалы отырған Сұлтекеннің де айбатты келбеті, айбарлы үні, кесек іс-әрекеті жағынан сол аң патшасын еске түсіретіндей азамат болғанын атап көрсетіп, көпке паш етсем, артықтық ете қоймас деймін.

Мен ол кісі туралы 1970 жылдың бас кезінен бастап естіп-білсем, көп кешікпей жүзбе-жүз кездесу мүмкіндігі де туды. Бұл Сұлтекеннің еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары ретінде мәдениет, денсаулық, оқу-ағарту салаларына басшылық жасайтын тұсы болса, ал өзімнің көркемөнерпаздар үйірмесін әрі ұйымдастырып, әрі сахнада ән шырқап, көрермендерге таныла бастаған кезім-тұғын. Сұлтекен бойымдағы өнер ұшқынын сезіп байқаған шығар, ауылда жүрген мені облыс орталығында ұйымдастырылатын үлкен-үлкен концерттерге арнайы шақыртып алып, қатыстыра бастады. Махамбет ауданына қарасты Чапаев атындағы кеңшарда қазақтың көрнекті майдангер жазушысы Тахауи Ахтановтың інісі Сапа Ахтанов директор болатын. Сол ағамыздың атына: «Әнші Н. Үлкенбаевтың мына күні, мынандай сағатта облыс орталығында өтетін концертке қатысуын камтамасыз етуді сұраймын. С. Өжкенов» деген мазмұндағы жеделхаттар жиі келіп жататын. Сапекеннен де қайт жоқ, жеделхат келген сайын маған арнайы көлік бөліп, барып-келуіме жан-жақты мүмкіндік туғызатын. Өнерге жоғарғы-төменгі лауазымдағы адамдардың бұлайша мән беруі, оны құрметтеуі бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, мүлдем ертеқ сияқты. «Солай болды» дегенге біреу сенсе, екінші біреудің нанар-нанбасы екіталай.

1971 жыл еді. Акқыстау халық театрының өнерпаздары көрші Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауданында ауыл-ауылды аралап, өнер көрсетіп жүрген болатынбыз. Сол ауданның Киров атындағы кеңшарында да атағы шыққан, өнері шыңдалған халық театры

бар-ды. Сонда өнер көрсетіп жатқанымызда тағы да Сұлтекеннің атынан телефонограмма келіп жетті. Онда өнер сапарындағы Н. Үлкенбаев пен Ж. Құспановтың «Жайық қызы» ансамблі құрамында Югославияға гастрольге баруы үшін кейін оралу қажеттігі мұқиятталыпты. Жолдас екеуіміз дереу жолға шықтық. Онда бүгінгідей сайрап жатқан асфальт жоқ. Түнімен жол азабын тартып, таң қылаң бере облыс орталығына маңдай тіредік-ау.

Әрине, бұл шақырту біз үшін тосын шақырту емес-ті. Алдында ғана іріктеу комиссиясының қиын сынағынан өтіп, ол жаққа баратынымыз анықталған болатын. Одан кейін әлденеше рет сынақ-дайындықтан да өткенбіз. Бір ғажабы, облыстық партия комитетінің хатшысы Қ. Шәймерденов пен Сұлтан Өжкенұлы «Жайық қызы» ансамблінің дайындыққа байланысты басқосуларының бірде-бірін жібермейтін, соңынан өнерпаздардың сахна мәдениеті, орындау шеберліктері туралы орынды ұсыныс-пікірлерін, кейде келіспейтін жерлерін де бүкпесіз айтып отыратын. Орынды ескертпеге кімнің өкпесі бар, өнерпаздар да аға ақылын жедел қабылдап, ағаттықтарды тез түзетіп жататын. Сұлтекеннің ұлт аспаптар оркестрін тыңдап болғаннан кейінгі аспаптар үндестігі, естілу және орындалу ырғағы хақындағы пікірлерін өз басым ынтамен тыңдап, «дәл осындай пікірді музыкалық сауаты бар адамдар ғана айта алса керек еді, асылы Сұлтекен де бұл жағынан құр жаяу болмас» деген тоқтам жасағаным да рас. Тағы бір аңғарғаным, дайындықтың жауапты кезеңіне аяқ басар тұста ол қасынан облыстық мәдениет басқармасының бастығы Б. Елекеевті де калдырмай, репертуарлық жоспар, таңдап алынған шығармалардың мәні мен мазмұны туралы ұдайы сөз қозғап отырды. Мұнысы «Біз осы репертуарымыз арқылы шетелдіктерге ел-халқымыздың биік мәртебесін, өнеріміздің қайталанбас құдіретін танытуға тиіспіз» деген ойдың шынайы көрінісіндей, маған ерекше әсер етті.

Сұлтекенді соңғы рет зейнеткерлікке шыққасын Махамбет ауданында мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып істеп жүрген кезімде көрдім. Ол кісі «Атырау – өнер өлкесі» атты кітап жазу үстінде екенін, соған мен жөнінде, сондай-ақ жаңадан ұйымдасқан Түсекеновтердің отбасылық ансамблі жайлы біраз

қосымша мәліметтердің қажеттігін айтып ұзақ сырласқан-ды. Содан бері қанша жыл өтті десеңізші?! Бірақ ортаға салар ойы мен пікірін нақтылап айтатын, не істеу керектігіне көзінді жеткізіп, көкірегінді тұрақтата алатын, үні де бір күшейткіші бар микрофоннан шығып тұрғандай анық та қанық естілетін адамның бейнесін ешқашан ұмытпақ емеспін. Шіркін-ай, ол кезде өнерпаз атаулы да сахнаға ешқандай дыбыс күшейткішсіз, өзінің бойына біткен тума талантымен, таңдайдағы дауыс шымылдығының қозғалысы арқылы пайда болатын табиғи үнімен шығатын. Үлкен концерттік залда ән мен күйді естімедім деп ешкім орнынан тұрып кетпейтін, көрермендер де көп жиналатын...

Сонымен, көңіліме оралған мына бір шумақ өр тұлғалы Сұлтан Өжкенұлының рухына тағзым-белгісі болсыншы:

Жаксылар кетпейді ғой ел есінен,
Сұлтекең азамат-ты өресі кең.
Өлшеніп жаксылықпен өз өмірі,
Жылдардың көрінеді ол белесінен.

*Нариман Үлкенбайұлы,
Атырау облыстық тарихи-
өлкетану мұражайының директоры,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері*

Заман рухымен біте қайнасқан зиялы азамат еді

Жұмырбасты пенденің өмір жолына, адами ажары мен қоғамдық ортадағы беделіне оның аты-жөнінің де әсері бар деседі. Мұны ғылым да теріске шығармайды, қайта перзентке ат қоюдың жоралғылары мен құпиясын сыр етіп айтады.

Қасиетті Семей өңірінің Саржал ауылында (Абай ауданы) дүниеге келген перзентке «Сұлтан» деп ат қойғанда азан шақыру дәстүрі де әсер еткен шығар, бәлкім. Азаматтың кісілік болмысына дән риза болғанда «жігіттің сұлтаны ғой» демейтін бе еді? Қалай болғанда да, бұл игі тілектің нышаны екендігіне дау жоқ. Сұлтекеннің өзі де ес біліп, етек жапқалы осы бір есімге лайық болуды жадынан шығармаса керек.

Сұлтан Өжкенұлы еңбек жолын 1934 жылы Түркістан-Сібір темір жолының Шар стансасында машинистің көмекшісі, комсомолдық ұяның жетекшісі болып бастаған еді. Кейін Коммунистік партия қатарына қабылданды. Қызмет бабындағы өсу баспалдақтары оны талай сын мен соқпақтан сүрінбей өтуге үйретті. Сөйтіп, біліктілігімен, жүрек нұрымен жастық албырттықтан абыздыққа жол салған ол отызға толмай «орда бұзып», Семей облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің хатшысы болды. Қырыққа толмай жатып «қамал бұзып», облыстық мал шаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, Қарабұтақ, Қобда аудандары партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды.

Ұлы Отан соғысы тұсындағы және одан кейінгі еңбек майданы да ауыр ұрысқа тең еді. Мемлекетке соғыс салған жараны жазу, халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны одан әрі өркендету жолында күрделі міндеттерді атқаруға тура келді. С. Өжкенов жұмыс таңдаған адам емес, мемлекет қай жерде пайдалы іс атқара алады деп шешсе, сол жерге барды. Бәрінде де абырой биігінен көрінді.

Мәскеудегі Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Ақтөбе обкомы партиялық-ұйымдастыру бөлімі меңгерушілігіне

тағайындалып, партиялық жұмыстың үлкен мектебінен өтті. Мол тәжірибе жинақтаған ол 1958 жылы Ақтөбе обкомының хатшылығына жоғарылатылды.

Міне, бұлардың ешқандай қоспасыз, «күс жолындай» сайрап жатқан деректер екені анық. Десек те, осынау тым сараң мәліметтің өзі айтулы бір азаматтың ғұмырнамасына арналы арқау болып тартылып, оның мақсаты айқын, мұраты биік өмірінен ағыл-тегіл ақпарат беріп тұрғандай.

С. Өжkenовтың ұйымдастырушылық талантының ең бір жарқырай көрінген тұсы Атырау өңірінде қызмет істеген кезі еді. 1960–1975 жылдары Гурьев (Атырау) облыстық партия комитетінің хатшысы, облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Облыс еңбекшілерін игі істерге жұмылдыру, идеология кадрларын іріктеу, тәрбиелеу жұмыстарының басы-қасында болды. Өлкенің халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерінде Сұлтекеннің де айқын қолтаңбасы бар екені анық.

Халыққа мәдени қызмет көрсету қай кезде де мерейлі міндет болып келді. Бұл жұмыс қолда бар мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдаланып, оның жолдары мен түрлерін іздестіруді үнемі талап етеді. Сол жылдары облыста 116 хор, 91 хореографиялық үйірме, 76 қазақтың ұлт аспаптар оркестрі, 13 драма ұжымы мен халық театры, 140 вокальды-аспапты ансамбль, 152 мәдени-үгіт бригадасына 18 мыңдай көркемөнерпаз қатысқан екен. Облысымызда көркемөнерпаздар қозғалысының қауырт өрістеуі мұнай, химия, балық өнеркәсібінің, транспорт пен құрылыстың, ауыл шаруашылығының өркендеуімен тікелей байланысты.

С. Өжkenов өзінің «Атырау – өнер өлкесі» атты кітабында осы жайларды тілге тиек ете отырып, халық шығармашылығындағы сапалық өзгерістер мен оның өсіп, даму жолдары, көркемөнерпаздар үйірмелерін маман кадрлармен қамтамасыз етуде облыстың партия, кеңес, комсомол ұйымдары тарапынан жүргізілген шаралар туралы әсерлі баяндаған. Иіні келген соң айта кетейік, Сұлтан Өжkenов Атырау балықшылары туралы да кітап жазған кісі. Әлбетте, көпшілікпен аралас-құралас жүргенде адам жанының сұлулығы өлшеніп, арының тазалығы таразыға түседі ғой.

«Мұнайшыларға, барлаушыларға, телегей жүзіп, сен кешкен балықшыларға, алыс жайлаудағы малшыларға барып, дидарласқан қандай ғанибет», – дейтін Сұлтекең әңгіме орайында, – өзіңе әр кездесуден қандай да болсын әсер аласың, ой түйесің. Обкомның бюро мәжілісінде ортақ мүдде үшін мұның пайдасы да тиетін...»

Кенес дәуірінде «атқа мінген» адамның айтар сөзі мен істер ісінің есепте тұрғаны тағы белгілі. Сондай қыспақтағы адамға «өйтпедің-бүйтпедің» деп өкпе артудың өзі артық нәрсе болып есептелетін. Бірақ қыспақта жүріп те тура сөйлеп, тура жүруден қаймықпаған азаматтар болды. Солардың бірі – Сұлтан Өжкенұлы. Ол саясаттың, тұрмыс-тіршіліктің ығында кете бермей, парасаттылықты, адалдықты мұрат етіп, абыройлы азамат қалпында қала білді. Біреудің ала жібін аттамай, алдын кескестемей, көптің құрметіне бөленіп, мағыналы да мазмұнды өмір сүрді, заманның рухымен біте қайнасқан зиялы азамат атанды. Өзі еш уақытта саспайтын, таспайтын, арнасынан аспайтын. «Мен саспай, саспа» деген сүйікті мәтелі де есте.

Бұл өмірде көзден кетсе де, көңілден кетпейтін, әр сөзі жадында жатталып, жаныңа өшпестей із қалдыратын адамдар болады. Өз басым Сұлтекеңді де сондай адамдардың қатарына қосамын. Рас, сырттай ғана білетіндерге оның мінезі салқындау, тіпті сұстылау көрінетін. Алайда сырласа келе оның адамға деген мейірім-шапағатының шексіз, кімнен болса да жан жылуын аямайтын адам екеніне көз жеткізу қиын емес-ті.

1975–1982 жылдары Сұлтекеңнің жанұясымен бір үйдің пәтерлерінде көрші тұрдық. Сол кезеңде көрші-көлеммен араласуға келгенде Сұлтекең мен Рухия апайдың өнеге аларлық тұстары көп екеніне көз жеткіздік. Ол 1975 жылы облатком төрағасының орынбасары лауазымынан зейнеткерлікке шықты да, іс басындағы абыройын басқа ортада, басқаша жағдайда жалғастырды. Бұрынғы билік басында болғандардың арасында өз заманын, өз билігін, өзін ғана мақтан тұтып, кейінгілерге «топырақ шашатын» мінездерді де көріп жүрміз ғой. Сұлтекең мұндайдан өзін аулақ ұстайтын. Сеніміне берік, ойлы қалпында үнемі алға қарады. Кең пейілінен айнымады, жақсыларға, жастарға тілектестігін үзбеді. Осының әр жағында кемел кісілік

жатқанына күмәнданбайтынбыз. Қызметтес болғандар Сұлтан Өжкеновтың тұрлаулы мінезін, бір сөзділігін, тәртіпке беріктігін сүйсіне айтушы еді. Ел басқарған адамның таза, адал болғанына не жетсін. Бұл жағынан ол халыққа қысылып-қымтырылмай тура қарай алатын. Уақытты қадірлей білуі де аса мәдениеттілігінің белгісі болатын. Оны өзі жинақылықтан, адамдарды сыйлаудан, уақытты бағалаудан туған қасиет деп бағалап, жұмыс бабында өзін де, өзгені де ортақ іске қапысыз жұмылдыратын. Ал, жұмыстан тыс уақытта қай-қайдағы күлдіргі әңгімелердің қисынын тауып айтып, айналасындағыларды разы ететін.

Сұлтекеңмен бірге күн сайын дерлік кешкі серуенге шығу дағдымызға айналған-ды. Әлдебір себеппен уақытында шыға алмай қалсақ, Сұлтекең кәдімгідей реніш білдіріп: «сені жоғалтып алдық қой, корреспондент жолдас. Қапекен де (Қафизолла Қуанышбаев) глубокое подполье кетті» – дейтін.

«Иссапарда болып едім, шұғыл тапсырмамен түнде мақала жазуға тура келді, Сұлтеке», – деп өз жайымыздан ақпар береміз. Сұлтекең де жадырап, көңілдене бастайды.

Сұлтекең кей күндері сыртта-есік алдында лото, «бұрыштама» (уголки) ойнауды ұнататын. Оның ойындағы қарсыласы – Сәлкен деген көршім. Сәлкеннің пәтері бізге қарама-қарсы да, Сұлтекендер екінші қабатта тұратын.

«Мен кешкі сағат 8 бен 9-дың арасында жылу батареясының тұрбасын соғып белгі беремін, сол кезде екінші қабатқа көтеріле ғой, екеуміз «бұрыштама» ойнаймыз», – дейтін кейде Сәлкенге. Бір мезгілде Сұлтекеңнің тұрба соққаны бүкіл үйдегі көршілердің бәріне естіліп, «Сәлкенді шақырып жатыр» деп күліп алушы едік.

Кейде ешкімге айтпаған сырымды Сұлтекеңмен бөлісетінмін. Бірде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары Әбдеш Қалмырзаев үйге телефон соқты. Ол менімен университетте бірге оқып, бес жыл бойы жатақханада бірге жатқан жолдас еді. «Маңғыстау облыстық газетіне бас редактор болып барасың ба?» дейді. Тосын сұраққа қапелімде не айтарымды білмей күмілжіп қалдым. «Жарайды, қабырғаңмен кеңес, бір аптадан кейін хабарласа-

мын», – деді Әбдеш. Бұл ұсыныс туралы үй-ішіне де айтқаным жоқ. Көргені мен түйгені мол Сұлтекеңмен ақылдаспақ болдым. Күндегі әдетімізбен кешке таман есік алдындағы алаңға серуенге шықтық. Орайы келген сәтте әлгіндей ұсыныстың болғанын айттып, «қандай ақыл қосасыз?» дедім. Ол ойланған қалпы, жүрісін сәл баяулатып, көзәйнегін саусағымен түзеді де:

«Сенде бала-шағаның басы, шүкір, барырақ қой, әрі тым жасаңдау.

Ақтауда ауыз су жағы біздей емес. Абзалы, жылы орныңды суытпағаның дұрыс секілді. Осында да нанынды тауып жүрсін ғой...» – деді Сұлтекең. Мен де мұны мақұл көрдім және сөйлескен кезде Әбдешке осы ойымды айттым.

Бұл әңгіме осымен тәмамдалды.

С. Өжкенов 1982 жылы Алматыға қоныс аударғаннан кейін де байланысымыз үзілген жоқ. Телефон арқылы сөйлесіп, хат жазысып тұрдық. Оның екі-үш хаты менің жеке мұрағатымда әлі күнге сақтаулы. 1985 жылы Алматыға жолым түскенде әріптесім Нури Муфтах екеуіміз Сұлтекеңнің Фурманов көшесіндегі үйіне соғып, сәлемдестік. «Атыраудан ағайындар келді» деп бір жасап қалды. Рухия апайдың қолынан шай іштік. Оның биязы да сабырлы, бәйбішелік пайымды мінезі кімге болса да ой салғандай еді. Сұлтекең бізді лифтіге дейін шығарып салып тұрып: «көршілерге сәлем айтыңдар» деді. Бұл оны ақырғы рет көруім, ақырғы сөзін естуім екен. Келесі жылы (1986 ж.) желтоқсанда Сұлтекеңнің о дүниелік болғанын естіп білдік. Көршілер болып көңіл айтқан жеделхат жолдадық. Осыдан бірер жыл бұрын Рухия апай да дүние салыпты.

Ғұмырдария ғибратын бойына зерделей жинаған ұлағатты ата-ананың артында өмірлерінің жалғасы ұл-қыздары қалды. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, олар да ата-ана жолын қуып, биік адамгершілігімен, игі істерімен өз ортасының сыйлы азаматтары болып отыр.

Келесі жылы Сұлтан Өжкеновтың туғанына 90 жыл толмақ.

Республикамыздың үш облысында еңбек еткен, өмірі мен қызметінің сүбелі бөлігін Атырау өңірінде өткізген зиялы азаматтың есімін есте қалдыру – бүгінгі ұрпақтың қастерлі па-

рызы. Бұл бәз біреулердей «ауылға атамның есімін бер, көкеме көшенің есімін бер» деп, буынсыз жерге пышак ұрғандық емес. Өркениетті елдерде ғұлама адамдарының, ұлт көсемдерінің бір түстеніп кеткен жерінің өзіне белгі орнатады екен дегенді баспасөзден оқып жүрміз.

Түйіп айтқанда, елдің елеулі азаматтарының бірі болғандығы даусыз. Кезінде оның Еңбек Қызыл Ту, үш мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталуы да осының айқын дәлелі болса керек.

Құмарғали Ғабдешұлы

Қондырғыны түйеден түсірген тапсырма

– Сұлтан Өжкенұлы, жұмсаған жерлеріңізге бардым. Жұмысымен таныстым. Жағдайы мүлдем мүшкіл. Қолда бары елу жеті киноқондырғы. Оның сегізі түйенің қомында. Бір ғана кинотеатр бар. Қалғандары жылжымалы киноқондырғылар...

Балықшы ауданындағы мәдениет бөлімі менгерушілігінен облыстық кинофикация басқармасының бастықтығына ауысқан сәтте облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Сұлтан Өжкенұлына жасаған алғашқы мәлімдемем дәл осындай еді. Тым күйкі мәлімдеме. Көрінісі солай болған соң қалай боямаларсың?! Оны, мұң-мұқтажыңды, жұмсаған кісіге айтпағанда кімге айтарсың?!

Сұлтекең ойланып қалды. Мені аудандық партия комитеті арқылы шақырып алып, «Осындай жұмысқа жіберсек қалай қарайсың?» деген де, «Осында нағашы-жиендер көп сияқты, тездетіп шешпесек, араға біреулердің түсіп кетуі ықтимал» деген де, аудан басшылары «Маман адам өзімізге де қажет еді» – деп сылтау айта бастағанда «Онда бұл мәселені облыстық партия комитетінің бюросында қарайық» деген де, ақырында «Барлық мәселені бірігіп шешеміз, көмегімізді аямаймыз» деген де өзі болатын. Оның ұзақ ойланып қалғанын мен жағдайдың күрделі екенін толық сезінгендікке және одан шығудың оңтайлы жолдарын іздегендікке жорып, өзімнің ойға түйгендерімді жинақтай бастадым.

– Солай дейсің, – деді Сұлтекең біраздан соң үлкен көзілдірігінің үстінен көз жанарын маған тіке қадап. Ұсыныстарың қандай? Не ойластырып жатырсың?

Жоспар-жобамды асықпай-аптықпай айта бастадым. Сол сәттегі ортақ әңгімеміздің ұзын-ырғасы төмендегідей:

– Сұлтеке, халық кинофильмдерге сусаулы. Бірақ оның ең үздіктеріне қол жеткізу оңай шаруа емес. Сондықтан Госкиномен келісім-шартқа отыруды қолға алсам деймін.

– Мұның дұрыс екен.

– Дұрысы дұрыс-ау. Мені сол кинофильмдерді қайда, қай экраннан көрсетемін деген сұрақ қатты мазалайды. Өйткені ауыл-

селоларда клуб, аудан орталықтарында кинотеатр жоқ. Олар қашан салынбақшы?

— Бұл енді қиындау мәселе. Оны шешуге берісі екі-үш жыл, әрісі бес-алты жыл керек.

— Барлық аудандарда кинодирекциялар құрсақ. Жоғарыдағылар бұған қарсы емес.

— Әрине, аудандарда істі жүйелеп, ұйымдастыратын деректі органның болғаны жөн. Осыған байланысты айта кетейін, сөз жоқ, күні ертең киноқондырғылардың саны өседі, дирекциялар ашылады, сонда олардың тізгінін кімдерге сеніп тапсырасың, соның бәрін, атап айтқанда, кадрлар даярлауды осы бастан ойластыра беру қажет.

— Ең соңғы мәселеге Сіздің назарыңызды ерекше аударғым келеді. Ол — көлік мәселесі.

— Оны шешуді менің үлесіме қалдыр. Тағы не айтпағың бар?

— Әзірге осылар.

— Жоқ, сен бір жәйтті ұмыттың. Есіңе түсіріп көр.

— Есіме түсер емес.

— Сегіз түйенің қомында сегіз қондырғы бар демеп пе едің.

— Иә, соларды бір-бірінен қалай ажыратсам екен?

— Не қалайы бар? Түйені шөгеруді білесің бе? Білесің. Шөгерулі түйеден киноқондырғынды түсіріп алу қиын ба? Қиын емес.

— Сұлтеке, қондырғы жәйі түсінікті, ал түйелерді қайтпекпін?

— Түйелерді аудандық тұтынушылар қоғамының карауына тапсыр. Мен оларға қабылдап алу жөнінде арнайы тапсырма беремін...

Міне, осындай ашық сырласудан кейін екі иығыма қанат біткендей, бойыма күш-жігер құйылғандай болып, жұмысқа белсене кірістім. Сұлтекең болжам жасағандай, берісі екі-үш, әрісі бес-алты жылда жағдай күрт өзгерді. Кеңшарлар мен ұжымшарлардың бәрінде клубтар, аудандардың орталықтарында кинотеатрлар бой көтерді. Барлық аудандарда кинодирекциялар құрылып, жұмысты өрістетіп әкетті. Кадр мәселесі де ойдағыдай шешілді. Сұлтекеңнің мені Алматыға ертіп барып, облыс үшін су жаңа отыз автомашина алу қуанышына ие еткенін айтсаңызшы?!

Ол ұмытылмас оқиға болды. Баяғы елу жеті киноқондырғының қатары толығы-толығы келе үш жүз алпыс жетіге жетті.

Сұлтекең облыс көлемінде тұрғызылып жатқан кинотеатрлар құрылысын жеке бақылауына алып, жұмыстың әрі жедел, әрі сапалы жүруін қадағалап отырды. Мәселен, Индербор поселкесінде үш жүз орындық кинотеатр құрылысының уақытында бітпей қалу қаупі туған тұста қатты күйініп, жедел кеңес өткізгені, Лапан, Шульга секілді құрылыс ұйымдары басшыларына нақты тапсырмалар бергені әлі де есте.

Сұлтан Өжкенұлы кейін облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымында жұмыс істегенде де бұрынғы талапшыл да тапқыр, камқор да жанашыр қасиетінен тайған жоқ. Іссапарларының бәрінде дерлік мені қасынан тастамай ерітіп жүрді. Содан ба, әлде сыйластық жемісі ме, оған туған інісіндей бауыр басып кеткенім де рас. Кейіннен төріне оздырып, Рухия апаймен таныстырды. Ол аққұба өнді, мінезі жайсаң жан еді. Сұлтан ағаны қатты сыйлайтын, құрметтейтін. Мен олардың қарым-қатынасын көре жүріп, екі жақсының бас қосып, ұзақ қатар жүруі өмірдің рахаты екен-ау деген түйін жасағанмын. Жалпы Сұлтекеңнің дүниеге қызықпайтын қарапайымдылығы, біреудің ала жібін аттамайтын адалдығы, біреуді даттау, біреудің соңына түсу секілді жаман қылықтардан аулақтығы, талапшылдығы тек маған, жұмыстас болғандарға ғана емес, баршаға үлгі-өнеге болды деп есептеймін.

Атырауға қалай келді, сол күйінде Алматыға көшіп кетті.

Кейде өз-өзімнен ойға шомып, шіркін-ай, Сұлтекең қазіргі кезеңді көрсе қайран қалар еді-ау деп те қоямын. Бірақ өмірден ерте кетті. Оның есімі біздің жүрегімізде...

*Серік Дәулетияров,
зейнеткер, облыстық кинофикация
басқармасының бұрынғы бастығы*

Рухы өшпес аға

Жылқы баласы кісінескенше,

Адам баласы түсініскенше.

Халық мақалы

Отбасы жағдайымен 1968 жылдың шілдесінде Атырауға (бұрынғы Гурьев қаласы) Ақтөбе облысынан қоныс аударған едім. Мекен-жай мәселесі келген бетте шешілді. Ендігі қажеттісі – лайықты жұмыс. Оны таныстық арқылы таба қою өте қиын. Бірен-саран таныс-біліс адамдар болды. Бірақ олар қолдарында жұмысқа орналастыратындай пәрмен жоқ екенін кесіп айтты. Бір күні солардың бірінен бәлен жерде бос тұрған жұмыс орны бар деген мәлімет алып, облыстық атқару комитетіне келдім. Мені комитеттің сол кездегі жауапты хатшысы Құмар Темірташұлы қабылдап, ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушылығы және төраға орынбасарының көмекшілігі (референт) қызметтерінің бос тұрғанын, осы орындардың біріне алуға өзінің қарсылық білдірмейтінін айтты және төрағаның орынбасары іссапардан келгенше күте тұруымды ескертті. Оншақты күндей күтіп, кездескен адамым Сұлтан Өжкенұлы болды. Ол қазақы дағдымен ол жақ, бұл жағымды сұрап, біліктілігім мен іс-тәжірибеме зер салды. Болашақта, жұмыс барысында кездесер «қауіп-қатерлерді де» бүгіп қалмады. Айтқаны: «Біздің бөлім, басқарма басшылары тіс қаққан, азулы адамдар, өзіңді баласынып, басынып кетпес пе екен?» Кездесер «қауіп-қатері» баласыну болса, оны көре жатармыз деп, мен де іштей бекіне түстім. Жасым жиырма сегізде. Оқу орнын бітірген соң аудандық комсомол комитетінде хатшы, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет атқардым. Арасында бір жыл әскери міндетімді де өтеп оралдым. Ел-жер көріп, әртүрлі ортада еңбек етіп, аз да болса ойға түйгендерім бар. Оның үстіне «Қайқайғанға қайқайып, еңкейгенге еңкейе білу» түсінігінен де сырт емеспін. Осылар дәтке қуат. Сөйтіп, Сұлтан Өжкенұлынан бір жылдан астам уақыт дәріс алып, тәжірибе жинақтауыма тура келді. Сонда анық байқағаным –

талабы қатаң, ағалық жылылығынан гөрі ызғарсыз болса да ыңғайы сәл салқындау, қарым-қатынаста әрдайым ресми.

Арасында ойлап қоямын. Мен жұмысқа орналасқанымды айтқанда кейбір таныстарым: «Е, жақсы жер, жақсы адам ғой» деген. Сонда, шамасы, олар менің көңілімді қалдырғысы келмегені ғой! «Жақсы дегені» осы болса... деп, өзімді өзім іштей жегідей жеймін. Сөйтсем де, өзіме-өзім басу айтып, тоқтам жасаймын. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы кезімде де қожандаушылар аз болған жоқ, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі де өте талап қойғыш, «суық адам» еді, әскерде де «білгіштер» табылды. Дегенмен бәрімен де тіл табысып, қимай қоштасқан жоқ па едім? Сондықтан шыдамдылық керек. Осы тұжырымымның адастырмайтыны ұзамай-ақ белгілі бола бастады.

Мен облаткомға келген соң, көп ұзамай-ақ партия жиналысы өткен. Сол жиналыста Сұлтан Өжкенұлы басқарып отырған мәдениет, оқу, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау салалары бойынша қабылданған жиырма шақты шешімнің бақылауда тұрғаны, мерзімі өтсе де әлі жабылмағаны ашық айтылды. Менің алдымда істеген референт тәжірибелі болса да осы жұмысты босаңсытып алғанға ұқсайды. Жиналыстан кейін «менің болашақта атқарар істерімнің негізгі салмағы да осылар болар» деген ұйғарыммен қызу қызмет жасап, бас-аяғы ай жарымдай уақытта жіберілген кемшіліктерді түзетіп, мерзімі ұзартылатын бірді-екілі шешімнен басқа шешімдерді бақылаудан алып тіндым. Облыстық атқару комитеті бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы баяндамасында да, төрағаның сөзінде де біздің әдірісімізге осы турасында жағымды лебіз айтылды. Осыдан кейінгі біздің қарым-қатынастарымызға оң әсер еткен жәйт — қойылған талаптың, берілген тапсырманың тез әрі мұқият жүзеге асуы.

Сұлтан Өжкенұлы өте әдемі жазатын, әріптері бір бағытпен ілгері қарай тізіліп түсетін. Егер мен жазған анықтаманың немесе басқа да іс қағаздарының бір жері өшіріліп, сызылса, боялып қалса, «адам сияқты неге жазбайсың» дейтін, мен де барымды салып, «көзге түсуге», мақтау алуға тырыстым. Содан соң таза,

әдемі жазылған құжаттарды қарамай-ақ «мәшинкаға басуға бер» дейтін. Бұл, бір жағынан, маған сенім арту болатын. Мен де сенім биігінен көрінуді мақсат тұттым.

Сұлтан Өжкенұлы анықтама, қаулы-қарарлар мен шешімдердің дайындалуына өте сақтықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтын. Бөлім, басқарма басшылары әкелген сондай құжаттарды сау жерін қалдырмай түзететін. Әбден өзі де қалжырап, шаршаған тұста әлгі қағаздардың бас-аяғын маған жинататын. Осыдан хабардар бөлім басшылары кейде: «Ағаң түзетеді ғой, сен қарамай-ақ қойсаңшы» дейтінді шығарды. Сол сөздің әсерімен мен олардан түскен нұсқаға қол тигізбей, Сұлтан Өжкенұлына тура апарып беретін болдым. Бір күні Сұлтекең: «Осы сенің қолыңнан қағаз қарау келе ме?» – деді. Мен: «Сіз маған ұрысып жүрер деп, әрі бөлім басшылары сіз қарайды ғой деген соң, өзіңізге тікелей әкеліп беремін», – деп, шынымды айттым. Ол кісі байыппен: «Жоқ, маған өзің қараған соң әкел», – деді. Сол сол екен, бөлім, мекеме басшыларына мен де қатал талап қоя бастадым. Әрине, негізсіз емес.

Сұлтан Өжкенұлы сөз қадірін білетін, шешен адам еді. Атқару комитетінің мәжілісінде, жиналыстарда, жеке адамдармен қарым-қатынаста дәлелсіз, негізсіз сөз айтып, мезі қылмайтын. Қолындағы бір беттік цифрлармен бір сағат сөйлей алатын, ойын шебер тұжырымдай білетін. Оның шешен сөзіне құмарлығымыз сондай, атқару комитетінің мәжілісіне басынан аяғына дейін қатысып отыратынбыз.

Сұлтан Өжкенұлы өзі жетекшілік ететін сала жұмысына сол саланың маманындай жетік болатын. Нұсқау, тапсырмаларды қажетті жеріне дәл бағыттап беретін. Сала қызметкерлерінің білім-білігін терең зерттеп, олардың іс-әрекетін бағалап, бүкіл болмысын зерделеп отыратын. Ол кісі араласып, пікір айтқан мәселелермен жоғары жақтың мамандары талас-тартыс тудырмай-ақ келісе беретін. Ретті жерінде қаталдық танытса, кезі келгенде жүрек түбіндегі мұзды ерітерліктей қарым-қатынас жасап, дәру сөз таба алатын. Бұл, әсіресе, ауыл еңбеккерлерін науқандық жұмысқа жұмылдыру кезінде, ауылға, қала берді облыс, республика орталығына барар концерттік бригадалар құрамын

жасақтағанда анық сезіліп тұратын. Бұл мәселе жөнінде облыс тәжірибесінен кітап жазып, бастырып та шығарды.

Осы күні жасы тоқсаннан асқан Жәмила есімді қарт ананың Егізғали, Моншақ есімді азамат болған балалары мына жәйтті тебірене еске алады:

– Алпысыншы жылдардың ортасы. Біз екеуіміз, мектеп оқушылары болсақ та, Тайсойғандағы шабындықтарда трактормен мал азығын дайындасып жүргенбіз. Түскі үзіліс сәттерінде екі-үш жеңіл мәшине біздің тұсымызға тоқтап, облыс, аудан басшылары бізбен біраз әңгімелесті. Риясыз көңілімізге, тындырып жүрген ісімізге риза болысты. Сол басшылардың бірі кетерінде анамызға сәлем айтып, ауыл басшыларына биыл осы отбасына арзан бағамен соғым беруді нығарлап тапсырып кетті. Ауыл басшылары уәдесіне тұрды. Ал, сонда тапсырма берген кісі Сұлтан Әжкенұлы екен. «Жаксының аты өлмес» деген осы емес пе?!

Әңгімеміздің басында айтқандай, бөлім, басқарма басшылары тарапынан «баласыну», «менсінбеу» фактілері де кездеспей қалған жок. Облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық әлеуметтік камсыздандыру басқармасы басшыларының тарапынан байқалған ондай жәйттерге, әрине, лайықты жауап-тойтарыс беріліп отырды. Ондай жағдайларды этикалық, адами принциптілік тұрғысынан бағалайтын Сұлтан Әжкенұлы менің жағымда болған соң, ол мекеме басшыларының татуласу жолдарын тез іздестіріп, тез тапқаны есте. Сұлтекең ағаның көрегендігіне шүбә келтірмей, мен де бауыр баса бастадым.

Сырт көзге «орыстық тәрбие» алғандай көрінгенімен, Сұлтан ағаның бойында қазақы бауырмалдық, абыздық қадір-қасиеттер мол болатын. Ол кезде де жұмыстан кеш шығу, кейде түннің бір уақытына дейін кідіріп қалу аз кездеспейтін. Сондайда «Сен кетіп қалма, менімен бірге қайтарсың» деп, машинасымен үйге жеткізіп салатын. Кейде ыңғайлы сәттерде өзінің әңгімесімен баурап алатын. Оның желісі қарапайым отбасылық тақырыпқа құрылса да, өте әсерлі, жастар үшін өмірлік мәнге ие боларлықтай еді.

Бірде өзінің бала, қыздары жөнінде әңгіме бастады.

– Үлкен қызымның үйіне бардым. Мен барған соң, балаларым қуанысып, дастарқан жаю қамына кірісті. Күйеу балам да

қызыма жәрдемдесіп, қолғабыс беріп жүр. Шақырып алдым. Қасыма отырғызып, мынандай кеңес бердім: үйіңе келген қонағың – атаң, мен сол кісімін, жалғыз отырмын. Сен ер адамсың, шаңырақ иесісің, ер адамның қонағының жағдайына көңіл бөліп, отағасылық міндет атқаруы тиіс. Міндет – қонағымен әңгімелесу, пікірлесу, жалғызсыратпай, рухына жақын сөз қозғау.

Қызыма да осы тұрғыда кеңес беріп, үйге келген қонақты күту тәрбиесіне назар аударттым. Бұл – тек қана үлкенді, жалпы қонақты сыйлаудың қазақи дәстүрі. Ал, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың мән-мағынасы бұдан әлдеқайда терең.

Сұлтан Әжкенұлы достықты, сыйластықты аса қадір тұтатын. Ақтөбе облысында қызмет істеп жүргенде өзі етене араласып, қарым-қатынас жасаған Рыскелдин, Жаңбыршин, Малайдаров отбасыларымен ылғи да хабарласып, сәлем-сауқатын Атыраудан көшкенше жалғастырып жүрді.

Бұл адамдарды жақсы танытынмын. Олар Шалқар ауданында аудан, кеңшар басшылары болып қызмет істеп жүрді.

Мен референт (көмекші) болып бір жыл істеген соң облыстық партия комитетіне лектор-консультанттыққа ауысып, қызметімді өзгерттім. Байқасақ, Сұлтан аға да, мен де бір-бірімізге кәдімгідей бауыр басып қалған екенбіз. Бір қаланың, бір көшенің бойы болса да қимастық таныттық. Телефон соғуды ұят көріп, барып сәлемдесуге уақыт таба алмай жүргенімде өзі телефон соғып, не болмаса жолы түскен сәтте кабинетіме кіріп келетін. Осындайда бойымды өзгеше асқақ сезім билеп, ағаның ыстық ықыласына бөленіп қалатынмын.

Алматыға көшерінде де: «Менің қоныс аударғым келіп жүр, ауасы жағар ма екен?» дегендей, біраз әңгімелестік. Мен ол кісіге не ақыл айтпақшымын, тек «жолыңыз сәтті болсын» дедім. Содан іссапармен Алматыға бара қалсам, телефон шалып, амандық біліп жүрдім. Менің мұнымды жақтырмағандай, «ия, бұл қай таныстық, осылай сәлемдесе ме?» деп реніш танытып, кейіннен көңілденіп қалатын. Ойы – көзбе-көз, бетпе-бет әңгімелесіп, «айызын» қандырмақшы. Өзіміз де дәл осы кездері елдің көптен таныс-біліс адамдары келіп жатса, балаша қуанып, оны-мұны жәйттерді сұрап, мәз болып қаламыз ғой. Бұл да ағадан қалған

мирас па дерсін. «Жақсыдан – шарапат» дегеніміз осы болар. Арада қырық жылдай уақыт өтсе де, Сұлтан Өжкенұлының парасатты, абыз бейнесі күні кешегідей көз алдымда. Рухын мәңгі жасасын, абзал аға!

Ақылбек Қалмұратұлы.
Атырау қаласы

Әлсізге демеу, күштіге тежеу болған азамат

Мен 1971 жылдан бері Атырау (Гурьев) қаласындағы № 1 Ю.А. Гагарин атындағы орта мектепте директор болып қызмет істеп жүрген едім. 1973 жылдың қараша айында қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі марқұм Фаина Есенқызы Досымова телефон шалып: «Сені еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитетіне шақырып жатыр, қандай мәселемен екенін айтпады», – деді. Күтпеген хабар. Жалма-жан оқу ісінің меңгерушісі Құрманғазы Суханбердиевке сабағымды кейінге жылжытуды тапсырып, облыстық атқару комитетіне келсем, мені шақыртқан жалпы бөлімнің қызметкері Жақсығали Есембаев ағамыз екен. Ол маған: «Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Сұлтан Өжкенұлы Өжкеновтың көмекшісі, медициналық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі референт Қуаныш Қуанышқалиевтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның орнына қызметкер іздеп едік. Соған лайық деп сенің кандидатуранды ұсынып едім, Сұлтекең өзім пікірлесіп көрейін деп, сені шақыруды тапсырған. Қазір ол кісі өзінде, кіріп шығайын», – деді. Азғана уақыттан кейін кабинетке мені шақырды. Сұлтекең зор денелі, кісіге көзәйнегінің үстінен қарайтын, жүзі айбынды адам екен. Алдында тұрған орындыққа имене келіп орналастым.

Сұлтан Өжкенұлы алдымен білімімді, жанұялық жағдайымды, бұған дейін қандай қызметте болғанымды анықтап алды да, үлгі ретінде Жақсығали аға жөнінде былай деді: «Мына отырған ағаң осы атқару комитетінде көптен бері еңбек етіп келеді. Өз ісіне мығым, жауапкершілігі жоғары маман. Ұлы Отан соғысының мүгедегі бола тұра, еңбек ету машығы кейбір дені сау адамдардан да артық. Сен де уылжып тұрған жас емес екенсің. Жоғары оқу орнында оқып, алған мамандығың бойынша шәкірттерді тәрбиелегеніңе біршама уақыт болыпты. Ал, атқару комитетіндегі жұмыстың мектепті басқару жұмысынан айырмашылығы жер мен көктей. Сондықтан сен өзіңе қанық емес мәселелер кездесе, Жәкеңмен ақылдасып, сілтеген жолымен жүр, адаспайсың», – деді.

Сонымен, Сұлтан Өжкенұлының көмекшісі, облыстық атқару

комитетінің медициналық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі референті болып жұмысқа тағайындалдым. Ол алғашқы күннен-ақ инабатты басшым, ақылшы ағам, ұлағатты тәрбиешім болды. Оның арқасында жоғары лауазымды адамдардың қызмет бабындағы қарым-қатынастарының ұнғыл-шұңғылына қанығып, кіммен қалай сөйлесуді үйрендім.

Бірде Сұлтан Өжкенұлы мені жұмыстан кейін алып қалып, өмір жолында қуыс пен қалтарыс та, төте мен бұрылыс та көп болатынын, одан аман-есен өту үшін ақылға жүгініп, байыпты шешім алу қажеттігін, асығыс, үстірт алынған шешімнің орындалуы, жаңсақ пікірдің жүзеге асуы екіталай екендігін құлағыма мықтап сіңірді.

Тапсырылған жұмысты мінсіз атқаруға тырысуды, шамам келмей жатса өзінен көмек сұрауға болатынын, тек болмағанды болды, орындалмағанды орындалды деп жалған айтудан іргені аулақ салуды шегелеп тапсырды. Сонымен қатар, өзінің ойынан шықпасам, жұмысты жалғастыруымның қиындай түсуі мүмкіндігін де қатаң ескертті.

Сұлтекең салмақпен айтқан әрбір сөзді санама түйіп, өзімді өмірдің ең жауапты кезеңіне жолдама алғандай сезіндім. Сөйтіп, зейнеткерлік жасқа толғанына дейін мен оның адал да сенімді көмекшісі болдым.

Қадірлі ағамен қызметтес болған жылдардан есте қалған эпизодтар да аз емес. Соның бірі мынадай:

Ертеңгісін жұмысқа келіп, кабинетімде аудандық атқару комитетінен келген ақпараттармен танысуды бастап кетіп едім, қабылдау бөлмесінен шақырту хабары келді. Жедел жетіп келсем, судмедэкспертизаның бас дәрігері, марқұм Рашид Сарталиев отыр. Ол мүрдеханада бір адам мүрдесінің екі күн жатып қалғанын және жағымсыз иістің сонда жұмыс істейтін қызметкерлерге теріс әсер ете бастағанын, ал оны жерлеу үшін қаралған қаржының мүрдеханада да, облыстық денсаулық сақтау бөлімінде де жоқ екенін хабарлап, жедел шара алуға ықпал студі сұрапты. Сұлтекең маған: «Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Хайролла Смадиярұлы Қалжігітовты телефонға қос!» – деді. Мен телефон шалып едім, Х.С. Қалжігітов орнында болмай шықты. Келіп

хабарлағанымда: «Олай болса, орынбасарын қос!» – деді. Ол кезде оның емдеу істері бойынша орынбасары марқұм Рахымжан Хаметов еді, орнында екен. Кабинетке келіп: «Телефон желісінде Рахымжан Хаметұлы», – дедім. Телефон трубкасын алған Сұлтекең Рахаңның беріп жатқан сәлемін елемеген адамдай оған орыс тілінде былай деді: «Ай, живых не можете лечить, умерших не можете хоронить, начерта Вы сидите..! У меня Р. Сарталиев. Вам такое задание: «Груп умершего, находящегося в течении 2-х дней в морге, сегодня же похороните на кладбище и доложите мне. Всю ответственность налагаю лично на Вас!» – деді. Сол күні сағат 16⁰⁰-де Р. Хаметов тапсырманың орындалғанын Сұлтекеңе өзі аяқтай келіп хабарласа, Р. Сарталиев алғысын айтты. Бұл ағамыздың шамасы жетпей қиналған азаматтарға өзінің жедел де орынды шешімімен қолдау көрсетуден бас тартпайтын, әлсіздерді демеуге тырысатын басшы болғанын айғақтайды.

Сұлтекең өзі орындауға тиісті жұмысын еш уақытта да өзгеге жүктей салған емес. Ол осы қасиетін маған да дарытты. Бір жылы Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесіне мәдениет саласын дамытуға арналған қаулының біздің облысымыздағы орындалу барысы туралы ақпарат беруіміз керек болды. Соған орай облыстық мәдениет басқармасының бастығы Нысанбаев Әжіғали ағамызға тапсырма беріп, бес беттік ақпарат алдырдым. Әжекең өте сауатты адам еді. Менің пайымдауымша, ақпараттың мазмұны жақсы, тілі жатық. Ол кезде жоғарыға жіберілетін ақпараттардың барлығы дерлік орыс тілінде жазылатын. Бұл да сол тілде. Өзім оқып шығып, көп өзгеріс енгізбестен, хатшы машинисткаға қайта бастырып, Сұлтекеңе қол қоюға алып бардым. Ол көзімен бір шолып шықты да: «Әжіғалидың қолы қойылған ақпаратты алып кел», – деді. Оны алып барып ем: «Қалдырып кет, танысайын, жарты сағаттан соң келерсің», – деді.

30 минуттен кейін барған маған Сұлтекең мынадай ескертпе айтты: «Өткенде өзіңе айтпап па едім, өз жұмысына мұқият бол деп. Сен басқармалар мен қалалық, аудандық атқару комитеттерінен түскен анықтамалар мен ақпараттарды жинап, текшелеп, маған ысырып отыратын диспетчер емессің, облыстық атқару комитетінің жауапты қызметкерісің. Сондықтан сен

ол анықтамалар мен ақпараттарды саралап, талдап, олардың мазмұнына үніліп, «істелген жұмыстар толық баяндалған ба, қол жеткен жетістіктер мен қолбайлау болып отырған мәселелер қамтылған ба, олқылықтарды жою шараларын алу ынтасы бар ма, әлде оларды тұмшалап қойған ба, қандай проблемалық мәселелермен шұғылдануда» деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуің керек. Менің бұл ескертуімді сен болашақта жазатын ақпаратыңа қойылатын талап деп түсін де, сол талаптың деңгейінде бол. Әуелі өзің ойланып жазып, кейін маған көрсет. Мен қарап бергеннен кейін түзету енгізілген жерлерге зейін қойып, есіңе сақтауға тырыс. Сонда ғана сауатты да мазмұнды материал дайындауға қол жеткізесің».

Сұлтекең ағамыз – түсі суық болғанымен, ешкімге орынсыз қиянат жасамаған, ар-ожданына дақ салмаған жан. Нағыз ашынған тұста көзәйнегінің үстінен қарағанының өзі жетіп жата-тын. Алғашқы кезеңде маған беретін тапсырмасын бүге-шігесіне дейін түсіндіріп айтып, оның өзі белгілеген уақытта орындалуын қадағалап отырды. Кешіксем, себебін тұрғызып қойып сұрау дағдысы еді. Осы арқылы менің бойыма берілген істі мерзімінде орындау жауапкершілігін сіңірді. Мен Сұлтекеңнің бұл еңбегін ешқашан да есімнен шығарған емеспін. Бертін келе бұл тәртіпке үйреніп кеткенім соншалық, ол берген тапсырманың бәрін де мерзімінен бұрын орындауға жетілдім.

Бұрын өзіме таныс емес көптеген құжаттарды оқып, атқару комитетінің мәжілісіне материалдар дайындауға қатысып, өз ойымды қазақ және орыс тілінде еркін де сауатты жазуға қол жеткіздім.

Сұлтекеңнен қызмет бабында алған оң зарядтарым былайғы өмірімде де, істеген қызметімде де кәдеме жарады. Төнген қауіп-қатерден, негізсіз жабылған пәле-жәледен өз басымды заңды түрде арашалап, арымның тазалығын ақтап қалуыма септігін тигізді.

Менің санам мен жүрегімде марқұм Сұлтан Әжкенұлының жарқын бейнесі мәңгі сақталатын болады.

Халқы үшін аянбай еңбек етіп, өзінің жан-жақты білігімен, жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен, асқан талап-

шылдығымен облыстың экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан Сұлтан Әженұлының өмір жолын өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп, олардың бойына оның асыл қасиеттерін дарыту бағытында тәрбиелік шаралар өткізу де баршамыз үшін биік те қастерлі парыз деп білемін.

Өтеген Қайыржанұлы Досқалиев

IV БӨЛІМ

Сұлтан Өжкенұлының арғы бабалары

Әнет баба (1628–1723) – «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты жеті бидің бірі. Жас кезінде Бұхар-шарифте үйсін Сарышуаш жыраумен бірге медресе бітірген. Ислам қағидаларына, шариғат ережелеріне жүйрік болған. Әділдігімен, діндарлығымен аты шыққан. Қалқаман-Мамыр дауы (қ. «Қалқаман – Мамыр») кезінде бірін-бірі сүйген екі жас жазадан босатылсын деген билік айтады, бірақ оған Мәмбетбай руының басшысы Көкенай батыр көнбейді. Ол Мамырды атып өлтіріп, «енді тентегінді сен де өлтір» деген ауыр шарт қояды. Көкенай батырдың ауыр шартына амалсыз көнген Әнет баба «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деген тоқтамға келеді. Бұл жазадан Қалқаман аман құтылады.

1723 жылы көктемде жоңғарлар шабуылы басталып, ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған кезде Әнет баба жұртта қалады. Кейін Көкенай бастаған батырлар ұлы бидің сүйегін тауып, жерлейді. Әнет бабаның Жаубасар, Есболат, Шақа есімді ұлдары болған. Бұлардан бұрын ержеткен бес ұлы қалмақтармен соғыста қаза табады.

Әдеб.: *Құдайбердиев Ш.* Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1990.

Ә. Хасенов

Көкенай Үмбетұлы (17-ғасырдың аяғы, Сыр бойы – 18-ғасырдың ортасы, Түркістан қаласы.) – батыр. Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан. Көкенай – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары қол бастаған ірі тұлғалардың бірі. Әнет баба өнегесін алған. «Қалқаман – Мамыр» дастанында Көкенай батыр, мінезі қатты кісі тұлғасында суреттелген. Көкенай батыр мәйіті Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне жерленген.

Б. Сапар Али

СПРАВКА

о работе первого секретаря Карабутацкого райкома КП(б)К товарища Ужкенова С.

Товарищ Ужкенов Султан, родился в 1915 году в Абаевском районе, Семипалатинской области, в семье крестьянина-бедняка, по национальности казах, образование среднее, член КП(б)К с 1939 года, партбилет № 2933223, партийных взысканий не имеет.

В течение трех лет работал на руководящей комсомольской работе – зав. оргинструкторским отделом, секретарем райкома ЛКСМК, членом оргбюро ЦК ЛКСМК по Семипалатинской области, секретарем Актюбинского обкома ЛКСМК, а затем как растущего, способного товарища в 1941 году бюро обкома КП(б)К утвердило первым секретарем Карабутацкого райкома КП(б)К, где работает до сего времени.

17 апреля 1944 года, решением бюро ОК КП(б)К за невыполнение постановлений ЦК КП(б)К от 15 марта и бюро обкома КП(б)К от 20 марта 1944 года «О мерах по оказанию помощи остро нуждающимся семьям военнослужащих продовольственными и промышленными товарами, за допущение среди руководящего состава районных работников склок, группировок и недостойного поведения, товарищу Ужкенову был объявлен строгий выговор с предупреждением и занесением в учетную карточку. 20 ноября 1945 года данный выговор снят».

Состояние руководимого им района по состоянию на 15 марта 1946 года характеризуется следующими данными:

По выполнению государственного плана развития животноводства по годам:

Виды скота	1940 г		1941 г		1942 г		1943 г		1944 г		1945 г	
	план	выполнено %	план	выполнено %	план	выполнено %	план	выполнено %	план	выполнено %	план	выполнено %

Крупный рогатый скот	10900	8776	80,5	11015	9728	88,3	13410	9905	73,9	15000	8753	85,0	8740	5981	68,4	6012	6122	101,8
Овцы-козы	12440	11549	92,8	18460	17352	94,0	214462	1274	99,1	27400	23936	87,4	24660	18580	76,0	18230	19938	109,4
Лошадь	1350	1293	95,8	1496	1550	105,6	1826	1255	68,7	1225	775	63,8	790	530	67,1	570	662	116,1
Верблюд	-	-	-	-	-	-	279	274	97,1	271	235	84,0	240	146	60,8	150	150	100,0

Из таблицы видно, что в сравнении с 1940 годом и последующими годами, государственный план развития животноводства в 1945 году перевыполнен по всем видам скота, в том числе по крупному рогатому скоту на 21,3 %, по овцам и козам на 16,6 %, по лошадям на 20,3 %.

Выполнению государственного плана в 1945 году способствовало снижение отхода скота. Если в 1942 году из 1805 голов лошадей пало 537 голов или 29,7 %, то в 1945 году падеж составил 7,5 %. По овцам и козам 3,4 %, по крупному рогатому скоту 5,9 %, против 17,6 % в 1942 году.

Также значительно снизился и отход молодняка в процентах.

	1942 г	1943 г	1944 г	1945 г
Телят	36	24,6	28,1	7,2
Ягнят и козлят	15,1	23,0	14,6	7,3
Жеребят	15,9	12,9	3,6	0,5

Всего отход молодняка за 1945 год по району составил 7,2 %, против 16,4 % в 1944 году или уменьшился на 9,2 %.

Кроме того повысился деловой выход молодняка на каждые 100 маток.

	1942 г	1943 г	1944 г	1945 г
Телят	40,7	58,6	42	66
Ягнят и козлят	66,4	65,8	50	86
Жеребят	11,8	15,8	20,9	74

Из данных видно, что 1945 году по сравнению с 1944 годом выращено молодняка больше: по телятам на 26,3 %, жеребьятам на 62,2 голов, по ягнтям и козлятам на 25,7 голов.

Вместе с ростом поголовья скота, колхозники района добивались повышения и его продуктивности. Надой молока на одну фуражную корову с каждым годом увеличивался. В 1942 году было надоено на одну фуражную корову 260 литров, в 1945 году 463 литра или больше на 203 литра.

Также увеличился и настриг шерсти и на одну взрослую овцу с 1,7 килограмм до 2,4 килограмм, в 1945 году. Это дало возможность району впервые на три года выполнить план шерст – поставок государству на 100 % и полностью рассчитаться по мясосдаче с государством.

За успехи, достигнутые по выращиванию молодняка и сохранению взрослого скота, колхозникам района в 1944-1945 годах выдано в порядке дополнительной оплаты труда: телят 16 голов, жеребят на 4 головы, ягнят 326 голов.

План весеннего сева колхозы Карабутакского района выполнили на 135 %, то есть из плана 12000 га посеяли 16264 га, в том на числе поливе из плана 747 га, посеяли 727 га или 97,2 % сократив сроки сева против 1944 года на 14 рабочих дней.

В районе 1945 году была значительно лучше поставлена организация труда в колхозах и более производительнее работал тракторный парк. Если в 1941 году выполнение тракторных работ в переводе на условную пахоту составило 61,7 %, в 1942 году 41,6 %, то в 1945 году 65,6 %.

Наряду с сокращением сроков сева и более производительной работы тракторов, повышению урожайности в 1945 году способствовало лучшее проведение весновспашки, ликвидация резких разрывов между пахотой, боронованием и севом, а также правильное размещение посевов по предшественникам и подбор

целинных и старозалежных земель. В результате соблюдения элементарных правил агротехники, район в 1945 году получил урожай против 1943 года больше на 2,7 центнера с гектара, то есть при плане получить урожай в 1945 году 4 центнера получено 4,4 центнера с га против 1,7 цент, в 1943 г. а всего по району валовый сбор зерна составил 72,4 тыс. центнеров, что позволило району выполнить план хлебосдачи государству на 108,3 %.

В настоящее время, готовясь к проведению весеннего сева 1946 года, колхозы Карабутакского района полностью закончили подбор земель. Из подобранных 12500 га – целины 757 га, оборота пашта 4744 га, третьяка 186 га, в том числе имеется паров и зяби 5366 га. Семенным материалом район обеспечен на 140,2 % к потребности и на 121,8 % к плану. Все количество семян очищено на 94,1 % и проверены на посевные качества на 78 %. Вывезено навоза на поля на 79,3 %, проведено снегозадержание на 80,3 % к запроектированной площади.

В районе имеется 2 МТС – Карабутакская с количеством тракторов подлежащих к ремонту 39, отремонтировано по состоянию на 15 марта сего года 30 или 76,9 % и Бугутсайская из 36 тракторов, отремонтировано 33 или 91,6 %.

Обеспеченность горючем на весенний сев составляет: по Карабутакской МТС на 94,5 %. По Бугутсайской на 84,3 %.

Успешное проведение всех хозяйственно-политических мероприятий в районе, партийная организация Карабутакского района считала с организационно-партийной и массово-политической работой, добиваясь расширения партийной сети и роста рядов партии.

Если в 1942 году в районе имелось 31 первичная партийная организация, из них колхозных 4, с количеством коммунистов 187 человек, то в 1945 году парторганизаций выросло до 40, из них колхозных 21, где насчитывается членов и кандидатов партии 375 человек.

Однако необходимо отметить, что товарищ Ужкенов, как первый секретарь райкома партии недостаточно уделял внимание работе с кандидатами в члены КП/б/К, в результате чего количество кандидатов с просроченным стажем увеличивается. В 1941 году

из 115 кандидатов имелось с просроченным кандидатским стажем только 6 человек, в 1945 году оно выросло до 82 человек из общего числа кандидатов в 133 чел.

В районе имеется 60 агитколлективов с количеством агитаторов 237 человек и 24 докладчика. Силами этих людей сделано 198 докладов на различные темы международного и внутреннего положения Советского Союза, где присутствовало 14943 человек. Проведено бесед и читок 5118 с охватом населения 38403 человек.

Товарищ Ужкенов политически грамотный товарищ, имеет достаточную общеобразовательную подготовку и опыт руководящей партийной работы, в практической деятельности неплохо изучил вопросы сельского хозяйства.

16 ноября 1945 года за хорошую работу в области сельского хозяйства, промышленности, науки и искусства, Указом президиума Верховного Совета Союза ССР награжден орденом Трудового Красного знамени.

С работой секретаря РК КП/б/К справляется.

**Секретарь Актюбинского обкома
КП(б) Казахстана**

К. Тасбаев

27 марта 1946 года

2 экземпляра.

Подпись имеется.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы
Қарабұтақ аудандық комитетінің бірінші хатшысы
Өжкенов Сұлтан жолдасқа

МІНЕЗДЕМЕ

Өжкенов Сұлтан 1915 жылы туған, ұлты қазақ, әлеуметтік тегі кедей-шаруа, білімі орта. 1932 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1939 жылдан бастап БК(б)П мүшесі. Партиялық жазасы жоқ.

Сұлтан Өжкенов жолдас еңбек жолын 1934 жылы бастады. 1938 жылға дейін теміржолда жұмыс жасады. 1938 жылдан бастап комсомолдың басшылық қызметінде: БЛКЖО аудандық комитетінің хатшысы, БЛКЖО облыстық комитеті ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі, Семей облысы бойынша ҚЛКЖО Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мүшесі, 1940 жылдың сәуірінен бастап С. Өжкенов жолдас ҚЛКЖО Ақтөбе облыстық комитетінің бірінші хатшысы.

Ол жұмыста өзін қабілетті басшы ретінде көрсетті. ҚЛКЖО облыстық комитетінің хатшысы болып жұмыс істеген кезеңде облыстың комсомол ұйымы өндіріс пен ауыл шаруашылығы стахановшылары есебінен 2,386 адамға өсті. Жоғары өнім алу жөнінде 236 комсомолдың звено құрылды, жастар арасында бұқаралық-саяси жұмыс жақсарды.

С. Өжкенов жолдас практикалық істе де біршама өсті, өзінің идеялық-саяси деңгейін көтерумен ұдайы айналысады.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы облыстық комитеті бюросының шешімімен ҚК(б)П Қарабұтақ аудандық комитеті бірінші хатшысының міндетін атқарушы болып бекітілді.

ҚК(б)П Ақтөбе облыстық
комитетінің хатшысы

Я. Иночкин

Р.С. Мінездеме 1941 жылдың тамыз айында бекітілген.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы

Қобда аудандық комитетінің бірінші хатшысы

Сұлтан Өжкенов жолдасқа

МІНЕЗДЕМЕ

Өжкенов Сұлтан кедей шаруа отбасында 1915 жылы туған, ұлты қазақ, орта білімі бар, 1939 жылдан бастап БК(б)П мүшесі, партия билетінің № 2933223, партиялық жазасы жоқ.

1938 жылдан бастап 1941 жылды қоса басшы комсомол қызметінде – ҚЛКЖО аудандық комитеті ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі, аудандық комитеттің хатшысы, Семей облысы бойынша ҚЛКЖО Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мүшесі, ҚЛКЖО Ақтөбе облыстық комитетінің хатшысы, кейін Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Қарабұтақ аудандық комитетінің бірінші хатшысы ретінде партиялық қызметке ұсынылып, бес жыл жұмыс істеді. 1946 жылдан бастап 1947 жылды қоса облыстық мал шаруашылығы бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді, ал 1947 жылдың наурыз айынан бастап осы күнге дейін ҚК(б)П Қобда аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істейді.

Аудандық партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істей жүріп С. Өжкенов жолдас өзін ұнамды жағынан көрсетті. Іскер басшылық және партиялық жұмысты шаруашылық жұмыспен дұрыс үйлестіру арқылы аудан 1950 жылы шаруашылық-партиялық міндеттерді шешуде біршама ұнамды нәтижелерге жетті. 1950 жылы мемлекетке астық тапсыру 107,4 пайызға, күздік егістерді себу 130 пайызға орындалды. 1951 жылдың егістігіне жер әзірлеу 70 пайыз болды. 1950 жылдың бірінші қазанындағы жағдай бойынша қоғамдық мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспары мүйізді ірі қара бойынша 102,7 пайызға, қой мен ешкі бойынша – 110,3, жылқы бойынша – 101,0 түйе бойынша – 93,6 пайызға орындалды.

Сұлтан Өжкенов саяси сауатты. Партиялық жұмысты біледі, бастамашыл, мәселелерді шешуде батыл және табанды.

Партия және Кеңес активі арасында беделге ие, ҚК(б)П облыстық комитетінің мүшесі болып табылады.

1945 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен Еңбек Қызыл Ту орденімен және «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

ҚК(б)П облыстық комитеті С. Өжкенов жолдасты облыстық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушілігіне ұсынуды мүмкін деп есептейді.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы
Ақтөбе облыстық комитетінің хатшысы

Қ. Ысқақов

Өмірбаян

Сұлтан Өжкенов 1915 жылы Семей облысы, Абай ауданының Саржал ауылында туған. Әкесі Өжкен Шыныбаев 1870 жылы дүниеге келіп, 1932 жылы қайтыс болған, шаруашылық еңбекпен айналысқан. Анасы Бақтыбала Шыныбаева 1945 жылы дүние салған.

1934 жылы Қой шаруашылығы институтының жанындағы Қаптанбек жұмысшы факультетін, бұған дейін құрылыс училищесін бітірген.

1934–1937 жылдары Түркістан-Сібір теміржолына қарасты Жаңа Семей станциясында кеңсе қызметкері, оператор болып болып істеді.

1937 жылдың қыркүйек айынан 1938 жылдың басына дейін Шар теміржол станциясының 1-бөлімшесінде кеңсе бастығы қызметін атқарды.

1938–1939 жж. ҚазЛКЖО Жарма аудандық комитетінің бірінші хатшысы.

1939 ж. Коммунистік партия қатарына өтті.

1939–1940 жж. Семей облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі.

IX. 1940–VI. 1941 жж. Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы.

VI. 1941–VI. 1946 жж. Ақтөбе облыстық Қарабұтақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

VI. 1946–XII. 1947 жж. Облыстық мал шаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы.

XII. 1947–XI. 1950 жж. Ақтөбе облысы Қобда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

XI. 1950–IX. 1953 жж. Ақтөбе облыстық партия комитеті ұйымдастырушылық бөлімінің меңгерушісі.

IX. 1953–IX. 1956 жж. СОКП Орталық Комитеті Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы.

IX. 1956–I. 1958 жж. Ақтөбе облыстық партия комитеті партия органдары бөлімінің меңгерушісі.

I. 1958–V. 1960 жж. Ақтөбе облыстық партия комитетінің хатшысы.

V. 1960–II. 1966 жж. Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы.

II. 1966–VI. 1975 жж. Еңбекшілер депутаты Гурьев облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары.

1975 жылғы маусым айынан бастап Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. 1986 жылы желтоқсан айында қайтыс болды.

1983 жылы «Атырау – өнер өлкесі» атты кітабы жарық көрді, сондай-ақ «Каспий – край рыбацкой славы» кітабының авторы (1987 ж.)

Бірінші кітабы облыс мәдениетінің дамып, өркендеуіне арналған, мұнда Атырау өңіріндегі белгілі мәдениет қайраткерлері туралы сөз болады.

Екінші кітап Каспий өңіріндегі балық өндірісінің құрылып, даму тарихынан сыр шертеді.

Сұлтан Өжкенов Еңбек Қызыл Ту орденімен, үш дүркін «Құрмет белгісі» орденімен, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Қажырлы еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Биография

Ужкенов Султан родился в 1915 году в ауле Саржал Абайского района Семипалатинской области. Отец Шинибаев Ожкен родился в 1870 году, умер в 1932 году, занимался крестьянством. Мать Шинибаева Бахтыбала умерла в 1945 году.

В 1934 году окончил Капланбекский рабфак при Овцеводческом институте, ранее окончил строй училище.

С 1934 года по 1937 год работал на станции Жана-Семей Туркестано-Сибирской железной дороги техническим конторщиком, оператором.

С сентября 1937 года до начала 1938 года работал начальником конторы 1-отделения на станции Чарск.

- 1938–1939 гг. Первый секретарь Джарминского РКЛКСМК.
- 1939 г. Вступил в ряды Коммунистической партии.
- 1939–1940 гг. Заведующий отделом Семипалатинского областного комитета комсомола.
- IX. 1940–VI. 1941 гг. Первый секретарь Актюбинского обкома комсомола.
- VI. 1941–VI. 1946 гг. Первый секретарь Карабутацкого райкома партии Актюбинской области.
- VI. 1946–XII. 1947 гг. Начальник областного управления животноводством, заместитель начальника облсельхозуправления.
- XII. 1947–XI. 1950 гг. Первый секретарь Хобдинского райкома партии Актюбинской области.
- XI. 1950–IX. 1953 гг. Заведующий организационным отделом Актюбинского обкома партии.
- IX. 1953–IX. 1956 гг. Слушатель Высшей партийной школы при ЦК КПСС (г. Москва).

- IX. 1956–I. 1958 гг. Заведующий отделом партийных органов
Актюбинского обкома партии.
- I. 1958–V. 1960 гг. Секретарь Актюбинского обкома партии.
- V. 1960–II. 1966 гг. Секретарь Гурьевского обкома партии.
- II. 1966–VI. 1975 гг. Заместитель председателя исполкома Гу-
рьевского областного совета депутатов
трудящихся.

С июня 1975 г. персональный пенсионер союзного значения.
Умер в декабре 1986 года.

Являлся автором книг «Атырау – өнер өлкесі», 1983 г. изда-
ния; «Каспий – край рыбацкой славы», 1987 г. издания.

Первая книга посвящена развитию культуры в области, рас-
сказывает о видных деятелях культуры в Атырау.

Вторая книга посвящена истории создания и развития рыбной
промышленности Прикаспия.

Ужкенов Султан награжден орденом Трудового Красного Зна-
мени, тремя орденами «Знак почета», медалями «За доблестный
труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.», «За освое-
ние целинных и залежных земель», «За доблестный труд в озна-
менование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина», Почетными
грамотами.

Қазақстанның батысында Жайық аралының басты алабы болып табылады. Бұл алабының ұзындығы 100 км, ені 20 км, ал биіктігі 100 м. Жайық аралының басты алабының ұзындығы 100 км, ені 20 км, ал биіктігі 100 м. Жайық аралының басты алабының ұзындығы 100 км, ені 20 км, ал биіктігі 100 м.

Сұлтан ӨЖКЕНҰЛЫ

АТЫРАУ – ӨНЕР ӨЛКЕСІ

Өмірдің өткен өміріне бір қала ғана өмір сүрді, көп адам өмір сүрді. Атырау – Жайық географиялық алау тәрізді өңір. Тарихы, сарқылмас суы, ауылдық өмірі, жұмыс істейтін жұмыс істейтін де өңірлі өлке, жер үсті – жергілікті өмір – өмір сүреді – малға, өзендері мен терең балықты өмір сүреді. Өзі өмірінде бұл өңірдің халқы өмір сүреді, өмір сүрмейді. Елді хал болса, халық өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді.

Халқының қарсаңы болса, өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді.

Бүгінгі Атырау – Жайық алабының өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді. Өмір сүреді, қабірет шексіз өмір сүреді, өмір сүреді.



Атадан балаға мұра

Қазақстанның батысына көз салсаңыз, сонау ұлы Еділ мен Жайық аралығыннан басталып, бір шеті Ресейдің Астрахань облысы, екінші шеті Түрікменстанмен шектесіп жатқан кең жазықты көресіз. Батыс Еуропаның Швейцария, Дания, Голландия, Бельгия, Австрия сияқты 5 мемлекеті еркін сыятын ұлан-ғайыр осы кеңістікті география сөздігінде Атырау еңістігі (ойпаты) деп атайды.

Республикамыздың басқа өлкелері сияқты Батыс Қазақстан да, оның ішінде Атырау өңірінің мәдениеті мен өнерінің тарихы да өз желісін әріден бастайды.

Жезтаңдай жыраулар мен ақындардың, жыршылардың, зергерлердің қазақ халқының мәдени бай мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгі өнерпаз, талапты жастарды баулуға, олардың әдебиет пен өнерге құштарлығын арттыруға елеулі әсер етіп, ықпал жасағаны мәлім.

Өңірдің өткен өміріне бір сәт қана ой жүгіртіп, көз алдымызға елестетсек, Атырау – Жайық географиялық атау ғана емес, бай тарихы, сарқылмас сыры, таусылмас жыры, күмбірлеген күйі бар шежірелі де өнегелі өлке, жер үсті – ырысқа, асты – қазынаға, төскейі – малға, өзендері мен теңізі балыққа толы бай өлке.

Өз өмірінде бұл өлкенің халқы не көрмеді, нені бастан кешірмеді. Елді хан билеген, халық зар илеген бұлыңғыр дәуірді де, қасірет шеккен зар заманды да, ат тұяғынан қара жардың қабырғасы қақыраған жортуыл-жорықтарды да, қанды айқастарды да көрді.

Халқыма қорған болсам деп, талай ерлердің еңіреп өткен жері. Бұл Атырау – Жайықтың келмеске кеткен, өткен өкінішті өмірі XIX ғасырдың бірінші жартысында халық батырлары Исатай мен Махамбеттің өмірінен, қол бастаған батыр, әрі дүлдүл ақын Махамбеттің халықтың іште булыққан ащы кегін, арман-мақсатын жырлаған жыр жолдарынан көрінеді.

Бүгінгі Атырау – Жайық басқаша сыр шертеді, өзгеше жырлайды, әлемге бар даусымен айқай салатын шаттық үні бар. Атырау – Жайық дәулеті мен сәулеті бірдей өсіп, өркендей

түскен өлкеге айналды. Қарт ақын Құмар Жүсіповтың «Атырау – Жайық» деген өлеңінде былай деп жырланады:

...Ежелден атам – Каспий, анам – Жайық,

Өрістеп келе жатқан даңқын жайып.

Мекені атамыздың құтты қоныс,

Мақтаныш етуіме мың лайық.

Жем, Сағыз, Тайсойған мен Индеріміз,

Кір жуып, кіндік кескен жерлеріміз.

Қамы үшін қарындастың жауға шапқан,

Сырымдай өтті даңқты ерлеріміз!...

...Кешегі Махамбет пен Исатай ер,

Тартысып көп ойлаған елдің қамын.

Үш жүзді таңдандырып ән шырқаған,

Мұхитым шалықтатты әннің сазын....

Атасы екі ішектің Құрманғазы,

Алатау, Сарыарқаға даңқы шыққан.

Өтіпті талай ерлер бұл арадан

Қас жауын қансыратып, табандатқан.

Тамаша бүгін, міне, жерім қандай,

Қопарған жер қойнауын ерім қандай!

Бұлақтан ағытылды мөлдір мұнай,

Завод та, фабрик те сүйеді май,

Жүйткіген машинаның жүрегі май,

Жанған шам, жағылған пеш, мұнай күні

Көкте – бұлт, теңізде мұз тіледі май.

Атырау балығының дәмі балдай,

Сорпасын татып көрсен, дәрі қандай!

Астынан асау теңіз аумен сүзіп,

Алады ерінбеген ерлер талмай.

Шопандай жазы-қысы балық бағып,

Шахтердей мандайына шырақ тағып,

Кім десең мұзға түнеп су кешкен ер,

Бір-ақ сөз – оның аты балықшы алып¹.

Меңіреу мекеннің төсіне мұнай мұнаралары қонып, қачқалар үні дала төсін жаңа әуенге бөледі. Атырау Қазақстанның мұнайлы өңіріне айналды. Жергілікті мұнайшы кадрлар өсіп

¹ Коммунистік еңбек. 1957. 5 қазан,

жетілді. Мұнайлы Маңғышлақ Гурьев облысынан бөлініп, өз алдына дербес облыс болып отау тікті. Қазір Гурьев облысының мұнайшылары Ембі мұнай байлығын одан әрі игерумен қатар, Еділ – Жайық өзендерінің аралығынан жаңа мұнай алаңдарын ашуда. «Жаикнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы шаңырақ көтеріп, қанатын кең жайып келеді.

Жайық пен Қиғаш бойының балықшылары жылма-жыл Отан қоймасына ондаған мың тонна құнды балық өнімдерін өткізуде. Облыста химия өнеркәсібі кең қанат жая бастады. Химия, мұнай-химия, мұнай өңдеу, машина жасау заводтары жұмыс істейді. Гурьев облысының жерін қазір Өзен – Гурьев – Куйбышев мұнай құбыры басып өтеді, Орта Азия республикалары мен Ресейдің орталық облыстары теміржол арқылы байланыстырылды.

Гурьев облысының ауыл шаруашылығы да, соның ішінде өте-мөте мал шаруашылығы да мықтап дамыған. Ондаған жаңа совхоздар құрылды. Ауыл шаруашылығын жүргізудің мәдениеті артты.

Облыс экономикасының шарықтап өсуі оның мәдениетінің де кең дамуына негіз қалады.

Халық өнерінің қазынасы мол. Асылды жасытпай, ел игілігіне жарату – таланттың да, талапкерлердің де парызы.

Талаптыға нұр жауар...

Ел жетіліп көркеймек,
Өнер қанат жайғасын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Атырау – өнер мен өнерпаздарға бай ежелгі жыр өлкесі. Кешегі Махамбет пен Мұрат, Ығылман мен Балаораз, Қашаған мен Аралбай, Ақтан мен Нұрым, Досжан мен Сәттігүл сынды сөз маржанын мирас тұтқан ақын-жыраулардың бүгінгі ұрпағы – Әбу мен Хамит, Зейнолла мен Берқайыр, Жүмекен мен Фариза сол айтулы жүйріктердің өнерлерін ілгері жалғастырушы ізбасарлары.

Қазірде бұл өлкеде шығармаларымен алды республика баспаларында, газет, журналдарда, соны облыстық, аудандық баспасөзде жарияланып жүрген жүз елудей жастар бар, солардың ішінде ақын Аманқос Ершуов, төрт жинағы жарық көрген ақын Жәрдем Тоғашев, сондай-ақ бірнеше кітаптардың авторлары Қойшығұл Жылқышиев, Жолдығали Бақытов бар.

Осыда он бес жыл бұрын Гурьев педагогикалық институтының студенті Аманқос Ершуов өзінің алғашқы өлеңін облыстық газеттің редакциясына қымсына ұсынған еді. Өлең «Бұлттар» деп аталады, небәрі бір шумак:

Ақ бұлттар, кара бұлттар, ала бұлттар,

Көрдін бе аспанда да алалық бар.

Біреуде жас та болса даналық бар,

Біреуде қарт та болса шалалық бар.

Өлең облыстық газетте жарық көрді. Содан бастап Аманқостың қолынан қаламы түсіп көрген жоқ. Қазір ол «Келешегім көкжиегім», «Шопан баласы», «Шырқау» атты өлеңдер жинағының авторы. 1979 жылы А. Ершуов СССР Жазушылар одағына мүше болып қабылданды. Аманқос өлеңінің негізгі тақырыбы – туған өлке табиғаты, оның жасампаз адамдары, түбегейлі өзгерістері мен бүгінгі дәуір сипаты.

Аманқос Ершуов Ембі ауданы, Амангелді атындағы орта мектептің мұғалімі. Ол өзі қызмет істейтін аудандағы жас

талапкерлердің қаламдары шындалуына тікелей жәрдемдесіп отырады. Аудандық газет редакциясы жанындағы әдебиет бірлестігінің жұмысына белсене араласады. Жас талапкерлердің жаңа шығармаларын талқылауды ұйымдастырып отырады. Облыстық газет жанындағы штаттан тыс әдебиет бөлімінің қызметкері.

Жалпы Ембі ауданы жас талаптарға бай. Мұнда аудандық газет жанындағы әдебиет бірлестігіне қырыққа жуық жастар топтасқан. Жас ақын-жазушылар шығармашылығындағы бір ерекшелік – бүгінгі замандасының толымды бейнесін, оның өнегелі ісін, ерлік еңбегін, биік мұратын жырлау. Соңғы жылдары осыған орай арнау өлендер де көбейе түсті. Мәселен, ақын Қабиджан Сағиев өзінің «Дала диалогы» поэмасын Атыраудың ақиығы атанған атақты шопан, Социалистік Еңбек Ері, КПСС XXV съезінің делегаты Мүсілім Нұрмұхановқа арнайды. Ақын өз шығармасында кейіпкерінің өмірбаянын тізбектеп, құр мадақтаудан аулақ. Мұнда шопанның далаға деген ынтызарлығы, дархан даланың өзін қайта түлетіп жатқан ұлдарына деген сүйіспеншілігі екеуара диалог арқылы шебер шешіледі. Ақынның ақырғы түйіні де әсерлі, ол шопан мен дала диалогын қорыта келіп:

Сендер мәңгі, мәңгі жолдас құрдассың,
Мен жырыммен бір кішкене сырды аштым.
Кең әлемнің шыға алдым ба шетіне,
Жалғыз ғана жолы нұрлы қырды астым.
Кешіріңдер, мүмкін, көңіл толмады,
Тағы-тағы тоғысармыз жолда әлі,
Жүрегіме ендіңіздер шабыт боп,
Өмір-бақи таусылмайтын толғағы²,–

деп түйеді.

Орынды түйін. Бұл адам еңбегі мен дала байлығының қайнар бастауы ғана. Ол да, ақынның жыры да одан әрі жарғаса берер шежіре.

Жас ақындар өлендерінің негізгі арқауы – Отанға, туған елге деген сүйіспеншілік, еңбек адамдарын дәріптеу. Көптеген жастар өздері араласып көріп, біліп жүрген еңбек адамдары, әсіресе солардың ішінде мұнайшылар мен балықшылардың, шопан мен

² Сағиев Қ. Дала диалогы // Коммунистік еңбек. 1976. 7 тамыз.

механизаторлардың толысқан бейнесін өз шығармаларына арқау етіп алуы қуанарлық та, сүйсінерлік те жай. Мысалы, Айтуар Өтегенов пен Қуаныш Ержанов мұнайшылар, мұнайлы өлкенің касиеттері туралы өлеңдер жазса, индерлік жас ақын Сансызбай Базарбаев «Молдабай» деген өлең-очеркінде Жамбыл атындағы совхоздың Еңбек Қызыл Ту орденді тракторшысы Молдабай Берғалиевты жырға қосады. Сол сияқты ақындар Амантай Жамалиденовтың азаматтық әуендерін, Дүйсенбек Бөкеновтың жастық жалынға толы лирикаларын, Төлеген Берішбаевтың табиғат көріністерін суреттеген шығармаларын оқырмандар ықыласпен қабылдады.

Облыс әдебиетшілерінің ішінде көркем әңгіме, новелла, драма, әдеби сын салаларында да азды-көпті еңбек етіп жүрген жастар да баршылық. Олардың қатарында Рамет Иманғалиев, Әнуар Қосанов, Тұрар Құрманғалиев, Қырықбай Бекбаев, Ерсайын Көшеков, Серік Мұхамбетовты атап көрсетуге болады. Рамет Иманғалиевтың әңгімелері «Бәйшешек» жинағында, «Іздер» деген повесі «Тыныштық күзетінде» атты жинақта жарияланды. Ә. Қосанов пен Қ. Бекбаевтың повестері мен әңгімелері «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланды. Бірқатар жастарымыздың әңгіме, очерктері облыстық, аудандық газеттерде жарық көрді. Сол сияқты, драматургия саласында жап-жақсы еңбек сіңіріп жүрген қаламгерлер де бар. Мысалы, белгілі драматург Берік Қорқытовтың «Ақбөбек», «Асыл жандар», «Кіндік шеше» атты көп актылы пьесалары Гурьев, Шымкент облыстық театрларының сахнасында қойылып, өнер қызметкерлері мен көрермендер тарапынан үлкен ілтипатқа ие болды.

Сондай-ақ драматургтеріміз Тұрар Құрманғалиев пен Марат Ысқақовтың бүгінгі өмірімізді бейнелейтін пьесалары халық театрының сахналарында қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Жалпы алғанда, жас қаламгерлердің қатары қай жанрда болса да жылма-жыл өсіп келе жатқандығы сөзсіз. Тек соңғы жылдардың өзінде ғана СССР Жазушылар одағына Берік Қорқытов, Нәбиден Әбуталиев, Есенжол Домбаев, Мағзом Сүндетов, Аманқос Ершуовтың мүше болып алынуы – осының айғағы.

Сонымен бірге әлі СССР Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданбаған, бірақ келешегінен көп үміт күттіретін әдебиетшілер қатарына саналып жүрген талантты жастар да көп.

Жетпісінші жылдардағы әдебиетімізге көз жіберсек, көптеген жас қаламгерлер келгенін көреміз. Осы жастармен жұмыс істеуде, олардың арасынан талапкерлерді өсіруде бір қуанышты жай – олармен тек творчестволық ұйымдар ғана айналысып отырған жоқ, сонымен бірге бұл жұмысқа жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары жан-жақты араласып, өздері бас болып, зор қамқорлық жасауда.

Соңғы кезде жас әдебиетшілердің бірнеше рет облыстық кеңесі болып өтті. Оларға астанамыздың белгілі ақын-жазушылары Х. Ерғалиев, Ә. Нұршайықов, М. Шаханов, Ф. Оңғарсынова, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби консультанты Т. Медетбеков, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, жазушы О. Бөкеев, композиторлар Ә. Бейсеуов, Ж. Тұрсынбаев, М. Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының әртісі Қ. Тастанбеков, республика өнер музейінің қызметкері Л. Оразбекова, домбырашы Ш. Әбілтаев, тағы басқалар қатысты. Партиямыздың әдебиет алдына қойып отырған міндеттеріне сәйкес жас әдебиетшілерді тәрбиелеп өсіру жөнінде саликалы әңгіме болды, көңілде жүрген ойлар, пікірлер ортақ салынды. Семинарлар жұмыс істеп, жастар шығармашылығы талқыланды, ортақ ақыл-кеңестер берілді, жергілікті жерлерде жас қаламгерлермен жұмыс істеу шаралары белгіленді.

Творчестволық жастарды тәрбиелеуде және оларды шығарма жазуға қанаттандыруда олардың арасында идеялық, саяси-тәрбие жұмыстарын жақсарту жөнінде Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшелерінің тарапынан жүргізілетін шаралар маңызды орын алады. Олар творчестволық жастардың жұмысына басшылық жасап, олардың өсуіне жәрдем беріп отырғаны лазым. Мұнымен бірге жас ақындардың творчестволық шыңдалуына, өсіп-өркендей беруіне жергілікті баспасөзде әдеби сынды өрістетудің үлкен маңызы бар.

Кейінгі кезде жергілікті баспасөз органдары әдебиет пен өнерге, әдеби-көркем сынға шындап бет бұра бастады. Газеттерде,

жоғарыда айтылғандай, әдебиет пен өнер беттері жиі-жиі беріліп жүр. Оларда бірқатар, құнды-құнды материалдар, өлеңдерге шолулар мен жаңа шығармаларға рецензиялар жарияланды.

Әрине, жастар шығармашылығын насихаттауға тек облыстық, аудандық газеттер ғана емес, басқа да түрлі қоғамдық ұйымдардың да белсене қатынасуы қажет. Бұл ретте Гурьев облыстық комсомол комитеті мен облыстың мәдениет басқармасының өзгелерге өнеге боларлықтай ісін айта кеткен орынды. Бұл ұйымдар Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшелерімен бірлесе отырып, «Жас дәурен» атты шығармашылық ұйым құрып, жас қаламгерлерімізге іс жүзінде жәрдем көрсету жөнінде елеулі қызмет атқаруда.

Туған халқымыздың қанына сіңіріп, ерте заманнан дәстүріне айналған мол мұрасының бірі – ақындар айтысы. Небір шешен дүлдүлдер мен атақты ділмарлар, қиялы жүйрік ақын-жазушылар айтысу арқылы бұрын байқалмайтын соны қырларынан жарқырап, танылып отырған.

Халқымыздың «Өнер алды – қызыл тіл» деуінің бір себебі де осында болса керек. Айтыс – қазақ поэзиясының тарихындағы ерекше жанр. Ол біздің рухани өмірімізбен біте қайнасып, өріс алып келеді. Ал, бүгінгі айтыстың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері сөз болуға тұрарлық үлкен творчестволық проблема. Уақыт сынынан өткен бұл жанр советтік дәуірімізде қайта жанданып, жаңа қырынан дамыды. Өйткені социалистік құрылыстың барлық жерде кеңінен қанат жаюы мәдени өмірімізге де бұрын-соңды болып көрмеген жаңалықты енгізді. Өнердің басқа салалары сияқты ақындар айтысы да өзінің ұлттық түрін сақтай отырып, социалистік жаңа мазмұнға ие болды.

Отанымыздың табыстары, халықтар достастығы, ел бірлігі, еңбек ерлері айтыс ақындарының өзекті тақырыптарына айналды. Жалпы ақындар айтысына ортақ құбылыс – жетістік пен кемістікті, еңбек озаты мен жалқауды бірін дәріптеп, екіншісін сынап отырып тыңдаушыларды жаманнан жерінтіп, жақсыдан үйренуге шақырады. Ол бұқараны отаншылдыққа, еңбексүйгіштікке үндеп, адам санасындағы ескіліктің қалдықтарын жоюға шақырады.

Айтыстың саяси-әлеуметтік, идеялық-тәрбиелік мәні, міне, осында.

Ақында айтысы Гурьев облысының мәдени өмірінде белгілі дәрежеде орын алып келеді. Оның өзіндік тарихы да бар. 1920–1940 жылдар аралығында кәсіпорындарда, колхоздарда көлемі, мазмұны, түрі жағынан сан алуан айтыстар өткені мәлім (өкінішке орай, бұл айтыстардың көпшілігі айтылмай қалған), дегенмен 8-класс оқушыларына арналған «Қазақ әдебиеті» (1975 жылы баспадан шыққан) оқулығында жазылған бір жұмбақ айтысы жөнінде тоқтап кеткіміз келеді.

Елімізде Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап партия мен үкіметіміздің айрықша көңіл бөлген мәселесінің бірі – оқу-ағарту жұмысы екені бәрімізге аян. Елдегі мектептердің санын көбейтіп, балаларды мектепке тарту, халықтың сауатын ашу мәдениет майданындағы келелі жұмыстардың ең маңыздысы болды. Сауатты болуға үгіттеу тұрғысынан қарағанда «Рахметжан мен Ыбыраш» айтысының айрықша мәні зор. Айтыс 1923 жылы қазіргі Гурьев облысы, Қызылкоға ауданы, Тайсойған, Бүйрек құмдарының бір мекені – Бабалыда өткен. Рахметжан Малабаев сол Бабалыдағы бастауыш мектепте сабақ береді. Ол әрі акын, әрі жазушы, әрі елдегі ең жақсы үлгілі мұғалім саналады. Ыбыраш Мырзаұлы – суырыпсалма халық ақындарының бірі, хат танитын, көзі ашық адам екен. Жұмбақ айтысы, міне, осы екеуінің арасында болады. Рахметжан акын Ыбырашқа үш жұмбақ береді.

Бірінші жұмбағы:

Қолымда қазаны бар астананың,
Ішіне таза, жумай ас саламын.
Көп халық қазанымнан пайда кылып,
Жеркенбей қолданады ас тамағын.
Әркімнің сыбағасын құйып беріп,
Қолыма шөміш алып, бас саламын.
Тамағын талай адам тауыса алмай,
Қысып жүр қолтығына тостағанын.
Көп және сол қазанның кереметі,
Ішінде піседі асы жанбай оты.

Шамасы тамағынан жалғыз қасық,
Ішеді аспан асты, жердің беті.
Берсем де ашка-тоққа қызғанбай-ақ,
Ортаяр қазанымның жоқ реті.

Бұл өлең жұмбақты Ыбыраш ақын былай деп шешкен:

Сия сауыт секілді
«Астананың қазаны»,
Таза, жумай ұстауың, –
Болмайсың оған жазалы.
Жазатын сия қағазға
«Отсыз піскен тамағы».
«Астанаға жетейік»,
Ақынның жазған қаламы.
Аспазшы болған ғалымдар,
Өзгелерден саналы.
«Қолындағы шөміші» –
Жазатуғын қаламы.
Қағаз жүрер колтықтап,
Өнер қуған жастарым,
Тау жұтқандай талабы.
Біз тілекші оларға,
Халыққа қорған болады,
Ұқсамайды бөтенге
Жұмбақтың осы сорабы...³

Оқу-ағарту жұмысына байланысты мәселелерді жұмбақ етулері кездейсоқ емес. Бұл мұғалім мен ақынның қайткенде сол кездегі өмір талабына сәйкесті оқу, білімнің қажеттігін халыққа кеңінен түсіндірсек деген игі мақсаттан шыққан тілек екені сөзсіз.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, әсіресе 1946–1950 жылдары жергілікті партия, совет ұйымдары ақындар айтысын қайта қолға алып, оның жер-жерде қызу өтуіне қамқорлық жасады. Бұл айтыстарда соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі қажырлы істер мадақталды, сонымен қатар

³ Қазақ әдебиеті. VIII класқа арналған оқулық. 11-басылым, «Мектеп», 1978. 118, 119-беттер.

орын алып отырған кемшіліктер сыналды. Ежелгі дәстүр сақтала отырып, жаңа мазмұн, жаңа сипат алды. Мәселен, соғыстан кейінгі жылдарда Қарағанды облысы мен Гурьев облысы ақындарының айтысы болып өтті. Сонда облыс шаруашылықтарымен танысу мақсатында айтысқа қатынасқан Гурьев облысының ақындары Сәттігүл Жанғабылов, Құмар Жүсіпов, Сұраубай Үттібаев Қарағанды облысына барып, көптеген өнеркәсіп орындарын, колхоздарды, совхоздарды, мәдени орындарды аралап оралды. Қарағанды облысының Кәжен Елеуов, Жолдыбай Нұрмағанбетов, Болман Қожабаев сынды ақындары Гурьев облысымен танысып қайтты. Осы дәстүр облыста қазір де сақталуда. Мұнсыз қандай жақсы, білгір, тапқыр ақын болғанымен, айтыс жыры тек сөзге ғана айналып, тиянақты, ұтымды болып шықпауы мүмкін.

1950–1960 жылдар арасында ақындар айтысы тағы да өріс алып, облыс аралықтарында бірнеше дүркін өтті. Бұл кездегі айтыстардың бір ерекшелігі – айтысушы ақындар қатары жас таланттармен толықтырылды. Соңғы жылдары кейінгі толқын жас ақындар еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге қатыса отырып, социалистік міндеттемелерді орындауға шақыруда. Сөйтіп, ақындар айтысы идеологиялық жұмыстың пәрменді құралына айналды.

Партия ұйымдарының басшылығымен Гурьев облысының еңбеккерлері он бірінші бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолында аянбай еңбек етті. Мұның бәрі ақындардың жырына арқау болды. Облыс партия ұйымдары ақындар айтысын ұйымдастырғанда халық шаруашылығының экономикасын жақсартуда қол жеткен табыстың жариялылығын қамтамасыз етуді, орын алған кемшіліктің сырын ашуды, оны жұртшылыққа жыр жолдарымен жеткізуді мақсат етті. Ақындар айтысы ең алдымен жергілікті жерлерде, совхоздар мен колхоздарда, кәсіпорындарда, аудандарда өткізіліп, сонан кейін облыс орталығында ауданаралық айтыстар өткізілді.

Әлбетте, айтысқа түсіп, топ жарып көріну тіпті де оңай емес. Бұған қабілетті, жан-жақты даярлығы мол, шаруашылық пен мәдениеттің қай саласынан болмасын хабардар, әлеуметтік құбылыстарды жете танитын зерделі, сайыскерге тән қас қағымда

ұтымды жауап қайыра алатындар ғана сан айтыстарда дес бермей, оқшау көрінеді. Атақты жазушы Ғабит Мүсіреповтің айтуы бойынша «...көркем сөз, көрікті ой, көңіл сенетін байлам – айтыс ақындарының ат байлар алтын қазығы, міне осы».

Гурьев облысында айтысқа әр аудан мұқият дайындалады. Өйткені эзірліксіз өткен айтыс тартымсыз болады. Осыған орай ұйымдастыру шаралары іске асырылады. Ең алдымен сайысқа түсетін ақындар творчестволық мүмкіндігіне, жас мөлшеріне қарай жұпталады. Өйткені халқымызда «айтыс ортақ – ақын ортақ, өнер – халыктікі, өнерпаз – көптікі» деген де бар. Ең негізгісі – ақындар талант күштері жағынан терезесі тең болғаны қажет. Шабытты ақын мен шабан ақынды айтыстыру ұтымды емес. Бірі құлашын кең жайып жатса, екіншісі еңсесін көтере алмай қалады. Айтыста қалжың сөз, өткір сын, эзіл-оспақ кездесе береді. Сондықтан да айтысушылардың жас мөлшері де қатарлас болғаны орынды. Дайындықтың тағы бір шарты, сайысқа түсетін әрбір ақын өз ауданының да, өзімен сайысқа түсетін ақынның ауданындағы шаруашылықтарды аралап, қажетті мағлұматтар алып, көрсеткіштермен, жұмыстағы жетістік-кемістіктермен жете танысады. Айтысты ұйымдастырудағы жаңалықтардың бірі – айтысты ашу, қорытындылау. Кейінгі жылдарда айтысты халыққа қадірменді қарт ақын, болмаса облыстың белгілі ақындарының бірі арнау өлеңмен ашып, сайысқа түскелі отырған ақындарға сәт қадам тілейді. Сын мен өзара сынды өрістетуге шақырады. Ал, айтыстың соңында жан-жақты қорытынды жасалып, ақындардың сөзіне баға беріледі. Кімнің жеңгені айтылып, алда тұрған міндеттерді орындауға атсалысу жөнінде игі тілектер білдіріледі. Мысалы, облыстың белгілі ақыны Төлеубай Ысқақов 1974 жылы Қарой жайлауында өткен шопандар тойына арналған кезекті бір ақындар айтысының шымылдығын былай деп ашты:

Ақ Жайық, ерке өзен, дарқан далам,
Тарихтың талай жүгін арқалаған,
Ақбозы Исатайдың тартып өтіп,
Шайқалтып хан ордасын, талқандаған.

Махамбеттің жырындай жалындаған,
Жетеді өн бойынан сарын маған.
Ер Чапайдың арынды жорығындай,
Топырағыннан ерліктің нәрін табам.
Ақ Жайық ала бөтен қасиетің,
Бойында мейірімің мол бас иетін,
Жағанды жайқалдырдың желекпенен,
Орындап ата-баба өсиетін.
Жағанда орнап сансыз қала бүгін,
Қырыңда мал қаптады кара-құрым.
Көк жасыл бедеменен жабу жаптым,
Өсірші әр шарбаққа дала гүлін.
Уа, шопан, Жайық ұлы – батыр халық, –
Бұрынғы қойшы деген атың қалып.
Көк «Волгамен» көсілткен кең далада
Мәртебеңді бүкіл жұрт отыр танып.
Мойындаймын қызметіңнің қиындығын,
Ерлікке ер еңбегің сыйымдығын.
Даланың дауылпазы сіздерсіздер,
Солай деп мадақтаған жиын бүгін.
Еңбегіңді әрдайым еледі елім,
Шығарды сенен талай еңбек ерін,
Күйсандықтан тал түсте күй тыңдайсың,
Түріп қойып іргесін керегеңнің.
Ильич шамы жарқырап күмбезіңнен,
Сыр сандығың жүреді бірге өзіңмен.
Депутат боп шешесің ел тағдырын,
Сөйлеп кейде үкімет мінбесінен.
Уа, ақындар, жиналған осы тойға,
Ұқтырындар екенін бақыт – қойда.
Жылытып жақсы жырмен жан дүниесін,
Сырына мол табыстың терен бойла.
Ал, кәне, бастайық біз айтыс жырын,
Болмасын төкпе сөзден қайтыс бүгін,
Біріңнен-бірің асып түсініздер,
Таппасын ешбір адам айтыс мінін⁴.

⁴ Ысқақов Т. Индер аудандық газеті. 1974. 7 шілде.

Осы кіріспеден кейін, ақындар айтысы қызу басталып кетті. Әр ақын өз ауданының еңбеккерлерін, қол жеткен табыстарын мадақтай жөнелді. Шынында да, коммунистік құрылыс кең қанат жайған бұл күндері, әр ауданда ауыз толтырып айтар істер де, мақтауға тұрарлық озаттар да, сәнді өмірдің жаңа салттары да жетерлік. Осыларды жеткізіп айтатын тек шешен тіл, оралымды ой керек. Жиналған жұртқа ақындар айтысының ішінде «Индер» овощ-сүт совхозының ақыны Мұрат Казихановпен айтысқан Жамбыл атындағы совхоздың жас ақыны Мырзағалиева Оңайдың айтысы өте мазмұнды, ұтымды болып, тыңдаушыларға қатты ұнады.

Индерлік Мұрат ақын өз совхозының қолы жеткен табыстарын мадақтай келіп:

Суынан Ақ Жайықтың сусындаған,
Овощ-беде көзге ұрады сусылдаған.
Ертеден кешке дейін егісімде,
Ерен жыр – еңбек жыры бір тынбаған, –

десе, жамбылдық ақын Оңай Мырзағалиева мұнан асыра сілтеп, «екінші тын» ерлерінің жемісті табыстарын былай деп жырлайды:

Айтпаймын жоқты бар деп мен асыра,
127 қозы алдың – жүз басына.
Қаракөл елтірісі және артық,
Таласың жоқ болар бұл жағынан.
Мақтансам, реті бар мақтанатын,
Әр салам бөлек-бөлек дастан әлі.
Шығынсыз 140-тан қозы алды,
Фермамыз Нұржан аға басқаратын, –

дейді. Сонымен қатар екі ақын да совхоздарды аралағанда өздері көрген шаруашылық және мәдени тұрмыстағы жетістіктермен қатар, байқаған кемшіліктерді, көңілге кірбің әкелер жайларды өткір өлең шумақтарымен сынға алды. Индерлік Мұрат ақын өлеңдерінің бір шумағында:

Алмаған асуларым жоқ дегенсін,
Межеге әлі күнге жетпегенсін,
Бүгінгі таң қой басын өсіруден
Бесжылдық денгейінен көп төменсің, —

деп бір қағытып өтсе, оған ақын Оңай былай деп жауап береді:

...Оу , аға, қалай-қалай есілесіз.
(Артық айтсам онымды кешірерсіз).
«Құлап жатып сүрінгенге күлме» деген,
Көп кешікпей абайла, түсінерсіз.
Аудандағы бір овощ-сүт совхозы
Болсаң да, овощ-сүтке жарытпады.
Сиырынды соқаға жегіп пе едің,
Қалай ғана соншама арықтады.
Жүгерінде өнім жоқ жарытымды,
Айтамын бұл жолы да тағы шынды.
260 тонна орнына 10 тонна алып,
Бір емес, бірнеше рет сағың сынды.
...Клубыңда болмайды ойын-сауық,
Оны қойдың оң жаққа жылы жауып.
Бір барғанда киноны эзер көріп,
Бес сағат зорға отырдым көзім талып, —

деп өткір сынайды да, Оңай ақын өз өлеңін мына шумакпен аяқтайды:

...Артық кетсем, ауытқып кішіліктен,
Кешір, аға, ақындық ақ жүректен.
«Дұшпан айтар күлдіріп, дос жылатар»,
Сынадым ғой мен-дағы дос тілекпен.

Ақындар айтысының соңында, сайысты бастап ашқан ақын Төлеубай Ысқақов кімнің қалай айтысканынан қорытынды жазап, айтысушыларға, тойға қатысқан шопан достарға ізгі тілек білдіріп, былай деді:

Қоздырған делебені тоятты алып,
Осымен айтыс кешін аяқталық,

Әр ақын шапты өзінше шын көңілмен,
Жыр нөсерін жатқан жоқ алып қалып.
Демендер кемшілікті көп тереміз,
Боп жүрмесін арада өкпеліңіз.
Сынаса түзесін деп сынайды ақын,
Кемшілік мүлде бізде жоқ деменіз.
Орындалып әрдайым тұрса жоспар,
Күн түсе көп қозы алып, көңіл коштар,
Жасаймыз сол күндерде тағы да айтыс,
Әзірге сау болындар, шопан достар!

Айтыстың қызықты, әсерлі болуы оның тақырыбы мен мазмұнына, түріне ғана байланысты емес, сонымен қатар тіліне, көркемдігіне, бейнелі сөз саптауына да байланысты.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» көркемдік тартымдылығы болмаса, қандай дәлелді пікір, салмақты ойды да жүдетіп алу қиын емес. Тілі жатық, қызықты айтыс тыңдаушының көкейіне қонады, елден-елге тарайды, есте ұзақ сақталады.

Гурьев облысында айтысқа қатысып жүрген 30-дан аса ақындар бар. Солардың ішінен талантты жастар: Теңіз ауданынан Тұрар Құрманғалиевтың, индерлік Сансызбай Базарбаев пен Оңай Мырзағалиеваның, Мақат ауданынан Амангелді Жылқышиевтің, Ембі ауданынан Жанаш Нұрмұхановтың, Новобогат ауданынан Оңайбай Әбуовтың, Махамбет ауданынан Қамидолла Ізекеновтың, Гурьевтің белгілі ақыны Төлеубай Ысқақов пен Төлеген Жаңабаевтың есімдерін алдымен атап, әрқашанда мақтан тұтамыз.

1970 жылы ұлы көсеміміз В.И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы және Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдық мерекелерінің құрметіне ұйымдастырылған облыс ақындарының айтысын Атыраудың қарт ақыны Құмар Жүсіпов ашты. Бұл кезде жетпіске аяқ басқан Құмекен кезінде талай айтысты көріп, бірқатар ақындармен өзі де айтысқан ол қолындағы күмбірлеген қара домбырасын ауық-ауық шертіп қойып, бүгінгі өмір сәні, халық бақыты, оған қол жеткізген ұлы Ленин, туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметі жайлы түйдектете жыр төкті. «Ленин туы бізді бастайды» деген толғауын жырлай келіп, сөзді сайысқа түскелі отырған ақындарға арнады:

Ау, жастарым, жастарым,
Айбынды болат асқарым,
Төкпей-шашпай өнерді,
Ортаңызға тастадым.
Ау, ақындар, ақындар,
Үдетіндер өленді.
Кімнің мықты екенін
Көпшілік өзі біледі.
Ақындықта пайда жоқ,
Көп алдына сыналып,
Көрінбесе өнері⁵, –

деп ақындар айтысын ашып берді. Бұл айтысқа жоғарыдағы көрсетілген көптеген ақындар қатысты, солардың ішінде өте-мөте Төлеубай Ысқақов пен Төлеген Жаңабаевтың айтысы ерекше қызу да қызықты өтті. Бұл екеуі де облыс еңбекшілеріне көптен таныс, көпшілікке баспасөз бетіндегі өлеңдерімен де белгілі өткір сөзді ділмар ақындар. Төлеубайдың табыс пен кемшіліктерді баяндауы, өзімен, жерімен, адамдарымен таныстыруы өте сәтті шыққан.

Мысалы, ол Индер ауданында қызмет атқарып жүрген кезінде өз ауданын былай деп таныстырады:

Төлешжан, ақын едің армайтұғын,
Тетелес алдыңа жан салмайтұғын,
Ағаң да адам емес қара жаяу,
Қанаты қатайса да талмайтұғын.
Жайықтың жағалай тал жағасынан,
Тайсойған, Мәмбет, Қарой арасынан
Көрерсің менің Индер ауданымды,
Атағын облыстан әрі асырған, –

деп, Төлеубай өзінің өлеңінде кешегі Махамбет, Чапаевтардың ерліктерінің үнемі жалғасып, жаңа ерлік арнасына құйылып жатқандығын айта келіп, оған мысалдар келтіреді. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жау ордасына өз жүрегін бомба қылып жарған Совет Одағының Батыры Боран Нысанбаевты, бүгінгі 16 Социалистік Еңбек Ерлерін атап, еңбек озаттары

⁵ Коммунистік еңбек. 1970. 15 шілде.

Қадиша Қашауованы, Кенжебай Есқайыровты, Ленин орденді атақты «Передовик» колхозының үлкен табыстарын жырлай келіп, Төлеубай ақын:

Бірімін облыста ірілердің,
Малы көп, байлығы көп жері кеңнің,
Мұнай да, газ да менде, кен де менде,
Біз емес ұсақ-түйек жүгі кемің.
Білесің ғой өзің де Сақанымды,
Шығарған біраз жерге атағымды.
Ауылда Академия ашты ол жылы,
Қайткенде көбейтем деп қатарымды.
Қозы алудан жүгім жоқ көтермеген,
Бұл үлгімді жан болмас бекер деген.
133 қозы алдым ауданымда,
Бұл сенің арманың ғой жетем деген.
Көлемді болмағанмен міндет те,
Шешілмей қалған емес міндет менен.
Овощпен ауылынды мен асырап,
Жоғынды тауып, сені де сүйреп келем, –

деп бір түйреп өтсе, Төлеген де оған абыржи қойған жоқ. Шынында да, шешен тілге шертер сыр көп бұл өлкеде. Ол өз ауданының шұрайлы жерін, Ойыл бойының абыройын, кешегісі мен бүгінгісін үлкен шеберлікпен жырлайды.

Ауданым Қызылқоға атындағы,
Табысы жылдан жылға қарқынады.
Мен жеткен ұлан асыр жетістікке,
Индерің қашан осы жақынады.
Жерім бай жаннат дерсің жан таңғалған,
Кезім жоқ Жайығына жалтаңдаған.
Сынғырлап ағып жатқан ерке Ойылым,
Сұлудай сыландайды жар таңдаған.
Қарыштадық жүріп біздер жай мекен,
Табысыма ісімменен сай келем.
Өткен жылы аяқтады ауданым
400 мыңнан аса таза пайдамен.

Мұнан кейін екі акын да әрбір ауданның күнделікті өмірінде, шаруашылықтарында осы уақытқа дейін орын алып келе жатқан кемшіліктерді қатты да, батыл да сынады. Бірақ та екі сайыскердің көздеген мақсаттары бір – аудан еңбекшілерінің қолы жеткен табыстарын ортаға салып, оның жариялылығын күшейту, орын алған кемшіліктерді келешекте болдырмауға, алдағы тұрған келелі мақсатқа жан аямай атсалысып, жұртшылықты соған жұмылдыра білу.

Төлеубай Ысқақов өз айтысының соңында:

...Ақын досым, жетер осы кемшілік,
Кемшілікке болмасын еш кеңшілік.
Ескерсін деп бүкпей айттым көргенді,
Сөге көрме бара жатса кем шығып.
Сіздің сынды түгел қарсы аламын,
Ауданымды кең талқыға саламын.
Белгілейміз жою үшін шаралар,
Қарастырып тез түзетер амалын, –

десе, ақын Төлеген Жанабаев өз сөзін былай деп аяқтады:

...Жамандықты тағы талай ірейміз,
Кемшілікті жал-құйрықтай күзейміз.
Сіздің айтқан сыныңызды мойындап,
Мына біздер жұмыла көп түзейміз.
Бақыт жолын татулықпен табамыз,
Қай күнде де бөлінбейді арамыз.
Сау болыңыз кездескенше тағы да,
Аяқтайын, қолыңды әкел, ағамыз.

Қазіргі айтыстың ескі заманның айтыстарынан түбегейлі өзгешеліктері бар, қазіргі айтыстың мазмұны да бұрынғыларға ұқсамайды. Мұндағы негізгі мақсат – өскен, өркендеп келе жатқан елдің, яғни облыс еңбекшілерінің қол жеткен табыстарын, еңбек мәдениетінің өркендеп келе жатқанын мадақтаумен қатар, күнделікті өндірісте, тұрмыста болып келе жатқан жекелеген кемшіліктерді мәдениетті түрде сынап, кейін бұл кемшіліктерді болдырмау шараларын белгілеу. Жалпы, облыстық

ақындар айтысы үлкен ұйымшылдықпен өткізіліп тұрады. Айтыс қорытындысында ақындарға бағалы сыйлықтар беріліп, облыстық, аудандық мәдениет орындарының грамоталарымен наградталады.

Ақындар айтысынан кейін, кейде шеберлік жарысы – мүшәйра ұйымдастырылады. Мұнда қатысушыларға қойылатын басты шарт: әрбір ақын бір-бірден конверт суырады, ол конвертте шығарылуға тиісті өлеңдердің тақырыптары көрсетіледі. Міндет – 15 минуттың ішінде тақырып мазмұнына сәйкес ұтымды өлең шығару, кім жақсы шығарса, сол жеңіп шығып, бәйге алады. Бұл тыңдаушылар үшін өте қызықты көрініс.

Бұл жолғы мүшәйраға 30 ақын қатысты. Бұлардың барлығы да көрсетілген мерзімді уақытта өлең дайындады. Ақындар Аманқос Ершуов, Марат Ысқақов, Қизат Әбілтаев мүшәйрада сәтті өлеңдер жазып, бағалы сыйлықтар алды.

Мүшәйраны жиі-жиі ұйымдастыру жас ақындардың таланты өсуіне, суырыпсалма ақын болып шыңдалуына үлкен ықпал етеді.

Ақындар айтысын өткізе отырып, келешекте оның формасы мен мазмұнын түрлендіріп отыруға көңіл бөлген ләзім. Қазіргі айтыстың көпшілігі шаруашылықтағы қол жеткен табыстарды, еңбек адамдарын қамтиды. Бұл дұрыс та, әсерлі де. Бірақ тек бір осылармен ғана шектеліп қалмай, «Жұмбақ айтысын», қыз бен жігіттің айтыстарын да ұйымдастырған жөн болар еді.

Күй өнері – қазақ халқының асыл мұрасы. Ол тарих тереңінде саф алтындай сақталып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Күй атасы Құрманғазының, Дина мен Тәттімбеттің, Дәулеткерей мен Сейтектің, Қазанғап пен Ықыластың өлмес мұралары тыңдаушысын баурап алып, терең ойға жетелеп, эстетикалық мол ләззат береді. Халқымыздың шынайы талант иелерінің есімдерін қастерлеп, ұдайы үлгі тұтып келгені де сондықтан. Композиторлар өз күйлерін халықтың өміріне, тарихи оқиғаларға байланыстырып отырған. Айтайын деген ойын күй арқылы халқына жеткізе білген. Мысалы, Құрманғазының ең алғашқы күйлері Исатай мен Махамбет көтерілісіне арналса, одан кейінгілері қазақ халқының Октябрь революциясына дейінгі қиыншылықта өткен ауыр өмірімен таныстырады.

Дина Нұрпейісова Ұлы Октябрь социалистік революциясын 60 жасында қарсы алып, бұдан кейінгі күйлерін өзінің композиторлық творчествосына екінші өмір берген Коммунистік партияға, ұлы совет халқына, оның қуанышы мен жетістігіне арнады. «Партия туралы күй», «Тойбастар», «8-Март», «Ананың бұйрығы», «Жеңіс», «Еңбек геройлары», «Сауыншы» деген күйлерінде 94-ке келген ананың партияға, халыққа деген сүйіспеншілігі аңғарылады.

1939 жылы Дина Нұрпейісова Москвада өткен Бүкілодақтық халық аспаптары конкурсында бірінші орынды жеңіп алды. Академик, профессор В. Беляев «Халық музыканттарының байқауы» деген мақаласында: «Қалың бұқараның музыка мәдениетін өркендету ісінде байқау халық музыкалық аспаптарының маңызын көтерді. «Домбыраның Жамбылы» Дина көрсеткен асқан шеберлік, домбыра сияқты халық аспаптарын сақтау, оны өркендету жолындағы үгіттің ең жақсы әдісі болып табылады» деп жазды.

Бүгінгі Атырау – Жайық өңірінде кешегі халық композиторлары жерлестеріміз Құрманғазы мен Динаның күй өнері атадан – әкеге, әкеден балаға ауысып келе жатыр. Тамаша дәстүрді әуесқой композиторлар мен домбырашылар жалғастыруда.

Атырау – Жайық өңірінде дүниеге келіп, өсіп-ержетіп, өздерінің талантымен халықтың құрметіне бөленген, республика көлемінде абыройлы қызмет атқарып жүрген жастар аз емес. Әсіресе, солардың ішінде өз өнерлерін көркемөнерпаздар үйірмелерінде бастап, бүгіндері үлкен атакқа ие болған акын Фариза Оңғарсынова, Қазақ ССР-інің халық артистері Нұрмұхан Жантөрин, Гүлжан Талпакова, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артистері Қаршыға Ахмедияров, Әзидолла Есқалиев, Бақыт Қарабалина, опера театрының әншісі Хафиз Есімов, атақты домбыра маманы Шәміл Әбілтаевтарды облыс жұртшылығы өздеріне мақтаныш етеді.

Гүлжан Талпакова Гурьев қаласында туып, Н.А. Гоголь атындағы орта мектептің оныншы класын бітірді. Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ қоғам жұмысына белсене араласты, көркемөнерпаздар үйірмесінде биге қатысып, өнерге жан-тәнімен құштар екендігін танытты. Ол кішкентай күнінен бастап тамаша

сюжеттерді орындап, мамандардың көзіне түсе бастады. Мектепте оқып жүрген кезінің өзінде Гурьев қаласындағы мұнайшылар Мәдениет сарайының жанында ұйымдастырылған «Мұнайшы» ән-би ансамбліне қатынасып, көп ұзамай-ақ «Жетекші биші» деген атаққа ие болды.

Гүлжан Талпақованың өнер көгіне самғап, талантының тез танылуына бірнеше себептер болды. 1965 жылы Атырау – Жайық өңіріне облыстың мәдениетімен, өнерімен жете танысу мақсатында Қазақ ССР-інің халық артисі, республиканың жаңа ғана ұйымдасып жатқан эстрада студиясының директоры Гүлжихан Ғалиева келді. Қаланы, аудандарды аралап, елдің өскелең мәдениетімен, соның ішінде көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмыстарымен жете танысты, өзінің ақыл-кеңестерін айтып, көптеген өнерпаздардың болашағына үлкен табыс тіледі. Міне, осы кезде «Мұнайшы» ән-би ансамблімен танысып, көптеген өнерпаздардың жұмысына жақсы баға берді. Әсіресе, жетекші номерлерде ойнап жүрген талантты, шебер биші Гүлжан Талпақова бұл кісіге өте ұнады.

«Гүлжанның қай биді орындамасын, оның мағынасын, мазмұнын жете түсініп, әрбір қимылын үлкен есеппен, мәнерлеп, нақыштап орындау шеберлігі, өте-мөте оның өнерге, соның ішінде биге деген сүйіспеншілігі, берілгендігі маған әсер етті» деді Г. Ғалиева. Арада көп уақыт өтпей-ақ Гүлжан Талпақова Алматыға шақырылып, Республикалық эстрада студиясының хореографиялық бөліміне оқуға түсіп, өте жақсы бағамен бітіріп шықты.

«Студияда оқыған жылдар мен үшін үлкен өнер мектебі болды, өнер деген сөздің шын мәніне мен сонда түсіндім. Менің болашақ өмірім тек өнермен ғана байланысты деп білдім. Менің бірінші әрі сүйікті ұстазым, оқу жолындағы кездескен көптеген қиыншылықты жеңе білуге үйреткен, ақылшы болған, менен басқа да көптеген жастарды өнер шыңына жеткізген, үлкен маман, өз жұмысының асқан шебері – Елена Николаевна Грикурованы осы кезге дейін ойыма сақтап, жүрегімнің төрінен орын беріп келемін», – дейді Гүлжан. Кешегі көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі Гүлжан Талпақова 18 жылдай эстрадалық оркестр мен ансамбльдердің құрамында қызмет атқарып келеді.

Бұл күндерде кемелденген, өнер шеберлігін жете меңгере білген Гүлжан сүйікті Отанымыздың барлық түкпірлерінде болып, театрлар мен концерт залдарының сахнасында өзінің тамаша өнерін көрсетіп келеді. Гүлжан қатысқан оркестр мен ансамбль соңғы жылдардың өзінде дүние жүзінің 30 мемлекетінде болып, концерттер берді, совет елінің өнер саласындағы жетістіктері мен табыстарын көрсетіп, үлкен табыспен оралды.

Гүлжан Талпақованың репертуарында классиктермен бірге совет композиторларының шығармалары, Куба, Үндістан, Африка, Венгрия, Чехословакия және басқа да елдер халықтарының билері бар.

Күнделікті репетиция, концертке қатысумен бірге Гүлжан Талпақова қоғам жұмысына да белсене атсалысады. Ол – Қазақстан комсомолының XIII–XIV съездерінің, Бүкілодақтық Ленин комсомолының XVI съезінің делегаты. Софияда өткен студенттер мен жастардың дүниежүзілік IX фестивалінің лауреаты.

Өнерлі ұядан ұшып, қазірде республика көлемінде атағы шығып, халық ілтипатына бөленіп жүрген – Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының жетекші әншілерінің бірі Хафиз Есімов. Ол 1947 жылы Гурьев облысы, Махамбет ауданының Сараичинко селосында туып, онжылдық мектепті Махамбеттің орталығында бітірді. Содан кейін бір жылдай аудандық «Сельхозтехника» мекемесінде слесарь болып істеді.

Хафиз жас күнінен бастап домбырамен күй тартуға, ән салуға құмар болған. Әкесі Қыдыр Есімов үлкен домбырашы-күйші адам еді, 25 жылдай Махамбет аудандық партия комитетінде жауапты қызметтерде істеп, 1979 жылы қайтыс болды. Хафиз домбыраны әкесінен үйренген. Аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орынға ие болған.

Хафиз 1968 жылы Алматы консерваториясына түсіп, оны «өте жақсы» деген бағамен бітіріп, консерваторияға жұмысқа қалдырылды.

Хафиз 1975 жылы Күләш Байсейітоваға арналып өткізілген конкурстың бірінші дәрежелі лауреаты, 1976 жылғы Глинка атындағы фестивальдың дипломанты, 1977 жылы Ташкент қаласында өткізілген солист-вокалистер конкурсының лауреаты.

Кешегі жергілікті көркемөнерпаздардың арасынан республикамыздың опера және балет театрының жетекші әншілерінің біріне дейін көтерілген Хафиз Есімовтың өнер жолы осындай.

Атадан балаға мұра болып сары алтындай сақталып келе жатқан халық композиторларының күйлерін ілгері апаратын, жұрт құрметіне бөленіп жүрген ондаған атақты домбырашылар бар. Солардың ішінен әсіресе Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артистері Әзидолла Есқалиев пен Бақыт Қарабалинаны, домбыраның үлкен шебері Шәміл Әбілтаев пен Қаршыға Ахмедияровты облыс жұртшылығы өздеріне үлкен мақтан тұтады. Әзидолла Есқалиев орта мектепте оқып жүргеннің өзінде домбыра үйірмесіне белсене қатысатын. Әншейінде ұяң, бұйығы Әзидолла қолына домбыра тигенде мүлдем өзгеріп, домбыраны сазына, нақышына келтіре құйқылжыта жөнелетін.

Әзидолланың орындауында өзгеше әдемілік сезім бар. Ол домбыра тартқанда жай күй тыңдамайсыз, өте қызық кітап оқығандай, немесе бір оқиғаның куәсі болғандай сезінесіз.

Қазір Әзидолла республикамызға белгілі атақты домбырашы, Одақ, шетел сахналарына талай рет шығып жүр.

Облыстың талантты жастары қазірде республикамыздың қай түкпірінде қызмет атқарса да, өздері ұшқан ұясын ұмытпайды, әр уақытта келіп, кейінгі толқын жас өнер иелеріне ақылдарын айтып, нақтылы жәрдем беріп, көмектесіп тұрады, бұл үлкен адамгершілік қасиет.

Қазірде осы игі дәстүрді Атырау жерінде жалғастырып отырған әуесқой композиторлар Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкерлері Сейілхан Құсайынов, Зәмзәм Есжанова, марқұм Шамшиден Шәріпов, Отан соғысының ардагері, ақын әрі композитор Смағұл Көшекбаев, әуесқой композиторлар Токсанбай Құлтумиев, Самат Мәдиев және Жалғас Назаров, Зәмзәм Дәуітов, Абдолла Мұсағалиев, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкерлері, атақты домбырашы Рыспай Ғабдиев, әнші әрі домбырашы Нариман Үлкенбаев өздерінің орындау шеберліктерімен жұртшылыққа кең танылған таланттар. Бұлар шығарған ән мен күй тек халық өнерпаздарының репертуарларына ғана енгізіліп қоймай, облыстың, қала берді республикамыздың музыка-

ка сүйер жұртшылығына кең тарап отыр. Олардың жарық көрген бірнеше ән-күй туындылары ұлттық сипатының қанықтылығымен, музыкалық тілінің нәрлілігімен көпшілік көңілінен шықты. Бұлардың көптеген күйлері қазіргі коммунизм құрып жатқан совет халқының рухани азығының бірі, бұл күйлер халықтың сүйіп тыңдайтын шығармаларына айналды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, бұл жөнінде облыстың әуесқой композиторлары мен атақты домбырашыларының творчествосынан бірнеше мысалдар келтірелік.

Ардагер жауынгер акын-композитор, ардақты азамат Смағұл Көшекбаев 1904 жылы қазіргі Теңіз ауданының «Ботакан» деген ауылында туған. Атақтары әлемге жайылған күй атасы Құрманғазы мен Динаның туған, өскен, өнердің бірінші баспалдағынан өтіп, атақтарын бүкіл елге жайған, танытқан жері.

Смағұлдың әкесі Көшекбай балықшы, шешесі Шұға жәй шаруа болған адамдар. Екеуі де өнерлерімен елге танылған жақсы әнші-күйшілер екен. Халқымыздың «ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің» деген аталық сөзіндей, Смағұл жастайынан өнерге құштар, талантты жігіт болған.

Жас күндерінен бастап ән салып, домбыра тартып қана қоймай, өз жанынан өлең, ән шығарумен шұғылданған.

Оның әуесқой композитор ретінде танылғаны, өте жақсы шыққан алғашқы шығармасы «Ақторғай» әні кезінде көрермендерден жақсы баға алды. Жас композитор ауыл мектебінде сабақ бере жүріп талай әндер шығарды. Олардың ішінде: «Ақыш», «Терме», «Жас талап», «Ұмытыламын», «Ақын қыздың аты» деген әндері жарық көріп, халық арасына кең тарап кеткен.

Смағұл Көшекбаев 1937 жылдың жазында ауыл көркем-өнерпаздарының Алматыда өткен бірінші байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болады. Арнаулы комиссияның шешімі бойынша КазЦИК атындағы оркестрге қызметке орналасады. Осыдан бастап Смағұл барлық өмірін өнер жолына жұмсайды. Оркестрге қатысып жүргенінде ол сахнада Құрманғазының, Динаның, Соқыр Есжанның, Қонаштың көрермендерге бұрын таныс емес жаңа күйлерін үлкен шеберлікпен асқақтата, шалқыта орындайды.

Оркестрдің карамағында жүргенде Смағұл Динаның көптеген күйлерін орындайды және өзінің Дина Нұрпейісованы білетіндігін айтып отырады. Осыған байланысты қызмет істеп жүрген орнынан еліне арнайы командировкаға барып, Динаны Алматыға алып қайтады.

Сөйтіп, Смағұл Көшекбаев Динаның композиторлық есімінің бүкіл елге танылуына себепкер болған адамның бірі. Смағұл сол жылдарда өзінің тынбай ізденіп, жұмыс істеуінің арқасында «Балықшы», «Дос жүрегі», «Ботагөз», «Май түні», «Жаз», «Біздің ән», «Қызыл әскер кім» атты әндерін және «Ортва» деген күй шығарады. Сонымен қатар ол тек ән-күй ғана жазып қоймай, ірі-ірі музыкалық туындылармен де шұғылдана бастайды. Композитордың «Сейтек» атты операсы осы кездің туындысы.

Смағұл Көшекбаев ел басына қауіп төнген Ұлы Отан соғысының отты жылдарында, 1941 жылы өз Отанын қорғауға аттанып, майданда үлкен ерліктер жасады. Өнерпаз жігіт өз өнерін соғыста жүргенде де ұмытпайды, қайта өзінің сөздерімен совет жауынгерлерін өз Отанын қорғауға, ерлікке шақырады. Майданда өлім мен өмірдің арасында жүріп, аз ғана сәтті үзілістерде домбыра тартып, өлең айтып жауынгерлердің рухын көтеріп отырды. Окопта жүргеннің өзінде ол «Керзі етікпен қан кешіп», «Дауыл», «Біз жеңеміз», «Біздің ант», «Бригада жыры», «Сағынамын» деген әндер шығарды.

Сегіз қырлы, бір сырлы, он саусағынан өнер тамған ардагер азаматтың, Ұлы Отан соғысында қасиетті Отанын қолдағы қарумен ғана емес, жүрек тебіренетерлік композиторлық, ақындық, әншілік өнерімен де қорғаған ержүрек жауынгердің өмір жолдары СССР Журналистер одағының мүшесі Тәмти Ибрагимованың 1979 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Жас казак» атты жинағында біраз қамтылған. Смағұл Көшекбаевтың белгілі 17 әні мен өлеңдері атап көрсетілген. Смағұл әндері өзіне тән нақышпен терең ойға, тәтті сезімге жетелейді. Автор ән жанрының сипатынан, көркемдік шарттарынан әсерлі, ұғымды, ұтымды штрихтар табады.

Смағұл әскер қатарына қатардағы жауынгер ретінде

шақырылып, капитан шеніне дейін өскен. Батальон партия ұйымының секретары, батальон командирінің орынбасары деген лауазымға ие болған. Оның Отан қорғаудағы еңбектері жоғары бағаланып, ол Қызыл Жұлдыз, Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен наградталған. Есіл азамат Жеңіс күніне жиырма күн қалғанда, 1945 жылдың 18 апрелінде (41 жасында) Берлин түбінде ерлікпен қаза тапты.

Бұл күнде біздің ортамызда Смағұл жоқ, бірақ оның мәңгілік сақталатын творчестволық мұрасы, адал жары, аяулы балалары бар. Смағұлдың зайыбы үш баласымен Теңіз ауданының орталығы – Ганюшкино поселкесінде тұрады. Смағұлдың інілері: Ниетқали соғыста қаза тапты, екінші інісі – Нәубетқали Көшекбаев қазірде қазақтың С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценті, ғылым кандидаты. Қарындасы Рахима құрметті демалыста.

Облыста музыка кадрларын даярлауға, жасөспірімдердің музыкалық сауатын ашуға зор үлес қосқан музыка мамандарының бірі – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкерлері Сейілхан Құсайынов пен оның жұбайы Раушан Нұрпейісова.

Сейілхан жақсы домбырашы, күйші ғана емес, сонымен бірге ол композитор, ұйымдастырушы. Ол шығарған «Мереке», «Байжұма», «Ақжайық» күйлері мен «Тың шаттығы» романсын қазірде тек қана Гурьев облысы емес, республиканың басқа да облыстарының халық аспаптар оркестрлері орындап жүр. Осымен қатар Сейілхан Құсайынов Атырау – Жайық өңіріне арналып жазылған бірқатар әндердің де авторы. Солардың ішінде М. Ысқақовтың сөздеріне шығарған «Гүлденіп, көркейе бер, Гурьевім», «Мұнайшы қарындас», «Шопан іні» (Социалистік Еңбек Ері, бұрынғы «Передовик» колхозының сол кездегі шопаны Сақан Дәулетқалиевке арналған), «Ақын арманы» (сөзі Б. Аманшиндікі, Т.Г. Шевченкоға арналған), Т. Алдабергеновтың сөздеріне жазылған «Қазақстан», «Маңғыстау маршы» (Лениндік сыйлықтың лауреаттарына арналған), Ф. Оңғарсынованың сөзіне жазылған «Балықшы қыздың әні», Ж. Саинның сөзіне жазған «Қарамашы, қадамашы көзінді», Ж. Нұрмұхановтың сөзіне жазған «Далабай» әні (соғыста құрбан болған ардагер ақын Дала-

бай Жазықбаевқа арналған), тағы басқа әндерінің орны ерекше. Бұлардың көпшілігі облыстың көркемөнерпаздар үйірмелерінің репертуарларына енгізіліп, орындалып жүр.

Сейілхан Құсайынов – тек қана композитор емес, ол сонымен қатар жақсы ұстаз, Д. Нұрпейісова атындағы қазақтың халық аспаптар оркестрін ұйымдастыруға белсене қатысып, оның творчестволық өсуіне үлкен ықпал жасаған азамат. Сейілхан Құсайынов жұбайы Раушан екеуі жастарды бірі домбырадан, екіншісі кобыздан үйретіп, аз уақыттың ішінде оркестрге қатынасушылардың санын көбейтіп, өздерінің орындаушылық, шеберліктерімен жұртшылықтың көзіне түсе бастады.

С. Құсайынов 1956–1969 жылдар аралығында үзбестен осы оркестрдің бас дирижері болды. Д. Нұрпейісова атындағы оркестр өзінің қолы жеткен тамаша табыстарының арқасында 1958 жылдың декабрінде құрамындағы 50 адаммен Отанымыздың астанасы – Москвада өткізілген қазақ өнерінің онкүндігіне қатынасып, үлкен абырой-атақпен оралды.

Сейілхан өнерінің қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне қоғамдық ұйымдармен бірге оның зайыбы Раушан Нұрпейісованың сіңірген еңбегі, қосқан үлесі бір төбе. Өйткені Раушан Сейілханға күнделікті жұмысында музыка жазуда, оркестрді ұйымдастыруда тек қана жақсы кеңесші және әділ сыншы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге музыкалық семьяның ұйтқысы, өнегелі ұстаз, оркестр мүшелеріне кобыз үйретуші алғашқы қарлығаштардың бірі болды. Р. Нұрпейісованың класынан шыққан кобызшылар бұл күнде облыстың, республиканың түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша қызмет атқарып жүр.

Облыс жастарын музыкаға, соның ішінде, домбыраға үйретуде, болашақ шебер орындаушыларды даярлауда республикаға атағы жайылған Зәмзәм Есжанованың сіңірген еңбегін айтпай кетуге болмайды. Зәмзәм домбыраны кішкентай күнінен өзінің әкесі Хасан мен туған апасы Баршадан үйренеді, ол екеуі де кезінде асқан күйші, домбырашы болған, атақты Тазбаламен кездескен адамдар. Зәкең 6 жасар кезінде-ақ «Топан», «Кеңес» сияқты күйлерді еркін орындап, «домбырашы қыз» атанған. Содан бері әкесінің өзіне арнап жасаттырып берген қарағай дом-

бырасы қолынан түсіп көрген жоқ. Атадан балаға ауысып келе жатқан игі дәстүрді Зәкең шын жүрегімен қабылдап, ізденудің, үйренудің, жалықпай еңбек етудің аркасында көп ұзамай ел арасында шебер домбырашы ретінде таныла бастады. Міне, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтті, ал соның қырық жылдан астамын жастарды музыкаға үйрету жолына жұмсады. Осы уақыттың ішінде жүздеген баланы музыка мамандығына үйретті.

Бір кезде Зәмзәмның оркестріне қатынасқан шәкірттерінің біразы музыкалық училищелерді, консерваторияларды бітіріп, республикамыздың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр. Солардың ішінде Рысбай Ғабдиев – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, атақты домбырашы, Гурьев педагогика институты музыка факультетінің деканы. Мағзом Сүндетов – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, шебер домбырашы. Сара Нығыметова – атақты домбырашы, Құрманғазы атындағы консерваторияны бітіріп, қазір сонда музыка пәнінің оқытушысы, Т. Ғабдуллин – домбырашы, қазір әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында оқытушы, т.с.с.

Зәмзәм Есжанова – бармағынан бал тамған шебер домбырашы, өзі сүйетін өнерді өзгелерге үйреткен ұстаз болуымен бірге, өз жанынан күй де шығарады. «Ақ ілме», «Айнама қалды», «Каспий толқыны», «Ақ Жайық», «Шашу», «Шаттық» атты күйлері халық арасына кең тараған. Қазірде ол құрметті демалыста, бірақ үлкейдім, болдым, толдым деп отырмайды, кезі келсе күрең домбырасын күмбірлетіп, шаршы топта шабытты күйлерін шалқытып-ақ тастайды. 1972 жылы жыр алыбы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына байланысты Алматыға шақырылып, онда өзі шығарған күйлерін астана көрермендерінің алдында орындап берді. Ол – республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты.

Музыка саласында жас әуесқой композитор Самат Мәдиев жемісті еңбек етіп келеді. Оның «Мұнайшылар маршы», «Балықшы әні», «Қаһармандар» деген әндері мен «Жарыс», «Бейбітшілік», «Жастар мерекесі», «Жасасын партия» күйлерін өнер сүйетін қауым жақсы біледі.

Әуесқой композиторлар мен шебер домбырашылар жа-

йында айтқанда біздер әр уақытта Атырау – Жайық өңірінің белгілі күйшісі, дарынды өнер қайраткері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері марқұм Абдолла Мұсағалиевты да құрметпен еске аламыз.

Абдолланың өзі қырықтан астам күй білетін. Оның репертуарында қазақ композиторларының, сондай-ақ Моцарттың, Глинканың, Лядованың тамаша шығармалары болды. Абдолла – «Көгершін» (сөзі ақын М. Неталиевтікі), «Жігіт сыры» (сөзі М. Сатыбалдиевтікі), «Есбол жастарының маршы» (сөзі Б. Аманшиндікі), «Ақ Жайық» (сөзі Ф. Сейілхановтікі) атты әндердің авторы. Ол В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесіне арнап «Салтанат» атты күй шығарды. «Осы бір шығармам көсем тойына шашуым болсын, ленинизм идеяларының жеңісін салтанатпен паш етсін, сондықтан бұл күйдің атын «Салтанат» деп атадым», – деген еді кезінде Абдолла. Жолдастары «Композитор Абдолла» деп дәріптеп, қолпаштай бастаса, «Ой, жігіттер-ай, біздерге композиторлық қайда, композитор болу үшін Құрманғазы атам мен Ахмет ағаның талантындай талант болу керек қой, ал біздерге музыкант деген әдемі аттың өзі де жетіп жатыр» дейтін.

Әуесқой композиторлардың өнерпаздық жолына бір сәт көз жіберсек, олардың өнердегі сәтті қадамдары, шығармаларының деңгей-дәрежесі көкірекке қуаныш ұялатады, алайда өмірде егіз қозыдай әндер мен күйлер де кездеседі. Әрине, талапкер авторларға профессионалды деңгейдегі талап қойылмайтыны белгілі. Авторлардың кейбіреуі музыкалық сауатының жоқтығынан әнге сүйемел жасай алмайды. Әнге текст таңдауда да талғамсыздық жіберіп алады. Талғампаздықпен іздене білсек, талант көп. Сондықтан да әуесқой композиторларға мамандардың, тиісті орындардың тарапынан күнделікті қамқорлық керек. Олардың шығармаларын уақытында қарап, байыпты пікір-кеңестер берілсе, таңдаулы дегендерін баспасөзде жариялап, жан-жақты талдау жасалған рецензиялар беріліп отырса, орынды болар еді демекпіз.

Әуесқой композиторлардың шығармаларын насихаттау, практикалық көмек – көрсету жергілікті мәдениет орындарының

тікелей міндеті. Ол үшін жақсы әндерді нотаға түсіріп, ән жинақтарын құрастырып отырса, тәуір деген әндер мен күйлерді магнитофонға жазып алып, ел аралатса, әсіресе бұл жөнінде автотопездар мен автоклубтарды кеңінен пайдаланса игілікті іс болар еді.

Халық өнерінің қазынасы мол. Асылды жасытпай ел игілігіне жарату – таланттың да, талапкердің де парызы.

Уақытпен үндескендер

Өнер – адам бойындағы
күдіреттіліктің ең асқан көрінісі.

Лев Толстой

Атырау – Жайықтағы мәдени табыстардың көрнекті бір саласы – театр. Қазақ театрларының туу тарихы және олардың өсу жолдары бір-біріне ұқсас болғанымен, творчестволық бейнесі әртүрлі, әрқилы дәрежеде. Мұның өзі ең алдымен, оның мәдени-экономикалық жағдайларымен, сондай-ақ актерлер құрамының шеберлігіне, режиссерлерінің білімі мен тәжірибесіне байланысты.

Халықтың өміріне және мәдени талабына орай республикамыздың барлық жеріндегі сияқты Гурьев қаласында да алғаш рет 1930 жылдары болашақ драмалық театрдың негізі қалана бастады.

Мұнда мектептер мен жетім балалар тәрбиеленетін коммуналарда, Ембі мұнайшылары мен теміржолшылар клубтарындағы драма үйірмелеріне қатысқан эуескойлардан актерлер тобы құрылды. Ауылдан келген әнші, күйшілерден ұйымдасқан бұл үйірменің көркемдік және ұйымдастырушылық жұмыстарын қаладағы наубайханада істейтін жұмысшы Қапар Қожахметов басқарған. Осы үйірмеге театрдың қазіргі жетекші артистері Қуат Төлеков пен Құрманғали Доғалақов қосылады. Үйірме жұмыстарын үзбей жүргізіп келгендер де осылар.

Үйірменің репертуары бастапқы кезде тек шағын пьесалар мен жеке ән-күйлер, такпақтардан құрастырылады. Үйірме өзінің тұңғыш шымылдығын Бейімбет Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» атты комедиясымен ашады, сахна өнерін ұнатушы көрермендердің тілектері бойынша әрбір қойылған спектакльдің соңынан концерт беріліп отырған.

Бастапқы ұйымдасқан кезіндегі елеулі кемшіліктеріне қарамастан үйірменің жергілікті халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде үлкен мәні болды. Өнерпаздардың ойындарына көрермендер өте көп жиналатын. Алғашқы кезде үйірменің жұмысын жүргізіп отыратын тиянақты орынның болмағанына қа-

рамастан сахна өнеріне кұштар талапты жастардың басын қосу келешек театрдың кұрылуына, ұйымдасуына көп септігін тигізді.

1935 жылы мұнайшылар клубының жанында әр жерде бытырап жүрген кішігірім үйірмелерден жаңа көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылады. Үйірменің құрамы өсіп, 15-18 адамға жетеді. Үйірменің құрамында әйелдер болмағандықтан, олардың рөлдерін ерлер ойнап келген.

Осы кезе жаңа үйірмеге әйелдерден ең бірінші болып Шаштықыз Жұмабаева келеді. Шаштықыздың болашақ театрдың коллективіне келудің үлкен маңызы болды. Біріншіден, оның театр өнерімен әуестенуі басқа әйелдердің де үйірме жұмысына саналы түрде араласуына жол ашты. Екіншіден, мұның өзі үйірменің репетуарын ажарландыра түсіп, шағын пьеса, концерттермен қанағаттанбай, көркемдік сапасы жоғары, идеялық мазмұны терең сүбелі шығармаларды дайындауға мүмкіндік туғызды.

Мысалы, үйірме коллективі Бейімбет Майлиннің «Шұға» пьесасын қойғанда көрермендерге өте қатты ұнаған образдардың бірі Шаштықыз ойнаған «Шұға» бейнесі. Шаштықыздың әдемі ажары, сұлу келбеті, еркін шырқалатын ашық дауысы да оның дарындылығын байқатты. Шұға бейнесінің әр алуан қыры мен сырын терең сезініп аша білген.

1937 жылға дейін қалада сол көркемөнерпаздар үйірмесі ғана болды. Сондықтан да сол коллективтің талабын қолдай отырып, соның негізінде театр құру жөнінде жер-жерден түскен ұсыныстарға байланысты республикалық ұйымдардың алдында Гурьевте театр ашу мәселесі қойылып шешіледі.

Осыған байланысты болашақ театрды сахна мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында 1937 жылы Гурьевте бір жылдық театр студиясы ашылды. Бұл студияның творчестволық жұмысына басшылық ету Москвадағы театр институтының режиссерлік факультетінің үшінші курсынан келген студент Шафхат Гатаулинге жүктелді.

Оның үстіне сол жылы Гурьевке Москваның «Нефтяник» театры гастрольге келіп, қысқы маусымын осында өткізеді. Жаңа ғана ашылған студия жұмысының жақсы ұйымдастырылуы-

на, жұмыс сапасының жемісті болып, болашақ сахна кадрларын даярлауда Москваның осы «Нефтяник» театрының тамаша коллективінің туысқандық, жолдастық зор көмегі тиеді. «Нефтяник» театрының режиссері Троцкий және басқа да жетекші актерлер студияда актер шеберлігі жөнінде сабақ беріп, болашақ актерлердің мамандық қабілетін шыңдай түседі. Соның нәтижесінде студия тыңдаушылары өздерінің қатынасуымен емтиханға М. Әуезовтің «Түнгі сарыны» мен Д. Фурмановтың «Бүліншілік» атты пьесаларын қойып береді. Сөйтіп, Москваның «Нефтяник» театрының коллективі студияның өсіп жетілуіне үлкен ықпал жасайды.

Студияны 20 адам бітіріп шыққан. Олардың ішінде Қуат Төлеков, Шаштықыз Жұмабаева, Оңай Жақсыбаев, Құрманғали Доғалақов, Әбіл Қизатов, Айтжан Есенбаев, Марияш Торалиева, Балым Есенбаева, Қайыржан Имашов, Меңдеш Есенбаев, Ғабдолла Өтеулиев және басқалар болды.

Партия, совет ұйымдарының, облыс еңбекшілерінің тілектері қабылданылып және қажетті кадрлардың даярланғанын ескере отырып, Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының 1938 жылғы 5 марттағы қаулысы бойынша Гурьевте қазақ театры ашылады. Осы қаулыға сәйкес Петропавл театрларының коллективі Гурьев театрына келіп қосылады. Театрдың көркемдік жағынан басқарған режисер А.И. Сусанов-Саянский, суретші И. Непряхин, артистер Жамила Ибрагимова, Хамит Болдыров, Зәмзәм Нұрмағанбетова, тағы басқалар келіп, Гурьев театрының бірінші маусымын ашуға белсене атсалысты.

1938 жылы 9 майда М. Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасымен Гурьев театры өзінің тұңғыш сахнасын ашты. Әрине, бірінші дайындалған спектакльде көптеген кемшіліктер де болды. Театр коллективі ол кезде профессионалдан гөрі көркемөнерпаздар коллективтеріне ұқсастау еді, актерлер өз жұмыстарын көптеген қиыншылық жағдайларда өткізді. Театрда мамандардың болмауына байланысты артистердің кейбіреуі суретшілік пен тігіншілік жұмыстарын қоса атқарды. Театрдың материалдық жағдайы да мардымды болмады, оған керекті декорация, костюмдер жетіспеді, басқа да қиындықтар аз емес-тін. Репетиция жасау да

онай болған жоқ. Мұнайшылар клубының үйі театр жұмысына бейімделмеген болса, артистердің тұрғын үйлерінде де мұндай мүмкіншіліктер бола бермеді.

Дегенмен жас актерлердің өнерге деген құштарлығы, сүйіспеншілігі арқасында олар бұл кемшіліктерге қарамастан, жан-тәндерімен қажырлы еңбек етіп, алғашқы спектакльдің біркелкі тәуір шығуына зор күш-жігер жұмсады.

Осы еңбектің нәтижесіне орай «Түнгі сарын» пьесасы жаман да шыққан жоқ. Мұнда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының шытырман оқиғасы көркем келісімін тапқан. Спектакльдің бас кейіпкерлері Жантас, Тәнеке бастаған кедейлер тобының ыза-кегі, бостандық жолындағы қажымас күресі айқын көрініп тұрса, қанаушы тап өкілдерінің бейнесінде олардың халық қозғалысының қаһарынан шошынуы нанымды көрсетілген. Жантас пен Тәнеке өмірлерінің сан алуан кездерін бастарынан кешіріп, кедейлердің мүддесін қорғап, халық қозғалысын басқаруға дейін көтерілген күрескерлер ретінде көрінеді. Артист Қуат Төлеков орындаған Жантас рөлі жігерлі де өткір суреттелген, оның Майқан болыстың зорлық-зомбылығына шыдамай, алдау-арбауына көнбей, көкірегін ыза кернеп, халықты бастап болысқа қарсы күреске шығатын көріністерінде артист ойыны әсерлі де нанымды.

Ұнамсыз кейіпкердің ішінен Жүзтайлақ рөлін актриса Шаштықыз Жұмабаева біркелкі тәуір шығарған. Сырты бүтін, іші түтін, опасын Жүзтайлақты Жұмабаева өзінің сахнада кейіпкерге лайықты табылған қилы әрекеттерімен де, мінез өзгешеліктерімен де даралай білген. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, спектакль жас коллективтің тырнақалды табысы еді, келешегіне арқау болып, оған үлкен жол ашып берді.

Тұңғыш қадамдарының сәтті басталуымен жігерленген театр коллективі аз уақыт ішінде бірнеше спектакльдер дайындап, сахнаға шығара бастады.

Осы кезеңде сахнада көріне бастаған спектакльдерге зер салсақ, Гурьев облыстық театры қойған пьесалардың бірқатары комедия жанры екенін аңғарамыз. Театр өз жұмысын комедиялық және музыкалық комедия жанрынан бастауы ең алдымен өз халқының бай мұрасын ескере отырып, алдағы

кездесетін қиыншылықтардан қорықпай, театр өнерінің осы жанрын өркендете түсуді мақсат еткен. Мұның өзі коллективтің творчестволық өсу жолына көмектесетін үлкен мектеп те болды.

«Айман-Шолпан» советтік қазақ драматургиясында комедия жанрының классикалық үлгісі екені жұртшылыққа белгілі. Ал, осы спектакль Гурьев театрында сол кездегі көрермендердің пікірінше біршама тәуір шыққан. Спектакльдің сәтті шешім табуына бірнеше жайлар себеп болған. Біріншіден, комедияның құрылысы сахнаға өте ыңғайлы, екіншіден, кейіпкерлердің қарым-қатынастары қазақ халқының ғасырлар бойы келе жатқан әдет-ғұрыптарының тамаша көріністерін, оның ерекше даналығын ескеріп құрылуында. Үшіншіден, режиссерлер А.И. Сусанов-Саянский мен Т. Кәрібаев қазақтың ән-би, қалжың-сықақтарын орынды пайдаланып, пьесаның өзіндік ерекшеліктерін толық аша білген. Осылардың нәтижесінде спектакль көңілді де күлдіргі болып шыққан.

Маманның қараса көз тойғысыз екі қызы Айман мен Шолпан сыңғырлаған әсем күлкілерімен-ақ көрермендер көңілін өздеріне еріксіз бұрып алады. Айман рөлін ойнаған Жамила Ибрагимова бойындағы ұнамды қасиеттерді жақсы көрсеткен, ол ақылды да сабырлы, байсалды да парасатты, аспай-саспай, барлық істі ақылға салып шешеді. Әсіресе, Айманның Көтібардың тентек ерке тоқалы Теңгемен тіл табысуға қолданған айла-тәсілі көрермендер көкейінен шығады. Өйткені бұл ең қиын, қыздардың тағдыры шешілетін көрініс. Бұл жағдайларды актриса толық аша білген. Ал, Шолпан болса, ашық, тілге батыл, тауы шағылмаған аңқау, ерке қыз, оның бұл мінезін Алма Ахметова да көңілдегідей ұтымды шығарған.

«Айман-Шолпан» комедиясындағы шытырман оқиғаның ортасында жүретін, әрі күлкілі кейіпкердің бірі – Көтібар. Оның Маманға істеген зорлығы, қарттығына қарамай Айманға үйленемін деп әрекеттенуі сатиралық күлкі туғызады, ажуа-қалжыңға ілігеді. Актер Т. Кәрібаев Көтібар бейнесін қызық та күлкілі бағытта шешкен, ол Көтібарды бірбетті, өз күшіне сенген әумесер етіп көрсетпейді, қайта оның бойындағы характер сырын ашуды көздейді. Бірде қара күшке сиынған батыр кескіні қаһарлы, ашу-

лы көрінсе, енді бірде кісі сөзіне сенгіш аңғалдығы да актер ойынынан тыс қалмаған. Актер Көтібардың бейнесін дұрыс түсініп, оны типтік дәрежеге жеткізе білген. Бүкіл комедия оқиғасының ұйтқысы болып жүрген күлкілі ірі тұлға – Жарас. Ол комедияның тартыс-талқысын шешуші, кейіпкерлер қарым-қатынастарын байланыстырушы және оқиға желісін байыта түсетін тұлға.

Жарас бойындағы қасиеттерге көп көңіл бөліп, жақсы орындап шыққан – көрермендердің сүйікті актерлерінің бірі, үлкен сахна шебері Ысқақ Иманқұлов еді. Актердің сахналық іс-әрекеттері, сөйлеген сөздері, кейіпкелер бейнесіне лайықты табылған әйел киімін киініп алып, сызыла сөйлеп, сыпайы жүріп, Көтібардың көңілін жібітетіндей жылап-сықтағанда, көрермендерден оны әйел екен деп сеніп қалғандар да болған.

БІ. Иманқұлов сахнаға шыққанда көрермендер түгілі, онымен бірге ойнап жүрген жолдастары да күлкіден әрен жүретін көрінеді. Бұл тек қана осы спектакльде емес, қай спектакльде, қандайда комедиялық рольдерде ойнасын, Иманқұлов өзінің аса таланттылығын әрі әсерлі, әрі қызықты көрсете білген.

Бұл спектакльдің сәтті болып шығуы – театр коллективі мен режиссердің еңбегі ғана емес, сонымен қатар шығарманың көркемдік құндылығына да байланысты. Пьеса тілінің өткірлігі, кейіпкерлерге берілген халық музыкасының бай қазынасын пайдалануы да оның көркемдік дәрежесін көтере түскен.

Өз жұмысын ең алдымен драмалық үйірмеден бастаған гурьевтіктер, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін аз уақыттың ішінде «Түнгі сарын» (М. Әуезов), «Амангелді» (Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов), «Скапеннің айласы» (Ж.Б. Мольер), «Айман-Шолпан» (М. Әуезов), «Ревизор» (Н.В. Гоголь), «Екі мырзаға бір қызметші» (К. Гольдони) пьесаларын қою арқылы өз көрермендеріне де іздену жолдарын, барар бағдарын анық танытты.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл, отты жылдарында ер-азаматтардың көпшілігі қолға қару алып, майданға аттанады. Ал, елде қалған кәрі-жас күн-түн демей дамыл таппай еңбек етті, бүкіл халықтың ерлігі мен еңбегі жеңіс мүддесіне жұмылдырылды. Осы кезде театр актерлерінің де басым көпшілігі

бүкіл елмен бірге Отан қорғауға аттанды. Театрда қалған аз ғана творчестволық күшке осылардың орнын жоғалтпай, барлық кездескен қиыншылықтарға қарамастан бұрынғыдан да зор қызмет жасауға тура келді. Театрдың жетекші артистері З. Сүлейменова, А. Ахметова, Ж. Ибрагимова, Х. Құспанова басқарған артистер тобы үш бригадаға бөлініп, колхоздар мен совхоздарға, мұнай өндірістеріне, аудан орталықтарына, балықшыларға концерттер, қысқа-қысқа спектакльдер көрсетіп жүрді. Бір жылдың ішінде 400-ге жуық концерт, спектакльдер көрсетті, олар барлық қиыншылықтарға төзіп, тіпті кей кездерде жаяу да барып концерттер беріп жүрді.

Домбырамен күй шертіп, ән шырқаған Сүлейменова, Ахметова, Ибрагимова, Құспанова, тағы басқа артисткалар халық құрметіне бөленді. Майданға кеткен азаматтардың орындарын жоқтатпады, театрдың творчестволық келбетін сақтап қалды.

Ұлы Отан соғысы аяқтала салысымен елімізде халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін Коммунистік партияның басшылығымен жаңа күрделі құрылыстар жүргізу ісі өріс алды. Сонымен бірге партия халықтың рухани-мәдени талабын қанағаттандыру жөніндегі жұмыстарды одан әрі өрістете беруге шұғыл бет бұрды.

Ұлы Отан соғысы кезінде театрлардың басым көпшілігі майдандағы ұлы ерлікті бейнелейтін көрнекті спектакльдер қоюмен қатар, кейде жеңіл-желпі, идеялық-көркемдік дәрежесі төмен пьесаларды да шығарып жүрді.

Гурьев облыстық драма театрының коллективі де осы тарихи қаулыдағы көрсетілген шараларды жүзеге асыруда біркелкі жақсы жұмыстар жүргізді. Театр К. Симоновтың «Орыс мәселесі», Ә. Әбішевтің «Достық пен махаббат» сияқты жаңа тақырыпқа жазылған пьесаларын сахнаға шығарды. «Достық пен махаббат» Ұлы Отан соғысы кезіндегі халқымыздың ерлігін, патриоттық рухын, совет адамдарының өз еліне деген ерекше сүйіспеншілігін бейнелейтін қазақ совет драматургиясының құнды пьесаларының бірі болды. Творчестволық күші аз, кішігірім театрлар мен бірнеше колхоз, совхоз театрларын облыстық театрларға қосып іріленген бірнеше облысаралық театрлар құрылды.

Осы шараларға сәйкес 1948 жылы құрамында жүзге тарта қызметкерлері бар Орал қаласындағы қазақтың музыкалық-комедия театры Гурьев драма театрымен біріктірілді. Осыған байланысты істе сыналған, тәжірибелі актерлер келді. Олардың қатарында Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артистері Т. Ерғалиев, Ш. Оразалиев, Р. Ақжарова, жетекші актерлер А. Ержанова, К. Жұбаева, талантты жастар А. Айтқалиев, К. Иманғалиева, Г. Үмбетов, театрдың бас режиссері Н.В. Молчанов, балетмейстр Жуков, тағы басқалар бар еді.

Музыкалық комедияның қосылуына байланысты Гурьев театры енді музыкалық драма театры болып аталды. Осыған сәйкес театрдың репертуарына да біраз өзгерістер енгізіліп, сахнада драмалық спектакльдермен қатар музыкалық драмалар, оперетталар қойыла бастады.

Театр жұмысының басты мазмұны оның репертуары арқылы танылатыны белгілі. Сондықтан да репертуарды үнемі жаңартып, таңдаулы шығармаларды іріктеп енгізіп, оларды жоғары көркемдік шеберлікпен сахнаға шығару – творчестволық коллективтің алдында тұрған басты міндет.

Театр репертуарына классикалық туындыларды енгізу, оны игеру актерлердің шеберлігін шындап, талғамын өсіруге ықпал жасайды. Осыған орай облыстық драма театры өзінің репертуарына Н.В. Гогольдің «Үйленуі», «Ревизоры», Ф. Мүсіреповтың «Қыз Жібегі» сияқты спектакльдерді кіргізді.

Театр коллективі өзінің сахналық шеберлігін арттыру жолында көп ізденіп, үйрену нәтижесінде елеулі табыстарға жетті. Елуінші жылдар ішінде «Абай», «Амангелді», «Ыбырай Алтынсарин», тағы басқа да пьесалардың сахнаға қойылуының өзі театр коллективінің творчестволық өсуіне үлкен жол ашты.

Қазақ КСР Мәдениет министрлігі 1957 жылы бірінші рет Алматыда өткізген облыстық театрлардың байқауы Гурьев театрының коллективі үшін үлкен сын болды. Өйткені республиканың облыстық театрларының ішінде ең бірінші болып астана сахнасын осы театр ашатын болды. Сондықтан да театр коллективі 1956–1957 жылғы маусымын осы байқауға дайындық ретінде өткізді. Коллектив – өзінің дәстүрі бойынша басқа театрлар

қоймаған немесе аз қойылған пьесаларды алып, өзіндік келбетін көрсетуге тырысты. С. Мұқановтың «Ботагөзі», Штейннің «Жеке адам ісі», Л. Соболевтің «Минуссинскийден келген қыз» сияқты бірнеше пьесалар дайындалды. Солардың ішінде үлкен шеберлікпен дайындалған С. Мұқановтың «Ботагөзімен» астана жұртшылығы алдында алғашқы шымылдығын ашты.

Республикалық байқаудың қорытындысында Гурьев театрының коллективі бірінші орынға ие болып, лауреат атағын жеңіп алды.

Алматыға апарған спектакльдердің басты рөлдерінде ойнаған Қуат Төлеков, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисткасы Зарипа Сүлейменова, жасөспірім дарынды артистка Күнипа Иманғалиева республикалық театр көктемнің лауреаты деген құрметті атаққа ие болды.

Бұдан кейінгі жылдарда, әсіресе театрдың 25 жылдық мерекесін өткізуге байланысты коллектив жұмысы бұрынғыдан да жандана түсті, оның репертуары да жаңа спектакльмен толықтырылды. 1963 жылы астана жұртшылығына көрсеткен Ә. Тәжібаевтың «Көңілдерестер», Б. Майлиннің «Шұға», жергілікті автор Б. Қорқытовтың «Асыл жандар», М. Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», И.Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» спектакльдерін көрермендер қауымы жылы қарсы алды. Спектакльдер Алматы сахна шеберлері мен өнер майталмандарының арасында кеңінен талқыланып, творчестволық еңбектеріне дұрыс баға берілді. «Көңілдерестер» спектаклі жоғары бағаланды, замандастарымыздың бейнесін жасау театр коллективінің көрнекті табысы болды, сол сияқты басқа спектакльдердегі актерлік жетістіктер, ұтымды режиссерлік шешімдер коллективтің сахна өнерін меңгерудегі творчестволық ізденістерінің нәтижесі еді.

Творчестволық есептердің қорытындысында Қуат Төлеков пен Зарипа Сүлейменоваға Қазақ ССР-інің халық артисі, Алма Ахметоваға, Жұпар Манаповаға, Ысқақ Иманқұловқа Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ, бірінші дәрежелі диплом мен бағалы сыйлықтар берілді. Бұдан кейін облыстық драма театрының коллективі 1969 жылдың тамыз айында туысқан Қарақалпақ автономиялы республикасына барып, облыс мәдениеті

мен әдебиетінің онкүндігін өткізіп, үлкен табыспен оралды. 1974 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің ұйғарымы бойынша театр коллективі Алматыға шақырылып, бір ай бойы Т. Ахтановтың «Күтпеген кездесу», Б. Аманшиннің «Жақия – Исатай ұлы», О. Бодықовтың «Қанжар мен домбыра» спектакльдері Қазақ телевизиясына түсіріліп, С. Мұқановтың «Мөлдір махабат», Б. Қорқытовтың «Ақбөбек» атты спектакльдері радиоға жазылып алынды.

Гурьев облыстық театр коллективінің құрылғанына қазірде 40 жылдай уақыт өтті. Осы мерзім ішінде театр коллективі Гурьев, Маңғышлақ, Орал, Ақтөбе облыстарының жұртшылығына, тарихи тақырыптағы және қазіргі өмірімізден алынған қазақ жазушыларының, орыс және Батыс Европа классиктерінің шығармаларын меңгере отырып, жиырмадан астам пьесалар қойды.

Театрдың өткен өміріне көз жүгіртіп, байыппен талдап қарасақ, оның коллективінің мол творчестволық мүмкіншіліктерінің бар екендігі аңғарылады. Мысалы, театр сахнасына қосылған қазақ драматургтерінің шығармаларымен қатар, сахнада орыс әдебиетінің классиктері Н.В. Гогольдің «Ревизоры» мен «Үйленуі», У. Шекспирдің «Асауға тұсауы», К. Гольдонидің «Екі мырзаға бір қызметшісі», Ж.Б. Мольердің «Скапеннің айласы», совет драматургтері М. Горькийдің «Зыковтар», К.А. Треновтың «Любовь Яроваясы», В. Лавреновтың «Күйреуі», К. Симоновтың «Орыс мәселесі», Ш. Айтматовтың «Ана – Жер-анасы», тағы басқа да ондаған пьесалар қойылды. Бұл спектакльдерді сәтті шығару жұртшылық алдында театр коллективінің беделін көтерді, театрды шын мәнісінде мәдениет орталығына айналдырды.

Гурьев облыстық драма театрының коллективі – республика театрларының ішінде көптен келе жатқан, кемелденген, толысқан, өзіндік жақсы дәстүрлері бар коллективтің бірі.

Театрдағы басты тұлға – актер. Актерлік шеберлік жүре келе толысады. Өнерге шексіз берілудің, өзін соған тұтас бағыштаудың, үнемі ізденудің, толғанудың нәтижесіне жететін биіктік. Әр образдың өз табиғаты бар. Соны тани біліп, психологиялық жан дүниесіне үңіле түсу – актер шеберлігінің кепілі. Қазақ ССР-інің

халық артистері Қуат Төлеков, Зарипа Сүлейменова, Алма Ахметова, Қарақалпақ АССР-інің халық артисі Әдемі Ділмаханованың, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артистері Қайырбек Ғұсманов, Күнипа Иманғалиева, Жұпар Манапова, Оңай Жақсыбаев, Зухра Дүйсеновалардың жасаған тамаша образдары қазақ сахна өнерінде көрнекті орын алады.

Театр өнерін тез меңгеріп, коллективтің қол жеткен табыстарына айтарлықтай үлес қосқан театрдың іргетасын қалаушылар, сахна шеберлері, жетекші артистер Құрманғали Доғалақов, Оңай Жақсыбаев, Ысқақ Иманқұлов, Хамит Болатов, Тәжия Хасенов, академиялық театрдың бұрынғы артисі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Қайырбек Ғұсмановты атап өтпеуге болмайды. Бұлардың әрқайсысы театр сахнасында 30–40 жылдан қызмет істеп, талай-талай жарқын образдар жасады.

Сахна өнері жөнінде арнаулы оқуы аз болғанмен, тоқуы көп Ы. Иманқұловтың дарындылығын жұртшылық жақсы біледі. Қандай роль ойнамасын, ол өзіне міндеттелген іске қашанда жауапты қарап, жан-тәнімен беріліп кіріседі. Ол тек сахнада ғана емес, жолдастарының арасында да әр уақытта өзін еркін ұстайды, ол болған жер шат-шадыман күлкі, қызғылықты думан болатын.

Гинаят Үмбетов, Құбай Жұмабаев, Әдиет Айтқалиев, Күнипа Иманғалиева, Жұпар Манапова, тағы басқалары өз өнерлерімен облыс жұртшылығына танылған, олардың құрметіне бөленіп келе жатқан орта буын талантты артистер.

Дүниедегі ең үлкен бақыт халықтың алғысына бөлену болса, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Күнипа Иманғалиева сахнаға шығарған Ботагөз, Қарагөз, Тоғжан образдары – кемеліне келтіріліп, үлкен шеберлікпен орындалған рольдер.

Осы арада айта кететін бір жағдай, әрбір артистің өзі сүйіп, ұнатып ойнайтын, жатса-тұрса ойынан кетпейтін бір асыл мүлкі, асыл арманы сияқты образы болады. Тіпті көрермендердің өзі де сол образдағы артисті ұнатып, кейіпкердің атын артистке таңып қояды. Мысалы, облыстық театр спектакльдеріне үзбей барып жүрген көрермендердің кәрі-жасы көшеде Ғ. Үмбетовты көрсе-ақ болды, «Ойбай, Қонқай келе жатыр», Ы. Иманқұловты көрсе – «Жарас», А. Ахметованы көрсе – «Толғанай», Қ. Иманғалиеваны

көрсө — «Қарагөз келе жатыр» деп елендеп қалады. Мұның өзі тегін емес, бұл аталған артистердің халықтың алғысына бөленгені, оларға деген көрермендер сүйіспеншілігінің айғағы.

Осы орайда Қазақ ССР-інің халық артисі Зарипа Сүлейменова жөнінде бірер сөз. Зарипа бірнеше жылдан бері Гурьев облысында тұрмайды. Ал, оған деген құрмет пен сыйластық осы уақытқа дейін ешбір кеміген жоқ десек, қателеспейміз. Өйткені Зарипаның барлық өмірі, тұрмысы, творчестволық өсу жолдары Атырау жұртшылығының көз алдында өтті. Анасы ертеректе қайтыс болып, кішкентайынан жетім қалған Зарипа тұрмыстың көп қиыншылықтарын басынан өткізді. Өзінен кіші інісі, сіңлісі үшеуі Ганюшкиндегі жетім балалар үйінде тәрбиеленді.

Зарипа балалар үйінде, мектепте оқып жүріп, өнерпаздар үйірмесіне белсене қатысты. 1937 жылы бірінші рет өткен облыстық көркемөнерпаздардың байқауында Теңіз ауданынан келген Зарипа Сүлейменованың орындауындағы «Гэкку», «Сулико» әндері комиссияға өте қатты ұнайды. Арада бір жыл өткеннен кейін Зарипа Теңіз ауданында жаңадан ұйымдасқан колхоз-совхоз театрының артистері қатарына қабылданады.

Сол кездегі театр сахнасына қойылған Д. Еркінбековтың «Беймаза қонақ» атты пьесасында Зарипа Гүлжахан деген қыздың ролін ойнап, жақсы әншілігімен бірге актерлік таланты бар екенін көрсетеді. Осыдан бастап Зарипаның қиын да жауапты өнерге деген өмір жолы басталады.

Арада екі жыл өтпей Зарипа облыстық драма театрына актриса болып қабылданады. Ол театрға келген күнінен бастап өзінің үлкен талант иесі екендігін, қай пьесада, қандай кейіпкердің ролін атқарса да, үлкен шеберлікпен орындай алатындығын көрсете білді. Ә. Әбішевтың «Достық пен махаббат» пьесасында бас кейіпкер Сәуленің ролін ойнаған З. Сүлейменова Отанын жан-тәнімен сүйетін, жігерлі қазақ қызының образын жасады. Біз сахнада Сәулені көргенде оның жалынды патриоттық тұлғасын көз алдымызға елестеттік.

Соғыстан кейінгі жылдар ішінде жоғары талант иесі Зарипа классикалық шығармалардың ірі тұлғалы кейіпкерлерінің рольдерін атқарып жүрді. Бұл жетілген талантқа ғана жүктелетін міндет.

Зарипа казактың Баян, Қыз Жібек, Ақжүніс сияқты ару қыздарының келбетін сомдап көрсетумен бірге классикалық шығармаларда қыздар образын да өте ұнамды шығарып жүрді. В.С. Вишневскийдің «Оптимистік трагедиясындағы» комиссар образы Зарипаның атқаруында қандай тамаша шыққан!

Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ерінде» профессордың жұбайы, Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-анасында» – Жер-ана, К.А. Треновтің «Любовь Яроваясында» – Яровая, Максим Горькийдің «Соңғыларында» София рольдері Зарипаның орындауында әртүрлі мінезді, осы адамдардың әрбіреуіне тән характерлер өте орынды ашылған.

Бүгінде З. Сүлейменованың театр сахнасына келгеніне 40 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде ол үлкенді-кішілі жүзден астам рольдерде ойнады. З. Сүлейменованың өнерге сіңірген зор еңбегіне үлкен баға бере отырып, партиямыз бен үкіметіміз оны 1947 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградтады, 1947 жылы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі, ал 1963 жылы Қазақ ССР-інің халық артисі деген құрметті атақ берді.

Атадан – әкеге, әкеден балаға ауысып келе жатқан дәстүрлердің бірі – артистер әулеті, оның дәстүрлік қабілетін арттыру. Театр мәселесін сөз еткенде Доғалақовтардың артистер семьясы жөнінде айтылмаса дұрыс болмас еді. Семья басы Құрманғали Доғалақов – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі, оның жұбайы Алма Ахметова – Қазақ ССР-інің халық артисі, баласы Нұрлан Доғалақов – театрдың дыбыс режиссері, келіні Анета Баетова – актриса.

Құрекен мен Алма – Гурьев облыстық драма театрының алғашқы іргетасын қалаушылардың бірі, театрмен бірге жасап келе жатқан сахна ардагерлері. Олардың өмір жолын театрдың өсу, толысу, кемелдену тарихынан бөліп алу қиын, өйткені екеуі де бір-бірімен сабақтас. Егер өткен 40 жылдан астам уақытта театр коллективі 200-ден астам пьесалар шығарса, бұл екеуі соның үштен екісіне қатынасып, сан алуан образдарды жасаған актерлер.

Марқұм Құрекен мүсіндеген Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Гортензио, Гогольдің «Ревизорындағы» Ляпкин-Тяпкин образдары оның актерлік шеберлігінің биік шыңы деуге болар еді.

Құрекен өмірі – театр өмірі, оның осы өмірден өзге бөліп ала-

ры жоқ. Ауруханада ұзақ мерзім жатқанда да оның әр сөзі театр жайлы болғанын, театрдың бүгінгісі мен келешегі жөнінде толқи отырып көптеген ақыл-кеңестер, пікірлер айтқанын жанында болған жолдастары естіп, қатты сүйсінген еді.

Қазақ ССР-інің халық артисі Алма Ахметова да театрдың алғашқы қарлығаштарының бірі. Ол Гогольдің «Ревизор» пьесасындағы Мария Антоновнаның бейнесін сомдады. Ал, қазақтың фольклорлық классикасындағы Қыз Жібек, Шолпан, Теңге, Баян образдары оның асқан сезімталдығын, жан дүниесінің сұлулығын танытты. Ш. Айтматовтың «Ана – Жер-ана» пьесасындағы Толғанай образын кемелденген шағында ойнап, ерекше табысқа жетті, шеберліктің шыңына шыға білді. Қорыта келгенде, Алма Ахметова сомдаған аналар мен әйелдер образдарын түгел жинасақ, сан қырлы, алуан түрлі галерея құрылар еді. Алманы әртүрлі характерлі образдардың зергері деуге болады.

Доғалақовтар семьясының үшінші мүшесі Анета Баетова – жас актриса. Дегенмен ол сахнаға шығарған А.П. Чеховтың «Шағала» спектакліндегі жас актриса образының мүсінделуі оның актерлік талантына берік сенім туғызады. Анета – театр комсомол ұйымының жетекшісі, жас коммунист.

Әрбір спектакль, режиссерлік шешім, актерлік дарын оның декорациялық көркемделуімен қатар музыкалық сүйемелдеу, дыбысты құлпыртумен де тартымды болатындығы белгілі. Міне, осы үлкен де қиын міндетті атқарушы театрдың дыбыс режиссері Нұрлан Доғалақов. Бес жылдан астам уақыт ішінде ол жиырмадан астам спектакльдерге музыкалық әуен берді, әр спектакльге өзіне лайық музыка, дыбыстық үйлесім табуда жақсы ілтипатқа ие болған адам. Театрда жаттығу өз алдына, бұлар үйде де бір-біріне жеке монологтарды айтқызып, пікір айтысып отырады. Бір-біріне творчестволық баға берулері де тым қатал. Бір семьядағы үш актер де театрдың көркемдік советіне мүше.

Облыстық драма театрын, оның тамаша коллективінің өткен өмірі мен бүгінгісіне талдау жасағанда, ең алдымен осы коллективтің ұйтқысы, басшысы, ақылшысы болған, барлық өмірін тек осы коллективке ғана сарп еткен, бүгінде құрметті демалыстағы Қазақ ССР-інің халық артисі Қуат Төлекұлы

Төлековтің сіңірген еңбегіне арнайы тоқталған жөн. Атырау жұртшылығы Куакеңді тек үлкен аға ғана емес, совет сахнасының шебері, дарынды актер ретінде үлкен құрмет көрсетіп, қошемет тұтады. Осыдан 43 жыл бұрын Куакең аз ғана өнерпаздардың жұмысына белсене қатысып жүріп, болашақ театрдың іргетасын бірге қалап, ұйымдастырушының бірі болды.

Театр ұйымдасқан 43 жылдың 35 жылында Куакең оның директоры болып қызмет істеді. Осы жылдар ішінде ол ешбір қиыншылықтарға қарамай театрдың ыстығына күйіп, суығына тоңып, театрдың зәулім сарайын тұрғызған ардагер актер атанды.

Қ. Төлеков театрдың директоры болған күнінен бастап, өзі бұрын да белсене қатынасып жүрген ұйымдастыру жұмыстарын бұдан да жоғары сатыға көтеруге, сөйтіп партия мен үкіметіміздің театр коллективінің алдына қойған жауапты міндеттерді ойдағыдай орындауына іскерлікпен үлес қосты.

Ең алдымен, театр коллективін қолынан іс келетін көркем өнерге бейім талантты кадрлармен толықтыруға көңіл бөлінді. Оралдың музыкалық драма театры Гурьев театрына қосылды, жергілікті жерлердің өнерпаздар үйірмелерінен бірқатар жастар келді. Академиялық театрдың бұрынғы артисі, республикаға еңбек сіңірген артист Қайырбек Ғұсмановтың, Қарағанды театрының артисі Төкен Хасановтардың келуі театр жұмысын талапқа сай жолға қоюға едәуір ықпал етті.

Жергілікті партия, совет органдарының, өндіріс орындарының жәрдемімен театрдың материалдық жағдайлары жақсара бастады, театр коллективінің әрбір маусымда Гурьев, Орал, Маңғышлақ, Ақтөбе облыстарын аралап тұруға арналған бірнеше автобустар, автомашиналар алынды. Бастапқы кезде театр орналасқан Ембі мұнай бірлестігінің Мәдениет сарайы күрделі жөндеуден өткізіліп, кейінгі жылдарда қазіргі талапқа сай жаңа үлгідегі жобамен театр үйі салынды.

Негізгі актерлер құрамы түгел дерлік тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді. Осындай қыруар жұмыстар партия, совет және қоғамдық ұйымдардың басшылығымен жүргізілсе, бұған театр коллективінің, ең алдымен оның директоры Қ. Төлековтің сіңірген еңбегі айтарлықтай.

Театр коллективінің бүгінгі қол жеткен табыстары республика жұртшылығының алдында шеберлік қабілеттері биік сатыға көтерілген, кемеліне келген өзіндік бағыт-бағдары бар коллектив екенін көрсетті.

Қуат Төлековтің өмір жолы тек қана театрда болумен шектеліп қалған жоқ, ол осы театрдың байырғы жетекшісі – бас артистерінің бірі. Қуекең тіпті құрметті демалысқа шыққаннан кейін де өзінің сүйікті мамандығынан қол үзбеді.

«Мұнан кетсем, – дейді Қуакең, – өзімнің ең бір қымбаттымнан айрылғандай көрініп, өмірімнің бір бөлігі үзіліп түскендей болады да тұрады». Бұл шындық та, бейне бір театрды Төлековтен, Төлековты театрдан бөліп алуға болмайтын сияқты.

Қ. Төлеков сонау 1938 жылдан бастап бүгінге дейін актер ретінде театрдың көпшілік пьесаларына үзбей қатынасып келеді. Бұған оның директорлығы да, қоғамдық қызметі де еш уақытта кедергі болған емес. Қайта оның театрға, сахнаға деген сүйіспеншілігін арттыра түсті.

Театрдың өткен дәуіріне көз жіберсек, қойылған қазақ драматургтерінің шығармаларымен қатар орыс және Батыс классиктерінің үлгілі шығармаларын театр сахнасына шығаруға да Қ. Төлеков актер – орындаушы ретінде белсене қатынасты, жүзден астам рольдерде ойнады.

Қ. Төлеков «Түнгі сарындағы» Жантас, «Ревизордағы» Октав, «Абайдағы» Абайдың есейген шағы, «Амангелдідегі» М. Пластунов, «Ботагөздегі» Амантай, «Зыковтардағы» А. Зыков, «Көңіл-дестердегі» Мәлік, «Исатай – Махамбеттегі» Исатай рольдерін орындағанда әртүрлі мінезді адамдардың тек өздеріне ғана тән характерлерін толық түсініп, ұтымды ашқан.

Мысалы, Абайдың ролін орындағанда, Қ. Төлековтің творчестволық табысы бірден көзге түседі. Оның қозғалыс-қимылдары есті, ұшқалақтығы жоқ, жүзінің аз құбылысымен көпті аңғартады, оның мұнаятын, қуанатын, қызығатын, шаттанатын уақыттары да бар. Ар алдында іркілер, зұлымдыққа күйінер, кектенер сәттері де бар. Міне, ұлы акынның осы халі Қуаттың ойнауында айқын көрінген. Сондықтан да көрермендер Абай образына сүйсіне қарап, қалтқысыз сеніп отырады. Қ. Төлеков орындаған «Иса-

тай – Махамбеттегі» Исатай, «Ботагөздегі» Амантай рольдері көрушілердің көз алдына батыр денелі, мол қайратты, ақыл иесі ағаны елестетеді. Ол халықтың ардагер ұлдарының рольдерін үлкен шабытпен ойнайды, оқиғаның басынан аяғына дейін онын тұтас, кесек образдары ешбір ақаусыз қалыпта биіктей береді.

Театрға сіңірген көп жылдық еңбегін жоғары бағалап, 1960 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Указымен Қ. Төлековке Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі, ал 1963 жылы Қазақ ССР-інің халық артисі деген құрметті атақ берілді.

Театрдың алғашқы кезеңдегі өсіп, өркендеу жолын іс тәжірибесі, білімі мол режиссерлер А.Н. Сусанов-Саянский, А.Х. Хаймулдин, Н. В. Молчанов салған профессионалдық бағалы бастамалар кейінгі жылдарда қойылған спектакльдерге де үлкен әсер етті.

Орал музыкалық-комедиялық театрымен біріккен кезде театрдың творчестволық күші молайып, репертуарлары жаңарып, жанрлық жағынан да бірсыпыра кеңейіп қалды. Режиссер Н.В. Молчанов творчестволық өнегесі мол, іскер адам болатын. Оның тұсында сахнаға қойылған «Қыз Жібек», «Роз Мари», «Шалқыған теңіз» ән мен би ырғағымен көркемделген спектакльдер болып шықты.

Театр коллективінің мерейі үстем болуына, сахнаға шыққан спектакльдердің өз қойылысына қарай ұтымды, шындыққа бейім шығуы ең алдымен театр суретшілерінің іскерлік қабілеттілігіне, мамандығына байланысты екендігі даусыз.

Осы тұрғыдан қарағанда облыстық театрдың суретшісі Құмар Жұмағалиевтің еңбегі айтарлықтай. Ол 1952 жылы Алматыдағы суретшілер училищесін бітірген соң осы театрда үзбей қызмет істеп келеді. Өзінің еңбекқорлығымен, өнерлі қызметімен, үлкен жауапкершілігімен театр коллективінің, көрермен жұртшылықтың алғысына бөленуде.

Гурьев облыстық драма театрының тамаша коллективі өткен мерзім ішінде өздерінің шындалуымен қатар, адамдарды тәрбиелеу ісіне елеулі үлес қосуда. Театр коллективі жергілікті жерлердегі көркемөнерпаздар үйірмелерінің, оның ішінде өте-өте драма коллективі еңбегінің жемісті болуына жан-жақты қамқорлық көрсетіп, солардың өсу, өркендеу жолдарына үлкен жәрдем көрсетуде.

1939–1940 жылдары Теңіз ауданында алғашқы ұйымдасқан колхоз-совхоз театрының жас коллективіне облыстық театрдың тәжірибелі артистері Ысқақ Иманқұлов пен Ысқақ Нұрмұханов үлкен жәрдем көрсетті. Театрдың репертуар таңдауынан бастап, болашақ артистерді дайындау жөнінде, пьесаны сахнаға дайындауға жан-жақты қамқорлық жасады. Сонымен қатар жеке актерлерді сахна шеберлігіне үйретіп, бар ынталарымен еңбектенді. Мысалы, сол кезде сахнаға шығарылған Дүйсенбай Еркінбековтың «Беймаза қонақ» пьесасында Зарипа Сүлейменованың Гүлжаһан деген қыздың ролін орындауына Ысқақ Иманқұлов тікелей жәрдемдесіп, Зарипаның жастығына, тәжірибесінің аздығына қарамастан Гүлжаһан ролінің сәтті шығуына себепші болды.

Сол сияқты Ганюшкинодағы, Теңіздегі, Киров атындағы совхоздағы халық театрларының өсу-өркендеу жолында облыстық драма театрының жетекші актерлері Қуат Төлеков, Қайырбек Ғұсманов, Құрманғали Доғалақов, облыстық театрдың режиссері Рашида Шарафутдинованың, Оңайбай Жақсыбаевтың «Аққыстау» театрына сіңірген еңбектері мен көрсеткен көмектері аз болған жоқ. Халық театрының коллективтері облыстық драма театрын өздерінің қара шаңырағы, өнердің өнегелі ордасы деп есептейді.

Өзіндік дәстүрге бай, ұйымшылдығы мен бірлігі мығым, тәжірибелі, шебер актерлері қалыптасқан Гурьев театрының тамаша коллективі әлі де талай жақсы нәтижелерге жетіп, биік белестерге аса бермек, бұған театрдың қазіргі келбеті, творчестволық бағыты толық айғақ.

КПСС XXVI съезінің тарихи шешімдерін орындауда, совет адамдарына коммунистік рухта тәрбие беруде театр коллективі алдыңғы шепте болуы кәміл.

Облыс партия ұйымдарына еңбекшілерге коммунистік рухта тәрбие беру, халықты мәдени қамту жөніндегі күрделі жұмыстарына қолғабыс етуде облыстық драма театрының коллективімен қатар өз үлесін қосып келе жатқан профессионалды коллективтің бірі – Гурьев облыстық филармониясының «Атырау – Жайық» ансамблі.

«Атырау – Жайық» ансамблі деген атының өзі-ақ халықтың олардан сазды әуен, әсем жыр, көркем би, шабытты күй күтіп, оларға алдын-ала сенім артып отырғаны аңғарылады. «Әні асқак» дейтін халқымыз ән-күйге өз төрінен орын сыйлап, ерекше қадірлейді. «Атырау – Жайық» коллективі өз өнерлерінің тамаша жетістіктерімен әр ауылдың, әр қаланың қадірменді қонағы болып жүр.

«Атырау – Жайық» ансамблі 1968 жылы ұйымдастырылды. Содан бергі уақыт ішінде ансамбль мүшелерінің құрамы толығымен түсіп, концерттік репертуарларынан ұлттық әндер мен билер де орын алды. Қазір «Атырау–Жайық» ансамблі республикамыздың түкпір-түкпірлерінде болып жүр. Тек қана 1976 жылдың өзінде республиканың 13 облысында, ал 1979 жылы 11 облысында болып, 160 рет концерт көрсетті.

«Атырау – Жайық» ансамблі құрылғаннан бері Өзбекстан, Түрікменстан, Қарақалпақ республикаларында, Астрахань облысында болды.

1978 жылдың февраль айында Алматыдағы Ленин атындағы Мәдениет сарайында есепті концерт беріп, астана көрермендерінің көңілінен шықты. Ансамбль мүшелері өздерінің тамаша орындаушылық шеберліктерімен, программаларының мазмұндылығымен тыңдаушыларды бірден баурап алды.

Ансамбльдің бұл сияқты табыстарға ие болуы ең алдымен оның құрамы әсіресе соңғы жылдары эстрадалық студияларды бітіріп келген талантты жастармен толығында болып отыр.

Содан да болар, акробаттық этюдтар көрсететін Нина Севостьянова, республикалық конкурстың жүлдегерлері Асқар Қаресов, Мекес Төрешов, Балжан Жүсіпбеков, профессионал биші Светлана Нисанова және басқалары жұртшылық алдында өздерінің өнерпаз жастар екенін таныта біліп, көрермендерді өнерлерімен еріксіз баурап әкетеді.

Ансамбльде көп жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқандардың бірі Мекес Төрешов Гурьев филармониясына шақырылмастан бұрын алты жыл бойы «Қазақконцертте» әнші болды. Ғарифолла Құрманғалиевтың алғашқы шәкірттерінің бірі, бүгінде ел ішінде танымал болған ол – әрбір әнді нақышына келтіріп орындайтын шебер әнші, жақсы домбырашы.

Сахнада Мекес қазақтың халық әндері «Желкілдек», «16 қыз», Ғ. Құрманғалиевтың әзіл әні «Құдайым қызды маған үйіп берген» әндерін өте тамаша орындайды.

Ансамбльдің белгілі вокалист әншісі Асқар Қаресовтың асқақтата шырқаған қазақ совет композиторларының жаңа туындылары өте тартымды шығып, оның аса дарынды екендігін танытты. Оның орындауындағы «Алматы түні», «Ауылың сенің іргелі», «Құдаша» әндерінен арнайы бір мін табу өте қиын болар еді. Асқардың құлаққа жағымды, ашық қоңыр даусы бар. Әр әннің ерекшелігіне орай дауысын да оп-оңай құбылта алады.

Ансамбльдің іргетасын қалаушылардың бірі, жетекші артист болған, «сегіз қырлы, бір сырлы, он қолынан өнері тамған» Гурьев облысының санлақ музыканттарының бірі марқұм Тельман Мұсағалиев еді.

Домбыраның пернесін қағудың не бір сан қилы тәсілдерін көрсетіп, қос ішекті домбыраны асқан шапшаңдықпен безілдеткен, әрі басқа да музыкалық аспаптарда ойнайтын ол сахна сәнін келтіріп, көрермендер көңілінде әдемі әсер қалдырған өнер шебері болатын.

Ол әсіресе Құрманғазының пантомимолық күйі «Термесін» тамаша орындайтын. Тельман бұл күйді Құрманғазының шәкірті Ишанғали Жанқанов қарттан үйрендім деуші еді. Ұстаздың қалай тартқанын қайдам, шәкірт орындауындағы «Терме» ерекше бір жеңіл сазға, лепті қимылға, сезім қытықтарлық ұлттық нақышқа толы еді.

«Атырау – Жайық» ансамблінің профессионалдық дәрежеге жетіп, бірнеше фестивальдарда жүлделі орындарға ие болуына осы ансамбльдің он екі жылдан бергі жетекшісі Қайыржан Махмұдовтың сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе.

Қайыржан тек жақсы артист ғана емес, үлкен ұйымдастырушы, ансамбль коллективінің ұйтқысы. Ол облыстық драма театрынан филармонияға ауысқаннан кейін, осы «Атырау – Жайық» ансамблінің жұмысын қайта құруға, кадрларды тұрақтандыруға, оларды жақсы білімді мамандармен толықтыруға жан-тәнімен күш салған адамдардың бірі.

Қайыржан осы күрделі жұмыстармен қатар көркемсөз оқу,

сатиралық шумақтар орындайтын конференсье, мұнымен қатар фельетон оқуға төселіп алды, оның дауыс ырғағы, кимыл-қарекеті әрқашан да көрермендер назарынан тыс қалып көрген жоқ.

Бір айта кететін жай, ансамбль мүшелерінің орындаушылық шеберліктерін бір-бірінен айырып алуға болмайды. Олардың қай-қайсысы да коллективтің табысты болуына үлкен үлес қосып келеді.

«Атырау – Жайық» ансамблі коллективінің өнердегі қол жеткен табыстары осындай. Олар келешекте өнерін ұштай түсіп, әлі де талай белестерге көтеріле беретіні сөзсіз.

Ел іші – өнер кеніші

Өнер – өмірдің өзіндей мәңгілік.

Ф.И. Шалятин

Көркемөнерпаздар коллективтері өмірді оның күрделілігімен және жан-жақтылығымен бейнелеуге ұмтылады, олардың таңдаулылары профессионалды деңгейге көтеріліп, халықтық коллектив атағына ие болды.

Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу адамның эстетикалық жағынан тезірек жетілуіне көмектеседі, оның бойында жоғары адамгершілік және азаматтық қасиеттердің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Адам қабілетін дамыту мәселелерінде мәдени мекемелер атқаратын жұмыс ұшан-теңіз. Сондықтан да партия барлық кезеңдерде мәдени құрылыс ісіне басшылықты күшейтуді, оның формалары мен әдістерін жетілдіріп отыруды әрдайым назарда ұстайды.

Облыста көркемөнерпаздармен жұмысты бүгінгі күннің талабына сай жүргізуге, жалпы бұқара арасындағы мәдени жұмысты жақсартуға, олардың эстетикалық талғамын өсіруге нақтылы программа болды. Бұл сүйікті партиямыздың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің өркендей беруіне, сөйтіп халықтың рухани қажетін өтеуге толық жағдай жасап отырғанының көрінісі.

Өзінің «Советтік Қазақстан» атты кітабында КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А. Қонаев жолдас: «Еңбекшілердің көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысуы жылдан-жылға кең өріс алып, олардың аудандық, қалалық, облыстық және республикалық байқаулары шын мәніндегі халықтық мерекелерге айналуда. Көркемөнерпаздардың әр алуан үйірмелері мен коллективтерінде жас шамасы мен кәсібі әр алуан ондаған мың адамдар өз өнерлерін ұштауда. Осы заманғы жүздеген Мәдениет сарайлары мен үйлері, клубтары соларға қызмет етеді»⁶, – деп жазды.

⁶ Қонаев Д.А. Советтік Қазақстан. 1980. 125-бет.

Гурьев облысы мұның нақтылы мысалы бола алады. Облыстық партия комитеті мен халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетінің қамқорлығы арқасында мәдениет мекемелерінің жүйесі кеңейіп, көркемөнерпаздар коллективінің қатары жылдан-жылға өсуде.

Қазірде облыста үш жүзден астам мәдениет үйлері мен клубтар, екі жүздей киноқондырғы, төрт жүздей кітапхана жұмыс істейді. Облыстық қазақ драма театрының үйі, облыстық балалар кітапханасы, мұнай өңдеу заводының Мәдениет сарайы, Ембі, Қызылқоға, Махамбет, Индер, Мақат, Балықшы аудандарының орталықтарындағы жаңа үлгі жобалармен салынған Мәдениет сарайлары жұртшылықтың мақтанышы. Тек қана соңғы жылдары облыстың 13 совхозында жаңа жобамен Мәдениет үйлері салынды.

Халық творчествосындағы сапалық өзгерістермен оның өсіп-даму жолдарын мына төмендегідей мәліметтерден аңғаруға болады. Егер 1950 жылдары хор коллективтерінен, драма үйірмелерінен, ұлт аспаптар оркестрінен құрылған облыста 569 көркемөнерпаздар үйірмелері болса, қазір облыста 116 хор, 91 хореографиялық үйірме, 76 қазақтың ұлт аспаптар оркестрі, 13 халық театры, 140 вокальды-аспапты ансамбль, 152 мәдени-үгіт бригадалар коллективіне 18 мыңдай көркемөнерпаздар қатысады. Облыста көркемөнерпаздар қозғалысының қауырт өрістеуі мұнай-химия, балық өнеркәсіптерінің, транспорт пен құрылыстың, ауыл шаруашылығы өндірістерінің өркендеуімен тікелей байланысты. Мұнымен қатар көркемөнерпаздар үйірмелерін маман кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында облыстың партия, совет, комсомол ұйымдарының тарапынан жүргізілген шаралар үлкен әсер етті. Мысалы, көркемөнерпаздар үйірмесіне жетекшілер, дирижерлер, режиссерлер даярлау мақсатында облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінің ұйғарымы бойынша Гурьев қаласында ұлт аспаптар оркестрлерінің дирижерлерін даярлайтын 6 айлық курс, эн-би ансамбльдері жетекшілерінің 3 айлық курстары ашылды. Мұнан басқа да музыкалық училище мен мәдени-ағарту училищелері арқылы жылына 100–130-дай жас мамандар даярланды. Облыстық партия комитеті мен халық

депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің арнайы қаулысымен әрбір екі жылда бір рет көркемөнерпазшылардың байқаулары мен творчестволық есептері өткізіліп тұрды. Мұның өзі көркемөнерпаздар үйірмелерінің саны мен сапасын жақсартуға үлкен ықпал етті. Соның нәтижесінде 1976–1978 жылдардағы Бүкілодақтық фестивальдың үш сатысында 800 творчестволық коллектив, 16 мыңдай адам қатынасты, бұл осыдан 20 жыл бұрын өткізілген бірінші байқаудағыдан он есе көп.

Көркемөнерпаздар коллективінің программасы барған сайын көп жанрлы болып, репертуары байи түсуде: жаңадан қазақ, орыс, украин ән-би ансамбльдері, эстрадалық топтар, домбыра, ішекті аспаптар оркестрлері, көп дауысты хорлар, семьялық ансамбльдер, ірі-ірі ән-би коллективтері құрылды. Бұларға 30-дан аса ұлттың өкілдері қатысады.

Гурьев облысының жағдайында, облыс жұртшылығының арасында көркемөнерпаздар жанрларының көп тараған түрінің бірі – ұлт аспаптар оркестрі мен вокальдық жанрлар. Домбырада, қобызда ән-күйлерді орындау атадан балаға ауысып келе жатқан өнегелі дәстүр.

Көрнекті жазушымыз Ғ. Мұстафин ағамыз былай деген еді: «Гурьев облысында кең-байтақ даламен жол үстінде келе жатқан екі жолаушымен кездесе қалып, жөн сұрасаңыз, біреуі ән салатын, біреуі домбыра тартатын болып шығады». Шынында да солай, бұл өлке ежелден өнер дарыған өлке, бұл өлкеде домбырасыз үй ілуде біреу ғана кездеседі, көпшілік семьяда бір-екі домбырадан бар. Тіпті семьяда домбыра тартатын ешкім болмағанның өзінде, оның біреуінің үйде тұруын қажет деп біледі. Осы дәстүр ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді.

Қазір облыста 80-ге жуық қазақтың ұлт аспаптар оркестрлері бар, солардың бірқатары өздерінің тәуір орындау шеберліктерімен, мазмұнды репертуарларымен облыстық, республикалық, бүкілодақтық байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүр. Солардың ішінде Гурьев қаласындағы Д. Нұрпейісова атындағы, Мақат, Индер аудандарының Ленин атындағы, Амангелді атындағы колхоздарының қазақтың ұлт аспаптар оркестрлері дүйім жұртқа кеңінен танымал.

1955 жылы мұнайшылар Мәдениет үйінің жанынан Д. Нұрпейісова атындағы оркестр ұйымдастырылды. Бұл оркестрге Алматы консерваториясының түлегі, Гурьев музыкалық училищесінің директоры, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Сейілхан Құсайынов, музыка маманы Боздақ Рзаханов жетекшілік етті. Арада көп уақыт өтпей-ақ оркестрдің атағы облыс, республика жұртшылығына белгілі бола бастады, оның барлық мүшелері репертуарды нотамен ойнап, орындау шеберлігін шындай түсті.

Оркестрдің репертуарында 50-ге тарта ән-күн бар. Орыс классиктерінің шығармалары, қазақ халық композиторларының күйлері мен совет композиторларының шығармалары үлкен шеберлікпен орындалатын болды. Д. Нұрпейісова атындағы халық аспаптар оркестрінің ұйымдастырылуы жер-жерде халық аспаптар оркестрінің қанат жайып, кең тарауына ықпал етті. Оркестр өзінің творчестволық өсуімен бірге облыс еңбекшілерінің арасында зор мәдени-ағарту жұмысын жүргізіп келеді, халыққа коммунистік тәрбие беру ісінде партия, совет және басқа да қоғамдық ұйымдарға үлкен көмек көрсетуде.

Оркестр көркемөнерпаздар коллективі үшін мамандар даярлауда көп еңбек сіңірді, оның бұрынғы ондаған мүшелері облыстың көп жерлерінде ұлт аспаптар оркестрінің дирижері болып қызмет атқарып жүр. Оркестр облыстық, республикалық және бүкілодақтық байқауларға әлденеше рет қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Ал, 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігіне республика ұлт-аспаптар оркестрлерінің ішінен бірінші болып қатысты.

Д. Нұрпейісова атындағы қазақтың халық аспаптары оркестрі үлкен творчестволық коллектив қалыптасуының жарқын үлгісі болып табылады. Күй атасы Құрманғазы мен бал бармақ Динаны дүниеге әкелген Атырау өңірі қай кезде де өнерпаз таланттарға кенде емес.

1970 жылдың бас кезінде өнерді жанына серік еткен бір топ жас мұнайшылар, мұғалімдер, дәрігерлер, басқа да мамандықтың қызметкерлері Доссордағы мұнайшылар клубына жиналып, өздерінше бас қосып күй тартуды дәстүрге айналдырған еді.

Осындай өнерпаз жастардың аяқ алысын, концерттегі бой көрсетулерін өзгелерден бөлек, әсіресе бір адам ерекше зейін салып зор ықыласпен тыңдап, өнерпаз жастардың өнерге деген әр қадамын бақылап жүрді. Бұл адам Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестрдің концертмейстрі болған, Атыраудың белгілі домбырашысы, қос ішектің су төкпейтін жорғасы атанған бүкілодақтық, республикалық байқаулардың лауреаты, сол кезде жаңа ғана ашылып жатқан Доссор балалар музыка мектебінің директорлығына келген Рысбай Ғабдиев еді.

Сол кездің өзінде-ақ, ешқандай музыкалық сауаттары жоқ, бірақ домбыра, күй десе ішкен асын жерге қоятын осы бір өнерлі жастарға ұстаз болуға ұйғарған Рысбай жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдарының мақұлдауымен оркестр ұйымдастыруға қызу кірісіп кетті.

Дегенмен оркестр ұйымдастырып, оның жұмысын бірден жолға қою оңайлыққа түспеді, бұлармен күнделікті жұмыс істеу өте қиын болды.

Ең алдымен, әр жерде еңбек ететін, оркестрге қатынасқысы келген өнерпаз жастарды бір уақытта, бір жерге жинап алу өте қиынға түсті. Мұның өзі дайындық жүргізу жұмыстарына, әсіресе нота үйренуге елеулі кедергі келтірді.

Екіншіден, оркестрде музыка аспаптары жоғғың қасында, қолда бары тек домбыра мен қобыз ғана, ал бола қалған күнде де оны үйренетін мамандар және тапшы, тағы бір қиындық оркестр мүшелерінің сахнаға шыға қалған жағдайда, көрермендер алдына шығатын дұрыс киімдері де болмады. Әркім өз киімдерімен шығып жүрді, әлбетте, ол сахна сәнін келтіре алмады. Айта берсе, ол кезде істелетін жұмыстың ұшы-қиыры жоқ сияқты көрінді. Дегенмен «Көз – қорқақ, қол – батыр» дегендей, біртіндеп бұл қиындықтар да шешімін таба бастады. Мақат аудандық партия комитеті, халық депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті, аудандық комсомол комитеті үлкен қамқорлық көрсетіп, ұйымдастыру жұмыстарына өздері тікелей қатысты.

Ең алдымен, оркестрге қатысып жүрген өнерпаз жастардың өндірістегі, мекемелердегі жұмыс уақыттары белгілі бір жүйеге келтірілді. Сөйтіп, олардың жұмысқа да, оркестрге де үзбей

катысуларына жағдай туғызылды. Жетісіне 3 күн көрсетілген, келісілген мезгілде дайындық сабақтары өткізілетін болды, оркестрге домбыра, кобыздан басқа, контрабас, прима, бас кобыз сияқты музыкалық аспаптар сатып алынды, оркестр мүшелеріне белгілі бір үлгіде қазақтың ұлттық киімдері тігілді.

Міне, осындай қамқорлықтың арқасында кездескен кейбір қиыншылықтарға қарамастан, оркестр жұмысын жолға қоюға толық мүмкіншілік жасалды.

Әуелде 10-15 жастан құрылған коллективтің қатары күннен-күнге өсе берді, арада бір жыл өтпей-ақ оркестр мүшелерінің саны 45 адамға жетті. Олардың көпшілігі өнер сүйгіш жастар – шофер, слесарь, токарь, мұнайшы, мұғалім, дәрігер сияқты әртүрлі мамандықтың адамдары.

Әуелде үш түрлі музыкалық аспаппен бастаған оркестрде қазірде жаңа талапқа сай 14 түрлі музыкалық аспаптар бар. Оркестрдің дыбыс құлашы кеңейіп, үні үдеп, ойнау техникасы шындала түсті.

Оркестр мүшелері алғашқы күннен бастап жан-жақты талқыланған, өздерінің қабілеттеріне бейімделген жаңа репертуармен жұмыс істей бастады. Оркестрдің барлық мүшелері нота үйрену сабақтарына қатысып, біраз уақыттан кейін олар тартылатын күйлерді тек нотамен ғана ойнайтын болды.

Мұның өзі коллектив мүшелерінің музыкалық мәдениетін көтеруге, сөйтіп күйлерді нақышына келтіріп, шебер де сауатты орындауға үлкен ықпал етті.

Арада бір-екі жыл өтпей-ақ Мақаттың ұлт аспаптар оркестрінің атағы көрермендер арасына кеңінен тарап, көркемөнерпаздардың аудандық, облыстық байқауларында жүлделі орындарға ие бола бастады.

Тынымсыз ізденіс, репертуар құрамына өте жауапкершілікпен қарау оркестрді биіктен-биікке көтерді. Соңғы бес жылда оркестрдің өнер шежіресіне ең жарқын беттер жазылды. 1972 жылы жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік X фестиваліне арналған облыстық фестивальда оркестр лауреат атанса, 1973 жылы композиторлар Құрманғазы мен Динаның құрметіне өткізілген облыстық «Күй мерекесінде» I дәрежелі дипломмен

наградталды. Осы жылы оркестрдің орындаушылық шеберлігі, табысты еңбектері жоғары бағаланып, Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің шешімімен оған «Халық оркестрі» атағы берілді.

Облыс еңбекшілерінің сүйікті коллективіне айналып отырған оркестр үнемі халық арасында, оның өнерін Гурьев қаласының, Мақат, Махамбет, Балықшы, Новобогат аудандарының өнер-сүйгіш жұртшылығы сүйсіне тамашалайды. Арада бір жыл өткен соң, 1975 жылы еңбекшілердің көркемөнерпаздар творчествосының Бүкілодақтық бірінші фестивалі бүкіл елімізде өз сапарын бастады. Осы фестивальға белсене қатысқан Мақат ауданының ұлт аспаптар оркестрі бірінші және екінші турда да бірінші орынды жеңіп алып, бас жүлдені еншіледі. 1972 жылы Шымкент қаласында 15 оркестр қатысқан Бүкілқазақстандық халық өнерінің сайысына түсіп, тағы да бірінші орынға ие болып, үлкен алтын медалімен наградталды.

Халық өнерінің осы мерекесінде оркестр Құрманғазының «Сарыарқасы» мен Дина Нұрпейісованың «Он алтыншы жылын», Тәттімбеттің «Қосбасары» мен В. Моцарттың «Түрік маршын», П. Огинскийдің «Полонезі» мен Түркештің «Көңіл ашарын», С. Мұхамеджановтың симфониялық поэмасы «Шаттық Отанын» орындап, үлкен табысқа жетті. Оркестр қай күйді орындаса да өте сазды, бір бөлшегін пашау етпей, шығарманың мазмұнына қарай кейде дауылдата, кейде елжірете, көрерменнің жан дүниесін баурап, оны өзіне тарта орындады. Бұл тұрғыда оркестрдің музыка аспаптарының түрі мен саны, өнерпаздардың киген киімдері, олардың орындау шеберлігі жоғары бағаланды.

Осы конкурсты өткізу жөніндегі жюридің председателі болған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің дирижері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі А. Мырзабеков жолдас мұнайлы өңір күйшілерінің өнеріне жоғары баға бере келіп, оның әсіресе «Сарыарқа» күйін орындаудағы асқан шеберлігін ерекше атаған еді.

Қорытынды концерттен үлкен табыспен оралған оркестр коллективін қуанышты жаңа хабар күтіп тұрған еді. Ол Қазақ ССР Мәдениет министрлігінен еді. Оркестр Ташкент қаласында өтетін Орта Азия республикалары көркемөнерпаздарының

III туры лауреаттарының қорытынды концертіне қатынасатын болыпты. Республикамыздың намысын қорғау осы оркестрге сеніп тапсырылды. Бұл өте жауапты да құрметті тапсырма еді.

Оркестр бұл хабарды алысымен жауапты сынға өте мұқият әзірленді. Шымкентте орындалған репертуарға аз-кем өзгерістер енгізілді. Оркестрге ырғақ беретін «литавры» атты жаңа музыкалық аспап тұңғыш рет қолданылды.

Оркестрдің бүкілодақтық жауапты сынға тыңғылықты әзірленуіне облыстық, аудандық партия, совет органдары үлкен мән беріп, әзірлік жұмысына күнделікті басшылық жасалды.

Коллектив Ташкентке жүрер алдында Гурьевтің Махамбет атындағы облысаралық қазақ драма театрында есепті концерт берді.

Оркестр Өзбекстанның Калинин ауданының Свердлов атындағы совхозы мен Шыршық қаласындағы «Электрохимпром» өндірістік бірлестігі коллективтерімен творчестволық кездесулер өткізіп, концерт қойды. Ташкенттің М. Горький атындағы драма театрында бүкіл елімізден 24 оркестр қатынасқан қорытынды концертте «Сарыарқа», «Он алтыншы жыл» күйлерін тебіреніп орындап, көрермендердің құрметіне бөленді. Москваның және Өзбекстанның музыка мамандарының пікірінше, Гурьевтен келген қазақ оркестрінің өнері басқа коллективтерден үздік деп танылды. Осы сапарда біздің оркестріміздің концертті Өзбек телевизиясына арнайы жазылып, түсіріліп алынды. Осының артынша оркестр коллективі Москвада өтетін еңбекшілер көркемөнерпаздарының бірінші Бүкілодақтық байқауы лауреаттарының қорытынды концертіне шақырылды. Сөйтіп, ол СССР-дің жаңа Конституциясын қабылдаған СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс сессиясы өтіп жатқан күндерде Кремльдің Съездер сарайында концерт көрсетті.

Міне, Мақаттың ұлт аспаптар оркестрінің аз жылда көпке қолы жеткен табысының қорытындысы осындай. Қазір Мақат халық аспаптар оркестрінің репертуарына елуге тарта шығарма, олардың ішінде Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Түркеш, Тәттімбет сияқты халық композиторларының, Чайковский, Брамс сияқты классиктердің шығармалары бар. Қазақ совет компози-

торлары А. Жұбанов, С. Мұхамеджанов, тағы басқалармен бірге жергілікті композитор С. Құсайынов пен Т. Құлтумиевтың тамаша туындылары енді. Коллектив Москвада өткен жазғы XII олимпиада қонақтарының алдында өнер көрсетті. Оркестрдің азғантай өмірінің ішінде коллективтің жұмысына белсенді үлес қосқан, халық арасынан шыққан талантты өнерпаздарымыздың саны күн сайын өсіп келеді. Олардың ішінде шоферлер Адайбай Қартпаев, Қабдол Өтепов, Серік Жұмағалиев, экскаваторшы Серік Отаршиев, токарь Төлеген Қоңырбаев, талантты музыкант, өндірістік ортақтандырылған базаның мастери Сабыр Кенесариев, газ цехының мастери Серік Мендіғалиев, Мақат теміржол депосының слесарьлары, әуеской композитор Жұмажан Смағұлов пен Борис Жалғаспаев, мұғалімдер Маңдаш Жеңісбаев, Естай Ғинаятов, Жақсылық Алтыбаев және басқаларын атап айтуға болады. Бұлардың есімін көрермендер қауымы әр уақытта ілтипатпен атап, мақтан етеді.

Әрине, оркестрдің қол жеткен осындай іргелі табыстарына оның көркемдік жағын басқарушы, бас дирижері Рысбай Ғабдиевтың сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе. Рысбай Ғабдиев тек қана шебер орындаушы ғана емес, оның естіген күйлерін сергек сезіммен өңдеп, желісін өрбітіп, толықтырып отыратын әдеті де бар.

Рысбай Ғабдиев балалық шағын қазіргі Новобогат ауданының «Мыңтөбе» құмында өткізді. Домбырашылық өнерді Құрманғазының шәкірті болған нағашысы Жаңбырбайдан «жұқтырды». Сөйтіп, Рысбай жастайынан өнерге құмартып, ел ішінде кезінде «күйші бала» атанды. Көркемөнерпаздардың аудандық, облыстық, республикалық байқауларына қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Рысбай Алматыда өткен кейінгі республикалық байқауда өзінің шебер орындаушылығымен ерекше көзге түседі де, сол жолы ол П.И. Чайковский атындағы музыкалық училищенің халық аспаптары бөліміне оқуға алынады.

Алматы мемлекеттік консерваториясында оқитын студенттер мен ондағы педагогтерден құрылған оркестр құрамында Москвада өткен жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік VI фестиваліне қатысып, лауреат атағына ие болады.

Мұнан кейін Рысбай Құрманғазы атындағы қазақтың ұлт аспаптар оркестрінде прима тобының концертмейстрі және домбыра солисі болып қызмет атқарды. Осы оркестрдің құрамында Москва, Ленинград, Киев, Баку, Ереван сияқты ірі қалаларда творчестволық командировкаларда болып, өзінің орындаушылық шеберлігін танытты.

Рысбай тек шебер домбырашы ғана емес, ұйымдастырушылық қабілетімен де көпшілікке танылып жүр. Ол 1959 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында тұңғыш ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырады, бұл оркестр көп кешікпей көркемөнерпаздардың облыстық байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Келесі жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Гурьев музыкалық училищесіне мұғалім болып келді. Осында Балықшы ауданындағы «Еркін қала» қазақ орта мектебінің шәкірттерінен ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырады. Бұл облыстағы мектеп оқушыларынан құрылған алғашқы оркестр еді. Сол жылы-ақ «Республикам менің» атты әдеби-музыкалық монтажбен облыстық фестивальға қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Бір кезде өзі ұйымдастырған «Еркін қала» орта мектебінің балалар оркестрімен бірге 1967 жылы Москвадағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өткізілген қазақ өнері апталығына қатысады. Оның көркемдік жағын басқарушы әрі дирижері ретіндегі еңбегі жоғары бағаланып, ол Бүкілодақтық көрменің дипломымен наградталды.

Одан кейін, облыстық мәдениет бөлімінің жолдамасымен Доссорға барды. Мұнайшылар клубының жанынан халық аспаптар оркестрін ұйымдастырып, оны өнер биігіне көтере білді.

Рысбай Ғабдиевтың еңбегі ерекше. Доссордағы тұңғыш музыка мектебінің ұйымдастырылуы да Рысбайдың есімімен байланысты.

Қиыншылықтарды табандылықпен жеңе білген ол, музыка мектебінің оқу-тәрбие жұмысын тез арада жолға қойды. Әуелде небары 2 мұғалім, 15 оқушымен сабақ бастаған музыка мектебінде қазір 20-ға тарта жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандар сабақ береді, мектептің 8 бөлімінде 250-ге тарта балалар музыкалық білім алууда.

Мектеп директоры Рысбай Ғабдиев әр оқушының жүйелі білім алуын ерекше қадағалап отыратын еді. Доссор музыка мектебін бітіріп, ұядан қияға ұшқан шәкірттерден әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика-мәдениет институтының халық аспаптары бөлімінің студенті Сағын Мұханбетов, жас музыканттардың республикалық конкурсының лауреаты Ғалия Шабасова, өздері оқыған мектепте мұғалім болып істеп жүрген Қазыбек Ілиясов пен Күләш Маханова келешегінен көп үміт күттіретін талапты жастар екендігін байқатты. Бұл мектептің үлгілі істері облысымыздағы музыка мектептеріне кеңінен таратылуда. Мысалы, Құлсары қаласында, Балықшы поселкесінде музыка мектептерін ұйымдастырғанда Рысбай басқарған коллектив методикалық-практикалық көмек көрсетті.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің ұйғарымы бойынша Рысбай Ғабдиевтің орындауында тоғыз күй жазылған пластинканы Ташкент грампластинка фирмасы жарыққа шығарды. Олардың ішінде Гурьев, Алматы, Москва радиоторабынан жиі-жиі беріліп жүрген Құрманғазының «Байжұма», «Теріс какпай», Дәулеткерейдің «Бұлбұл», «Көркем ханым», Динаның «Он алтыншы жыл», Жантөренің «Шалқыма» күйлері бар. Ұлттық өрнек пен әуенге, шертер сырға бай ғажайып туындылар қазақ халқы мәдениетінің биік мәртебесіндегі Отанымыздың әр түкпірінде күмбірлеп келеді. Рысбай Ғабдиев әсіресе екпінді тартылатын төкпе күйлердің шебері. «Жайбарақат тартылған күй сезімге әсер етпейді, орындаған әр күйің ішіңнен шыққандай болуы керек» дейді ол.

Рысбай тек қана үлкен ұйымдастырушы, он саусағынан өнер тамған күйші ғана емес, ол – жақсы семья ұйтқысы, үлгілі әке. Жұбайы Мөрбан екеуі Ақмарал, Мұхаддас, Арыстанбек және Айманын болашақ музыканттар ретінде тәрбиелеуге көп көңіл бөледі. Ал атасы Хисматолла қарт күй тарихын, Құрманғазы мен Дина туралы ескі әңгімелерді айтқанда, үй-іші болып ұйып тыңдайды.

ҚПСС мүшесі, поселкелік Советтің депутаты, облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты, жоғары класты домбырашы, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет

қызметкері, Қазақ ССР-інің халық-ағарту ісінің озаты, дирижер, шебер ұйымдастырушы, педагог Рысбай Ғабдиевтің үлгілі ісі, өнегелі өмірі осындай.

Гурьев облысында ұлт аспаптар оркестрлерін ұйымдастырудағы бір игі іс мектептер жанынан ұлт аспаптар оркестрін құру болды. Қазірде облыс көлемінде ұйымдастырылып, ресми жұмыс істеп жатқан халық ұлт аспаптар оркестрлерінің атағын алған 13 коллективтің ішінде 3 балалар оркестрі бар.

Мектептер жанынан ұйымдасқан ұлт аспаптар оркестрлерінің іс-тәжірибелерінен бірер мысал келтірейік. Балықшы ауданының В.И. Ленин атындағы балықшы колхозының орталығында ертеден келе жатқан онжылдық мектеп бар. Мектептің негізі 1930 жылы қаланған. Бұл орта мектептің түлектерінің бәрі дерлік тек колхоз мүшелерінің, ауыл шаруашылық мамандарының, басқа да осы жердің тұрғындарының балалары.

Мектеп коллективі осы жылдар ішінде жас ұрпаққа жүйелі білім мен коммунистік тәрбие беруде бірқатар игі істерді жүзеге асырып келеді. Коллектив 1970 жылы В.И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы және Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының елу жылдық мерекесінің құрметіне оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда қол жеткен табыстары үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі мен кәсіподақтардың қазақ республикалық Советінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. Сондай-ақ мектеп комсомол, пионер ұйымдарының жұмысын жақсартқаны үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің ескерткіш вымпелімен наградталды, ал 1972 жылы СССР-дің құрылуының елу жылдығын лайықты қарсы алу жөніндегі социалистік жарыс қорытындысы бойынша жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін мектеп Гурьев облыстық партия комитетінің Құрмет кітабына жазылды.

Мектепте музыкадан хабары бар балалар іріктеліп алынып, ұлт аспаптар оркестрі ұйымдастырылды. Бұл оркестрдің де алғашқы ұйымдастырушысы Рысбай Ғабдиев болса, 1963 жылдан бастап осы күнге дейін оған талантты музыкант, педагог Ғазиз Жексемалиев жетекшілік етіп келеді.

Сөз жоқ, мектеп қабырғасында домбыра білетін аз ғана

оқушы балалардан басқа, дайындығы жоқ жерде оркестр құра қою оңайлыққа түскен жоқ, оркестрге шақырылған оқушы балалардың домбырадан басқа музыка аспаптары да бола қойған жоқ. Алайда жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары, педагогикалық коллектив пен шаруашылық басшылары күш біріктіруінің нәтижесінде аз уақыттың ішінде оркестрдің жоспарлы жұмыс істеуіне мүмкіншілік жасалынды. Колхоздан қаржы бөлініп, оркестрге қажетті музыкалық аспаптар сатып алынды, сахналық киімдер тіктірілді.

Оқушылардың көркемөнерге деген бейімділігін байқау, анықтау мақсатында жыл сайын сентябрь-октябрь айларында ән-күй мерекесі өткізіліп тұрды.

Оркестр мүшелерінің музыкалық сауатын ашуға ерекше көңіл бөлінді. Бұл жөнінде 1970 жылы колхоз орталығында ашылған Балықшы аудандық балалар музыка мектебінің бөлімшесі және оның маман педагогтерінің нәтижелі жұмысы айтуға тұрарлық. Бұлар оркестр мүшелерін нотаға үйретуге, музыкалық сауатын жетілдіруге үлкен ықпал жасады. Мектеп дирекциясы, оркестрдің жетекшісі Ғазиз Жексемалиев, жергілікті музыка мамандарымен ақылдаса отырып, оркестрдің репертуарын іріктеп алды. Классиктерден, халық күйлері мен әндерінен, совет композиторларының ән-күйлерінен іріктелініп алынған 40-тан астам шығармалар бар. Оркестр мүшелері оқу жылы бойына белгіленген репертуарлық жоспар бойынша жаттығады, музыкалық сауатын жетілдіру бағытында жұмыс жасайды. Жаттығу кездерінде әр оқушының ойнайтын аспапты барынша жете меңгеруіне, ойнау техникасын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.

Осы жылдар ішінде Ғазиз Жексемалиевтың, оркестр мүшелерінің талмай-жалықпай ізденулерінің арқасында «Еркін қала» мектебінің ұлт аспаптар оркестрі қазақтың халық әндері мен күйлерімен қатар, симфониялық поэмаларды, күрделі классикалық шығармаларды орындайтын дәрежеге жетті. Олардың ішінде Құрманғазының «Ақбайы», С. Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» атты симфониялық поэмасы, П.И. Чайковскийдің «Украин гопакі», «Қараторғай әні», Е. Хасанғалиевтың «Атамекені», тағы басқалары бар.

Мектептің ұлт аспаптар оркестрі жылма-жыл музыкалық аспаптардың түрлерімен толықтырылып келеді. Олардың ішінде: домбыра, прима, бас домбыра, 7-8 кобыз, баян, барабан, виолончель, пианино бар. Тағы да бірнеше жетіспейтін музыкалық аспаптарды алу жұмыстары көзделіп отыр.

Мектепте педагогикалық коллективтің оқушылармен жүйелі жүргізіп келе жатқан эстетикалық тәрбие жұмысы жастардың дүниетанымын кеңейтуге, білімге, еңбекке деген құштарлығын қалыптастыруға зор ықпал етіп келеді.

1962 жылдан бастап мектептің ұлт аспаптар оркестрі балалар творчествосының аудандық, облыстық байқауларында үнемі жүлделі орындарға ие болып келеді. 1967 жылы Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдық мерекесінің құрметіне өткізілген оқушылар творчествосының республикалық байқауында бірінші орынға ие болып, лауреат атағын алды. Сол жылы Москвада Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өткізілген Қазақ ССР күндеріне қатынасып, көрменің дипломымен наградталды. Ал, 1970 жылы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы және Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының елу жылдық мерекесінің құрметіне арнап өткізілген республикалық байқауда екінші рет лауреат атағын жеңіп алды. Сол жылы Қазақстан өнерпаздар коллективтерімен бірге Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өз өнерлерін астана жұртшылығына көрсетіп, дипломмен наградталды.

Оркестр өз өнерлерін аудан, облыс еңбекшілері алдында талай рет көрсетіп, көрермен жұртшылықтың ізгі ілтипатына бөленді.

1980 жылдың басында оркестр Алматы қаласына шақырылып, республикалық телевизия арқылы үлкен концерт берді. Ондағы оркестр орындаған А. Жұбановтың «Би күйі», Дәулеткерейдің «Қосалқасы», Құрманғазының «Балбырауыны», «Ақбайы», Штраустың «Парсы маршы», С. Құсайыновтың «Мерекесі», Болат Шыңғалиевтың орындаған әні «Атамекен», Талшын Нажимованың орындаған «Ер Тарғын» операсынан Ақжүністің ариясы, Балжан Тілеумашованың кобызда орындаған «Қараторғай» әндері өте сәтті шығып, көгілдір экран көрермендерінің алғысына бөленді.

«Еркін қала» орта мектебінің ұлт аспаптар оркестрінде оқушы

болса да өз өнерлерімен аудан, қала берді облыс жұртшылығына танымал тамаша күйшілер мен әншілер де бар. Солардың ішінде, әсіресе өте шебер домбырашы, 1979 жылғы республикалық жас орындаушылар байқауының жүлдегері Жаңылсын Тілеуова, шебер қобызшы, келешегінен зор үміт күттіретін Балжан Тілеумашова, баянда ойнайтын Айжан Ақжігітова, Тұрлыбек Жексемалиев, тағы басқаларды атауға болады. Бірнеше жыл оркестрге қатынасып, «Еркін қала» орта мектебін бітірген жүздеген түлектер қазірде халық шаруашылығының әр салаларында еңбек етуде.

Осы мектептің оркестрінде ойнаған бірсыпыра жастар туған колхозының құрамында 40 адамы бар ұлт аспаптар оркестріне қатысып жүр. Бұл оркестр 1969 жылы «Халық оркестрі» атағын алды.

«Еркін қала» мектебіндегі ұлт аспаптар оркестрінің қалыптасуына, өсіп, республика, Одақ көлеміне белгілі болуына оркестрдің 20 жылдан бергі жетекшісі Ғазиз Жексемалиевтың сіңірген еңбегі зор. Ғазиздың өзі осы мектептің оныншы класынан кейін Гурьев музыка училищесін өте жақсы деген бағамен бітіріп, өзінің ұшқан ұясына оқытушы болып оралды. Ғазиз Жексемалиев еңбексүйгіш, ізденгіш, облыстағы жақсы дирижерлердің бірі саналады. Ол оркестрмен орындайтын шығарманың мазмұнын, мәнін, оркестрлік құрылысын, көркемдік компоненттерін өз шәкірттеріне үлкен шеберлікпен жеткізе біледі. Әр шығарманы балаларға үйретудің педагогикалық методикасын, түрлі тәсілін жете меңгерген. Сондықтан да оркестрдің әр концертін көрермендер жылы қабылдап отырады. Ғазиз Жексемалиев 1974 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Кіші алтын медалімен және көптеген грамоталармен наградталды.

«Еркін қала» мектебінің ұлт аспаптар оркестрінің жұмысына шаруашылықтың басшылары, партия, комсомол ұйымдары, педагогикалық коллектив және балалардың ата-аналары үлкен қамқорлық жасап, күнделікті ісіне көмектесіп келеді. Жасөспірімдерден ұйымдасқан өзіндік дәстүрі, тәжірибесі бар, жақсы мамандар баулыған бұл тамаша оркестрдің келешегі мол.

Облыстың жоғарыдағы көрсетілген көптеген өнерпаздар коллективтерінің ішінде кемелденген коллективтің бірі – республикаға және бүкіл елімізге атағы шығып жүрген «Жайық қызы» ән-би ансамблі. Ансамбльдің ұйымдастырылғанына көп болмаса да, оның өзіндік тарихы бар.

1960 жылдары облыста көркемөнерпаздар коллективтерінің сан жағынан да, сапа жағынан да біркелкі өсе бастағаны жұртқа мәлім. Егерде бұрын көркемөнерпаздар коллективінің басым көпшілігі драма үйірмесі ғана болып келсе, кейінгі кездерде жанрдың барлық түрлері кең өріс алды. Ұсақ коллективтердің ішінен бірнеше жанрдың басын қосатын талантты жастардан ән-би ансамбльдерін ұйымдастыру мәселесі қолға алына бастады. Бұл жөнінде облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінде өткен бірнеше мәжілістерде бір үлкен ансамбль ұйымдастыру жөнінде тілектер айтылды. «Болар істің басына жақсы келер қасына» демекші, болашақ «Жайық қызы» ән-би ансамблінің ұйымдастырылуына тағы да бірсыпыра жағдайлар әсер етті.

Біріншіден, осыдан аз уақыт бұрын халық таланттарын табу мақсатымен облыстық мәдениет басқармасы қазақ халқының бұлбұлы – Күләш Байсейітованың репертуарын орындаушылардың облыстық конкурсын өткізді. Бұл сайысқа бірнеше ондаған қыздар қатынасып, олардың ішінен жеті қыз конкурстың лауреаты деген атаққа ие болды. Бұлардың ішінде Ембі ауданынан Мәдина Нысанова, Рахима Ибрагимова, Маңғыстау ауданынан Сұлухан Үсембаев, Теңіз ауданынан Халимат Хаметова, Балықшы ауданынан Хадиша Шәріпова өздерінің тамаша әндерімен, орындау шеберліктерімен көпшіліктің көзіне түсті. Осы конкурстың нәтижесінде облыс көлемінде жақсы әнші қыздардың бар екендігі анықталды.

Екіншіден, осы жылы Гурьев облысына келіп, ел аралап жүрген республикамыздың атақты композиторы Шәмші Қалдаяқовтың талантты ақын Төлеген Айбергеновтың сөзіне жазған «Ақ ерке – Ақ Жайық» деген тамаша әні жарық көрді. Бұл ән жастар арасында лезде тарап кетті.

Үшіншіден, осы кезде Қызылорда облысындағы «Сыр

сұлуы» ансамблінің атағы елге тарай бастаған-ды. Сөйтіп, жан-жақты талқыланып келгенде негізі облыста эн-би ансамблі ұйымдастыруға толық мүмкіншілік бар екендігі анықталды.

Осы шешімге келгеннен кейін облыстық мәдениет басқармасының мамандары көп ұзамай-ақ эн-би ансамблі ұйымдастыру жұмысына кірісіп кетті. Ең алдымен Гурьев қаласындағы көркемөнерпаздар үйірмесінен әнші, биші, домбырашы, күйші, басқа да музыканың түрлерін жақсы меңгерген талантты жастардан ансамбльдің құрамы іріктелініп алынды. Жетіспеген кейбір жанрдың адамдары жақын аудандардан шақырылды. Күләш Байсейітова атындағы конкурстың дипломанттары – жақсы әншілер ансамбль құрамына тартылды. Сөйтіп, ансамбль коллективінің негізі музыка училищесінің, педагогикалық институттың студенттері мен мұғалімдерінен, өндірісте, мекемелерде қызмет істейтін жастардан құралды. Ансамбль тиісті музыканттармен қамтамасыз етілді. Олардың дайындалатын негізгі орталығы мұнайшылар Мәдениет үйі болып белгіленді. Ансамбльдің көркемдік жағын басқаруға Кененбай Өтегенов, жетекшісі және балетмейстрі болып Дмитрий Арсентьев, музыка жетекшілігіне Вячеслав Тюрин тағайындалды.

Облыстық партия комитеті мен халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті және облыстық комсомол комитеті ансамбльдің ұйымдастыру жұмысын тікелей өз қолына алып, жәрдем көрсетіп, оған қатысты мәселелерді нақтылы шешіп отырды. Осындай қамқорлықтың арқасында ансамбль коллективі өздерінің еңбекқорлығы мен өнерге деген сүйіспеншілігі арқасында аз уақыттың ішінде репертуары жақсы концерттерімен көзге түсе бастады. Ансамбльдің көпшілік сүйіспеншілігіне бөленуі оның концерттік программасына да байланысты. Осы ретте ансамбль өз репертуарын көпшілік көңілінен шығаратындай дәрежеде талғампаздықпен жасай білді. Әсіресе, жеке әншілердің, әнші қыздар тобының, трионың орындауындағы халық әндері, совет композиторларының эстрадалық әндері тыңдаушысын ұйытпай қоймайды.

Әуел баста ансамбльге 150 адам қатысып, оның басым көпшілігі қыздар болды. Алайда, кейінгі жылдарда, ансамбльдің ел

аралап жүріп-тұруына байланысты хор бөлімі қысқартылып, коллектив құрамында талантты, келешегінен үлкен үміт күттіретін жастар ғана қалдырылды. Оларға бейімделіп жаңа репертуар жасалынды. Осы уақыттың ішінде ансамбль коллективі облыстың көпшілік аудандарында бір-екі реттен болып, көрермендердің алғысы мен ілтипатына бөленді. Жас коллектив облыста, республикада дүркін-дүркін өткен фестивальдардың лауреаттары атанды. 1967 жылдың аяғында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдық мерекесі құрметіне Бүкілодақтық байқаудың лауреаты деген құрметті атаққа ие болды. Арада бірер жыл өткеннен кейін, яғни 1969 жылы Москваның Колонналы залында көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық лауреаттарының творчестволық есеп концерті өткізілетін болды. Осыған қатысу үшін республиканың «Жайық қызы» мен Теміртау қаласының эн-би ансамбльдері Москваға шақырылды. Сөйтіп, 1969 жылғы 2 октябрь күні Кремль сарайында қазақстандық өнерпаздар творчестволық концерттерін көрсетті. Бұл концертте «Жайық қызы» ансамблінің программасы Сәйком Еділхановтың Ж. Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасынан үзінді оқуымен басталды. Бұдан кейін С. Мұхамеджановтың «Жаса, туған партия» әні шырқалды. Москвалықтар бір әннен соң бір әнді ду қол соғып, үлкен қошеметпен қарсы алды.

Әсіресе «Қазақ рапсодиясы», «Маңғыстау жастары» сияқты билерді, ансамбльдің ұлт аспаптар оркестрі орындаған күйлерді жақсы қабылдады. Ансамбльдің әншілері Ғизат Сүйінғариевтің «Алатау», Нариман Үлкенбаевтың «Қанапия», Рахима Ибрагимованың «Елім жомарт» әндері мен Рысбай Ғабдиевтің орындаған тамаша күйлері көрермендер жүрегіне жылы ұялады, зор ілтипатқа ие болды. Мұнан кейін «Жайық қызы» ансамблі Москваның екі Мәдениет сарайында концерт берді. Көрермендер оларды мұнда да жылы қабылдады.

Отанымыздың астанасы – Москва қаласында көрсетілген концерттер «Жайық қызы» ансамблінің есейіп, толысқан, қалыптасқан коллектив екенін танытты.

Ұлы көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын өнер жолындағы тамаша табыстармен қарсы алған ансамбль коллек-

тиві шетелдік гастрольдің дайындығына қызу кірісіп кетті. Ең алдымен репертуар шетелдік гастроліне бейімделіп өзгертілді. Осыған сәйкес тиянақты, жан-жақты жаттығу жұмыстары басталды. Ансамбль мүшелерінің орындау шеберлігін ширата түсу мақсатымен Маңғышлақ, Гурьев облысының бірқатар аудандарына гастрольге шығып, ондаған концерттер көрсетті.

Совет Одағы мен Югославия арасындағы мәдени жұмыстары жөнінде тәжірибе алмасу ретінде жасалған шартқа сәйкес 1971 жылғы октябрьдің 14-нен 24-не дейін «Жайық қызы» ансамблінің Югославияда онкүндік гастролі болып өтті. Югославияның қай қаласында болмасын, Советтер Одағының Атырау – Жайық өңірінен келген өнерпаздарды жергілікті халық үлкен ілтипатпен қарсы алып, олардың концерттерінің жоғары дәрежеде өтуіне барлық жағдайды жасады.

«Құрметті югославиялық достар! «Жайық қызы» эн-би ансамблі күн сәулетті Қазақстаннан, қарт Каспий теңізінің жағалауынан сіздерге өзінің жалынды сәлемін әкеліп отыр. Біздің «Атырау – Жайық» өңірі дегеніміз бұл – Маңғышлақ пен Ембінің мұнайы, Каспий теңізінің баға жетпес қызыл балығы, кара уылдырығы, ежелден малға жайлы кең жазықты дарқан даласы, бұл өңір – әдемі ән мен күмбірлеген күйдің өлкесі», – дейді ансамбльдің концертін жүргізуші Жұпар Мұқашева көрермен халыққа өз өлкесін мақтаныш ете.

Югославияның белгілі әншісі, аудармашы және конференсье Курт Сабохутдин барған жерлерінде жүргізушінің айтқан сөздерін аударып, ансамбльдің құрамы мен программасын зор ықыласпен таныстырып отырды.

«Жайық қызы» ансамблі Югославияда өткізген онкүндігінде Черногория, Сербия, Босния, Герцоговина өлкелерінде, Приеполье, Иванград, Белеполье, Форга, тағы басқа да бірнеше қалаларында, өндіріс орталықтарында болып, көптеген концерттер көрсетті. Әрбір концерттің номері асқан жылылықпен, үлкен қошеметпен өтіп отырды, жылылықтың лебіздері сондай, кейбір уақыттарда тіпті өз тілінді, өнерінді жақсы түсінетін, білетін көрермендердің ортасында отырғандай сезінесің. Бұл – екі ел халқының бірін-бірі жақсы түсінгенінің, сыйласты достықтың

айқын дәлелі. «Жайық қызы» ансамблінің Ново-Варш қаласында өткен концертіне Югославиядағы СССР елшілігінің кеңесшісі Ю.А. Брагин жолдас және Югославияның мәдени-ағарту орындары одағының бас секретары Мишо Спайг, тағы басқа да югославтықтар қатынасты.

«Жайық қызы» эн-би ансамблі – өздерінің профессионалдык шеберлігімен, интернационалдык программасымен, ұлттык колоритімен өте сәнді, әдемі, бай тігілген қонымды костюмдерімен Югославия халқының жүрегіне ұялады, бұл кездесулер ұзақ уақыт есте сақталатын болады» деді Югославия мамандары.

Әсіресе, ансамбль шеберлері Әбен Харесовтың орындауында Югославия композиторы Ковачтың «Зум-Рам» әні, Маруся Әбілова мен Айсұлу Ерзакова орындаған композитор Дунаевскийдің «Ұмытпа» деген әні көпшілікті тәнті етті. Орыс, түрікмен билері, «Балықшы қыз» биі және «Қазақ рапсодиясы» аса шеберлікпен орындалып, үлкен өрлеу үстінде өтті. Ал, эн-би ансамблі қойған «Югославия сюитасына» залдағы көрермендер ду қол шапалақтаумен қошемет көрсетті. Бұл номердің мұндай үлкен табыспен өтуі, ең алдымен осы сюитаны қоюшы, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері З. Райбаевтың сюитаға, ондағы билерге Черногория, Сербия, Македония халықтарына тән элементтерді жақсы түсініп, ұтымды жеткізе білуінде болды.

Екіншіден, сюитаға қатысушы эн-би ансамблінің жетекші биші-солистері өз рольдерін өте жақсы меңгеріп, жоғары сатыда көрсете білді. Югославия халқының сюитаны қоюшыларға үлкен алғыс айтып, ізгі ниет білдіруі де осында жатса керек.

Осы үлкен достық, ақ ниет эн-би ансамблінің алдына қойған мақсаттарын үлкен абыроймен орындап қайтуына көп ықпал жасады.

Эн-би ансамблінің онкүндігі жөнінде Югославиядағы СССР елшілігінің кеңесшісі Ю.А. Брагин жолдас 1971 жылдың 25 октябрінде облыстық партия комитеті мен облыстық мәдениет басқармасына мына төмендегідей хат жолдаған:

«Югославия Социалистік Федеративтік Республикасындағы СССР-дің елшілігі «Жайық қызы» халық эн-би ансамблінің барлық мүшелеріне өзінің алғысын айтады.

Бұлардың 1971 жылы октябрь айында Югославиядағы

концерттері үлкен табыспен өтті және Советтер Одағы мен Югославия арасындағы достық қарым-қатынастар мен мәдени байланыстардың нығая беруі үшін үлкен маңызы болды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының елшілігі «Жайық қызы» ансамблін Югославия сапарына дайындауға қатысқан Гурьевтегі барлық жолдастарға біздің алғысымызды жеткізуді сұраймыз.

Бұл ажарқын, ұйымшыл коллектив Отанымыздың көркем өнерін өз елінде де, шетелде де үлкен дәрежеде көрсете білетіндігіне сенеміз».

Югославия Федеративтік
Республикасындағы СССР

елшілігінің кеңесшісі

Ю. Брагин.

Белград қаласы,

25 октябрь 1971 жыл».

Сөйтіп, Югославияға барған сапар өте сәтті, зор табыспен аяқталды. Бұл сапар эн-би ансамблі мүшелерінің ұйымшылдығы мен коллективтің жауапкершілігін мұнан былай да арттыра түсті. Ансамбль Москваға қайтып келгеннен кейін СССР Мәдениет министрінің орынбасары Г.И. Владыкин жолдастың қабылдауында болды. Бұл жерде ансамбльдің Югославиядағы концертіне үлкен баға беріп, алғыс айтып, ансамбль коллективінің әрбір мүшесіне келешекте де өздерінің шеберліктерін арттыра түсіп, творчестволық табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді.

Югославия республикасынан үлкен табыспен оралған «Жайық қызы» эн-би ансамблі Ақтөбе қаласында, Гурьев облысының бірсыпыра аудандарында, Гурьев қаласында творчестволық есепті концерттер берді.

Бірнеше рет республикалық телевизияға түсірілді, ал 1971 жылғы январьда республикалық телефестивальға қатынасып, бірінші орынға ие болды, халық творчествосының «Карусель» атты Бүкілодақтық телеконкурсына қатынасты. Ансамбль 1973 және 1978 жылдары республикамыздың астанасы Алматыда өзінің творчестволық есепті концерттерін көрсетті.

«Жайық қызы» эн-би ансамблінің өнер саласындағы өсу, өркендеу, кемелдену жолдары осындай.

Бұл коллективтің жұмысы облыстық партия комитеті мен халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің назарынан еш уақытта тыс қалып көрген емес.

Осындай қамқорлыққа жауап ретінде ән-би ансамблінің әрбір мүшесі өздерінің еңбексүйгіштігімен, өнерге деген құштарлығымен, сахнада шебер ойнауымен іс жүзінде нақтылы жауап бере білді. Ансамбль мүшелерінің қатарында ұйымдасқан күнінен осы кезге дейін үзбей қатынасып, коллективтің ұйымшылдығын нығайтуға, өздерінің сахна шеберліктерін арттыруға атсалысып жүрген ондаған жастар бар. Олардың қатарына ең алдымен бишілерден Герман Бобылев, Маргарита Гончаренко, Гүлнар Айтқалиева, Әсима Зналиева, Евгений Митрофанов, әншілерден Маруся Әбілова, Айсұлу Ерзақова, Әбілхайыр Хабасов, әнші-домбырашылардан Нариман Үлкенбаев, Жолдас Құспанов, Роза Латифуллина, Владимир Лобиков, ансамбльдің жетекшісі Жұпар Мұқашева, ансамбль оркестрінің жетекшісі Вячеслав Тюрин, тағы басқаларды атаған өте орынды.

Бұл коллективтің құрылғанына қазірде он сегіз жылдан астам уақыт өтті. Содан бері еңбекшілерге үш жүзден астам концерт көрсетті, ансамбль коллективі профессионалдық деңгейге дейін өсіп, тамаша табыстарға жетті. Атағы Одаққа жайылған ән-би ансамблі Атырау өңірінің де атақ-даңқы болып келеді.

«Жайық қызы» ән-би ансамблінің мұндай дәрежеге жетуіне, кемелденуіне үлкен еңбек сіңіргендер ең алдымен ансамбльдің көп жылғы жетекшісі және балетмейстрі Дмитрий Семенович Арсентьев, режиссері Кененбай Өтегенов, облыстық мәдениет басқармасының бұрынғы басшылары Бабан Елкеев, Әжіғали Нысанбаевтар еді. Бұлар ансамбльдің алғаш ұйымдасқан күнінен бастап ыстық-суығына бірдей араласты. Қыс пен жазда күн-түн демей, әрдайым жастарды үйрету, оқыту, тәрбиелеу үстінде болды, осыған орай ансамбль коллективі де сіңірген еңбекті іс жүзінде ақтай білді, жұртшылықтың ықыласына бөленді.

«Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп ұлы Абай айтқандай, жанға азық берер әуезді ән мен сазды күй қашанда өміріміздің сәні мен нәрі ғой. Оны тек нақышына келтіре орындағанда ғана тындаушысының жүрегіне жол тауып, жан дүниені рахат сезімге бөлейді.

Атыраудай өнерпаз өлкеде құлаққа кіріп, жан-дүниемізді түгел баурап, шат сезімге бөлейтін мөлдір ән мен тәтті күй – атадан-балаға мұра болып келе жатқан жарқын дәстүр. Сондай өнерді өздеріне өмірлік серік етіп, оған өлшеусіз махаббатпен, орындау шеберліктерімен көрерменнің құрметіне бөленіп, есімдері жүрекке жол тапқан семьялық ансамбльдер ұйымдастырыла бастады.

Ендігі әңгімеміздің арқауы өмірлері музыка өнерімен өзектес, облыста алғаш рет ұйымдасқан өнер қарлығаштары Түсекеновтердің, Есенғалиевтердің және Құлағалиевтердің семьялық ансамбльдерінің өнер жолдары жөнінде болмақ.

Махамбет селосының щет жағындағы шатырлы үлкен үйдің тұсынан өте қалсаңыз, ертелі-кеш күйсандықтың, қос ішекті домбыра мен сырнайдың әсем сазы арқылы Құрманғазы мен Динаның, А. Жұбанов пен Х. Тастановтың, жергілікті авторлар С. Құсайыновтың, Т. Құлтумиев пен З. Есжанованың күйлері естіледі. Келесі бір сәтте саксафон, труба, гитара үніне қосылған орыстың халық әндері, Глинка мен Моцарттың шығармалары көңілді еріксіз баурап алады. Бұл – 11 өнерпаздан құралған Түсекеновтер семьясының вокальды-аспапты ансамблі.

Осы үйде өсіп келе жатқан он бір баланың өнеріне ауылдастары таң қалып, таңдай қағады. Балалардың әкесі Лот ақсақал атақты күйші, ән салып, ағаштан ойып домбыра жасаған шебер екен.

Лот ақсақал 1948 жылы дүниеге келген Нұрмұқан деген баласын өнерге баулып, өзі білетін күй саздарын бес жасынан құлағына сіңіре береді. Алғаш үйреткен күйі Құрманғазының «Кенес» күйі екен. «Ағаға қарап іні өсер» дегендей, бұдан кейінгі балалар Темірхан мен Қажымұқан Нұрмұқанға еліктей бастайды. Сөйтіп, домбыраны таласа үйренген өрендердің өнерге деген құштарлығы ата-ананың қуанышына айналады. Жеткіншектердің әншілігі Әнәпия анасына, күйшілігі Лот әкесіне тартқандай

Бұл семьяның анасы Әнәпияның кең тынысты үнімен «Аққұм», «Айжан-ай», «Жас дәурен» халық әндерін орындауы сүйсіндіреді. Он бір баланың анасы – ардақты ана Сағындықова Әнәпия 1927 жылы Гурьев облысы, Новобогат ауданы, Бекайдар ауыл Советінде туып-өскен. Амангелді атындағы орта мектепті

бітіргеннен кейін Гурьевтегі қысқа мерзімді оқытушылық курсы аяқтап, мұғалім болады. Көп балалы болған соң 1956 жылдан кейін мұғалімдікті қойып, басқа жұмысқа ауысқан, ал 1962 жылдан күні бүгінге дейін, пенсияға шыға тұрса да, Махамбет селосындағы орман шаруашылығы бөлімшесінде звено жетекшісі болып еңбек етіп келеді.

Кейінгі балалары Күләш, Қалыш, Абай, Қамбар, Құрманғазы, Дариға, Исатай, Роза – бәрі де әнші, биші, күйші. Олардың әрқайсысын «мына аспапта ойнайды» деп даралап айту қиын. Өйткені олар қай музыкалық аспапта болсын бірін-бірі алмастырып ойнай береді. Мысалы, Қажымұқан домбырашы, сырнайшы, гитарамен қазақтың көне музыкалық аспабы шертерде ойнап, әнші ретінде дараланса, Нұрмұқан саксафонда, домбырада жақсы ойнайды. Күләш домбырада ән-күйлерді шебер тартады. Дариға мың бұралып би билейді. Ал, барлығын өнерге баулып, басқарушы – Темірхан. Ол інілерінің қай дыбысқа, қай музыкалық аспапқа қойсаң да, өзі орындауға немесе ойнауға тиісті партияларын қағып алып, тез үйренетін қабілеттерін мактан етеді. Ал, көрермендер сахнаға кішкене өнерпаздар Роза (12 жаста) мен Исатай (14 жаста) шыққанда, ерекше ілтипат көрсетеді. Өздерін сахнада кәнігі артистерше еркін ұстайтын кішкентай өнерпаздардың орындауындағы «Мектеп вальсі», «Қуыршак», «Ақ мамам», «Әрқашан күн сөнбесін» әндері тыңдаушыларға үлкен әсер етеді.

Ансамбль 1976 жылдың аяғында жастардың Бүкілодақтық бірінші фестивалі тұсында дүниеге келді. Оған дейін ансамбль мүшелерінің көбі мектепте, Нұрмұқан Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде, Темірхан Гурьев музыкалық училищесінде оқыды. Музыкалық білім алып шыққан екеуі де ауылға оралғаннан кейін Әнәпияға аудандық мәдениет бөлімі балалардың барлығынын басын қосып, семьялық ансамбль құру туралы ұсыныс жасады.

– Балаларымның өнерге бейім екені рас, сахнаға шығып, жұрт көзіне түсіп жүргенін өздеріңіз білесіздер. Ұсыныстарыңызды қуана қарсы аламын, әкесі марқұмға балаларының сахнаға гүл жайнап шыққанын көруді тағдыр жазбады, өнерден бірінің де қолын қакпаушы еді жарықтық, – деп, Әнәпия апай толқып көзіне жас алды.

Ана сөзін балалары да мақұлдады.

Ансамбльді ұйымдастыруда кездескен қиыншылықтар да аз емес. Дайындық жасауға үй тарлық етті. Мәдениет үйі тұрған үйлерінен қашық, қыстыгүні сонша жерден жаяу қатынау әсіресе кішкентайларына қиын тиді. Оның үстіне музыкалық аспаптардың түрлері, дыбыс күшейткіш құралдар жетіспеді.

Дегенмен бұл тамаша бастаманы қызу қолдаған аудандық партия комитеті мен аудандық мәдениет бөлімі жастардың бұл ойларына қуат, шабыттарына жігер қосты. Арнайы киімдер тіктіруге, музыкалық аспаптарды толықтыруға үлкен көмек көрсетілді. Сөйтіп, ансамбльдің алғашқы концерті екі ай әзірліктен кейін жақсы дайындықпен көрермендер назарына ұсынылды. Бұл күні жиналған халықтың көптігінен аудандық Мәдениет үйінде ине шаншар жер қалмады. Облыстық газеттің тілшілері, фототілшілері, радионың қызметкерлері, облыстық мәдениет басқармасының сол кездегі бастығы Әжіғали Дәулетұлы Нысанбаев жолдас басқарған халық творчествосы үйінің өкілдері өнерпаз семьяның алғашқы концертінен үлкен әсер алып, шынайы тілектерін, ұсыныс пікірлерін ортаға салды.

Ансамбль мүшелерінің өнерін тамашалауға қатысып, жоғары бағалаған аудандық партия комитетінің бірінші секретары Р. Шырдабаев ансамбль мүшелерін арнайы қабылдап, олардың творчестволық табысқа жете берулеріне тілектестік білдірді. Осының бәрі өнерпаз он бір ағайындыға жаңа шабыт берді, үлкен жауапкершілік жүктеді. Қазір Нұрмұқан шофер бола жүріп өз өнерін жалғастырса, Темірхан мектепте ән сабағынан ұстаздық етеді. Ал, Қамбар мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі. Мәдениет үйі жанындағы «Жас тұлпар» вокальды-аспаптар ансамблінің мүшесі. Қалыш, Күләш, Қажымұқан Гурьев педагогика институтының музыка факультетінде оқиды. Нұрмұқан, Темірхан, Қажымұқандар үйлі-баранды. Өздері бала тәрбиелеп отырған ата-аналар.

Ардақты ана балалары мен немерелерінің аттарын Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Күләш, Қажымұқан деп атауы да тегін емес. Бұл ақ тілеулі ананың ақ ниеті. Қазақ халқының есімін дүниежүзіне танытқан батыр да, палуан да, жазушы да, бұлбұл

әнші де осы шаңырақта. Семейлық ансамбльдің ұйымдасқанына алты жылдай болса да, облыстың көптеген аудандарында, совхоздарында, өндіріс орталықтарында болып, халыққа өз өнерлерін көрсетіп жүр, қай жерде болмасын көрермендер бір семьяның өнерпаз ұл-қыздарына шын ризашылық білдіріп, үлкен қошемет көрсетеді.

1978 жылы Орталық телевизия Түсекеновтердің ансамблі экранға түсіруді ұйғарды. Соған анасымен бірге өнерпаз жеткіншектердің Алматыға тез жетуін өтініпті. Аудандық партия, совет органдарының жәрдемімен тез дайындыққа кірісіп, 3 май күні «Гурьев – Алматы» маршрутымен қатынайтын әуе лайнерінің ішінде жүрегін қуаныш кернеген ардақты ана Әнәпия апай өзінің сүт кенжесі Розасын құшақтап, он бір баласының ортасында отырды. Дариға, Исатай, Роза самолет жерге қонғанша асықты. Аэропортта арнайы қарсы алған кісі ардақты ананы балаларымен жаңадан бой көтерген «Қазақстан» қонақ үйіне әкеліп орналастырды. Халық өнерін жоғары бағалаған партия мен үкіметтің шынайы қамқорлығы арқасында астананы аралап көріп, өнердің атақты өкілдерімен танысты.

– Өнерлі балаларыма да, өміріме де ризамын, – дейді мерейі өсіп, көңілі тасыған Әнәпия.

1979 жылды ансамбльдің творчестволық табыс жылы деуге болады. Ансамбль Москвада Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде бірнеше концерт қойып, үлкен табыспен оралды. Соның артынша Орталық телевизияның «Уақыт» информациялық программасы бойынша ансамбль көгілдір экранға шықты.

Түсекеновтердің семьялық ансамблінің облыстағы, тіпті оның республикадағы ансамбльдерден бір ерекшелігі, музыкалық аспаптарының құрамында қазақтың көне музыкалық құралдары – шаңқобыз, шертер, жетіген, асатаяқ, аяқты аспаптар, тағы басқалармен толықтырылған. Олар ансамбльдің музыкалық ажарын, ұлттық өрнек-нақышын бұрынғыдан да аша түсті. Музыканың сан құбылмалы нәзік үні көрермендерді таңғалдырады.

Түсекеновтердің семьялық ансамблі туралы 1980 жылдың

бас кезінде Москвадан хат келді, оны Бүкілроссиялық театр қоғамының мүшесі, режиссер В. Беляев жолдас жазыпты:

«СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі 1979 жылдың қорытындысымен одақтас республикалар көркемөнерпаздар коллективтерінің дәстүрлі байқау-конкурсының жеңімпаз лауреаттарын наградтады. Бес айдан астам уақытқа созылған конкурста оған қатысқан көркемөнерпаздар коллективінің ішінде Қазақстанның өкілдері жақсы өнер көрсетті. Олардың арасында еңбекшілердің көркемөнер творчествосының бірінші Бүкілодақтық фестивалінің лауреаттарының ішінде... Түсекеновтердің (Гурьев облысы, Махамбет ауданы) семьялық ансамблі бар. Жюри алқасы байқаудың талаптарына сай өнер көрсеткен бұл коллективтердің конкурстық программаларын жоғары бағалады. Ең үздік семьялық ансамбльдер арасында орындаушылық шеберліктері үшін Махамбет аудандық Мәдениет үйі жанындағы Түсекеновтердің семьялық ансамблі тамаша өнер көрсетіп, ең жоғары бағаға ие болды. Көркемөнерді дамытудағы, программаны үлкен идеялық-көркем дәрежеде жүргізгені және жоғары музыкалық мәдениеті үшін, ансамбльдің музыкалық жетекшісі және әншісі Темірхан Түсекенов күміс медальмен наградталды. Москвада өнер көрсету кезінде барлық өнерпаздарға омырауға тағатын «СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде творчестволық байқауға қатысқаны үшін» белгісі, ансамбль коллективіне бірінші дәрежелі диплом табыс етілді»⁷, – делінген.

Шынында да, Түсекеновтердің тамаша семьялық ансамблі өздерінің еңбеккорлықтарымен, өнерге деген құштарлықтарымен облыс жұртшылығының ілтипатына, құрметіне бөленіп отыр. Ансамбльдің репертуарында 60-тан астам совет композиторларының ән-күйлері бар.

Республика көлемінде алғашқылардың бірі, ал облыс көлемінде тұңғыш бой көрсеткен семьялық ансамбльге еліктеушілер жылдан жылға өсіп келеді. Қазірдің өзінде облыс көлемінде 18-дей семьялық ансамбльдер бар. Осылардың ішінде өздерінің жақсы репертуарларымен, ән-күйлерімен, орындаушылық ше-

⁷ Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газеті. 1980. 7 ақпан.

берліктерімен бір-екі жылдың ішінде жұртшылықтың көзіне түсіп, халық қошеметіне ие бола бастағандары да аз емес.

Солардың бірі – Қызылқоға ауданындағы Гурьев асыл тұқымды мал заводының тұрғыны Есенғалиевтердің семьялық ансамблі. Семьялық ансамбльдің құрамында Ғинатолла Есенғалиевтің алты баласы, жиені және өзі – барлығы сегіз адам. Ансамбльдің жетекшісі, ұйымдастырушысы осы балалардың әкесі Ғинатолла Есенғалиев.

Өнерді өздеріне өмірлік мұрат етіп, оған деген өлшеусіз махаббатпен, орындау шеберліктерімен көрермен қауымның құрметіне бөленіп, есімдері жүрекке берік ұялаған өнерпаз семьяның бірі – Новобогат ауданы орталығының тұрғыны Құлғалиевтер семьясы.

Нарын өңірінде өмірге келген өнерпаз семья мүшелерінің музыка өнеріне деген сүйіспеншіліктері тым ерте оянған, семьядағы 6 бала да мектепте оқуда озат болуымен қатар, көркемөнерпаздар үйірмесінде, қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасып, жарқын істердің жанашыр жаршысы болғандар, үйіндегі жиырмаға жуық мақтау, Құрмет грамоталары осындай талаптыларға жауған нұрдың сәулесі секілді. Семья басы Қуан Құлғалиев аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің бас есепшісі, жолдасы Қаламқан құрметті демалыста. Бұлардың үлкен ұлы Нұролла инженер, келіні Дариға дәрігер, екінші ұлы Ерсайын аудандық Мәдениет үйінің методисі, келіні Құралай музыка маманы – фортепьянодан сабақ береді, екеуі де Шымкенттің педагогикалық мәдениет институтын бітірген. Ботагөз бен Кәріпжан әке жолын қуып есепші мамандығын таңдады. Бірі Алматы халық шаруашылығы институтында, екіншісі – есеп-кредит техникумында сырттай оқиды, ал Гүлсім Қазақтың қыздар педагогика институтының музыка мамандарын даярлайтын бөлімінің студенті. Гүлжан мектеп оқушысы, сонымен қатар музыка мектебінде де оқиды.

Құлғалиевтардың семьялық ансамблінің репертуарында халық әндері мен күйлерінің және қазақ совет композиторларының ел арасына көп тараған ән-күйлері бар. Солардың ішінде Нұролла шырқаған Е. Хасанғалиевтың «Атамекен», Гүлсім мен Ботагөз салған М. Шахановтың «Мен саған ғашық едім», «Сағындым Алматымды», Кәріпжан орындаған «Қызылқұмда ауылым»

әндері мен бәрі қосылып тартатын Д. Нұрпейісованың «Партия», Құрманғазының «Кішкентай», Дәулеткерейдің «Қосалқа», А. Жұбановтың «Би күйлерін» нақышына келтіріп, тамылжыта орындағанда көрермендер асқан ризашылық сезіммен қайта-қайта қол соғып, сахнадан жібермей қояды. Оларға өнерсүйгіш қауым сансыз алғыс, ізгі тілектер айтады.

Ансамбль мүшелерінің қайсысы болмасын, ән айтқанда өзге дүниенің бәрін ұмытып, өнер өлкесінің мөлдір аспанында қалықтап жүргендей сезінеді, ерекше сазды әуенмен тыңдаушы жүрегін әлдилеп, ән әлеміне ынтықтыра түседі.

Әрине, кішігірім бір семьяның мүшелерінен ансамбль құру деген айтарға оңай да, ал шын мәнісінде қиын іс. Репертуарды жақсарту, музыка аспаптарымен жеткілікті түрде қамтамасыз ету, концерт программаларын дайындау оңайлыққа соқпайды. Бұл үшін үлкен еңбек сіңіру керек. Қазіргі жүргізіліп жатқан жұмыстың егжей-тегжейлеріне талдау жасасақ, Мәдениет үйлерінің жанындағы жұмыс істеп жатқан ансамбльдерге карағанда семьялық ансамбльдердің жұмыстарында көптеген өзгешеліктер, ерекшеліктер бар екендігі анық.

Ең алдымен, ансамбль құрамын деген семья басшылары балаларымен, жалпы семья мүшелерімен ақылдасып, әрқайсысының ризашылықтарын алу бірінші шарт. Өйтпейінше, әкенің балаға берген қатаң тәртібімен ғана баланы өнерге баули алмайды. Баланың өнерге деген ынтасы, құштарлығы, бейімділігі болуы шарт.

Семьялық ансамбльді алғашқы ұйымдастырған кезде үлкен қиыншылықтар болатындығы сөзсіз және заңды да. Өйткені семьядағы балалардың барлығы бірдей «он саусағынан өнер тамған» музыкант бола бермейді, «көш жүре түзеледі» дегендей, үйрене келе болатын жағдай. Сондықтан да ансамбль ұйымдасқанға дейін балаларды және семьяның басқа да мүшелерін музыкаға баулып, даусы жақсыларына ән үйрету арқылы олардың даусын қалыптастыру жұмысымен арнайы шұғылданған жөн. Ал, домбырада ойнай білетін балаларға қазақтың басқа да музыкалық ұлт аспаптарын меңгерген жөн. Ансамбльдің бір мүшесі бірнеше аспаптарда ойнай білуі шарт. Өйткені Мәдениет үйлерінің жанындағы ансамбльдердей емес,

баска жақтан әнші, күйші, музыкант шақырылмайды. Семейлық ансамбльдің негізгі ерекшелігінің бірі осында. Түсекеновтердің семейлық ансамблінің бір өзгешелігі, ансамбль мүшелерінің әрқайсысы бірнеше музыкалық аспаптарда ойнауды жақсы меңгерген, олар концертке дайындық үстінде біреуі түрлі себептермен қатыса алмай қалса, екіншісі оның орнына ойнай береді.

Тағы бір ескеретін жәй, семейлық ансамбльдер концерттерінің мазмұнды, тартымды болып шығуы көп жағдайларда репертуарға байланысты. Репертуарға кірген шығармаларға сәйкес музыкалық аспаптар, сахналық киімдер, қала берсе, декорациялар соған бейімделеді.

Семейлық ансамбльдің репертуарына қай жанр түрі енгізілмесін, соның барлығын сахнаға шығаратын да, ойнайтындар да сол ансамбль мүшелері. Сондықтан да олардың әрқайсысын жеке-жеке баулып, шеберліктерін арттырып отыруға тек ансамбльдің басшылары ғана емес, жергілікті мәдениет бөлімдері мен олардың мамандары үлкен жауапкершілікпен, күнделікті көмек көрсетіп отырғаны абзал.

Көркемөнерпаздар үйірмелерінің осы бір тамаша түріне барлық партия, совет және қоғамдық ұйымдар ұдайы атсалысып, қамқорлық жасап отырса, нұр үстіне нұр. Өйткені семейлық ансамбльдердің халықты коммунистік рухта тәрбиелеуге үлкен ықпал жасап, үлес қосатындығы сөзсіз. Тәсілін тауып, ұқыпты дайындық жасап, тәрбиелей білсе, мұндай ансамбльдерді көптеген семьяда ұйымдастыруға болады.

Хор – ертеден келе жатқан көркемөнердің үлкен жанрларының бірі. Соңғы жылдары облыста бұл жанрдың саны өсумен қатар, сапа жағы да біркелкі жақсара түсті. Бұған бірнеше себептер бар. Бұрынғыдай емес, облыста музыкалық училищелерді, консерваторияларды бітірген арнайы білімі бар мамандар саны көбейе бастады, олардың бірқатары хор коллективтерін басқарады. Қазіргі өскелең талапқа орай көптеген жасөспірімдер арнаулы мектептерде, училищелерде оқып, музыка жөнінен мол мағлұмат алады.

Осылардың барлығы хор жанрын жетілдіруге, оны өскелең өмір талабына сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың басына мамандар келулеріне байланысты бұрынғыдай

жалпы сарындағы бір дауысты емес, екі-үш, төрт дауысты хорлар орындалатын болады. Сонымен қатар ән тек бір тілде ғана емес, бірнеше тілде орындала бастады. Мұның өзі көркемөнерпаздық саласындағы елеулі жетістік.

Гурьев облысында кейінгі он жылдан бері теміржол құрылысы жөніндегі одақтық министрліктің бірнеше мыңдаған коллективі бар. Солардың бірі – «Октябрь революциясы» орденді № 99 құрылыс басқармасы. Осы басқарманың № 136 құрылыс-монтаж поезы клубының жанында 1974 жылы алғаш рет құрамында сегіз қыз бар шағын хор ұйымдастырылды. Оған қатысушылар құрылыс-монтаж поезының жұмысшылар мен инженер-техниктері. Көп ұзамай-ақ хор мүшелерінің саны жиырма беске жетті. Хордың көркемдік жағын басқаруға жоғары дәрежелі білімі бар Гурьевтегі музыкалық училищенің мұғалімі Тамара Васильевна Галаганова, баянда ойнауға осы училищені бітірген Вячеслав Тюрин шақырылды.

Бұлар хорды ұйымдастыруды жедел қолға алып, оған қатысушылардың санын толықтырды, репетицияға қолма-қол кірісіп кетті, бір жылдық репертуар бекітілді.

Хор коллективі өзінің бірінші репертуарына енгізілген В. Никитиннің «Күн батарда» («Закаты»), орыстың халық әні «Қыз кезімнен есімде» (Помню я еще девчонкою была), Ш. Шепетовтың «Сібір алаңқайы» (Сибирское полюшко») әндерін бірінші рет 1975 жылғы февральда № 99 құрылыс басқармасының партия-шаруашылық активінің жиналысына қатысушылардың алдында шырқады. Одан кейін өндіріс орындарында концерттер қойып жүрді. Коллектив 1975 жылғы 9 майда Ұлы Жеңістің 30 жылдық мерекесі күні Гурьев қаласының мыңдаған адамдары жиналған ашық алаңда концерт қойып, өздерінің өнер табыстарымен көрермендердің ыстық ілтипатына ие болды. Міне, содан бастап құрылысшылар хоры мұнай өңдеушілер мен теміржолшыларға, балықшыларға ондаған концерттер берді. Арада өткен бес-алты жылдың ішінде бірнеше қалалық, облыстық байқауларға қатынасып, сан рет дипломдармен наградталды, лауреат атанды. Осы уақыт ішінде коллектив мүшелерінің 3–4 дауыста орындалатын әншілік шеберліктері мен орындаушылық қабілеттері

шыңдалып, қалыптасты. Қазірде хор коллективі өзінің репертуарын кеңейтіп келеді. Оның тізімінде отыздан астам орыс, белорус, украин, қазақ совет композиторларының әндері мен музыкалары бар.

Осы табыстарын ескере келіп, кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1980 жылғы шешімі бойынша бұл хор коллективіне «Халық хоры» деген құрметті атақ берілді. Коллективтің аз ғана уақыттың ішінде құрметті атаққа ие болуы ең алдымен құрылыс басқармасының партия, кәсіподақ ұйымдарының бұларға күнделікті жасаған қамқорлығының нәтижесі. Қажетті көптеген музыкалық аспаптар сатып алынды. Днепропетровск қаласындағы костюм тігетін арнайы фабрикаға адам жіберіп, коллективтің барлық мүшелеріне киімдер тіккізілді, коллективтің теміржол бойына, қаладағы өндіріс орындарына барып концерттер көрсетулеріне жағдай жасалды.

Осыдан жиырма жыл бұрын В.И. Ленин атындағы Гурьев мұнай өңдеу заводының Мәдениет сарайында балетмейстр Белла Давыдовна Юновичтың бастамасымен 6-8 жастағы балалардан би үйірмесі ұйымдастырылды. Бұған қатысушылардың саны арада төрт жыл өткенде отыз адамға жетті. Тым жақсы өнер көрсетіп жұртшылықтың көзіне түсе бастады.

Енді би мамандарының қажеттілігі ескеріліп, осы үйірменің негізінде 1957 жылы мектеп оқушылары үшін екі жылдық би студиясы ұйымдастырылды, мұнда би өнерінің теориясы мен жаттығу әдістері үйретілді. Осы екі жылдық студияны көптеген жасөспірімдер бітіріп шығып, олардың басым көпшілігі көркемөнерпаздар үйірмелерінде қоғамдық жұмыс атқарды.

Қазір мұнай өңдеу заводының Мәдениет сарайы жанында осы студияны бітіргендердің күшімен «1971 жаңалықтары» атты аспапты-хореографиялық ансамбль құрылып, жұмыс істеуде.

Ансамбль коллективі украин, қазақ, молдаван билерінен бастап «Әрқашан күн сөнбесін», «Жастардың еңбек ерлігі» атты хореографиялық композициялар қойды. Бұдан кейін П. Баловтың «Тас гүл», «Лаурения», «Шопениана», «Бақшасарай фонтаны» хореографиялық спектакльдерін сахнаға шығарып, осы репертуармен Алматыда өнер көрсетті.

Осы коллектив түлектерінің бірі, би студиясын бітірген Гүлжан Талпакова Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі деген құрметті атаққа ие болды. Осы студияның түлектері хореографиялық ансамбльдердің байырғы мүшелері, жетекші солистері облыстың, республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етеді. Солардың кейбіреулері Светлана Чепурина облыстық филармонияның артисткасы, Мира Аманғосова, Татьяна Бахировалар ұстаз-педагогтер, Лариса Станкова, Ольга Брыгинилар балетмейстр болып қызмет атқарады.

Хореографиялық ансамбль Гурьев қаласында Мақат, Досор, Ембі аудандарын, Шевченко, Алматы облыстарының кейбір қалалары мен аудандарын аралап, Бейнеу – Қоңырат теміржолшыларына өнерлерін көрсетті, өздерінің шеберліктерімен жұртшылықтың алғысына бөленіп, зор табыстарға жетті.

Осы бір ұйымшыл коллектив 1975–1977 жылдары өткізілген бірінші Бүкілодақтық халық творчествосының дипломанты, ВЦСПС-тің Құрмет грамоталарымен наградталды, бірнеше қалалық, облыстық фестивальдардың лауреаты атанды.

Ансамбльдің өсуіне осы коллективтің жетекшісі балетмейстр Белла Давыдовна Юновичтың, мәдениет үйінің директоры Любовь Дмитриевна Широкованың сіңірген еңбектері ұшан-теңіз.

Көркемөнерпаздар өнерінің негізгі саласының бірі – әуесқой театр үйірмелері. Соның ішінде халық театрлары. Бұл күнде Атырау өңірінде көркемөнерпаздардан өскен 8 халық театры бар.

Соның бірі Теңіз ауданында. Теңіз – ежелден өнер дарыған өлке. Музыка әлемінің қос алыбы – Құрманғазы мен Дина осы жердің топырағында дүниеге келген.

Теңіздіктердің кейінгі толқындарының ішінде де танымал күйшілер, ақындар, артистер, тағы басқа өнер адамдары көп. Республикамыздың мәдениет қауымына есімдері таныс болған Смағұл Көшекбаев, Фазыл Сұлтанов сияқты ақындар мен күйшілер өздерінен кейінгі ұрпақтарға өнердегі «қолтаңбаларын» қалдырды. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артистері Бакыт Қарабалина мен Әзидолла Ескалиев осы өңірден канат қаққан өрендер.

1950 жылдың екінші жартысында Теңіз аудандық Мәдениет

үйінде бір топ жастардан драма коллективі ұйымдастырылып, оның жетекшілігіне Дүйсенғали Ғұмаров жолдас тағайындалды. Драма коллективі өзінің алғашқы қадамын Ә. Әбішевтің «Күркенің құлауы», И. Машаховтың «Жеңге» пьесаларын дайындап, аудан колхоздарына шығып еңбекшілерге өз өнерлерін көрсетті. Көрермендер жас коллективтің бастамасына разы болып, сәтті кадам тіледі. Аудан жұртшылығының сынынан өткен коллектив осы дайындаған пьесаларды облыс орталығына көрсетуге жолдама алды.

Ауыл өнерпаздарының алғашқы қадамын облыс жұртшылығы жылы қабылдап, облысаралық қазақ драма театрының мамандары ақыл-кеңестерін айтты.

Драма коллективінің құрамын әлі де талапты кадрлармен толықтырып, іріктеп алу мақсатында бұрынғы колхоз-совхоз театрында ойнаған жас талапкерлер Ғимран Балтаев, Мадихат Өтебаев, Өтеп Ерғалиев, Зәм зәм Ысмағұловтар шақырылды. Сонымен қатар Алпыс Қабсадықов, Халимат Хамитова, Нұриден Мұхамеджанов, Ақбала Қаюпова, Майра Ғабдолова, Мүсілім Шәкіров, Қалам Хамзина сынды өнерлі жастар сахнаға келді. Бұларға тұрмыстық жағдай жасалды. Әркім өз мамандықтарына қарай жұмысқа орналастырылды. Сөйтіп, коллектив алаңсыз, өз жұмысын бастап кетті. Бұл сияқты талантты жастардың сахнаға келуі коллектив жұмысына көптеген өзгерістер енгізіп, алда тұрған мақсатты орындауға үлкен сенім туғызды.

Болашақ халық театрының репертуарын көлемді туындылармен толықтыру қажет болды. Алда өтетін көркемөнерпаздардың облыстық байқауына бірнеше пьесалармен қатар Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасын қоюға әзірлік жүргізілді. Мұндай үлкен дүниеге барар алдында жүргізілген дайындық жұмыстары өте қауырт болды. Осында практикалық көмек көрсету үшін келген облыстық драма театрының белгілі артисі Құрманғали Доғалаков Қыз Жібек ролінде ойнау үшін бүкіл аудан көлемінен іздестіріп, тоғыз қыздың кандидатурасын таңдағандығын айтты. Ол шеті мен бұл шеті 600 километрге дейін созылып жатқан шашыраңқы шаруашылықтардан, мектептерден мұндай қызды іздеп, оны таңдау шын мәнісінде

онай шаруа емес еді. Оның үстіне музыкалық драманың клавиатурасын іздестіруге тура келді. Бүкіл облыста жеткіліксіз мамандық иелері хореографиялық өнерпаздарды таба алмай, көптеген қиындыққа кездесті. Бірақ Қазақстан Қомпартиясының аудандық комитеті мен халық депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті көптеген жұмыстар атқарды. Сол кездегі Теңіз аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ерік Мұғаев, аудандық «Социалистік жол» газетінің редакторы Тұрар Құрманғалиевтың белсене араласуымен қыруар шаруа тындырылды. Классикалық шығарманы сахнаға дайындауда облысаралық қазақ драма театрының тәжірибелі артистері Қ. Төлеков пен К. Доғалақовтың айтарлықтай көмегі болды. Бұл ретте Қазақ мемлекеттік опера және балет театры коллективінің қамқорлығын ерекше атап айтқан жөн.

Сонымен, басты рольдерді орындайтын таланттар құрамы да анықталды. Қыз Жібек ролінде ауыл фельдшері Халимат Хамитова, Төлеген ролінде село мұғалімі Мүсілім Шәкіров, Бекежан ролінде клуб қызметкері Зәмзәм Ысмағұлов, Шеге ролінде автоклуб меңгерушісі Алпыс Қапсадықов, тағы басқалар ойнады. Музыка жағын мұғалім Ғазез Бердешев, билерін мал дәрігері Әдебиет Ілиясов басқарды.

1959 жылдың көктемінде дайындық жұмысы аяқталып, премьерасын аудан орталығы мен шаруашылықтарда жұртшылыққа көрсеткенде олар өте риза болды. Сол кездегі екі жүз елу орындық шағын залы бар Мәдениет үйіне келген халықты сыйғызуға мүмкіндік болмады. Сондықтан да бұл премьераны үш кешке қатар қоюға тура келді.

Ең соңғы премьерасы қойылатын кеште теңіздіктер облысаралық драма театрының коллективімен бірлесе отырып, классикалық шығарманың сахнаға дайындалуы және қойылуы жөнінде үлкен талқы ұйымдастырды. Мамандардың, сахна өнерінен хабары бар жолдастардың қатынасуымен өткізілген мұндай пікір таласы туындының одан әрі ширай түсуіне қолайлы жағдай жасады. Сөйтіп, Теңіз драма үйірмесінің коллективі көркемөнерпаздардың облыстық байқауына Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасын алып келіп, бірінші орынға ие болды да, республикалық байқауға жолдама алды.

1959 жылдың күзінде бұл коллектив «Қыз Жібек» музыкалық драмасын республикалық сахнаға шығарды. «Қыз Жібек» музыкалық драмасын көріп отырып Социалистік Еңбек Ері, майталман өнер шебері, академик жазушы Ғабит Мүсірепов өте көңілі толып, үлкен ризашылықпен коллектив атына былай деп лебіз білдірді:

«Партия даналығы халықтық дарындардың өркендей беруіне тағы да бір жаңа сала – үлкен арна ашты. Соның бірі – Теңіз халық театрының коллективі екен. Өркендеп, өсе берулеріңізді тілеп, Ғ. Мүсірепов».

Қазақ ССР-інің халық артисі Құрманбек Жандарбеков Бекежан ролінде ойнаған талантты талапкер Зәмзәм Ысмағұловтың қолын қысып тұрып: «Сонау кездегі жастық шағымды еске салып, сахнадағы өзімді қайта әкелдің-ау», – деп көзіне жас алды. Кешікпей Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің шешімімен Теңіз театрына «Халық театры» атағы берілді.

Содан бері жиырма жылдан аса уақыт етті. Әр жылдарда өткізіліп тұрған халық өнерпаздарының байқауында, халық театрларын аттестациялауда Теңіз халық театры өзінің атына лайық жұмыстар атқарды. Байқаулардың барлығында да жүлделі орындарға ие болып келеді. Қазір оның репертуарында жүзге жуық көп актылы және бір актылы пьесалар бар. Олардың ішінде классиктердің, одақтас республикалардың танымал саз зергерлерінің шығармалары енгізілген. Б. Майлиннің «Шұға», М. Әуезовтің «Қарагөз», Э. Раннеттің «Адасқан ұл», З. Ақышевтың «Жаяу Мұса», Б. Жәкиевтың «Әке тағдыры», Ш. Құсайыновтың «Рабиға», «Біздің Ғани», Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес», т. б. Жергілікті авторлардың шығармаларын таныстыру да ұмыт қалған жоқ. СССР Жазушылар одағының мүшесі Берік Қорқытовтың «Кіндік шеше» комедиясын облысаралық драма театрынан кейін осы коллектив қолға алып, сәтті шығарды. Аудандық газеттің бұрынғы, кейінгі редакторлары, жергілікті талапкерлер М. Ысқақов пен Т. Құрманғалиев жолдастардың да шағын пьесалары осы коллективтің игі дүниелеріне айналып отыр.

Он совхоз, төрт балық колхозы, бірнеше өндіріс орындары бар 60 мыңға жуық халықты қамтумен қатар аудандық халық

театрының коллективі көрші Астрахань облысының Қарабайлы, Красноярск, Володар аудандарының барлық колхоз-совхоздарын аралап, жылма-жыл мәдени сапарға шығып жүр.

Аудандық театр коллективі өздерінің ел аралаған әрбір сапарында көп актылы пьесалары мен бір актылы драмалық шығармаларды, оған қоса концерттік программа дайындауды тәжірибеге енгізіп, дұрыс істеп отыр.

Аудан территориясының шалғайлығына және селолық жерлерде дайын сахнаның жоқтығына байланысты мәдени бригадаларды шығара отырып, шағын драмалық шығармалар, әдеби-музыкалық композициялар дайындап көрсету арқылы театр коллективі жақсы жұмыстардың нышанын танытып келеді.

Ауданның экономикалық-әлеуметтік даму жоспарларын іске асыруда Теңіз халық театры коллективінің араласуымен ұйымдастырылған мәдени-үгіт бригадаларының елеулі іс тындырып отырғандығын айтқан жөн. Сондай-ақ Ұлы Октябрьдің 60 жылдық мерекесіне арналған «60 жыл асуы» музыкалық-әдеби композицияның тақырыбы ғана емес, ішкі мазмұны ойлаған мақсаттан шықты. Осы композицияны дайындау үшін құрамында 120 адам бар үлкен коллектив қатынасты. 1977 жылы өткізілген халық театрлары коллективінің байқауындағы теңіздіктер шығарған осы композиция көрермендерден лайықты бағасын алды.

Жыл сайын Қазақ ССР Мәдениет министрлігі республикалық халық творчествосы үйі ұйымдастыратын халық творчествосы коллективтерінің байқауында теңіздіктер, жоғарыда айтқанымыз сияқты, таңдамалы коллективтердің арасында өздеріне лайықты орындарын таба білді. Тек соңғы байқаулардың өзінде ғана Ш. Құсайыновтың «Алдар көсе», Б. Қорқытовтың «Кіндік шеше» комедияларын, Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» драмасын сахнаға шығарып, көрермендерден лайықты баға алды.

Бұл коллектив игерген репертуарларын ұмыт қалдырмай, тың туындылармен үнемі үйлесімді байытып отырады. Қазір оның репертуарында жүзге тарта шығармалар бар екендігін айттық. Осы дүниелердің ең алғашқысы «Қыз Жібек» музыкалық драмасы мен соңғысы «Алдар көсе» комедиясының арасындағы ертелікеш қойылған шығармалардың қай-қайсыларымен де әуесқой

артистердің көбінің «дәмдес-тұздас» болғандығын айтқан жөн. Қазір театрдың 45 тұрақты мүшесі бар. Олардың жас шамалары әртүрлі. Күні кеше ғана орта мектепті бітірген өнерпаздармен бірге жоғары оқу орындарының түлектері де бар. Театр құрылғаннан бергі 20 жылдың ішінде оның жұмысына үзбей қатынасып жүрген талантты талапкерлер де аз емес. Мәдениет қызметкерлері Ақбала Қаюпова, Ақанғали Елеуов, Әмина Бекешова, тағы басқа жолдастардың жас шамалары елуге иек артқандар. Бірақ олар сахнада өздерін творчестволық өсу, жетілу мұратындағы адамдар есебінде танытып жүр, ақысыз-пұлсыз дегендей, осынша жыл театрда үзбей қызмет ету тек қана жан-тәнімен өнерге берілгендердің ғана қолынан келетін іс.

Театр коллективінде жаңа жас толқын өсіп келеді. Олардың творчестволық қабілетіне, табиғи дарынына қарап рольдерді орындау мүмкіндіктері ескеріліп, кезекті тапсырмалар беріліп тұрады. Мәселен, Ергалиев Рахмет пеп Жамашденова Маржан сияқты өнерпаз жастар сын-сықақ, юмор жағына үйір болса, Рысты Нәжімова, Шурка Қапаров байсалды рольдерді жақсы орындайды.

Халық театрының жаңа репертуарын дайындағын мезгілде оның тұрақты мүшелерінің осындай ерекшеліктері ескеріледі. Жаңағы аты аталған жолдастардың бірқатары көркем сөз оқиды, біреулері ән салады. Бағдаш Қарабалина, Сайын Жұмағалиев, Сағынтай Ермұқанов – қабілетті музыканттар. Өнер адамына «сегіз қырлы, бір сырлы» болудың артықшылығы жоқ. Қайта сол игерілген өнер түрлері бірін-бірі толықтырып, мазмұндандыра түседі.

Жұмыскер коллектив театр даңқын шығарса, қабілетті өнерпаздардың өнерін ұштауына осы театр жеткізіп отыр десек, артық айтқандық емес. Мәселен, село мұғалімі Ғазиз Бардешов алғашқыда нотаны оқып, скрипкада шағын шығармаларды орындайтын еді. Ол қазір талантты музыкант деген атаққа лайықты болып отыр. Ол сонымен бірге жақсы суретші де. Театрдың көркемдік жағын басқарып, творчестволық табысқа жетуіне көмектесіп отыр.

Теңіз халық театры өзінің күнделікті жұмысында Калинин атындағы, «Коммунизм жолы», «Балқұдық» совхоздарының

драма коллективтеріне үнемі творчестволық көмек көрсетіп тұрады. Театрдың қолы жеткен табысы, шеберлігінің шындалуы ұйымдасқан күннен бастап жетекшісі әрі режиссері болып келе жатқан, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Дүйсенғалин Ғұмаров жолдастың өнерге деген құштарлығының, үлкен ұйымдастырушылық еңбегінің жемісі. Ол сахнаға шықса – артист, топқа түссе – ақын, аты шыққан өнерлі коллективтің жетекшісі, еліне құрметті абзал азамат.

Жақында Теңіз ауданының жұртшылығы өзінің сүйікті халық театрының 20 жылдық тойын үлкен өрлеу үстінде өткізді. Аудан еңбекшілерін коммунистік рухта тәрбиелеу және мәдени қамтуда сіңірген еңбегі үшін халық театры және оның бірқатар актерлері халық депутаттарының облыстық Советінің грамотасымен наградталды.

Теңіз халық театрының тамаша коллективі өз өнерін мұнан да жоғары сатыға көтере отырып, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу жұмысына лайықты үлес қоса бермек..

Атырау – ежелден ән мен күйдің өлкесі. Атырау – Жайық өңірінің барлық қалаларында, поселкелерінде, елді мекендерінде өз тармақтарын кеңінен жайып өсіп, өркендеп келеді, бұлардың қайсысында болмасын халық творчествосының ондаған, жүздеген таланттарын кездестіресің.

Солардың бірі Новобогат ауданындағы Чапаев атындағы совхоздың орталығы Аққыстау – мәдени дәстүрі қалыптасқан өнерпаз ауыл. Бұл аймақтың адамдарына ежелден өнер дарыған. Әр үйдегі дастарқан үстіндегі әңгіме-дүкеннің өзі өнеге боларлық. Онда күнделікті совхоз өндірісінің бүгінгісі, келешегі жөніндегі айтылатын әңгімелермен қатар, ән-күй, халық таланттары туралы сөз болмай қалмайды. Жаңа заман салт-дәстүріне орай дастарқан мәзірінде айтылатын ізгі тілектің өзі жыр жолдарына ұласып кетіп жатады.

Өйткені Аққыстауда он саусағынан өнер төгілген күйші-домбырашылар, нелер жезтандай әншілер ондап саналады. Бұған бір ғана мысал. Осы селодағы жеті жүздей семьяның алты жүз елуінде (яғни 93 процентінде) бір-екіден домбыра, болмаса басқаша музыкалық аспаптың түрлері бар. «Ат аунаған жер-

де түк қалады» дегендей, Махамбет, Құрманғазы, Дина басқан топырақта бұл секілді өнерге құштарлық болуы заңды да ғой. Чапаев атындағы совхозда атағы республикаға белгілі халық театры, ұлт аспаптар оркестрі, хор, басқа да өнер коллективтері бар. Оларға жүзге жуық өнерпаздар қатысады. Бұлар – моторын сөндіре сала сахнаға шыға келетін механизатор, кластан шығып клубқа тартқан мұғалім, ақ халатын ұлттық киіммен ауыстырған дәрігер, таяғы құтты шопан, мәдениет қызметкерлері, т. б.

Совхоздағы халық творчествосының өркендеуіне, өнерпаздар коллективінің нығайып, қалыптасуына бір кезде Құрманғазы жөнінде жаңа деректер жинап жүрген атақты академик композитор Ахмет Жұбанов пен белгілі ақынымыз Хамит Ерғалиевтың сол ауылға келуі игі ықпалын тигізді. Олар бірнеше күн ауданда, совхозда болып, өнерпаздармен кездесіп, творчестволарымен таныстырды, жаңа ұйымдасқан өнерпаз коллективтерге ақылдарын айтып, методикалық көмек берді. «Керемет» деп әсерлемей-ақ қойғанның өзінде, – деді Ахмет Жұбанов, – Чапаев атындағы совхозды тым жақсы өнер отауы десем, артықшылығы болмаған болар еді». Осы бір лебіздің өзі-ақ совхоздың өнерпаз қауымында соны серпін туғызды, жергілікті партия, совет, шаруашылық орындары басшыларының бетбұрыс жасауларына ықпал етті.

Ауыл еңбеккерлері өздерінің өнерпаздарын зор мақтан тұтады. Халық таланттарының ішінен дара шыққан дарындылар Ш. Шәріпов, К. Мендіғалиев, Қ. Ахмедияров, осы ауылдың кейінгі буын өнер иелері Н. Үлкенбаев, Ж. Құспанов, Ғ. Мұқанов, Р. Қойшиев, С. Қинашов, И. Оспанов, З. Тұрағұлова, А. Ғұбашева, Ұ. Ғабдуллина, Ғ. Қасымова, Т. Құспанова, С. Ізтілеуова, т. б. ауыл мәдениетінің жұлдыздары. Бұлардың көпшілігі тек сахна актері ғана емес, бармағынан бал тамған домбырашы, жезтаңдай әнші, биші, суретші, көркемсөз оқу шеберлері.

Бірнеше ән-күйдің авторы, әуесқой композитор, домбырашы-ұстаз, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері марқұм Шәмшиден Шәріпов еді. Шәкең ұзақ жылдар ауыл жұртшылығын өз өнерімен сусындатқан әнші, шебер күйші болатын.

Шәкең онжылдық мектепті бітіріп, Новобогат ауданындағы Чапаев атындағы колхозға мұғалім болып орналасқан кезде

Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Шәкеңмен бірге өскен, бірге оқыған жолдастары майданға кетті, олармен үзбей хат алысып тұрды. «Шәке, – деп жазыпты өзінің бір хатында досы Таурат Мұхаммедин. – Вена қаласын азат ету үшін болған ұрыстан қазір оралып, хат жазып отырмын. Жел шығыстан шыққан күні биік шағылдардың біріне шығып алып, Құрманғазының «Сарыарқасын» сарнатшы, құлағыма ызыңы келер ме екен» депті. Интернетта өзімен бірге жатқан тағы бір досы Парух Қожақов өзінің хатында: «Шәке! Сіздермен бірге интернетта жатқан күндерімді, ән мен күйге бөленген кештерімді сағындым. Өзің жырлайтын Махамбеттің ерлікке шақырған сөздері маған майданда күш-қуат беруде» деп жазыпты. Осылар сияқты Шәкеңнің бірнеше достары майданда қаза тапты. Осыған байланысты Шәкеңнің алғашқы күйі «Ұмытылмас достар» деген атпен шығарылған.

Соғыстан кейінгі жылдары, кешегі 1954 жылы жетіжылдық мектебі, колхоз басқармасының кеңсесі, алты-жеті үйі ғана бар Чапаев атындағы колхоз – бұл күнде облыстағы ең ірі совхоздың бірі. Гурьев – Астрахань теміржолы селоны жарып өтеді. «Жаикнефть» мұнай-газ басқармасының орталығы экономикасы мен мәдениеті қатар шалқып келеді. Өткені мен қазіргісін өз көзімен көрген Шәкең осы іргелі өзгерістерге толғанып «Шалқыма» атты күй шығарды.

Шәкең бұлардан басқа да «Ауыл шаттығы», «Жас екпін» күйлері мен «Абай сыры», «Пионер дружинасының маршы» атты сазды әндер шығарды. Шәкең «Ақбөбек», «Жалбыр» постановкаларының музыкасын жазды.

Шәкеңнің өнерге деген құштарлығын, үлкен әншілігін, шебер домбырашылығын, әуеской композитор екендігін өздеріне мақтаныш еткен жастардан, достардан хаттар өте көп. Соның бірі – белгілі ақынымыз Фариза Оңғарсынованың Шәкеңе жазған «Достың әзілі» деген өлеңінде былай делінген:

Шәкіртіңе білім сыйладың,
Бойыңа өнер жинадың.
Атырау жерін думан ғып,
Халқыңа жеткіз күй нәрің.

Жоктығын әр күн сездірмей

Құрманғазы мен Динанын.

Шәкең соғыстан кейінгі жылдары мектепте математикадан сабақ бере жүріп, совхоздағы көркемөнерпаздар үйірмелеріне басшылық жасады. Ол кезде ешкім хабарлап шақырмаса да, жұмыстан кейін совхоздың Мәдениет үйінің іші жастарға толып кететін, клубтағы музыкалық аспаптар жетіспеген соң олардың көпшілігі өз домбыраларын үйінен ала келетін. Жұмысының көптігіне, денсаулығының нашарлығына қарамастан, керосин шамының жарығымен Шәкең түннің бір уағына дейін жиналған жастарға домбыра, кобыз үйрететін, өздерінше репертуар жасап, ондағы көрсетілген ән-күйлерге жаттығу жасалатын. Мұның тәрбиелік мәні зор болды. Біріншіден, жастарды шашау шығармай, белгілі бір мақсатты жұмыс жүргізуге, екінші жағынан, оларды домбыра, кобыз тарту, ән салу өнеріне үйретті.

Осы кезде клубта, соғысқа дейінгі Алматыдағы Құрманғазы оркестрінде домбыра тартып, ән салған, Құрманғазының шәкірті болған Меңдіғалиұлы Қисмет екеуі кездесе қалса, ол бір мерекеге айналатын. Бұларды қоршап алған жастар, екеуінен сирек тартылатын күйлерді немесе екеуінің қосылып орындайтын күйлерін таң атқанша тыңдайтын. Екеуі көптеген домбырашылардың репертуарында жоқ халық күйлерін, жылдам тартылатын «Сарыарқа», «Адай», «Түрмеден қашқан» күйлерін шапшаңдыққа бәсекеге түскендей таласа жарысып тартқанда, көрермендер таңғалып, тамашалайтын еді.

Шәкең өз инициативасымен бастауыш кластарда оқитын домбыраға әуес жас балаларды жинап алып, оларға домбыра тартуды үйретті, кейін осы балалардың негізінде Чапаев атындағы совхоздың орта мектебі жанынан 40 балалық «Балдырған» деп аталатын домбыра оркестрін ұйымдастырды. «Балдырған» оркестрінің қалай ұйымдастырылғанын сол кездегі Горький атындағы мектептің 3-класс оқушысы, осы оркестрдің жетекші домбырашысы Төребек Шәріпов өзінің 1968 жылы 30 мартта «Қазақстан пионері» газетінде басылып шыққан «Балдырған» ансамблі» деген мақаласында былай деп жазды: «Папам маған

домбыра үйретіп еді. Менің бірге оқып, бірге ойнап жүрген достарым да домбыра үйренгісі келіп үйден шықпайды. Мұны көрген папам олардың тізімін алып, домбыраға үйрете бастады. Қазір бастауыш кластарда оқитын 15 бала қосылып күй тартамыз. Біздерді «Балдырған» ансамблі деп атап кетті. Біздер қазір «Қос-алқаны» «Жастар биі», орыстың «Жарық ай» («Светит месяц») биін қосылып тарта аламыз. Ансамбльдегі Құттыгерей, Март, Мәлік, Тілек, Бекқожалар сабақты да үздік оқиды. Жақында Гурьев қаласынан келген тілші ағай біздің күйімізді магнитофонға жазып алып кетті, радиодан тыңдайсыздар деп қуантып қойды. Осы мақаланың авторы Төрбек Шәріпов бұл күнде 23 жаста, оң қолынан өнері төгілген Шәкеңнің өмір жалғасы, жоғары дәрежелі музыка маманы, жақсы домбырашы, хормейстр, «Атырау» әнінің авторы, аудандық Мәдениет үйінің методисі.

Сол күндері балдырғандар оркестрінің мүшелері бүгінде жасөспірім өнерпаздар, олардың әрқайсысы кез келген көңілді кеште, ойын-сауықтарда Шәкеңнің «Шалқымасын» шалқыта жөнелсе, не «Абай сырын» толғаса, тыңдап отырған көрермендердің майталман өнерпазын егіле еске алып отырғанын байқайсыз.

Жасы жетпіске келіп қалса да өнерлі ісімен қадірлі өнерпаз ағалардың бірі – Қисмет Меңдіғалиев. Әкесі екеуі 1940 жылға дейін Құрманғазы атындағы оркестрде көп жыл қызмет істеп, еңбек сіңірген адамдар. Қисекең қазірде де өнерге құштарлығы тарқамаған жан, әлі реті келгенде сахнаға шығып жеке күйлер орындап, совхоздың оркестріне қатысады. Өнерпаздардың өткен байқауларында бірнеше жүлделерге ие болды.

Қисекең өзінің күнделікті өмірінде талапты жастарға ұлттық өнеріміздің даму тарихынан, әсіресе Құрманғазы оркестрінің ұйымдастырылуы тарихынан көптеген әңгіме шертеді. Атақты домбырашылар Динаның, Наушаның, Уақап Қабиғожинның домбыра тарту ерекшеліктерін үлкен бір шабытпен әңгімелейді.

Қисекеңнің жас ұландарды өнерге үйретіп, дүлдүл дарындардың жолын қууға баулуы хақында бірер диалог келтіре кетейік.

Көркемөнерпаздарының бір әзірлігі үстінде, өз кезектерін

күтіп отырған үлкенді-кішілі екі өнерпаздың өзара әңгімелері біраздан соң қатар отырған жұртшылықтың назарын аударып бастады. Мұның бірі әуесқой өнерпаздардың ағасы, ең жасы үлкені Қисмет Меңдіғалиев та, екіншісі сол кезде өнер өлкесіне жаңадан қанат қаққан он жасар Жандарбек Құрманғалиев еді:

– Ата, сізді Дина әжені көрді дейді, осы рас па?

– Рас, балам, ол кісінің «Байжұма» күйін тура өзінен үйренгенмін, өзіне қайталап тартып бергенімде өте разы болып қалып еді.

– Ата, сіз онда нешеде едіңіз?

– Нешеден екенімді ұмыттым, бірақ оған биыл 42 жыл толатыны қаперімде.

– Күшті... Ата, сіз Ахмет атаны да көрдіңіз бе?

– Көрдім, қарағым, ол атаң өнерді насихаттап, біздің елге келгенде, сен ол кезде өте кішкентай болатынсың.

Жандарбек «әттеген-ай» деп, сәл ойланып қалды. Қисекен:

– Оқасы жоқ, қарағым, сен әлі де талай өнер майталмандарын көрерсің, тіпті өзің де өнер тарландарының бірі боларсың, – деп жұбатқандай болды.

Осылай өнерпаздар жөнінде екеуінің жарасымды әңгімесі жалғаса берді. Жас алшақтығы жер мен көктей екі адамды тап осындай жақындатқан да өнер еді.

Жандарбек ол кезде IV класта оқитын. «Балдырған» оркестрінің мүшесі, сол оркестрдің сүйемелдеуімен ән де салатын. 1975 жылдан бастап халық театрының белгілі артисі. Бұл бағыттағы оның тұсау кесері «Кім менің әкем?» спектакліндегі Арманның ролі болды. Ол осы рольде шебер ойнап, өнер жолындағы алғашқы қадамың сәтті бастады. Осы ауылдың төл саңлақтарының бірі – атағы республикамызға әйгілі, СССР Мәдениет министрлігінің үздік мәдениет қызметкері Нариман Үлкенбаев.

Нариман жөнінде біздің облыс көрермендерінің арасынан «сондай бір жігіт бар, өзі актер, өзі режиссер, әншілігі мен күйшілігі бір төбе, сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың дәл өзі» деп сүйсіне айтқан лебіздерді жиі естисің. Нариман 1960–1961 жылдары Гурьевтегі медициналық училищені бітіріп, Чапаев атындағы совхозға қызметке келді. Ол өз жұмысын тиянақты

істеумен қатар, өнер сүйген өнерпаз ауылдың жастарымен шүйіркелесіп кетті. Ол үйірмелерге қатынаса жүріп, өзінің дарынын, өнерді қадірлейтінін көрсете білді. Нариман тәртіптілігімен, қарапайымдылығымен, сөзінің ұғымдылығымен таныла бастады. Кейіннен ол ауыл өнерпаздарының ұйтқысы, қабілетті жетекшісі болып алды. Халық театрының режиссері, ұлт аспаптар оркестрінің дирижері болды. Нариман Үлкенбаев ең алдымен Аққыстау халық театрының алғашқы іргетасын қалаушылардың бірі. Оның қазіргі режиссері Ғатау Рамазанов екеуі театрдың өсу-өркендеу жолында жан аямай еңбек еткен адамдар. Аз уақыттың ішінде отыздан астам ірілі-уақты спектакльдерді сахнаға шығарды, көптеген спектакльдерде басты-басты рольдерде ойнады.

Нариман бейнелеген «Ақбөбектегі» әнші Қайып, «Жалбырдағы» Елемес, «Ақан сері – Ақтоқтыдағы» әнші-композитор Ақан рольдері көрермендерді разы етті. Аққыстау халық театры облыстық, республикалық, одақтық байқаулардың лауреаты болды. Театр өмірінде, әсіресе Нариман Үлкенбаев орындаған рольдердің кезінде есте қалып, ұмытылмайтын қызғылықты сәттері де кездесіп қалады.

Аққыстау театры көрші Индер ауданының «Правда» совхозына барып, «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклін қояды. Ақан ролін әдеттегіше Нариман ойнайды. Спектакль өте үлкен өрлеу үстінде өтіп, халықтың ризашылығына бөленді. Ертеңінде бұлар жүргелі автобуска отырып жатса, түнде спектакльді көрген сол совхоздың жұмысшысы Алдаберген Сыздықбаев деген кісі Нариман Үлкенбаевқа келіп:

– Қарағым, Нариман! Мен өткен түнде сарғая отырып, өз жанымнан шығарған мына өлеңді саған табыс етейін, – деді. Ол өлеңінде:

Сарыарка сайран салған туған жері,
Мінгені жүйрік тұлпар Құлагері,
Жеріне Атыраудың келдіңіз бе
Атығай-Қарауылдан, Ақан сері.

Болып ең жас күнінде елге дана,
Аспанға өзіңізден ақыл сана,

Жеріне Атыраудың жеттіңіз бе
Атығай-Қарауылдан, ақын аға.
Жоқ еді-ау жас күнінде бойда мінің,
Теңсіздік қорлықпенен өтті күнің.
Жерінде Атыраудың күтіп еді
Нәсілім Атығайдан жаман інің.
Көрінеді өткен күннің мұз-ызғары,
Білімнің ардақты өскен жұлдыздары,
Ақанды аман-есен алып келген
Мың рақмет Акқыстаудың ұл-қыздары, –

деп тебірене толғап жіберіпті. Сұрастыра келгенде, бұл кісі Көкшетаудан, Ақан елінен, осы жаққа тағдыр айдап келіп, тұрып қалған екен, «Ақанмен қонысымыз, Құлагермен өрісіміз бір Атығай руынан едім, ал Ақан Қарауыл руынан ғой, шырақтарым» деп басқа ештеңе айтпаған көрінеді.

Нариман Үлкенбаев марқұм Шәмшиден Шәріповпен бірге «Балдырған» оркестрін ұйымдастыруға ерекше еңбек сіңірді. Сол жылдары Акқыстауда мектеп оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, қазірде «Забурын» совхозының партком секретары Ибат Жұмағазиев Нариманның балалар оркестрімен дайындық өткізу әдісін қызыға әңгімелейді. «Нариман мектеп оқушыларына күй үйреткенде, – дейді ол, – әуелі сол шығарманы магнитофонға жазып алып тыңдатады, одан кейін домбырада өзі орындап көрсетеді. Сонан соң күй тарихын айтып түсіндіреді және осының барлығы өнердің қыр-сырын жан-жақты танитын білгірлікпен астарласып жатады». Нариман Үлкенбаев халық творчествосының көптеген салаларына мәдениеті мен сауаты жететін, білмегенін білгісі келіп тұратын еңбекқор, талапты жан.

Нариман тек қана жақсы домбырашы, режиссер, актер ғана емес, ол облысымыздың жезтаңдай әншісі де. Ол орындаған «Жезкиік» әні, Төлегеннің ариясы көрермендердің есінен кетпейді. Нариманның тағы бір үлкен азаматтық қасиеті – оның ұйымдастырушылық қабілеті, жігерлілігі мен еңбексүйгіштігі. Ол тек Акқыстау халық театры мен оркестрін ғана ұйымдастырумен тынған жоқ, сонымен қатар облыстың «Жайық

қызы» халық ансамблін, Дина Нұрпейісова атындағы оркестрдің жұмыстарын ұйымдастыруға да белсене араласып, еңбек сіңірді. Олардың бас солисі болып талай фестивальдарда лауреат атанды. Нариман Үлкенбаев Махамбет аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі болғанда Түсекеновтердің атақты семьялық оркестрімен қатар тағы да 7 семьялық оркестр ұйымдастырды. Бұл күнде Н. Үлкенбаев Гурьевтің Махамбет атындағы қазақ драма театрының директоры.

Чапаев атындағы совхоздың су таситын автомашинасының шофері Ризуан Қойшиев та көрермендер көкейіне жол тапқан өнер иесінің бірі. Оның жүрген жері ойын-күлкіге толы. Ол әкелген сумен отардың қойын суарып болғанша, шопандар автомашинаның қыста – ығына, жазда көлеңкесіне отыра қалып:

– Ал, Реке! Аздап шаршап жүрміз, бір желпінтіп таста, – дейді.

Ризуан тап соған міндетті адамдай, қаншама шаршап жүрсе де, оларды ренжітіп көрген емес. Жакын жерден домбыра табылса бір-екі күй орындап береді. Болмаса көркемсөз оқиды. Әсіресе, «Мас шофердің намазын» оқығанда тыңдаушылар ерекше көңілденіп қалады. Оның өнеріне риза болғандар әлі де оны бөгеп:

– Оспан молда болып ойнашы?..

– Жұлмұқан болып асқақташы... – деп өтінеді. Ризуан тіл қайырмайды, өзі сүйіп ойнайтын рольдерден сахналық үзінді ойнап береді де:

– Сендер шынымен қойды қамап қойып, тегін қызық көріп отыра бермексіңдер ғой тегі. Тапқан екенсіңдер Телпекпайды, – деп жинала бастайды, оған да малшылар мээ-мәйрам.

Шынында да, осы «тегін» қызықты есепке алса, онда Ризуанның есебінде мыңдаған көрермендер камтылған болар еді.

Келесі ауылда да Ризуанды осылай қарсы алады, бірақ одан оның жұмысына нұқсан келіп жатқан жоқ. Ол оныншы бесжылдықтың тапсырмасын төрт жылда орындаған совхоздың маңдайалды шофері, социалистік жарыстың жеңімпазы.

Бұған қарағанда өнердің еңбекке тигізер зияны жоқ. Қатардағы қарапайым совхоз шофері Қойшиев Ризуанның драма үйірмесінен бастап халық театрының сахнасына шыға бастағанына он жылдай болды.

Бұлардан басқа әншілер Мұхамеджанова, Елеусінов, Қинешов, қобызшы Төлегенова, тамаша биші Жанкесова, көркемсөз оқушы Мұқатов сияқты өнерпаздар да көрермендерді өз өнерімен риза етіп жүргендер. 11 баланың анасы – Батыр ана, осы совхоздың жұмысшысы А. Мұхамеджанованың асқақтата шырқаған халық әндері құлақтан кіріп, бойды алғандай. Бұл селоның көрермендері әр кезде осындай өнерпаздарды мақтан етумен қатар, олардың қатары өз орталарынан толығына үнемі қамқорлық жасайды. Кешегі өткен Шәмшиден, үлкейіп кеткен Жандарбек сынды өнерлі балғындардың балаусадай жайқалып өсіп келе жатқаны өте қуанышты. Өнерпаз ауылдың ыстық ілтипатына бөленген таланттардың творчестволық жаңа табыстарға жетуіне совхоз әкімшілігі, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, барша жұртшылық көмектерін аяп отырған жоқ.

Гурьев облысы өзінің табиғат жағдайына байланысты республиканың қуаңшылық аудандарының біріне жатады. Жазда күні ыссы, жауыны аз, табиғи суы тапшы, шөлейт келеді. Осыған байланысты елді мекендердің бір-бірінен шалғайлығына қарамастан облыстағы қоғамдық малдың 70-80 проценті құнарлы, шөбі жеткілікті, суы бар жерлерге орналастырылған.

Мал шаруашылығы облыс экономикасында басты салалардың бірі болғандықтан совхоз жұмысшыларының, мал мамандарының басым көпшілігі осы салада еңбек етеді.

Атыраудың ой-қырында, жайлау төрінде қоғамдық малдың қондылығын арттыра түсу жолында күн-түн демей еселі еңбек етіп жатқан малшылардың, шабындық алқаптарда жан аямай мал азығын дайындап жүрген механизаторлардың рухани-мәдени талаптарын, тұрмыстағы қажеттерін қамтамасыз ету мәселелері облыстық партия, совет, шаруашылық органдарында жан-жақты зерттеліп, көп толғандырған мәселелердің бірі.

Осыған орай ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің рухани-мәдени және тұрмыстық қажеттерін өтеу жөнінде қамқорлық жасалады. Бұлардың алғашқы қарлығаштары, 1958 жылдардан бастап осы уақытқа дейін келе жатқан автоклубтың, мәдени-үгіт бригадалардың, көшпелі сауда дүкендерінің қызметі айтарлықтай болды.

Облыстық партия комитетінің инициативасымен және тікелей басшылығымен 1964 жылдың басында республикада бірінші болып құрамында жеті автомашинасы бар автопоезд ұйымдастырылды.

Оның құрамында екі автоклуб, екі автодүкен, тұрмыс қажетін өтеу комбинатының бір автобусы, жылжымалы киноқондырғы, дәрігерлік автомашина болды. Бұл машиналарда өндірістік товарлар, тұрмысқа ең қажетті ұн, шай, тұз, кант, радио товарлары, музыкалық аспаптар және басқа да өндірістік товарлардың түр-түрі машинаға сыйғанынша тиелді.

Автопоездың мәдени-үгіт және тұрмыс қажетін өтеу бригадаларының құрамында көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері: домбырашы, әнші, биші, дүкенші, шаштараз, радио жөндеуші, етікші, сағат жөндеуші, киномеханиктер болды. Бұлардың барлығы да өздеріне қажетті құралдармен жабдықталып, жұмыс істеулеріне толық мүмкіншілік туғызылды.

Қарамағында жиырма шакты адам бар автопоездың жұмыс істеу тәртібін автоклубтарға карағанда басқаша түрде ұйымдастыруға тура келді.

Ең алдымен, автопоездың жұмыс тәртібі облыстық, аудандық партия комитеттерінде арнайы қаралып, маршруттары, бір ауданда, совхоздарда, фермаларда қанша болатын мерзімдері бекітілді.

Автопоезд белгіленген ферманың орталығына немесе шопандардың шоғырланған жеріне келіп, өздерінің жұмыстарына керекті дайындықтарын жасап алған соң айналадағы малшыларды, механизаторларды осы жерге түгел жинап, оларға лекция оқылады, баяндамалар жасалады, магнитофон, түрлі плакат, көрсеткіш тақталар арқылы озат тәжірибе таратылады, концерт көрсетіліп, алуан түрлі тұрмыс қажеті өтеледі. Қажет деп табылса, малшылардан киімге, тамаққа заказ қабылданады. Облыс орталығынан арнайы ұйымдастырылған автопоезд 1964 жылдың үшінші январында алғаш сапарға шығып, жыл бойы облыстың о шеті мен бұ шетін сегіз рет аралап, мәдени тұрмыстық қызмет көрсетті.

Бұл автопоездың нақтылы қандай жұмыс істейтінін көрсету үшін, біреуінің жұмысын талдап айта кетейік. Бір ретте алыстағы

малшылар ауылын аралап қайту үшін № 3 автопоезд сапарға дайындалып жатты.

№ 3 автопоездың құрамында екі автоклуб, үш автодүкен, тұрмыс қажетін өтеу басқармасының автобусы, жылжымалы киноқондырғы, дәрігерлік пункт, барлығы сегіз автомашина, бір лектор баяндамашы, бес адамнан құралған концерт бригадасы, дәрігер, шаштараз, етікші, сағат жөндеуші, радист, киномеханик, шофермен қоса есептегенде барлығы жиырмадан астам адам болды. Бұлардың әрқайсысы өз саласындағы міндетті орындауға қажетті құралдармен, дәрі-дәрмек, өндіріс товарларымен, азық-түлікпен толық жабдықталды.

Сөйтіп, бұл автопоездар он бес күндей Маңғыстау, Ембі аудандарының «Үстірт», «Қаракұм» жазғы мал жайылымдарындағы он колхоздың, бір совхоздың 200-дей шопандар бригадасын аралап, 22 лекция, баяндама жасап, 30 рет концерт көрсетті, бұларға 1200-ден астам адам қатысты. 209 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді. Жүздеген малшылардың аяқкиімдері, сағаттары, радио қабылдағыштары жөндеуден өткізілді, ондаған мың сомға өндіріс товарлары, түрлі азық-түліктер сатылды.

Қорыта айтқанда, осыдан он сегіз жыл бұрын өмірге келген жақсы бастама қазірде жалғасын тауып отыр. Бұл автопоездар бұрынғыдай тек облыс орталығынан емес, көп жылдардан бері әрбір ауданнан тоқсан сайын бір-екі реттен шығарылып тұрады. Жан-жақты дайындалған, жабдықталған автопоездар өз аудандарының шалғайда еңбек етіп жатқан малшылары мен механизаторларына барып, түрлі қызмет көрсетіп қайтады.

Сонымен қатар бұл жұмыстарға үлкен өндіріс коллективтері белсене қатысады. Мысалы, кейінгі жылдары «Эмбанефть» өндірістік бірлестігі, химия заводы, магистральды мұнай-химия құбыры басқармасының партия, кәсіподақ ұйымдары ұйымдастырған автопоездар Теңіз, Махамбет, Новобогат, Индер аудандарының көптеген малшыларын, егіншілерін, пішеншілерін аралап, мәдени-үгіт және тұрмыс қажетін өтеу жұмыстарымен мыңнан астам адамдарды қамтып қайтты.

Алда тұрған міндеттерді орындау жолында автопоездар мен автоклубтардың жұмыстарының мазмұны мен жауапкершілігі

бұрынғыдан гөрі арта түсті. Соның ішінде өте-мөте үкімет тарапынан арнайы қаржымен, ақылы қызметкерлермен қамтамасыз етілген автоклубтардың маңызы зор. Өйткені бұлар негізінен совхоздардың алыс учаскелерінде еңбек ететін шопандар мен бақташыларға, механизаторларға қызмет көрсетеді.

Автоклубтар социалистік жарысты өрістету, жарыс жариялылығын арттыру, озат тәжірибені тарату мәселелерімен шұғылданады. Былайша айтқанда, шалғай учаскелерде қызмет істеп жүрген адамдардың мәдениет ошағы деп атауға болады.

Қазірде облыста 80-нен аса автоклубтар жұмыс істейді.

Солардың бірі, Новобогат ауданы мәдениет бөлімінің № 2 автоклубының тәжірибесінен мысал келтірелік. «Забурын» совхозы облыстағы қаракөл қойын өсіретін ірі шаруашылықтардың бірі. Жоғарыда аталған автоклуб осы совхоздың еңбеккерлеріне мәдени қызмет көрсетеді. Автоклуб меңгерушісі Мағзұм Ысқақов 1971 жылдан бері осы автоклуб жұмысын дұрыс жолға қойып, күні бүгінге дейін басқарып келеді. Автоклуб жаңа киноаппаратымен, радиоқабылдағышпен, магнитофонмен, түрлі музыкалық аспаптармен, шахмат, дойбы, басқа да спорт құралдарымен жабдықталған. Ол көптеген әдеби және саяси баспалардан шығатын кітаптармен, газеттермен, журналдармен толық қамтамасыз етілген. Автоклуб жалпы ережеге сай аудандық мәдениет бөлімі бекітіп берген жұмыс жоспары бойынша қызмет атқарады.

Халықтың талғам-талабы биік, ой өрісі кең. Сондықтан да автоклуб малшылар мен механизаторлар арасына барғанда жаңалықтың жаршысы болуға тиіс. Осынау сан салалы көп жұмыс жалғыз автоклуб меңгерушісінің қолынан келмейтіні анық, сондықтан да оған жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының қамқорлығы қажет.

Автоклубтың 9 адамнан құралған советі бар. Оның құрамында дәрігер, мал маманы, тұрмыс қажетін өтеу саласының, сауда және мәдениет қызметкерлері бар. Олар автоклуб арқылы әрбір тоқсанда жүргізілетін концерттер мен кино қоюдың, озат тәжірибе таратудың, лекция, әңгіме өткізудің, жауынгерлік бетше шығарудың жоспарын жасап, оның орындалуын мұқият қадағалап

отырады. Автоклуб советі совхоздың партия ұйымымен келісе отырып, автоклубтың ай сайынғы маршрутын бекітіп береді.

Автоклуб советі мүшелерінің бәрі де өнерпаз, ауыл мәдениетін дамытуға өз үлестерін қосып жүрген жастар. Сонымен қатар олардың бірқатары лектор, саяси хабаршы ретінде партия мен үкіметіміздің қаулы, қарарларын, еліміздегі және шетелдердегі ғылым мен техника жаңалықтарын, халықаралық жағдайлар туралы хабарларды еңбекшілерге дер кезінде жеткізіп отырады.

Олардың ішінде Забурын орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Ш. Әбіловтің «Халықаралық жағдай туралы», совхоздың бас инженері Э. Жарылғасовтың «КПСС Орталық Комитетінің ноябрь Пленумының шешімдерін орындау жөніндегі совхоз коллективінің алдында тұрған міндеттері туралы», дәрігер Қ. Шайқымовтың «Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы» деген тақырыпта өткізген баяндамалары тыңдаушыларға қатты ұнады. Автоклубтың «Құрдастар» атты мәдени-үгіт бригадасы айына бір, кейде екі реттен малшылар арасына сапарға шығып, түрлі концерттер көрсетіп қайтады. Мысалы, кейінгі төрт жылда бригада 50 рет сапарға шықты, осы мерзімде бес жүзден астам концерт қойды, мәдени кештер өткізді.

Автоклубтың тұрақты өнерпаздары бар. Олар әртүрлі мамандықтардың иелері. Дәрігер А. Салықов, мұғалім Н. Даулекенов, есепші Б. Мұхаметқалиев, механизатор К. Хайыров, мәдениет қызметкері А. Хадименов, тағы басқалар малшылар қауымының шынайы алғыстарына ие болып келеді. Мысалы, осы кішкентай коллективтің бір мүшесі Асқар Салықовты алайық. Ол осы ауданның атақты домбырашысы, әрі әншісі. Мұның репертуарында 50-ден астам күй бар. Шопандар оның келуін үнемі асыға күтіп жүреді. Бригаданың құрамында бұлардан басқа шаштаразшы, сағат, радио жөндеушілер, суретші бар.

Мұнымен қатар автоклуб өз учаскелеріндегі малшыларға үнемі көркем суретті және ауыл шаруашылығының жетістіктері жөніндегі кинофильмдерді, журналдарды көрсетіп тұрады. Тек өткен бес жылдықта 610 рет, соның ішінде 1979 жылы 176 рет кино көрсетті. Көптеген кинофильмдер малшы-механизаторлардың өз сұраулары бойынша көрсетіледі.

Автоклуб меңгерушісі Мағзұм Ысқақов өз автоклубының қамтуындағы шопандар бригадасында болып жатқан жаңалықтардың, қуанышты, әсерлі жағдайлардың бәріне қанық, оның назарынан мұндай жағдайлар шет қалмайды. Оған бір мысал, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғилаж Айталиев жетекші-ұстаз болып істейтін «Толқын-76» бригадасының тамаша қорытындысын талқылай келіп, осыған орай бригадада мәдениет кеші өткізілді, оған Мағзұмның арнайы өтініші бойынша Гурьев педагогикалық институтының өнерпаздары келіп, жергілікті жастармен бірге концерт көрсетті. Жиналған шопандарға Ғ. Айталиев еңбек жолы жөнінде әсерлі әңгіме айтты. Автоклуб арқылы оқырмандарға көркем әдеби кітаптар тарату, сауда орындарының сұрауы бойынша жылына жүз елу-екі жүз сомның кітабын сатып беру үйреншікті іске айналды.

Автоклуб жұмысының ең қызу шағы – төл алу, жемшөп дайындау, қой қырку, күзгі мал шағылыстыру секілді шаруашылықтың науқанды кезеңдері. Бұл шақта автоклубтың мәдени-үгіт бригадасына тынымсыз еңбек етуге тура келеді. Өйткені науқанды кезеңдерде байырғы малшылардан басқа совхоздардан, ауданнан көмекке көптеген адамдар жиналады, бұларға мәдени қызмет көрсету автоклубтарға жүктеледі.

Автоклуб қызметкерлері мұндай науқанды жұмыстар кезінде көрсеткіш тақталарды толтырып, қажеттісін өзгертіп, қабырға газеттері мен жауынгерлік бетшелер шығарып, оны әрбір бригадаларға таратып отырады. Мұның өзі өте мұқияттылықты, творчестволық ізденісті талап етеді. Науқанды жұмыстар кезінде арнайы жасақталған жоспарларға сәйкес өткен жылдарда ғана он төрт тақырыпқа 72 баяндама жасалды.

Автоклуб қызметкерлерінің нәтижелі еңбегінің бірі – озат тәжірибе тарату. 1971 жылдан бері автоклуб жанында озат тәжірибе мектебі жұмыс жасайды. Бұған автоклуб меңгерушісі Мағзұм Ысқақовтың өзі жетекшілік етеді. Совхоз мамандарының қатысуымен жасалған арнайы жұмыс жоспары бар. Онда «Малды жұкпалы аурулардан сақтау шаралары», «Қойды ерте төлдетудің тиімділігі мен пайдасы», «Қой төлдеуге дайындықтың басты шаралары», «Мал тұқымын асылдандыру – басты міндет»,

озат шопандардың іс-тәжірибелері, тағы басқа да мәселелер енгізіледі.

Озат шопандар А. Вахитовтың «Қой өсімі – күтіміне байланысты», Х. Баделовтың «Жаз айларында қойды семіртудің тәсілдері», зоотехник А. Асановтың «Қойды жұқпалы аурулардан сақтандыру шаралары» деген тақырыптағы баяндамалары автоклубтың магнитофон лентасы арқылы малшыларға кеңінен таратылуда.

Автоклуб озық тәжірибені насихаттауда мұнан басқа да бірқатар жұмыстар жүргізіп келеді, тек қана 1971 жылы он алты еңбек озаттарының іс-тәжірибелері магнитофонға жазылып, басқаларға таратылды.

Атап айтқанда, КПСС XXV съезінің делегаты, Социалистік Еңбек Ері, № 2 ферманың шопаны Мүсілім Нұрмұхановтың бесжылдықта орта есеппен жылына 100 саулықтан 143 қозы алғаны, мал басын 99,9 процент сақтап, әр қойдан орта есеппен төрт килограмнан жүн қырыққаны, ал оныншы бесжылдықта орта есеппен жылына 100 саулықтан 155-157 қозы алуды қамтамасыз еткені жөніндегі өнегелі тәжірибесі магнитофонға жазылып, басқа шопандарға таратылды. Әр жүз саулықтан 178-ден төл алып, аудан чемпионы атанған СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еңбек Қызыл Ту орденді, «Толқын-76» комсомол-жастар бригадасының ұстаз-жетекшісі Ғилаж Айталиевтың, өзіне бекітілген 151 бас жылқыны аман сақтап, 50 биеден 50 құлын алған Бақытжан Жамалиденовтің, оныншы бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындаған таңдаулы тракторшы Қ. Мағазовтың, Паша Ангелина атындағы жүлденің иесі, айтулы механизатор М. Ғабдулинаның іс-тәжірибелері магнитофон лентасы арқылы және арнайы плакат етіліп таратылды.

Автоклубтың күнделікті көңіл бөлетін жұмысының бірі – социалистік жарыстың жариялылығын қамтамасыз ету. Автоклубтың іші-тысы көрнекті үгіттің сан-алуан түріне бөленген, онда социалистік жарыс тақтасы, плакаттар мен диаграммалар бар, мұның бәрі социалистік жарыстың жариялылығын арттыратын тиімді құрал. Көрсеткіш тақтада совхоздың жекелеген шопандарының міндеттемелері, оның орындалуының барысы

жөнінде айлық, токсандық, жартыжылдық, жылдық көрсеткіштері жазылған.

Сондай-ақ Мағзұм Ысқақов фотоаппаратын ала жүріп, озаттарды еңбек үстінде суретке түсіріп, құрмет тақтасына, автоклуб альбомына пайдаланады. Сурет альбомы автоклубтың шежіре сандығы іспеттес. Осының бәрі алдын-ала жоспарланған жұмыстар. Ал, автоклубтың жоспардан тыс істелетін жұмыстары қаншама десеңізші! Шалғайдағы мал жайылымдарында, болмаса қыстақтарда комсомол жастардың үйлену тойларын, жаңа туған сәбилерге куәлік беру, армия қатарына шақырылатын жастарды салтанатты түрде шығарып салу, тағы басқалар.

Совхоз орталығынан екі жүз километр жердегі жайлауда отырған малшылардың үлкен жиындар ұйымдастыруға мүмкіншілігі келе бермейді. Сондықтан да жайлау төріндегі той-думандар мен салтанатты жиындардың өмір талабына сай өтуіне автоклуб қызметкерлері үнемі көмектесіп отырады. Автоклуб жұмысындағы ерекше бір бөлім «Анықтама бұрышы» әрбір еңбек адамының қойған сұрақтарына білгенінше жауап береді, ал білмейтіндерін дәптеріне жазып алып, кейін жауап береді, тек бір жылдың өзінде ғана қырық сегіз сұраққа толық жауап беріп, көптеген істер өз шешімдерін тапты.

Мағзұм Ысқақовтың халық сүйер тағы бір жақсы әдеті, автоклуб кезекті сапарға шығарда бірнеше мекемелерді аралап, тапсырмалар ала кетеді. Мысалы, кітапханаға соғып, одан бара жатқан малды ауылдың адамдарына кітап ала келеді, почтаға барып, газет-журналдар, хаттар болса алып барып тапсырады, сондай-ақ малшы балалары жатып оқитын интернатқа арнайы келіп, «әке-шешелеріне қандай сәлемдемелерің бар» деп микрофон ұсынып, балалардың аман-сау, жақсы оқып жатқандарын, айтқан сәлемдемелерін микрофон арқылы әке-шешесіне жеткізеді.

Олардың барлығы да, былай қарағанда, кейбіреулерге ұсақ көрінгенімен, шын мәнісінде өте үлкен мәні бар, бұл түптеп келгенде, шалғайдағы малшыларға деген арнайы қамқорлық болып табылады.

Сондықтан Мағзұм Ысқақов басқарған автоклубтың кішкентай

коллективін әрбір шопан бригадасы асыға күтіп отырады, өйткені халыққа қызмет көрсету, көпшіліктің талап-тілегін орындау ер-азаматтың басты борышы емес пе? Совхоз орталығынан артынып-тартынып келген автоклубты шалғайда күндіз-түні еңбек етіп жатқан жандар қаншама үмітпен, қуанышпен, аңсар сезіммен қарсы алып жатады. Автоклуб келе жатқанда жұртшылық оны мәз-мәйрам болып, дүрліге қарсы алып, үлкен сүйіспеншілік, құрмет көрсетеді, оның үстіне тапсырған аманаттары, өтініштері дер кезінде орындалып, рақметін жаудырып жатса, өзін өзі де, қызметіңе де, ортаңа да разы болмассың ба?!

№ 2 автоклубтың аудан, совхоз еңбекшілерінің алдында құрметті абыройға ие болуы осы кішкентай коллективтің бір мүшесі, автоклубтың шофері Әбдіқасым Қабдығалиевке байланысты. Ол еңбекқұмар, халық үшін қызмет етсем деген ізгі ниетті азамат. Мағзұм екеуі көп жылдардан бірге жасаған еңбектерінің нәтижесінде бірін-бірі қатты сыйлап, құрмет тұтады.

Автоклуб меңгерушісі өте жауапты қызмет. Сондықтан да ол тек қана үгітші емес, жұмысқа жан-тәнімен берілгендігімен өзгеге үлгі болар, көпшілік құрметіне бөленген адам болуы тиіс. Мағзұм Ысқаков дәл осындай қасиеттерді өз бойында жинақтаған адам. Ол жақсы домбырашы-күйші, суретші. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, совхоз партия комитетінің бюро мүшесі, шаруашылықтағы халықтық бақылау тобының жетекшісі. Шынында да, Мағзұм сегіз қырлы, бір сырлы жігіт, жұрт арасындағы айтар әңгімелері де мәнді әрі мазмұнды. Өйткені шаруашылықтың жайын жақсы біледі.

Шынайы шеберлік

Осынша өнер тауып асқан адам,
Әлемнің қиын сырын ашқан адам.

Шәкәрім Құдайбердиев

Халықтың қолөнерін жинап, мұқият сақтап, зерттеп, оларды насихаттауда облыстық, аудандық өлкетану музейлерінің еңбектері орасан зор. Гурьев облысында бұрын тек облыстық музей ғана болса, кейінгі он жылда Ембі, Индер, Қызылкоға аудандарында жаңа музейлер ашылды. Бұлар негізінен тарихи-өлкетану, өнер зерттеу музейлері. Осыған орай оларды тиісті кадрлармен толықтыру, музей үйлерімен қамтамасыз ету біркелкі қолға алынып келеді. Осының нәтижесінде музейлерде қазақ халқының тарихы, этнографиясы, ою-өрнек, қолөнері жөнінде бірқатар бағалы дүниелер бар және оларды сан, сапа жағынан толықтыру жөнінде бірқатар шаралар көзделіп отыр.

Мұнан басқа Қазақстанның мемлекеттік орталық музейінің алтын қорында Гурьев облысынан жиналған мол қолөнер туындылары сақталып келеді.

Қазірде облыстық, аудандық тарихи-өлкетану музейлерінің қорында жиналып, сақталып және жұртшылықтың назарына беріліп отырған бірнеше мыңдаған, халықтан жиналып алынған ою-өрнектеліп жасалған киіз, сырмақ, текемет, тұскиіз, алаша, түкті кілем, тақыр кілем, бау, басқұр, қоржын, аяққап, түрлі металдан жасалған зергерлік бұйымдар, әртүрлі салаға жататын үй бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандар мен аспаптар, киім-кешек, тағы басқа бұйымдар бар.

Бір айта кететін жай, киіз басумен Қазақстанның барлық облыстарында ерте заманнан шұғылданып келе жатқаны мәлім. Киіз басуға пайдаланатын өнім де біреу – ол қой жүні. Осыған қарамастан республиканың әр түкпірінде жасалған киіздердің өзіндік ерекшеліктері бар. Өзгешеліктер киіздің жасалуында емес, оның түрлі-түсті бояулы жіптермен безендірілуінде, қайталанбас өрнектерінде, тіпті көпшілігінде жасаған шеберлердің аты-жөндері де белгісіз. Бұл мұраның барлығы тек бір

жылдың ғана жемісі емес, мұнда әр ұрпақтың да үлесі бар десек қателеспейміз.

Батыс облыстарда күнделікті тұрмыс қажетіне көп пайдаланған бұйымдар – сырмақ, текемет, тұскиіз. Бірақ бұларды жасаудың өзіндік әдісі, ерекшеліктері бар, әр ұрпақ әр кезеңдерде өзінің жаңалық элементтерімен толықтырып өндеп отырған.

Сырмақ пен тұскиіздің жасалу тәртібі бірдей болғанмен, бұлардың да өзіндік айырмашылықтары бар. Сырмақтың бояулары бір-бірімен үйлесімді, оюлары жатық келеді. Ақ пен қара оюдың қосылар жеріне қызыл жиектер жүргізіледі, сырмаққа салынған ою қошқар мүйіз тектес. Ол өте дәлдікпен орналастырылып, бір-біріне жалғасып, сырмақтың шетіне бір бөлек, орта тұсына бір бөлек салынады. Сонда оюлар белгілі бір мөлшерде дәлме-дәл орналасып, сырмаққа аса бір сәнді, көркем өң береді.

Ал, тұскиіз жасаудың сырмақтан бір айырмашылығы, мұнда ою тігіп қондырылмайды. Тұскиізді жасап шығару үшін, ең алдымен екі киізді бөлек басып алып, екеуін бір-біріне беттестіріп, оның бетіне көмір мен немесе бормен өрнекті сызып, оның сызылған жолдары өткір пышақпен ойып алынады. Содан кейін ойылған оюдың ағын қоңырға, қоңырын аққа апарып киюластырып қолмен тігеді.

Мәселен, Новобогат ауданындағы Чапаев атындағы совхоздың «Қызыл үй» бөлімшесінің облыстық тарихи өлкетану музейіне тапсырған XX ғасырдың басында жасалған көлденеңі 1,5 метр, ұзыны 3 метрлік тұскиіздің өрнегін алайық. Мұнда тұскиіздің беті өсімдік тектес: гүл, жайраң оюлармен өрнектелінген. Мерекеге, тойларға бір төселер төсеніш киіздер тек ақ киізден ғана басылып, өрнегі ашық түске (қызыл, көк) боялған киізден тігілетін болған.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, кездемелердің көптеп шыға бастауына байланысты болар, Гурьев облысының бірқатар жерлерінде күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды киіз басып, одан жасау-жабдық даярлаудан гөрі дайын кездеме маталарды пайдалануды жеңіл көріп, соны көбірек қолданған. Облыстың кейбір тұрғындарында тұскиіздің матадан оюлап тігілген түрлері осы уақытқа дейін сақталып келеді.

Сонымен қатар шұғадан оюлап, өрнектеп, текемет, әбдіре,

сандық тыстары, түндік баулар, есік пердесі, аяққаптар жасау істері кең таралған. Бұларды көк-сары қызыл шұға үстіне гүл тектес басқа түсті ою жапсыру арқылы жасаған.

Сол сияқты қаптың да атқаратын міндеті бірдей болғанмен, сыртқы пішіні, көркемдік көрінісі әр жерде әртүрлі, кейбіреулері төрт бұрышты текше келсе, кейбіреуі дөңгелек болады. Мысалы, Батыс Қазақстанда, оның ішінде Гурьев облысында аяққаптың көпшілігі төрт бұрышты текше болып келеді. Оның сыртында әртүрлі киық матадан құралып жапсырылған оюлары бар, олардың көпшілігі тек жеңіл түрде ғана болады.

Ертеректе өмір бойы мал бағумен шұғылданып келген көшпелі қазақ елінде киіз үйдің маңызы орасан зор болған, ал осы киіз үйді Атырау өңірінде қазір де көп қолданады. Өйткені киіз үйдің жабдығы малдың қонысын жаңартып көшіп-қонып отыруға өте қолайлы. Бір ерекшелігі, киіз үйдің құрамында темірден жасаған ешбір нәрсе жоқ, керегені, шаңырақты қайыс қиындысымен шарлап көктейді. Киіз үйдің жабындысы – екі үлкен үзік үш-төрт туырлық, түндік, аяқ киіздер, бау, басқұрларды түрлеп ораған шилерден тұрады. Киіз үйлердің баулары: туырлық бау, жел бау, түндік бау, аяқ баулар.

Мал баққан кісілер өз өмірінің көбін осы киіз үйде өткізетін болғандықтан, оны хал-қадарынша сәнді де, әдемі етіп ұстауға тырысады. Сондықтан да әйелдер мүмкіншіліктеріне қарай қой жүнінен жіп иіріп, оны неше түрлі бояуларға бояп, киіз үйдің ішін жабдықтауға, баудың, басқұрдың бірнеше түрлерін, алаша, тықыр кілем, қоржын, аяққап, тағы басқа сәнді бұйымдарды иіріп тоқып, тұрмыстық жағдайларына қарай қолданып келеді. Мысалы, облыстың көп тұрғындарында уықтың бауларын қолдан әдемілеп бояған жүннен есіп, әшекейлер жасайды, ол үй ішінің сәнін келтіреді, бұдан басқа әдемі етіп аспа бау, аяқ баулар жасайды.

Киіз үйді жасақтап, жиһаздар жинауда үйге ерекше сән беретін ақ, қызыл жіптерден тоқылатын басқұрлардың бірнеше түрлері бар, әсіресе ақ басқұр көз тартады. Мұны, әсіресе, Гурьев облысының тұрғындары өте жетік меңгерген. Геометриялық дәлдікпен салынған әртүрлі ромб, үшбұрыш, төртбұрыш өрнектер тоқуда өте жиі қолданылады.

Шеберлер, әсіресе, басқұрды өте жалпақ, сәнді және ұзын жасайды, оның себебі – басқұр үйдің керегесі мен уықтың біріккен жерін шеңберлей қоршап тұрады. Сонымен қатар ол сәндік жиһаз есебінде де пайдаланылады.

Бірнеше метр басқұрды тең етіп бөліп, қатарынан құрастырып, әдемі терме алаша жасап шығарғандар да кездеседі.

Киіз үйдің ішкі бұйымдарын жасақтауда ертеректе облыста көптеген атақты шеберлер болған, бұлардың біркатары қазір де бар. Кейбіреулері жастары ұлғайып, үйренген кәсіптерін тастап та кетіп жатыр. Ал, қайсыбіреулері өздерінің келіндеріне, қыздарына үйретіп келеді.

Мысалы, Ембі ауданының «Қазақстан» совхозының орталығында кілем тоқушы, ши тоқушы шебер, басқұр, баулардың, алашалардың бірнеше түрін тоқитын Жылқыбаева Жанбөпе тұрады. Қазір жасы үлкейген кезі. Бұл кісінің әкесі мен шешесі кезінде өте дарынды шебер болған адамдар екен. Жанбөпе апайдың шеберлік тәсілін келіні Балжігітова Рысты да жақсы меңгерген.

Жылқыбаева Жанбөпе тоқыған, ені 45 см, ұзындығы 16 м «Ақ басқұры» облыстың тарихи-өлкетану музейінің құнды экспонаты ретінде ілулі тұр. Өзінің сәнділігі мен әдемілігі музейдің көрермендерін таңғалдырады.

Бұл басқұр тегіс тоқылған ақ жүннің үстіне түкті кілем өрнегін жүргізген, басқұрдың шетін, басын, ортасын жасыл және қызыл түстес қошқар мүйіз оюмен өрнектеген, сол жағында сары және көк түстес құс тұмсық оюы, ромб фигурасының жалғасы көрсетілген, ал оң жағында қабаттап келген қызыл мен жасыл түстес қос мүйіз өрнегі жалғасқан. Бұл үш өрнек түрлері бүкіл басқұр бойына қайталанып отырады.

Жанбөпенің бұл тамаша, сәнді ақ басқұры халық өнерінің облыста, Алматы, Москвада және Польшада, Югославияда, Бельгияда өткен халықаралық көрмелерінде көрсетіліп, бірнеше дипломдар алды, жүлде алды.

Жылқыбаева Жанбөпенің бір үзік бауы бар, оның ені 15 см, ұзындығы 4 м 60 см. Біртегіс ақ жүннен тоқылған баудың үстіне түкті жіптерден тоқу арқылы жасалған. Негізгі өрнектердің ішінде «күстұмсық», «омыртқа» түрін келтірген оюлар бар,

олар қайталанып отырады. Бұл бау Ұлы Октябрь мерекесінің 50 жылдығына арналған республикалық өнер көрмесінде екінші дәрежелі дипломға ие болды.

Жылқыбаева Жанбөпе тоқыған қоржын өте әдемі бұйымдардың бірі. Ені 50 см, ұзындығы 60 см қоржын екі бөлімнен (қалтадан) тұрады, біртегіс жіптен жасалған тоқыманың үстіне нақышына келтіріп бірнеше өрнектер салынған, бұл өрнектер қоржынға өте бір әдемі көрік беріп тұр.

Киіз ою, өрнек салудың, кілем, басқұр, алаша токудың атақты шеберінің бірі Бәкия Сапарғалиқызы Қарынбаева болған. Ол кісінің өз өмірінің ішінде киізге ою, өрнек салып жасаған тұскиіз, қоржын, аяққап, бау, басқұрлар осы күнге дейін Гурьевтің көп тұрғындарында бар. Көпшілікке кең таныс, асқан шебер адам болған. Оның үйінде өзі жасаған осы мүліктерден «аяқ басар» жер жоқ деуге болады.

Сол сияқты Доссор мұнай өндірістік басқармасында оператор болып істейтін Д. Балабаеваның қолдан тоқыған түрлі-түсті тақыр кілемі өте бір тамаша, көрген адамды таңғалдырмай қоймайды. Көлемі 1,5 x 1 м. Бұл кілем қолдан бояп иірген 20 түрлі жіптен тоқылған, ромбылы ою, күн сәулесі, төрт бұрышты, т. б. өрнектермен нақышталып, белгілі бір тәртіпте, асқан шеберлікпен жасалған. Осыған қаншама ептілік, шыдамдылық, шеберлік керек, өрнектің таңбаларын ойлап тапқанына қайран қаласыз.

Ганюшкино поселкесінің тұрғындары Ж. Хамеданова, Д. Са-тапова тоқыған ақшыл түсті, көлемі 3 x 1,5 м кілемі өзінің сәнділігімен көз тартады. Жеңіл және мәдениетті түрде көк, қызғылт, сары бояулы жіптермен өрнектелген.

Халық шеберлері табиғаттың мол байлығын өздерінің күнделікті тұрмыс қажетіне іскерлікпен пайдаланып келген. Соның бірі – даланың ақ шиі. Оны дер кезінде орап алып, аршып, тазартып, арнайы тоқу станогін жасап, шиді әр түсті бояулармен боялған жіптермен тоқып, оны көркемдеп, мәнерлеп кілем түріне келтіріп, киіз үйлердің керегесіне жапқан.

Шидің негізгі атқаратын міндеті салқын кездерде үйді жылы ұстау, үй ішіне жел, топырақ жібермеу, ши ұстаған үйлер әр уақытта жылы, таза келеді. Сонымен қатар кілем түріне келтіріп, әртүрлі бояулармен көркемдеген шилер үйге сән де береді. Ер-

теректе әдемі тоқылған шилермен үйдің қазан-ошақ жағын бөліп қоятын болған, ол тазалыққа да, сәндікке де жақсы.

Ши тоқу Гурьев облысының көп аудандарында, әсіресе Қызылқоға, Ембі, Новобогат, Индер ауданында жиі кездеседі. Жоғарыдағы айтылған Жылқыбаева Жанбөпенің жасаған шилерінен бір мысал келтірелік. Бұл шидің ені 150 см, ұзындығы 500 см. Бүкіл ши бойы ромб тәрізді үш шаршы таңбадан тұрады. Шаршы беті ақ сары, көк, қызыл, жасыл түстес бояулармен, «балдақ», «қос мүйіз» тәрізді оюлармен өрнектеліп тоқылған. Кілем, бау, басқұр тоқудың, текеметке түр салудың, тұскиізді әшекейлеп өрнектеп тігудің және тоқыма шидің шеберлері Ембі ауданының тұрғыны Мақпал Косшанова, Махамбет поселкесінің тұрғындары – енелі-келінді Аккенже, Рахима Мұханбетовалар, Қызылқоға ауданында А. Баймұханова, Б. Сырлыбаева, Теңіз ауданында Б. Хасанова, Ж. Ержанова, С. Сатханова, тағы басқа да халық таланттары бар.

Кейінгі кезде, ел арасында қазақтың кілем, бау, басқұр тоқитын шеберлер санының азайып бара жатқаны ескеріліп, жастарды бұл өнерге үйрету мақсатымен 1972 жылы Ембі аудандық халықтың тұрмыс қажетін өтеу комбинаты жанынан кілем тоқу цехы ұйымдастырылды. Бұл цехты ең бірінші ұйымдастырушы комбинаттың сол кездегі директоры, қазірде осы ауданның тарихи-өлкетану музейінің директоры Жұбандық Тасқарин еді.

Бұл цехты ұйымдастыру, болашақ кілем тоқу цехынан басшылық ету үшін Түрікмен ССР-інің орталығы – Ашхабад қаласындағы училищені бітірген Ару Диярова шақырылды. Ару Диярова Түрікменстанда кілем тоқу училищесінің көркемөнер бөлімін бітірген. Кілем тоқу цехына тұрмыс комбинатының ішінен арнайы орын бөлініп, тиісті станоктармен қамтамасыз етілді, басқа да қажетті жағдайлар жасалды.

Кілем тоқудан өндірістік тәжірибесі мол, өз ісінің шебері Ару Диярова бұл жұмысқа үлкен белсенділікпен, ыждаһаттылықпен кірісті. Соның нәтижесінде екі-үш жылдың ішінде он екі жас қызды кілем, бау, басқұр тоқудың маманы, шебері етіп шығарды. Қазір бұл цех өз жұмысын жақсы меңгеріп, аудан жұртшылығының берген заказдарын сапалы орындап келеді. Цехтың үш станогінде 12 кілем тоқушы жұмыс істейді. Шығаратын бұйымдары: түкті

кілем, палас кілем, басқұрлар, киіз үй өрнектерінің бірнеше түрлері. Алты қанат ағаш үйге 27 метрлік басқұр токиды. Ол заказ берушілердің өтініштері бойынша бояулы жіптердің түрлерімен өрнектеледі. Кілемдерді, басқұрларды жас сәбидің туған күніне, үлкендердің кемел жасқа толған күндеріне арнап өрнектеп, әшекейлеп жазып береді. Цехтың «Ұлы Отан соғысының жеңісіне отыз жыл» деп әшекейлеп тоқыған тамаша түкті кілемі аудандық тарихи-өлкетану музейінде экспонат ретінде тұр.

Бұл цехтың жұмыс процестерін алға қарай жақсартта түсу аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының абыройлы міндеті. Цехтағы еңбек процестерін механикаландыру шаралары жасалып, оған әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Цехтың келешегінен көп үміт күтуге болады.

Қазірде цехтағы жұмыс жасайтын адамдардың көпшілігі он саусағынан өнер төгілген Хадиша Шудабаева, Сара Тымакова, Әлима Аманғосова, Ақсұлу Есболова, Сабилаш Әлиева, тағы басқа да шеберлер. Кілем тоқу цехының ұйымдастырылғанына аз уақыт бола тұрса да, көптеген түкті кілем, қалы кілем, басқұр тоқып шығарды.

Кілемдік, басқұрлық бұйымдардың заказдарын тек Ембі ауданынан ғана емес, Гурьев, Маңғышлақ, Ақтөбе облыстарының бірқатар басқа аудандарынан да қабылдап, орындап жүр. Егер осындай кілем цехтарын облыстың басқа да аудандарында ұйымдастырса, халыққа үлкен пайда келтірген болар еді.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан асыл мұрасы, үлкен өнердің бір қымбатты түрі – зергерлік өнер. Металдан түрлі өрнекті тамаша әшекей бұйымдарын жасауда шеберлер көптеген ғажап мұра қалдырып кеткен. Халық таланттары зергерлік жұмыстарға өте биік талғаммен қарап, қолданылатын орнына қарай өзіндік нақыштарын дәлме-дәл таба білген.

Қазіргі облыстық, аудандық тарихи-өлкетану музейлеріндегі экспонаттармен танысқанда, ауылдық жерлердегі әйелдер пайдаланып жүрген мұнан басқа да зергерлік бұйымдарға зер салып көрсеніз, әшекейлі өңіржиек, алтын немесе мыстың буына ұстаған сырға, жүзік, білезік, күмістелген бойтұмарлардың, түймелердің көп түрін көруге болады.

Қолөнерден ерлер мен әйелдер үшін әшекейленіп былғарыдан

жасаған белбеулер де бар музейлерде. Мысалы, облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің біреуінде – 39, екіншісінде 52 күміс пластинкалармен қапталған әйел және ерлер белдіктері бар. Бұлардан басқа ер-тоқым, жүген, өмілдірік, құйысқан, үзенгі сияқты ат-тұрмандарын, қамшы, үй мүліктерін, домбыра, қобыз, жетіген сияқты музыка аспаптарын, алтынмен, күміспен, сүйекпен нақыштап безендірілген заттарды көп кездестіруге болады. Соның ішінде әсіресе күмісті барынша көп қолданған. Атырау өңірінде аттары ел аузында қалған бірнеше халық шеберлерінің есімін бүгінгі ұрпақ ілтипатпен атап, үлкен құрмет тұтады. Мысалы, Баба-Ыстық руынан шыққан Мұқаш пен Елеш, Серкеш руынан шыққан Халелдің есімдері көпке аян. Бұл шеберлер беті тегіс келген әшекей бұйымдардың бетіне тұтастай майда түйіршік тастардан өрнек салып, үстін ақық таспен безендірген. Мұны әсіресе әйелдердің білезіктеріне, өңіржиектеріне мол қолданып келген.

Орталық музейдің қорында (1970 жылғы мәлімет бойынша) Батыс Қазақстан шеберлері дайындаған 27 зергерлік әшекей заттары сақтаулы. Осылардың ішінде 1910 жылы Гурьев уезінде соғылған өңіржиек ерекше назар аударарлық. Өңіржиек нақышталуы жағынан нәзік те шебер көркемделген, оның бетіне алтын жалатып, ақық тас орнатылған, шетін жағалай үшбұрыш тәріздес қатарланған түйір тастан тағы өрнегі бар. Осының өзі халық шеберінің қолынан нелер ғажап нақышты бұйымдардың шыққанын көрсетеді.

Әшекей бұйымдарының ішінде кездесетін тағы бір зергерлік көркем заттың бірі – «құдағи жүзік», бұл жүзіктер Атырау жерінде жеке семьяларда әлі сақталып келеді.

«Құдағи жүзік» – үлкен сый, құрметтің белгісі. Ол басқа жүзіктерге мүлде ұқсамайды. Оны арнайы, үлкен бағаға атақты шеберлер дайындаған. Жүзік екі саусаққа қатар киілетін екі шеңберден тұрады. Оның соғылуы, нақышталуы, көркем безендірілуі ғажап. Бұл жүзіктің мәнісі мынада: қалыңдықтың шешесі күйеу жігіттің шешесіне сыйлайды. Екі жүзіктің біріктірілуі жаңадан отау тіккен екі жастың ендігі жерде осы жүзіктей қатар баянды өмір сүруін тілегендігі. Сондықтан да бұл жүзікке халық арасында «құдағи жүзік» деп ат қойылған.

Халық арасынан шыққан талантты зергерлер көп болмағанмен, қазір де бар. Майкөмген елді мекенінде тұратын Ізғали, Қойшыбай деген ағайынды кісілердің біреуі – Ізғали сақина білезік, өңіржиек соққан үлкен зергер болған адам. Ал, ағасы Қойшыбай темір ұстасы екен.

Медицина ғылымының докторы, Алматы мемлекеттік медицина институтының ректоры болған Сibaғат Сапарғалиұлы Қарынбаевтың әкесі Сапарғали ақсақал да кезінде он саусағынан өнер тамған, «металдан түйін түйген», атағы Атырауға жайылған асқан зергер болған кісі. Ол соққан өңіржиек, білезік, жүзік, күміс тарақтар осы күнге дейін сақталып келеді. Оның біз білетін үш ұлы, бір қызы болған. Балаларының үлкені Бақия – ою-өрнектің шебері, екінші баласы Мұтиғолла – геолог-мұнайшы, жақсы зергер болған адам.

Жұртшылыққа белгілі, он саусағынан өнер төгілген тамаша зергерлер қазіргі Индер ауданының көлемінде де көп болған. Индер ауданының тарихи-өлкетану музейінде қазір Новобогат ауданында тұратын Оспанов Сүндеттің жасаған дойыр қамшысы сақтаулы. Сол сияқты музейде 1912 жылы қазіргі Индер ауданының Мәмбет деген ауылының тұрғыны, зергер Өтеғұл деген ақсақалдың соққан күміс жүгені де экспонат ретінде сақтаулы. Музейде сол бір кезеңнің куәсіндей оюмен өрнектеп нақыштаған әдемі ағаш үзенгі де жұртшылықтың назарын бірден аударады.

Индер поселкесінің тұрғыны, пенсионер Нұрсұлу Ерғалиева апайдың музейге тапсырған өзінің қыз күніндегі киген киімдерінің бірі – құлын терісінен құлақшын етіп қолдан мәнерлеп тігіп киген бөркі өте әдемі. Гурьев облысының тұрғындарына қазақтың әйелдері мен еркектерінің ұлттық киімдері көп тараған. Соның ішінде мақпалға зер салып тойға киетін тондары, шапандары, қамзол, көйлектері, әшекейлеп өрнектеген бас, аяккиімдері қарт адамдарда әлі бар және соны үзбей тігіп киеді.

Қазірде облыстық тарихи-өлкетану музейінде атакты композитор Дина Нұрпейісованың туған ұлы Мұрат Нұрпейісовтың өз қолынан 1965 жылы тапсырған, шешесі Динаның барқыттан жасалған халаты, барқыт белбеуі, домбырасы экспонат ретінде сақтаулы.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан өзіндік дәстүрлі

өнерінің тағы бір түрі – күмістен, сүйектен ойып, бедерлеп өрнек түсіру. Бұл өрнектер негізінен төсек, сандық, кебеже, ат-тұрман, музыкалық аспаптарға қолданылып келген. Айталық, ер – қазақ арасында көп тараған, көшпелі халықтың өмір қажетіне сай қалыптасқан айрықша жабдық құрал және өнер туындысы. Ерте заманда өмірінің жартысы ат үстінде өткен қазақ әдемі де сәнді жасаған ерді өзінің төл мұрасының бірі деп таныған. Ерді жасау техникасы мен сыртқы түріне қарай «қазақы ер», «қырғыз ер», «орыс ер», «ашамай ер», «үйрекбас ер», «қозы құйрық ер» деген түр-түрлерге бөледі. Бұлардың ішінде қазақ арасында кең тараған «қазақ ері» екі түрлі болған. Біріншісі – еркектерге арналған ер, оның сүйегі жұқа және ықшам, өте жеңіл келеді. Мұндай ерді өте әшекейлемейді, тек жасау сапасына ғана көңіл бөледі. Екіншісі – әйелдерге арналған ердің сүйегі ауыр, әшекейі мол, күміс, асыл тас, сүйекпен безендірілген, былғары, шұға, барқытпен қапталады. Мысалы, Гурьев облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұрған ердің жасалу технологиясын талдаңқырап айта кетелік. Мұны «ақбас қазақ ері» деп атайды. Ердің алды-арты өрнектелген, сүйектен жасалған ұсақ пластинкалармен әшекейленген, жұмыр күміс шегелермен бекітілген, өрнектің басым көпшілігі ойылған түзу сызықтар және нүктелері бар ұсақ дөңгелектерден тұрады, ер үсті қара оюлы былғарымен қапталған. Мұндай ерлерді облыстың бірқатар аудандарының, совхоздарының тұрғындарынан жиі кездестіруге болады. Ембі ауданының «Коммунизм таңы» совхозында тұратын Өтес Жапаев 85 жаста, көптеген ер жасаған кісі. Үйінде әдемі, сәнді етіп жасаған екі ер бар.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталып келе жатқан, жасалған уақыты XIX ғасырдың аяқ кезі, авторы белгісіз, нақышталған жақсы домбыра бар, 13 пернелі бұл домбыра біртұтас ағаштан ойылып жасалған, тұтастай сүйек өрнекті пластинкалармен әшекейленіп қапталған. Домбыра музейге 1975 жылы Махамбет ауданының Сароченко поселкесінен әкеліп тапсырылған.

Әшекейленген, күнделікті тұтынуға керекті қобыз, домбыра сияқты музыкалық аспаптарды жасайтындар қазірде де көп. Бұлар облыстың көркемөнерпаздар үйірмелеріне кең дауысты, күмбірлеген әдемі домбыралар жасап беріп, ұлт аспаптар

оркестрлерін домбырамен қамтамасыз етіп отырады. Облыстағы халықтың творчестволық өнерінің өркендей өсіп, ұлғаюына көп уақыттан бері атсалысып келе жатқан, он саусағынан өнері төгілген, музыкалық аспаптар жасаудың асқан шебері, домбырашы Бисенғали Мырзағалиев. Ол Балықшы аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында істеген отыз жыл ішінде бес мыңнан астам домбыра мен қобыз жасап шығарды. Бұл екі цифр ауызбен айтуға жеңіл болғанымен, жауапты да қиын жұмыс. Әрбір қобызды, домбыраны бас-басына ою-өрнек салып жекелеп шығару, оған жіңішке де сазды үн беру, шын мәнісіндегі музыкалық аспаптар етіп шығару тек қана еңбексүйгіш, нағыз шынайы шебердің ғана қолынан келеді. Бисекеннің қолынан шыққан қобыз бен домбыра бұл нағыз өнердің қайталанбас шығармасы. Сондықтан бұл кісінің қолынан шыққан домбыра жалғыз Атырау өңірі ғана емес, бүкіл Қазақстан және басқа республикаларға да белгілі. Соңғы кезде ол қазақтың көне музыка аспаптарын, сыбызғы, қыл сыбызғы, қылқобыз, шертер, жетіген, асатаяк, т. т. жасауға талаптанып жүр.

Балықшы ауданының тұрмыс қажетін өтеу комбинатына жылма-жыл аудандардан, коллективтерден, жеке адамдардан домбыра сұраған көптеген заказдар түсіп жатады. Бисенғали Мырзағалиевтің атына музыкасүйгіш жеке адамдардан, музыканттардан, қазақтың ұлт аспаптар оркестрінен, осы аспапты зерттейтін мамандардан көптеген хаттар келіп тұрады. «Мен бұл өнермен абырой-атақ алу үшін айналысып жүргем жоқ, ән мен күйге әуесқой халқымның бір қажетіне жарасам деп едім. Бірақ кейде осы игі тілектерді, өтініштерді әлі де болса толық орындай алмай келемін-ау деп, өзіме-өзім кейіп аламын» дейді Бисекен. Өйткені музыка аспаптарын шығару үшін үлкен ұстамдылық, шынайы шеберлік керек. Домбыра мен қобызды тек қана білу емес, оны сөйлете білу қажет. Міне, сонда ғана халық талабының деңгейінен шыға алады.

Бисенғали Мырзағалиев музыка жасайтын маман ғана емес, сонымен бірге музыкалық семьяның басшысы, тәрбиешісі, ақылшысы. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны істерсің» дегендей, балалары да әке жолын қуып келеді. Бисекеннің үлкен қызы Салиха Алматы консерваториясының қобыз бөлімінде оқиды. Үлкен

ұлы – Манарбек Гурьевтегі музыкалық училищенің оқушысы, кіші қызы Гүлайым – Балықшыдағы балалар музыкалық мектебінің оқушысы. Бисекеннің оқушылары тек үйінде ғана емес, ол тұрмыс қажетін өтеу комбинатында да ондаған жастарды кобыз, домбыра жасаудың шеберлігіне үйретіп келеді.

Домбыра жасаушы шеберлер облыстың басқа аудандарында да кездесіп тұрады. Мысалы, Махамбет, Новобогат аудандарының шеберлері – Бакытжан Ақжігітов пен Манап Дәулетов оркестрге қатынасып жүрген адамдарға бірдей етіп 60 тенор домбырасын жасаған. Сол сияқты Гурьев облысының бірқатар тұрғындарында ертеректен келе жатқан халық шеберлерінің ағаштан оюлап, өрнектеп жасаған ыдыстары осы күнге дейін сақталып келеді. Астау, тостаған, алуан түрлі ожаулар, кебеже, оюланған ағаш төсектер, есіктер жиі кездеседі.

Ембі ауданының тұрғындары жасайтын есік кәсегінің басқа жерлерге қарағанда кейбір өзгешеліктері бар, бұларда есікті бойлай ойылған оюларды әртүрлі бояулармен сырлайды.

Халықтың қолөнерін сөз қылғанда, Атырау өңірінде, соның ішінде Маңғышлақ пен Гурьев облыстарының жері көз тартар архитектуралық мұралар мен бейнелеу өнері үлгілеріне бай. Ақ сарғыш, қызғылт түсті тастардан шеберлікпен жасалған әшекейлі мешіт – ғимараттар мен ескерткіш күмбездер, оюлы құлпытастар Жем мен Сам, Қаракұм мен Қарнау қоныстарында көптеп кездеседі. Бұл өлкелердің адамдары, ежелгі тайпалардан сақталған материалдық мәдениеттің мұрагерлері, шеберлері әр қилы өнер түрін дамыта түскен. Кей жерлерде тас бетіндегі таңба, бейнелерді кездестіруге болады. Олардың біразы ежелгі тайпалардың ой-санасы мен өнерін байқатса, кейбіреулері қазақ шеберлерінің қолтаңбасын аңғартады.

Халық шеберлері «тастан түйін түйген». Өте нәзік құралдармен ою-өрнек, жазулар, сызулар жүргізіп, бір-бірімен шеберлік сайысына түскен. Көпшілік жерлерде бір ескерткіштегі өрнектер басқаларында қайталанбайды. Мұның өзі шеберлердің үнемі ізденумен болып, өз өнерлерін дамытып отырғандығын көрсетеді. Маңғыстау – Атырау қазақтарының өлген адамның басына қоятын ескерткіштерінің сағана там, күмбез төбелі там, қойтас, сандықтас, құлпытас сияқты атаулары бар.

Күмбездер – қазақтың сәулет өнерінің ең тандаулы үлгілері, Оңтүстік, Орталық Қазақстан мен Каспий маңында, Маңғыстау, Сағыз, Жем бойында көп сақталған. Басқа халықтар сияқты қазақ халқы да қайтыс болған жақындарын еске алып, мәңгі есте қалдыру үшін олардың қабірінің басына өз заманының стилінде құлпытас пен күмбез көтеру сияқты тамаша дәстүрлері бар. Сәулетті ескерткіштердің бірі – Ембі ауданының жеріндегі «Асалы-Көкетай» зираты. Зираттың ортасында көркемдігімен көз тартарлық сұлу күмбез бар. Оның авторы Назар Шорабаев пен Өтесін. Күмбез қиюларының мінсіздігі, бетіндегі өрнектері мен сыры Жұбан күмбезінен кем соқпайды. 1931 жылы байбандылардың бір тобы осы күмбезді бекініс етіп, ішіне от жағып, үстіңгі тастарын алып, түтіндік жасаған, ол күмбез көркіне үлкен ақау келтіріп тұр. Ембі ауданын басып өтетін Жем өзенінің солтүстік бетіндегі Жұбан күмбезі – архитектуралық ескерткіш. Мұны «тастан түйін түйген», ескерткіштер салудың атақты шеберлері Қаражүсіп балалары Оңғалбай, Мұналбай, Өмірбай, Итбай, Иманбайлар көтерген.

Бұл күмбез Жұбанның өзінің тірі кезінде, XIX ғасырдың 1880 жылдары басталған, мавзолей төрт бұрышты, басы күмбезделген. Ескерткіштің биіктігі (күмбезін қоса есептегенде) 9,5 м, ұзындығы 6,6 м, ені 5,8 м, бір ғана терезесі бар. Құрылыс материалы таудан шығатын ракушкалар. Құрылыста ешқандай шеге, ағаш, басқа да байланыстырып тұратын материал пайдаланылмаған. Мавзолейдің іші-сыртын қазақтың ою-өрнектерімен нақыштаған.

Атырау жерінде кездесетін құлпытас тар шынайы шеберліктің үлгісін танытады. Оларды жасалу түрлеріне қарап бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншісі – кісі бойынан биік, жазусыз, өрнексіз, қайрақ іспеттес құлпытас тар, екіншісі – жоғары жағын оймыштап жұмырлаған, одан төмен суағар шығарған, ұзына бойына кошқар мүйіз, басқа да ою түрлерін қашаған, немесе төрт қырлап жоғары жағын адамның басынша жұмырлаған, өрнектеп әдемі әшекейлер жүргізген, ұсталық құралдар мен зергерлік бұйымдардың суреттерін қашаған құлпылар. Құлпытас тарда, жоғарыдағы айтылған ою-өрнектермен бірге, қаза болған адамның өлген жылы, аты-жөні, руы, шебердің есімі жазылған.

Құлпытас тардың бірнеше әдемі түрлері Жем өзенінің

бойындағы «Ұшқан» деген жердегі зиратта. Онда осы күнге дейін бұзылмаған 125 құлпытас бар. «Бекеттің ақ мешітінде» 35 құлпытас, «Дүйсенбай мешітінде» 25, «Қара шүнгіл» зиратында 17 құлпытас бар. Сөз жоқ, бұл зираттарда тек құлпытастармен ғана ескерткіштер салынбаған, сонымен қатар ол жерлерде біркелкі жақсы салынған күмбездер, қойтастар кездеседі. Әсіресе «Ақмешіттегі» халық шеберлерінің қолымен нақыштап, өрнектеп ойылған үш қатар сандық тастардың өрнектері мүжілмеген, бояулары кетпеген, бұрынғы қалпын осы күнге дейін сақтап тұр.

Қазіргі Қызылқоға ауданындағы Ленин атындағы совхоздың жерінде қазақ даласына аты әйгілі болған, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген атақты суырыпсалма, жезандай ақын Шернияз Жарылғасовтың зиратына қойылған құлпытас осы уақытқа дейін жақсы сақтаулы. Құлпытастың биіктігі 155 см, тау тасынан қашалып, өрнектеліп жасалған. Онда араб әрпімен жазылған мынадай жазу бар: «Кете руының Айдар тайпасының, Малай бөлімінен Шернияз Жарылғасұлы алпыс жасында қайтыс болды» делінген.

Тарихи, мәдени ескерткіштер саны да жетерлік. «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, пайдалану туралы» 1978 жылы 11 августа қабылданған заңды іске асыру мақсатында жүргізілген шаралардың нәтижесінде облыста 2 археологиялық, 4 монументалдық, 5 архитектуралық, 109 тарихи ескерткіштер есепке алынды.

Бұл жерлерде іздесе табылатын ескерткіштер әлі де көп, тек соңғы екі жылда 25 ескерткіш табылған.

Атырау – Жайық өңірінде, Каспий теңізінің жағасында Степан Рязань, Емельян Пугачев, Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов бастаған шаруалар көтерілісінің, XX ғасырдың басындағы жұмысшылар қозғалысының өнері сайрап жатыр. Бұл өлке А.С. Пушкин мен Т.Г. Шевченконың болған, тұрған жерлері, талай тарихи оқиғаларға куә боларлық тарихи-мәдени ескерткіштердің әлі де мол табылатынына күмән жоқ. Тек осыларды ұқыпты іздеп, таба біліп, есепке алып, қорғай отыру қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының ғасырдан ғасырға, әкеден балаға ауысып, сатылап беріліп келе жатқан ою-өрнек өнері

ерекше бап, оның ашық та анық бояулары, салтанатты да сәнді оюлары ерекше көз тартып тұрады. Ұлттық ою-өрнектерді қазіргі күнделікті тұрмысымызға ендіруге республикамыздың суреткерлері, өнер саласының қызметкерлері атсалысып келеді.

* * *

Қазақстанның көп жанрлы, көп тілді мәдениеті тамаша табыстарға жетіп, үлкен өрлеу, өсу үстінде. Коммунистік партия қазақ халқының өнерінің өркен жаюына нақтылы көңіл бөліп, ерекше қамқорлық көрсетті, халықтың рухани байлығы мен мәдениетінің гүлденуіне зор мүмкіншілік жасады. Осы кітаптағы әңгімелерге арқау болған жайлар мәдени революция жемісінің жарқын мысалының бірі бола алады.

Атырау – Жайық өңірі ежелден тамылжыта шырқаған небір жезтандай жыраулар мен акындардың, әсем ән мен жан дүниені тебіrentкен күй мен жырдың мекені, ою-өрнектің, зергерліктің шынайы шеберлерінің үлкен бір ұясы.

Кешегі Құрманғазы мен Динаның, Махамбет пен Ығылманның өнер үлгілерін оның мұрагерлері одан әрі жалғастырып келеді. Біз осы өлкеде алғашқы шығармаларын жазып, осы жерде өмірге үлкен жолдама алған белгілі ақын-жазушылар Ғабдол Сланов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Зейнолла Қабдолов, Берқайыр Аманшин, Фариза Оңғарсынова, тағы солар сияқты көптеген жолдастардың есімдерін мақтаныш етеміз. Осы аға буынның ізін басып келе жатқан жас қаламгерлер аз емес. Олардың көпшілігі облыс еңбекшілерімен қоян-қолтық араласа жұмыс жасай жүріп, олармен бірге өмір сүріп, олардың жасампаз еңбегін, сезім сұлулығын, ой-арманының биіктігін өз шығармаларына арқау етеді.

